- бұлшықет кернеуін жеңілдетуге және дұрыс позаны қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын бала үшін өзін-өзі көрсетудің табиғи құралы болып табылады, ал символдық материалдарды пайдалану оның проблемалық жағдайлардан алшақ болуына көмектеседі. Саусақ театры - баламен қарым-қатынас жасауда тамаша көмекші!

Ең үлкен әсерге жету үшін саусақтардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар қысу, созу, босаңсу қозғалыстарын біріктіріп, бес саусақтың әрқайсысының оқшауланған қимылдарын қолдануы керек.

Театрлық іс-шаралар бірнеше кезеңнен тұрады:

1.Біріншіден, жұмыс және рөлдердің бөлінуімен таныстыру. Бұл кезеңде балалардың жасы ғана емес, сонымен қатар олардың тілектері де ескеріледі. Содан кейін белгілі бір бала үшін рөл таңдалады және мәтін осы баламен бірге оқылады. Дыбыс айтылуындағы кемшіліктерді ескере отырып, сөз тіркестерін жеңілдетіп, сөздерді ауыстыру жиі қажет.

2.Құрал-жабдықтар мен атрибуттарды дайындау: билеттер, саусақ театрының кейіпкерлері, плакаттар, декорациялар. Бұл кезеңде мен балалардың жас мүмкіндіктерін ескере отырып, ата-аналарды тартамын.

Спектакльді тікелей қоюды бастамас бұрын біз балалармен бірге аудиожазбаларды оқимыз немесе тыңдаймыз, сюжеттік желілерді, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылап, актерлерді анықтаймыз. Музыкалық сүйемелдеуді таңдау да маңызды.

3.Қайталау кезеңі. Балалардың шаршамауы немесе іс-әрекеттерге қызығушылығын жоғалтпауы маңызды. Алдымен жаттығулар жеке, содан кейін 3-4 адамнан тұратын шағын топтарда өткізіледі. Жаттығуда біз балаларға мәтінмен қатар мимика, ым-ишара, кейіпкерлеріміздің жүріс-тұрысын үйретеміз.

Сондықтан мотивация өте маңызды.

Ересек адам балаларды театр іс-әрекетіне қосудың барабар жолын табуы керек. Әрбір бала ересек адамның ілтипаттылығын сезінуі қажет.

Бейнелеу әрекеті кезінде балалар іс-әрекетті түрлі-түсті, түрлі формада елестетеді, оны «көріп көреді». Содан кейін ұсақ моторикасын дамыту және сөйлеуді қозғалыспен байланыстыру үшін саусақ ойындарын өткіземін.

- дикцияны дамытуға байланысты артикуляциялық гимнастика (мысалы: «Қасқырдың тістерін қалай жалаңаштағанын көрсет», «Ит қалай тыныс алады, кең тілін шығарып»);

- сөйлеудің интонациялық экспрессивтілігін дамытуға арналған жаттығулар (ономатопеямен орындалатын кіші жаста);

Ойындар ойналады:

- есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын кеңейту (балалар «Қайсысын айт», «Маған сөз бер», жұмбақтар тап ойындарын ойнайды);

- есту арқылы қабылдауды дамыту бойынша (мысалы: «Ертегі кейіпкерін сипаттау арқылы анықта);

- логикалық ойлауды дамыту бойынша: (бірінші не келеді, одан кейін не келеді);

- флексия және сөзжасам;

- ұсақ мотериканы дамыту үшін (саусақ ойындары, саусақ театры): бала қуыршақпен «жұмыс істегенде» ол ұсақ мотериканы және қозғалыстарды үйлестіруді жақсартады, оны бақылауға жауап береді және зейінді болады;

Пантомима элементтері бар мимиканы, ым-ишараны дамытуға арналған жаттығулар;

Театр эскиздері; олар психогимнастикаға ұқсас, бірақ сюжетке біріктірілген бірнеше әрекеттерді беруді талап етеді (мысалы: «Біз қайда болғанымызды айтпаймыз, бірақ біз сізге не істегенімізді көрсетеміз»).

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Саусақ ойындары, саусақ гимнастикасы ұсақ мотористикаларын, есте сақтауды, зейінді дамытуға ықпал етеді, ептілікті дамытады және қимылдарын басқарады, мектеп жасына дейінгі балалардың ұялшақтықпен күресуге көмектеседі.

2. Театрландырылған ойындар – спектакльдік ойындар. Оларда интонация, мимика, ым-ишара, поза, нақты бейнелер сияқты экспрессивті құралдардың көмегімен жасалады.

Театрландырылған ойындардың арқасында балалар өздерінің эмоционалдық аясын дамытады, балалардың өзара әрекеттесу тәжірибесі нақты және ойдан шығарылған жағдайларда кеңейеді және байытады.

Балаларымыз әдемі сөйлей берсін! Табысты болып өсе берсін! Бірлескен іс-шаралар тек пайда ғана емес, сонымен қатар рахат әкелсін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология/оқу құралы/Алматы,1994

2. Выготский Л.С. Мышление и речь-М.: Просвещение, 1954

3. Аймауытов Ж.Тәрбиеші жетекші. – Орынбор, 1924

Балабақша ойындарымен ұлттық нақышты сабақтастыру

Аскарбаева С.Р.

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың ойындары, ойын кезіндегі рухани құндылықтармен қатынасы, бала бойына ойындар арқылы рухани сапаларды, қасиеттер мен қабілеттерді меңгерту туралы сөз қозғалады. Ерекше назар аударатын тұсы, ойын − бала дамуында үлес қосатын ең ұтымды үдеріс. Педагогтың шеберлігіне сай осы ойынды шеберлікпен, шығармашылықпен ұлттық қазына арқылы сабақтастыра үйрету мақаладағы өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Бабам қазақ бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Баланы қай жастан тәрбиелеу керек, қай жастан білім беру керек секілді мәселелерді сонау ғасырларды ақ айқындап қойған. Бала тәрбиесіне қатысты, «Артында қызы қалғанның — ісі қалғаны, Ұлы қалғанның — өзі қалғаны», деп бекер айтпаған. Осы бала тәрбиесі мен біліміне отбасыдан өзге, алғашқы әлеуметтік ортасы болып саналатын балабақшада үлкен әсерін тигізеді. Бала жанының бағбаны болған педагог қауымы үлкен жауапкершілікті ескере отырып, баланың алғашқы танымдық қабілеттерін шыңдайды. Осы ретте, әрине, ойын ерекше рөл атқарады. Бала тәрбиесіндегі «ойын» тақырыбы өзекті мәселе ретінде күн тақырыбынан түскен емес. Әркезде де өз заманының талабына сай өзгеріп, күрделеніп, түрленіп отырғаны белгілі. Ойынның бала дамуының жас ерекшелігіне, бала танымының деңгейіне, баладағы өздігінен туындайтын қызығушылыққа сай, мақсатқа негізделе құрылатынын жақсы білеміз. Заманауи ғаламтор шармаған қазіргі сәт баланың барлығын дерлік смартфондарға тәуелді етуде. Ондағы ойындар өте әдемі, көзге тартымды, әрі баланың

қызығушылығын басып отыр. Осы секілді теледидардан көретін ертегілерінің өзі жаңа трендпен жасалып, XI ғасыр бүлдіршіндерінің назарын, зейінін еріксіз түрде өзіне аударуда. Бұл дегенің баланы кітап оқудан айыру, мақсатқа негізделген білім алудан зеріктіру, достарымен, құрбыластарымен қарым-қатынасының жойылуына септігін тигізуде.

Дегенмен, зерттеушілер оқу-тәрбие үрдісі шебер ұйымдастырылып, әрі баланың қызығушылығын оята алатындай болса, ойынды үстел үстінде отырып та, ойнап жүріп те білім беруге болатындығын айтуда. Бұл дегенің тәриеші маманының шығармашылығына келіп тірелері хақ. Тәрбиеші өзі білімді, өз ісінен әрдайым жаңалықтар көрсетіп отырса, бұл ойын мәселесі жылдам шешіліп, балаларымызда мақсатқа негізделген ойын түрлерін қызыға меңгере бастаушы еді.

«Заманына қарай талабы» демекші, баланың ойын арқылы алынған білім−тәрбие жүйесі, өмірлік тәжірибесінде қолдануға болатындай болса, нәтижелі әрекет болғаны.

Осы тұста ойын арқылы патриоттық, рухани тәрбие беру, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына Отанына деген махаббатын, досына деген адалдығын, үлкенге құрмет, кішіге ізетін, иманы мен ибасын, зеректігі мен алғырлығын, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, ұлттық рухани қазынаға деген патриоттық көзқарасын дамыту, зайырлы мемлекеттің бәсекеге қабілетті ұланын өсіру қазіргі педагогтардың басты міндеттерінің бірі болмақ.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында мектепке дейінгі тәрбие жұмысына ерекше назар аудару керектігін тапсырды. Шынын айту керек, елімізде идеология ақсап тұр. Осы тұста балабақшаға назар аударылып жатқаны көңіл қуантты. Себебі ұлттық идеология ұрпақ тәрбиесінен, ал білімді, отансүйгіш, жан-жақты, саналы ұрпақты тәрбиелеу балабақшадан басталады, — деді Мемлекет басшысы [1]. Демек, өзгеріс қажеттігі туындайды. Сондықтан баланы ойын арқылы оқытып, тәрбиелеу де заман талабы. Балабақша тәрбиешілерінің қолданатын ойын атрибуттары ұлттық нақышқа сай болғанда, ұлттық ойындар арқылы рухани тәрбие де беріледі. Мысалы, қандай болмасын ойын атрибутын алайық сол атрибуттың жиегі қазақы оюмен көмкерілген болса немесе үстел үсті ойындарына қажетті текшелер мультик кейіпкерлері емес қазақы ертегілердің кейіпкерлерімен болса, нұр үстіне нұр болар еді. Бала ойынды меңгере отырып, ұлттық нақышты да көзімен көріп өсер еді. Ғаламторды жаулаған барлық суреттер өзге халықтардың ертегілерімен немесе ойындарымен толып тұр. Ал, қазақы дүние іздесең не таппайсың, не бағасы қымбат, не суреттің сапасы нашар болады. Ал ол дүниені өзің жасасаң кәсіби сурет немесе дизайнер маманы жасамағандықтан көзге сүйкімсіз көрінеді де балаларға ұнамауы да мүмкін. Ұлттық рухани дүниені бала бойына дарыту бесіктен бастау алуы қажет. Ал балабақша сол бесікке ең жақын баланың әлеуметтік ортасы.

Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытып, тәрбиелеуде баланың ой-өрісі қалыптастыруға, нақты бейнелерге сүйенуді қажет ететіндігінен ақ көрнекіліктердің жиі қолданылатынын көруге болады. Мысалы, «А» дыбысынын айтылуымен қатар жазылуын сауат ашу әрекетінде жалаң күйде түсіндіргеннен, алманы көрсетіп тұрып, «А» дыбысының осы сөздің алдында және соңында келетінін ұғындырса, балалар тез қабылдайды. Көрнекіліктің мақсаты – сол нәрселердің өзін ұғындыру емес, белгілі материалды түсіндіруде тірек ретінде қолдануы болып отыр. Бала жай моносөзден тәрбиешінің айтқанын меңгеріп кетеді деу қиын, өйткені көрнекілікпен, атрибттармен көрсетілген әрекеттер соғаұрлым ұтымды, әрі тиянақты, қызықты болады. бстрактілік бейнеге қарағанда нақты

бейнені қабылдауға жеңіл болғандықтан, негізінде соған сүйенеді. Бұл ерекшелік ересек топта ғана емес, балабақша балаларының бәріне тән қасиет.

Балабақшада қазақ ертегілерімен, қазақы нақыштағы дүниелер өте аз, «Бауырсақ», «Қызыл Телпек», «Үш аю», «Шалқан» деп осы ертегілерді дәріптеу береміз. Өйткені атрибуттары дайын, дүкен сөрелерінен де сатып ала аласың. Саусақ театры етіп те балаға түсіндіре аласың. Ойын атрибуттары арқылы тыңдаған бала да оны, тез түсініп, қызығушылық танытады. Ал, қазақ ертегілерінен «Ұр, тоқпақ!», «Алдаркөсе», «Егінші мен қасқыр» секілді ертегілердің қуыршықтары неліктен зауыттарда тігілмейді, жасалмайды. мысалы «Мақта қыз бен мысықтың» «Қызыл Телпектен» қай тұсы кем, немесе «Тазша» баланың «Дымбілместен» секілді ой мазалайды.

Бала тәрбиесінде неліктен үй жануарлары пірлерімен бар, керемет өсиет, қандай тақпақтар бар. Осыны қуыршақ ретінде пайдаланып түсіндірсе болады. Қазақтың әр дүниесі тәрбиеге толы, қуыршақтардың киетін киімі қазақ ұлттық киімдермен болса, ол да бір тамаша дүние. Неге пазлдар қазақы нақыштағы суреттермен жасалмайды. Бұның бәрі осы өсіп келе жатқан бүлдіршінге өз елінің азаматы болып өсуіне көп үлес қосары сөзсіз.

Қазіргі таңда балалар көп дүниені тек теледидардан, «Әз, Наурыз» мейрамы қарсаңында, ұлттық маңызды мерекелерде ғана көреді. Ал бала секунд сайын өсіп, танымы секундтап қоршаған ортаның ақпаратын жинап жатыр. Осы ретте ойланатын, заманауи талаптың көлеңкесінде ұлттық рухани қазынамыз тығылып, көрінбей қалуда.

«Көрнекілік арқылы бала зат пен сөздің арасындағы байланысты табуға үйренеді», деп Константин Ушинский айтпақшы, баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде ойынды ұтымды пайдалану керектігін үлкен мәселе. Барлық ел өз баласына өз ұлтының дәмін таттырып, құндылығын дәріптеп бойына сіңіреді. Сол секілді қазақ баласы да өз ұлтының құндылығын жасынан көріп, ұстап, санасына сіңіріп өсуі тиіс. Баланы жан-жақты біліммен, ұлттық рухпен, әдемі сөздермен, мәдениет пен қазақы этикамен тәрбиелесек, болашақ буын көзқарасы кең, ұшқыр ойлы, қазақтың рухымен қаруланған ұрпақ болып өсері хақ. Осы жолда талмай, танбай қызмет ету, шығармашылықпен өз ісіне кірісу, әр баланы жеке ерекшелігін ескере отырып, ойындарға ұлттық нақыштың элементтерін пайдалана отырып, оқыту, тәрбиелеу әр педагогке парыз. Балаға ойыншық берместен бұрын, ол ойыншықтың бала тағдырына қаншалықты маңызды екендігін білуге ұмтылу керек. Қолындағы ойыншық қазақша тақпақтар айтса, қазақша өлеңдер мен ертегілер айтса, тым болмаса қазақша амандасса бұл енді азық әжептеуір.

Сонымен, қорыта келе, балабақшаның берер оқуы, білімі, тәрбиесі өз деңгейінде бала өмірінде алатын орны зор кезең. Біздің мақсат айқын, ол – жас жеткіншектің тағдырына бей-жай қарамай ұлттың болашағы деп қарап, бар адамзаттың қабілеті мен қасиетінің негізін, ұлтының бояуымен, сөзімен, ертегісімен, суретімен, ойыншығымен қалыптастырсақ деген бағдар. «Балалықтың қанына ойын азық», деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, бала ойынмен өсуі тиіс, ғалым боласың деп, жасынан оқу-білімге мәжбүрлі түрде назарын аудару қазіргі қоғамға сын. Өйткені баланың құқығы бар, демек, бала ойынмен, өз қалауымен, бірақ сол ойында танымын арттырардай дүниемен танысуы қажет. Баланы «үй жануарларымен» таныстыра отырып, жануарлардың пірі, киесі деген ұғымдарды берсек, жануарларға сай бабадан келе жатқан, «малды теппе», «ақты баспа» секілді тыйымдарды сіңірсек бұл біздің қызметіміздің жетістігі болары анық.

Әдебиеттер тізімі

1. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қ.Тоқаев, 2022 жыл, 1 қыркүйек.

Что означает педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в детском саду?

Аскарова Н.Ж.

Ясли-сад №87 «Қадыр» г. Астана, педагог-психолог

Только вместе с родителями, общими усилиями, педагоги могут дать детям большое человеческое счастье.
В.А.Сухомлинский

Ни для кого не секрет, что с каждым годом все острее встает вопрос об обучении и воспитании детей с ООП. На сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания. Такие дети нуждаются в коррекционной помощи.

Данная проблема требует к себе акцентированного внимания, поскольку количество детей с врожденными и приобретенными пороками развития с каждым годом растет. Для этого необходимо тесное сотрудничество всех специалистов и родителей.

Родители лучше знают своего ребенка, поэтому в решении ряда проблем педагог может получить от них ценный совет. И самое главное успехи ребенка во многом будут зависеть от того, насколько активно принимали участие в этом родители.

Сотрудничество специалистов, педагогов и родителей поможет посмотреть на ситуацию с разных сторон, а, следовательно — позволит взрослым понять индивидуальные особенности ребенка, выявить его способности и сформировать правильные жизненные ориентиры.

Включение родителей в коррекционно-развивающий процесс, своевременное решение детских проблем позволяет педагогам детского сада добиться положительных результатов. Сегодня многие родители желают обучать детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивных группах, в общеобразовательном детском саду, где созданы все необходимые условия. Сотрудничество с родителями проводится в форме консультаций, бесед, тренингов, анкетирования, тестирования, проведения совместного досуга.

В коррекционной работе важно сделать родителей не только своими союзниками, но и грамотными помощниками. Если эта работа правильно построена, тогда и помощь ребенку будет идти с двойной силой.

Если говорить о социально-психологической адаптации, то она у детей происходит по-разному, согласно возраста, типа высшей нервной деятельности, состояния здоровья, семейных взаимоотношений, уровня развития у ребенка игровых навыков, ее контактности, доброжелательности, эмоциональной зависимости от матери и тому подобное. Социально-психологическая работа с

«особенным ребенком» должна направляться на достижение главной цели - подготовить его к самостоятельной жизни.

Основными направлениями психологического сопровождения детей с ООП являются:

1. диагностическая работа;

2. коррекционно-развивающая работа;

3. консультативная работа с педагогами и родителями.

Диагностическое направление включает в себя первичное обследование, а также систематические этапные наблюдения за динамикой развития ребенка в процессе его прибывания в детском саду и психолого-коррекционной работы. В качестве источников диагностического инструментария используются научно-практические разработки С. Д. Забрамной, И. Ю. Левченко, М. М. Семаго и др.

Одной из важных задач является разработка адаптивной и типовой учебной программы для развития ребенка ООП.

Основными направлениями коррекционно-развивающей работы педагога-психолога с детьми с ООП, находящимися в условиях образовательной интеграции, являются:

развитие эмоционально-личностной сферы и коррекция ее недостатков;

развитие познавательной деятельности и целенаправленное формирование высших психических функций;

формирование произвольной регуляции деятельности и поведения; формирование и развитие социальных навыков и социализации.

развитие социальной компетентности, навыков общения с окружающими.

Консультативно — просветительское и профилактическое направление

Работа по данному направлению обеспечивает оказание педагогам и родителям помощи в воспитании и обучении ребенка с ООП. Разрабатываются рекомендации, памятки в соответствии с возрастными и индивидуально-типическими особенностями детей, состоянием их соматического и психического здоровья, проводятся мероприятия, способствующие включению педагогов и родителей в решение коррекционно-воспитательных задач. На индивидуальных консультациях с педагогами и родителями проводится совместное обсуждение хода и результатов коррекционной работы. Анализируются факторы положительной динамики развития ребенка, вырабатываются рекомендации, памятки по преодолению возможных проблем.

Каждый член группы психолого-педагогического сопровождения должен соблюдать профессиональную этику, не распространять сведения, полученные в результате психолого-педагогического обследования, консультативной работы или других видов деятельности, если это может нанести вред ребенку или его семье.

Таким образом, чтобы обеспечить высокий качественный уровень работы с детьми с ООП, нужно активное сотрудничество родителей с педагогами, в вопросах воспитания и развития детей.

Список использованной литературы

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года, №636)

2. Типовые учебные программы для обучающихся с ограниченными возможностями 0-4 классов уровня начального образования по обновленному содержанию. Приказ МОН РК от 27 июля 2017 года № 352

3. Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе. Методические рекомендации. НАО, Астана, 2015

4. Елисеева И. Г., Чумакова О. Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих Методические рекомендации. Алматы, 2015

5. Айдарбекова А. А. Создание социально гуманной среды в организациях общего образования. Алматы, 2015

Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіруде жаңа технологияларды қолдану

Аханова Ляйля Жакановна
№87 «Қадыр» балабақшасы, әдіскер
Астана қ.

Андатпа: бұл мақалада, тәрбиешінің алдына қойылатын мақсатты жүзеге асырудағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдірудегі технологияларды пайдалану жолдары қарастырылған. Дұрыс қолданылған технологиялар баланың психологиялық ерекшеліктері мен табиғи қабілеттерін дамытуға, ой-өрісін, логикалық ойлау дарежесін кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және экологиялық, эстетикалық, халықтық, педагогикалық тәрбие беруге ықпал ететіні туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: үдеріс, жетілдіру, шеберлік, технологиялар, қабілет, ерекшеліктер, қалыптастыру.

Балабақшада жаңа технологияны меңгерту тәрбиешінің интеллектуалдық кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бір технологияның өзі атқарушылардың шеберлігіне байланысты, әр қиялы жүзеге асырылуы мүмкін. Белгілі психолог Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын ілестіре алады», - дейді.

Тәрбиеші алдына қойылатын мақсат: талабына сай баланың психологиялық ерекшіліктері мен табиғи қабілеттерін ескере отырып, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетке ынта-ықыласын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін кеңейту арқылы шығармашылық қабілетін арттыру, экономикалық, экологиялық, эстетикалық, халықтық педагогикалық тәрбие беру.

Осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында тәрбиеші үшін ең бастысы ұйымдастырылған іс-әрекетке әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау.

Қазіргі технологияны қолдану дегеніміз - келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау.

Педагогикалық технология оқу үрдісінің, яғни тәрбиеші мен баланың іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрамына мыналар кіреді:

а)тұжырымдық негіз,

ә)ойын түрде оқытудың мазмұндық бөлігі (оқытудың нақты және жалпы мақсаты және оқу материалының мазмұны),

б)үрдестік бөлім-технологиялық үрдіс (оқу үрдісін ұйымдастыру, балалардың оқу қызметінің әдістері мен формалары, оқытушының материалы меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті және оқу үрдісінің диагностикасы).

Педагогикалық технологиялардың негізіне мыналар жатады:

- Әрбір баланың жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;
- Балалардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- Балалардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларға ынтамақтастық педагогикасы, білім берудің ізгілендіру технологиясы, түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту, ақпараттық-қатынастық технологиясы кіреді.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі мақсаты талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшу.

Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі.

Ынтымақтастық педагогикасының ерекшеліктері мынадай:

Тәрбиеші – бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, бала-субъекті, тәрбиеші –субъекті.

Бала жеке басына ізгілік қарым-қатынас.

Бала тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым – қатынас.

Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Мәселелелік оқыту технологиясының негізгі мақсаты:

- Баланы өз бетімен ізденуге үйрету, олардың

танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

Мәселен оқыту технологиясының ерекшеліктері мынадай:

- Баланың белсенділігін арттыру,
- Оқу материалында баланы қызықтыратындай құпия мәселе туғызу,
- Бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана

қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Тірек белгілері (сызбасы, сигналы) арқылы технологиясының негізін қалаған В.Шаталов болды. Бұл технологиясы төмендегідей:

-білім, білік, дағдыны қалыптастыру;
- барлық баланы оқыту;
-оқытуды жеделдету.

Ерекшеліктері:

-үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық блокпен оқыту, тіректі қолдау;
-жеке бағдарлы қарым- қатынас ықпалы;
-ізгілік, еркімен оқыту;
- әр баланың жобасының жариялығын түзетуге, табысқа жетуге жағдай жасау.
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі.
Ақпараттық – қатынастық технологиясы.

Ата-аналарының өскен ортасынан заманауи бала түбегейлі бөлініп тұрады. (қазіргі кездегі компьютерлерді қолдану технологиясы).

Қоғамдық ақпарат педагогтар мен балалар алдында келесі міндеттер қояды:

- Жаңа заманға қадам басу;
- Жаңа технология әлеміне балаға жол серік болу;
- Компьютерлік бағдарламаға тәлімгерді таңдау;
- Ақпараттық мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру;
- Педагогтардың профессионалдық деңгейін және ата-аналардың құзыреттілігін көтеру;

Бағдарламаны жіктеу
-ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту
-қарапайым графикалық редактор
-ойын-саяхаттар
-оқуды, математиканы үйрену.

Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі, деп бекер айтпаған».

Тәрбиеші – арнайы дайындығы бар және педагогикалық іс – әрекетпен кәсіби айналысатын адам. Оның негізгі функциясы – тәрбиелеу, ойын түрде оқыту, дамыту, қалыптастыру процестерін басқару. Осыған орай қазіргі таңда балабақша тәрбиешілеріне келесі біріңғай әдістемелік талаптар қойылады: педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеру, оқыту мен тәрбиелеудің ең соңғы және педагогикалық технологияларын зерттеп меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білу; өз білімін ұдайы жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс атқаруға ынталандыру, балалар табыстары мониторингісін жасау және оны диагностика қоюдың қазіргі тәсілдерін меңгеріп, қолдана білу; авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру; тәрбиешінің педагогикалық – кәсіптік оң көзғарастарын құндылықтарының қалыптастыруына жағдай туғызу.

Педагогикалық технологияларды зерттей келе келесідей тұжырым жасауға болады. Оқу үрдісі өзінің барлық мазмұнымен, ұйымдастырылуымен, педагогтың қызметтік мінездемесімен тек қана баланы біліммен қаруландыруға ғана бағытталмай, сонымен қоса олардың жан-жақты дамуына бағытталған.

Бүгінгі күн – бәсекелестікпен жоғарғы технологияның, ғылым мен білімінің заманы. Сондықтан оқыту процесіне жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер

А.К.Меңженова. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 1982 ж, 1992 ж
Ф.Н.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика. Астана. Фолиант. 2014 ж
С.А.Козлова, Т.А.Куликова. Дошкольная педагогика. М., 2004 г
А.В.Мухина. Балалар психологиясы. А., 1989 ж
И.М.Аскарина. Воспитание детей раннего возраста. М. 1977 г.

Балабақшада зияткерлік ойындарды қолданудың тиімділігі

Ахбутина А.Т.

Астана қ. №5 «Ақбота» балабақшасы,қазақ тілінің оқытушысы

Аңдатпа: Мақалада ұлттық ойындар мен әлемдік ойындардың ұқсастығы оларды пайдаланудың тиімділігі туралы айтылады.
Түйінді сөздер: «Бестемше» ойыны, Әлемдік ойындар кейсі, «Мангала» ойыны, «Реверси» ойыны, «Абакус» ойыны.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі , рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» мақсатын ескеріп, мектеп жасына дейінгі баланы жетекші әрекеті ойын арқылы тәрбиелеу, олардың ойынға деген қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, қанағаттандыру арқылы баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Ойында бірлескен іс–әрекеттіұйымдастыру:

- Ойын баланың психикасында сапалық өзгерістер туғызады.
- Айналасындағыларға қатыстыміндеттерді сезінеді.
- Ойын арқылы өзелерге де қатысты құқықтарға ие болады.
- Ойындарда көрсетілген шындық ойынның мазмұны болады.
- Бірлескен ойында балалар қарым-қатынасжасауды, басқалар іс-әрекетіменүйлестіруді, өзара түсінісуді, өзара көмектесуді үйренеді.
- Ойын әрекеті психикалық процестер ырықтылығының қалыптасуына әсер етеді.
- Ойын тілдің дамуын ықпал етеді.
- Ойын қиялдың дамуында анықтаушы орын алады.
- Ойын іс-әрекеті негізінде оқу іс-әрекетінде қалыптаса бастайды.
- Ойын әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының

ерекшеліктері неғұрлым тез қалыптасады.Сонда бала дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын, деңгейі жоғары білікті азамат болады.

Әлемдік ойындар кейсі.

Ежелгі түрік зияткерлік және стратегиялық "Мангала" ойыны

«Мангала» ойыны ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енгізілген.

Ойын ережелері қиын емес және оларды үйрену өте оңай
Бұл ойында екі адам ойнайды. Мангала ойыны 48 таспен ойналады. Әр ойыншының тақтасында 6 шұңқыр болады және оның ішінде төрт тас болады

.
Әр ойыншының өзіне тиесілі бір ғана дорбасы болады. Әр ойыншы партияны жеңу үшін көптеген тастарды алуы керек.
Ойыншының бүйіріндегі алты кішкентай тесік - ойыншының ойын алаңы, ал қарама-қарсы жағындағы алты тесік оның қарсыласына тиесілі болады.
Ойынның 4 ережесі бар
Шеруді бастаған ойыншы өзі қалаған үйдегі барлық тастарды (қорғаныс шұңқыры) алып, сол үйден бастап оң жағына бір тас қойып отырады.
Соңғы тас дорбаға сәйкес келсе, қайтадан ойнауға қақы пайда болады.
Толып жатқан тастар жаудың үйіне бірінен соң бірі орналастырылады. Егер жаудың үйіне түскен соңғы тастардың саны біркелкі болса, шеру жеңіспен аяқталады және ол осы үйдегі барлық тастарды дорбасына салады.
Егер соңғы тас жау жағында емес, бос үйге кірсе, сіз жау жағында үйді жеңесіз.
Ойыншылар өз жағында мүмкіндігінше көп тастар жинауға тырысады. Көп тастарды жинаған ойыншы жеңімпаз болып саналады.
"Мангала" ойыны логика мен дәл есептеулерді дамыту үшін өте пайдалы болып саналады, өйткені ойын барысында математикалық есеп жасау керек болады - қосу, азайту, көбейту және бөлу. Бұл ойын түркі хадықтардың мәдени мұрасын сақтай тұра, әр жастағы адамдар үшін өте пайдалы.

«Реверси» ойыны

REVERSI - 5 жастан бастап ойнауға болатын 2 адамға арналған стратегиялық ойын.Құрамы: 8*8 шаршылы тақта, 64 ойын тасынан тұрады.

Ойын арқылы дамитын қабілеттер: Бұл ойын баланың логикалық ойлау қабілетін дамытады. Ойын стратегиясын құра білу, болжау, жоспарлауға үйретеді. Қарсыласының жүрісін бағдарлай отырып, өз жүрісін жоспарлауды. Жеңіске жетелер ынтасын жақсартады, мұқияттылығын, зейінін қалыптастырады.
Ережесі: Ойын басында әр ойыншы ойын тақтасының ортасына екі-екіден бірі ақ, екіншісі қара тастар қояды. Тастар бір жағы ақ, бір жағы қара түстен тұруымен ерекшеленеді. Ойыншы қарсыласының тасын иеленуі үшін, екінші жағында өзінің тасы тұрған жолға сол түстес тас қойып, ортада қалған тастарды өз тасының түсіне аударады. Ойыншы көлденең немесе тік қана жүре алғанымен, қарсыласының көлденең, тік, қиғаш тұрған тастарын да өз тасының түсіне сай түске аудара алады. Ойын соңында кімнің тасы көп, сол жеңіске жетеді.

«Абакус» ойыны



Ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен ақпаратпен өзара әрекеттесу әдістері жаңа деңгейге көтерілді. Миды қажетсіз ақпараттан босату үшін адамдар бір қарағанда қарапайым есептеулерді жеңілдетудің жолдарын іздейді. Санада санайтындар азайып барады.
Барлығының қолында калькуляторлар мен смартфондар бар. Бірақ бұл ересектерге қатысты. Балалар ауызша есеп әдісін игеру мүмкіндігінен әлі айырылған жоқ. Тағы да психикалық арифметика сәнге айналды. Енді мектеп жасына дейінгі балаларды саусақтар мен карталарда емес, абакуста санауға үйретеді. Әдістеме Еуропаға, Америкаға, Жапонияға, Ресейге және басқа елдерге қызығушылық танытты. Абакус

дегеніміз не? Абакус сөзбе-сөз грек тілінен аударғанда "санау тақтасы"деп аударылады. Ол шотты жеңілдету үшін ойлап табылды. Қазіргі заманғы абакустар-қарапайым ағаш немесе тіпті пластикалық шоттар, қарапайым және күрделі есептеулер үшін тамаша. Бұл шоттар ежелгі мемлекеттерде заманауи калькуляторлардың функцияларын орындады және ондаған санауға көмектесті.

Олардың сыртқы түрі өте қарапайым: абак-тікбұрышты пішінді жақтау, ол оларға сүйектері бар штангалармен бөлінген. Жоғарғы жағында, бөлу жолағының үстінде бір ғана сызық бар, оның әр элементі бес дегенді білдіреді. Төменде бірлікті білдіретін төрт сүйекті жолдар бар. Сүйек сызықтары кезектесіп бірліктерді (бірінші оң жақ), ондықтарды (екінші оң жақ), жүздеген, мыңдаған білдіреді.

Шоттармен жұмыс мектеп жасына дейінгі баланың ұсақ моторикасын дамытуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар оның миының екі жарты шарын бірден жаттықтырады, олардың арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Әдістеменің бірнеше артықшылықтарын атап өтуге болады: қызығушылық. Ойлау өте жақсы дамиды. Сондықтан шотпен санау жылдам санауды үйренудегі ең күшті құрал болып саналады.

Ұлттық ойындар: «Бестемше», «Алаңдағы Бестемше», «Асық ату», «Бес тас» ойындары да осындай зияткерлік ойындарға жатады.

Бұл ойындарды ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады.

Қазіргі қоғамға зияткерлік жағынан батыл, өздігінен білім алуға құштар, ерекше ойлайтын, шығармашыл, өз бетімен шешім қабылдай алатын адамдар қажет. Тұлғаның бұл барлық қасиеттерін мектеп жасына дейінгі кезеңінде зияткерлік ойындар арқылы қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер

1.Ежелгі түрік зияткерлік және стратегиялық "Мангала" ойыны (интернет ресурс)
2.«Реверси» ойыны (интернет ресурс)
3.«Абакус» ойынының ережесі (интернет ресурс)
4.Төтенаев Б. « Қазақтың ұлттық ойындары ». Алматы 1994. Қазақстан мектебі №2. 2008.
5.Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы: Атамұра 1997.

Мектепке дейінгі балалық шақтағы баланың дамуының психологиялық ерекшеліктері

Ахметова Данагул Куанышевна
БҚО Орал қ. №34 «Балбұлақ» бөбекжайы тәрбиешісі

Мектепке дейінгі балалық шақта (үштен жеті жасқа дейін) организмнің қарқынды жетілуі жалғаса түседі. Жалпы өсумен қатар ткандар мен мүшелердің анатомиялық қалыптасуы және функциялық дамуы жүріп жатады. Ми салмағы 1110 грамнан 1350 грамға дейін өседі. Үлкен ми сыңарлары қабықтарының реттегіш ролі мен оның ми қабығы астындағы орталықтарды бақылауы арта түседі. Шартты рефлекстердің пайда болу жылдамдығы артып, әсіресе екінші сигнал жүйесі қарқынды дамиды.

Дене дамуы баланың дербестігінің арта түсуі үшін, тәрбие мен оқыту процесінде қоғамдық тәжірибенің жаңа формаларын игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Мектепке дейінгі жас бала дамуының жана әлеуметтік ситуациясының пайда болуымен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі баланың айналадағы адамдар

арасынан алатын орнының ерте сәбилік шақтағы балаға қарағанда елеулі айырмашылығы болады. Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың үлкендермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс-әрекет ересек адамның нұсқауларын дербес орындаумен алмасады. Тұңғыш рет баланы белгілі программа бойынша біршама жүйелі оқыту мүмкін болады. Бірақ Л.С. Выготскийдің айтып көрсеткеніндей, бұл программаның жүзеге асуы оның қаншалықты дәрежеде баланың өзіндік программасына айналуына тығыз байланысты болып келеді.

Мектепке дейінгі шақтың елеулі ерекшелігі болып баланың құрдастарымен жасайтын арнайы өзара қарым-қатынасының пайда болуы, «балалар қоғамының» құрылуы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менің» және ез қылықтарының маңызын анғарудын арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүние, олардың іс-әрекеттері мен өзара іс арым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

Мектеп жасына дейінгі бала дамуының әлеуметтік ситуация ерекшеліктері оған тән іс-әрекет түрлерінең, алдымен сюжеттік-рольдік ойындардан көрініп отырады. Үлкендер өмірімен араласу талабымен оған деген білім мен іскерліктердің болмауының ұштасып келуі баланың сол өмірді өзінің шамасы келетін ойын формасында игеруіне алып келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін айрықша қолайлы жағдайлар мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие жүйесі арқылы жасалынады. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды оқыту программасы жүзеге асып, олардың бірлескен іс-әрекеттерінің, алғашқы түрлері қалыптасып, қоғамдық пікір пайда болады. Арнайы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай, психикалық дамудың жалпы дәрежесі мен мектепте оқуға даярлықтын барысы жағынан балабақшада тәрбиеленгендігі; бақшаға бармағандардан жоғарырақ болады. Мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің негізгі түрлері. Айтылып өтілгендей, мектепке дейінгі шақта жетекші іс-әрекет ойын болып есептеледі. Оның жетекші іс-әрекет болуы, қазіргі баланың өзінің көп уақытын ойынмен алданып, үлкендердің еңбек әрекетіне аз немесе мүлдем араласпауына байланысты емес. Ойың баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады: онда мектеп жетекші болатын оқу әрекетінің негіздері қаланады.

Сюжеттік ойында роль атқару дегеннің, өзі рольде көрсетілген міндетті орындау және ойынның басқа қатысушыларына байланысты. Белгілі рольдерді жүйелі орындау ойнаушы балаларды тәртіптендіріп отырады. Бірлескең іс-әрекекет үстінде олар оз іс-әрекеттерін үйлестіруді үйренеді. Балалар тобының басқа мүшелерімен жасалынатын мұндай өзара қарым-қатынастар коллективтік сапаларды ғана қалыптастырып қоймай, сонымен бірге баланың өзіндік санасын да жоғары көтереді.

Сонымен, егер ойынның сюжеті балаға үлкендердің іс-әрекетімен және өзара қарым-қатынасымен таныстыруға мүмкіндік берсе, шынайы өзара қарым-қатынас оны балалар ойындарында байқалатын түрлі жағдайларда өзін ұстай білуге үйретеді. Мұның өзінде әр бала өзін ойынның жалпы жағдайына, балалардың, осы тобының талаптарына және өзінің жеке-дара қабілеттеріне сай ұстауға үйренеді.

Мектепке дейінгі шақта, балалардың құрбыларымен өзара іс-әрекет процесінде дамып отырған өзін таныту қажеттігі құрдастар тобындағы барлық балалар үшін маңызды орынға талаптануынан көрініп отырады. Талаптану әлеуметтік

белсенділіктің табиғи түрі жеке адамның дұрыс дамуының шарты болып есептеледі. Алайда, бұл құбылыс сырттай көріне бермейді, өйткені бала маңызды орынға талаптануын көбінесе аса бір ерекше, өзі үшін қолайлы жағдайларда ғана жарыққа шығарады.

Құрбыларымен бірлесіп іс-әрекет жасау жағдайында баланың басқаларға өзін таныту қажеттілігі байқалады. Өзін таныту қажеттілігі ойындағы статустық ролые талаптанудан көрінген кезде жеңімпазбен эмоциялық теңесу («идентификация») күрделенеді. Әлеуметтік және талаптанушы тіршілік иесі ретінде балаға танылған баламен бірге тебірену, жеңімпаздың шаттығына қуану қиындау болады. Әдетте сезімнің шарықтауы роль бөліскенде және рольдер бөлінгеннен кейінгі ойынға кіріскен сәтте күшейе түседі. Танылу, қажеттілігі және бірге тебірену қабілеттерінің өзара әсері бірлескен іс-әрекетпен шұғылданушы құрдастар тобындағы қарым-қатынастардан туындайды. Осы айтылғанның бәрі балалардың ойнаушы тобын мінез-құлықтың әлеуметтік түрлері үнемі жобаланып және нығайып отыратын қайсібір әлеуметтік қарым-қатынастар мектебі деп түсінуге мүмкіндік береді. Ойнап жүріп балалар адамдардың ынтымақтасу қабілетін үйренеді.

Ойын үстінде бала шынайы затты ойыншықпен немесе кездейсоқ нәрсемен алмастыруға болатынын тез аңғарады. Шынайы заттарды алмастыруды бала үлкендерден үйренеді. Балдырған тасты нан, таяқшаны адам ретінде ауыстырып қолдана алады. Ол бір затты екінші заттың орнына қолданып қана қоймай, зат, жануар, басқа адамдар орнына өзін де қолданады. Мысалы, мылтықтан атып жібереді де өлтірілген қасқырдың орнына өзі құлап түседі.

Мынадай жайтты да атап өткен маңызды: бала затқа өзі ат қойған соң енді онымен бастапқы қасиеттеріне сай іс-әрекет жасамай, оның жаңа атына сай әрекет жасай бастайды. Егер таяқ мылтыққа айналса, ол одан атады, атқа айналса, оған мініп шабады; пароходқа айналса, ол жүзіп отырып жағаға келуі тиіс.

Ойын іс-әрекеті ырықты зейін мен ырықты естің дамуына көмектеседі. Ойын жағдайларында балалар лабораториялық тәжірибелер жағдайларындағыдан зейінін жақсы жинақтайды және көбірек есте сақтайды.

Тілдің дамуына ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын жағдайы оған енген әр баладан белгілі қатынас жасау қабілетін талап етеді. Егер бала ойын барысына қатысты өзгілектерін түсінікті етіп айта алмаса, егер ойын үстіндегі жолдастарының сөздік нұсқауларын ұқпайтын болса, онда құрбылары оны жақтырмайды. Психологиялық әдебиетте құрбылармен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерінен айрылған егіз ұлдардың психикалық нашар даму оқиғасы суреттелген. Өзара қарым-қатынас жасауда бұл егіздерде өздерінің екеуіне ғана түсінікті автономиялық тілі қалыптасқан. Егіздерді белгілі уақыт ажыратып, басқа балалар коллективіне қосқан жағдайда ғана олар дұрыс тілдік қарым-қатынас жасау қабілетіне ие бола бастаған. Жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді. Ойын жағдайына ену баланың акыл-ой әрекетінің түрлі формаларының шарты болып табылады. Мәселен, затпен қимылдар жасай отырып, ойлаудан елестете ойлауға бала затқа оның тиісті өз атын бермей (тіпті бала оны жақсы біліп турса да) қазіргі ойын жағдайына кажетті заттын атын беруден бастап ауысады. Бұл жағдайда, тандалынған нәрсе, біріншіден,

жобаланған зат туралы ойлаудың өзгеше бір сыртқы тірегі және, екіншіден, осы заттын жасалынатын шынайы іс-әрекеттер тірегі ретінде көрінеді. Балаларды психологиялық даярлауда балабақшаның ересек және даярлық тобында жүргізілетін арнайы тәрбие жұмысының ролі аз емес. Бірақ, ол жеңіл жәрдем жасауға тырысу түрінде болмай, психикалық дамудың бұған дейінгі бүкіл жетістіктеріне сүйенуі тиіс. Балалардың есін өте көп шашыранды мағлұматтармен толтырып немесе оқу, есеп шығару дағдыларын бағытсыз қолдана беруден зиянды нәрсе жоқ. Балалар жалпылама және жүйелі білім алып, олар болмыстың жаңа салаларында бағдар алуға үйретіліп (бұйымдардың сандық қатынастарын, тілдің дыбыстық материясын), осындай кең негізде дағдыларды игерту ұйымдастырылса, жағдай мүлдем басқаша болады. Осындай оқыту процесінде балаларға болашақта кез келген білімді саналы игеруге мүмкіндік беретін болмысқа теоргиялық көзқарастың бастамасы жасалады.

Әдебиеттер

1. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова / — 2012

2. Детская психология: учебное пособие /Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин .-6-е изд., стер..- / — 2011

3. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / — 2014

4. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / — 2014

4К моделі сыни ойлауды, шығармашылықты, қарым-қатынасты және ынтымақтастықты дамыту құралы ретінде

Байдуллаева Кенжегүл Жанайдарқызы
«Мерей» мектепалды тобының тәрбиешісі

Анотация: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы жаңартылған мазмұнындағы басым қасиеттері ретінде жұмыс үшін қазіргі уақытта 4К моделі алға қойылады. Қазақстанның балабақшаларындағы біліктілік талаптары мен оқыту әдістерін қайта қарастыру қажет. Баланы креативті, дербес, көпшіл, өзгелерді тыңдауға және командада жұмыс істеуге үйрету үшін: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтік дағыдыларды дамыту, командада жұмыс істей білу сияқты 4К моделіндегі білім берудің заманауи моделінің принциптерін пайдалануымыз керек.

Түйінді сөздер: креативтілік, сыни ойлауды, коммуникативтік және командада жұмыс істей білуді дамыту.

Білім беру саласы қазіргі күндегі дамыған және дамушы мемлекеттердің идеялогиялық жағынан аса маңызды мән беретін тақырыбына айналды. Білім сапасының мемлекеттің болашағына жол ашатын, тұрақтылығына негіз болатындай қуатты күші бар екенін барша сауатты адамдар жақсы біледі. Әр аға буынның жинаған білімі мен тәжірибесін келесі буынға жеткізу жолдарын іздеген әдіс-

тәсілдері оқу мен оқытудың сан түрлі жолдары мен құралдарын дамыта түсті. Білім қаламмен жазылып, қағазға түсірілген кезде ғана мәңгілік сипатқа ие болады. Білімді жалпы халыққа тарату ісі – ізгілік атаулының қайнар көзі.

Сыни ойлау (Критическое мышление)— ақпараттар ағынын бағдарлай алу мүмкіндігі, себеп-салдарлық байланыстарды көре алуы, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылауы. Сәтсіздікке жолыққан жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсінуі.

Шығармашылық (Креативность) – өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Шығармашылығы дамыған адам жасап шығарушы болып табылады. Ол басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алады. Қиындықтарды жеңу ол үшін қызықты басқатырғышқа айналады.

Қарым-қатынас (Коммуникация) - Қазіргі кезде әрбір адам қоңырау шалынатын немесе хабарламалар тәулік бойы жеткізілетін қашықтықта орналасқан. Келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеті өмірлік дағдыға айналады.

Ынтымақтастық (Үйлестіруші) (Координация)(сотрудничество) - кәсіби салаға қарасты құзыреттілікпен тығыз байланысты. Жалпы мақсатты және оған жету жолындағы рольдерді айқындай отырып, оның нәтижесін бағалай алу қабілеті.

Осы бағыттардың әрқайсысына тоқталып өтейік. Қазіргі қоғам мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасына талаптарды көбірек қояды. Шығармашылық сияқты жеке тұлғаның сапасы жиі ерекшеленеді. Үлкен энциклопедиялық сөздік шығармашылықты (латын creatio – жасампаздық) шығармашылық және инновациялық қызмет ретінде түсіндіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың үнемі жаңартылып отыратын үлгілік бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру жүйесінен мектепте оқуға көшу кезінде баланың шығармашылық ойлау, қиялы дамыған, бастамашылық, қызығушылық және басқа да маңызды қасиеттері болуы керек деп болжайды. Баланы шығармашылықпен тәрбиелеу үшін мұғалім балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі инерцияны, заңдылықтар мен формалдылықты үнемі жеңіп отыруы керек.

Педагог өзін-өзі кәсіби жетілдіру барысында балаларға өз идеяларының маңыздылығы мен қызығушылығына сенімді болуға көмектесетін сындарлы жеке көзқарасты дамытуы керек. Осы мақсатта біздің мектепке дейінгі ұйымда педагогтер мынадай қызмет түрлері арқылы креативтілікті дамытады: тастанды материалмен өнімді іс-әрекет, рефлексивтік ойын жаттығулар, ертегілер мен өлеңдер ойлап табу, табиғи материалымен эксперимент.

Біздің топта осы бағыттағы балалардың ең сүйікті іс-әрекеті бұл ойындар: «Лабиринттер», «Не көрінеді?», «Фигураны аяқта» және басқалары. Сонымен қатар, бұл жұмыстың ең тиімді нысандарының бірі-ТРИЗ технологиясының элементтері және оның әдістері болып табылады, мысалға, «Ертегілер салаты», «Егер де…не болар еді?», «Ертегі ойлап тап». Сыни тұрғыдан ойлау бүгінгі таңда білім беруді дамытудың негізгі басымдығы оның жеке тұлғаға бағытталған бағыты болып табылады. Тәрбиешінің міндеті-дайын білім мен дағдыларды беру емес, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бұл технология тәртібінде жұмыс жүргізу өте маңызды, тәрбиеші ақпараттың негізгі көзі болуды тоқтатады және осы технологияның әдістерін қолдана отырып, оқуды қызықты жұмысқа айналдырады.

Сыни ойлау әдістері қолданылатын ойындарды қолданамыз, атап айтсақ: «Дұрыс және бұрыс ойлау», «Иидеялар қоржыны», «Мінсіз» «Алты қалпақ». Тәрбиеленушілер үшін ерекше есте қалатын «Қазақстан бойынша саяхат»

ұйымдастырылған оқу қызметі болды, онда балалар «Қазақстан – бұл...» кластерін жинады.

Коммуникативтілік. Қазіргі замандағы қарым-қатынас электронды коммуникациямен алмастырылған кезде, көптеген балалар электронды гаджеттерді екі жасқа жетпей-ақ игереді. Демек, нәтиже - көптеген балалардың басқалармен қарым-қатынаста әлеуметтік-психологиялық проблемалары бар: олар қарым-қатынас жасауды қаламайды және білмейді. Бұл қазірдің өзінде педагогтер мен психологтар арасында үлкен алаңдаушылық тудырады, өйткені қарым – қатынас кез-келген адамның дамуының міндетті атрибуты болып табылады.

Біздің мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәжірибесінде коммуникацияны дамытудың үш негізгі әдісі – көрнекі, ауызша және практикалық – мектеп жасына дейінгі балаларда қарым-қатынасты дамытуға болатындығын көрсетеді. Бұған «Дос табу», «Жер, Ауа, ай», «Айна», «Соқыр және бағыттаушы», «Керісінше жаса» сияқты ойын әдістері арқылы қол жеткізуге болады. Командада жұмыс істей білу тимбилдинг – ағылшын тілінде «команда құру». Негізгі әдістер қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және командада жұмыс істеуге, балалар тобын біріктіруге және өзін еркін сезінуге бағытталған. Команда құрудың өнімді маңыздылығы - бұл балалар командасындағы қарым-қатынасты шығармашылық және сындарлы етуге мүмкіндік беретін өзіндік вектор. Тимбилдинг технологиясын белсенді қолдана отырып, біз балаларға достық қарым-қатынас орнатуға, бір-бірінің пікірімен санасуға және ортақ істе жетістікке жету үшін әрқайсысының артықшылықтарын пайдалануға үйретеміз. Командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін келесі ойындарды қолдануға болады: «Тізбек», «Сиқырлы фортепиано», «Шатасу», «Киіз үй», «Арқан». Бұл ойындар тек ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп қана қоймай, сонымен қатар музыка мен дене шынықтыру сабақтарында бекітіледі. Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балалардың жеке дамуын қалыптастырудың негізгі дағдыларын, әсіресе баланың бәсекеге қабілетті тұлғасын құру үшін қарым-қатынасты, сыни ойлауды, командада жұмыс істеуді, шығармашылықты дамыту қажет.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2. Ахметова Г.К., Қараев Ж.А., Мұханбетжанова С.Т. Электрондық оқытуды енгізу жағдайында педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. Алматы: АҚ «БАҰО «Өрлеу», 2012.
3. Интернет ресурстар

Использование инновационных технологий в работе музыкального руководителя

Ворвуль Наталья Евгеньевна, музыкальный руководитель
КГКП «Ясли сад «Дельфинчик» отдела образования
города Лисаковска» УОАКО

Современные педагогические технологии в дошкольном образовании направлены на реализацию государственных стандартов дошкольного образования, на сохранение и поддержку индивидуальности, развитие индивидуальных способностей и творческого потенциала каждого ребенка; формирование общей культуры воспитанников.

Современное дошкольное образование требует от музыкального руководителя использовать такие методы, которые направлены на активизацию познавательного развития ребенка, а именно развитие творческих и интеллектуальных способностей, коррекции эмоционально-волевой и двигательной сфер.

Какие же инновационные технологии необходимо применять в своей работе музыкальному руководителю .

1. Здоровьесберегающие технологии. Формами работы на музыкальных занятиях являются: музыкально-валеологический аспект (исполнение песен, распевок о здоровом образе жизни, дыхательная и артикуляционная гимнастика, пальчиковые игры, музыкотерапия, физкультминутки, ритмопластика и др).
2. Игровые технологии. К игровым технологиям относятся музыкальные и музыкально-дидактические игры.
3. Технология «Синтез искусств». Целью этой технологии является восприятие музыки через привлечение других видов искусств (изобразительное искусство, театр, литература, хореография).
4. Проектная деятельность. Позволяет решать комплекс задач, подчиненных одной теме, разнообразными приемами и методами, постепенно и в системе.
2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;
3. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін әдістемелік қолдау;
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдіру;
5. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
6. Педагогтер мен мектепке дейінгі ұйымдардың сапалық деңгейін бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;
7. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;
8. Мектепке дейінгі сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
9. Тәрбиелеу мен оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын құру;
10. Мектепке дейінгі білім беруді қаржыландыруды дербестендіру.

Қазақстанның бүгінгі білім беру жүйесінде жаңа инновациялық бағытты игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекетте өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші педагогтер өте қажет.

Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болуы тиіс. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді.

Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған

педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды.

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады.

Аталған технологиялар электронды контент ресурстары мен дидактикалық үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері бір уақыттағы әрекет барысында бірнеше әрекеттің қатар жүргізілуінен тұрады:

- мәтінді кәсіби дикторлардың айтуы;
-мультимедиялық анимациялық материалдарды көрсету;
- балалардың білім беру әрекетіне қатысуында.

Осындай модулдік, инновациялық жаң заманның жаңа жолымен өз бағытымызды бағдарласақ еліміз көркейіп, жаңа өмірдің жол торабынан қалмай үлкен шыңдарды бағындыратынымыз сөзсіз.

Мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық жобалау технологиясын қолдану, ою-өрнектер арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың танымын дамыту

Астана қаласы әкімдігінің
№68 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Изтаева Гулмира Амангелдіқызы,
тәрбиеші

Қазақтың ұлттық өрнектермен әшекейленген қолөнердің түрлері де, атаулары да көп. Солардың ішінде халық арасында көбірек тараған ою-өрнек.Ою-өрнектің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Өнер арқылы адам өмірді көреді, басқа жағдайларды ұға қарап білуді үйренеді. Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезенде қалыптасатындықтан дүниетанымдық негізі де осы жаста қаланады.

Өнер жайында қазақтың аса көрнекті жазушы, ғалым М.Әуезов «Ешбір өнерді құрғақ тілек бұйрық туғызбайды. Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниеміз бен жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» деген. Сол өнердің бірі бейнелеу өнері.Бейнелеу өнері ерте заманда пайда болып, барлық дәуірде өмір сүрген. Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің бағы жетпес меруерт маржандарын қалдырады.Сол құнды асылдардың бірі ою-өрнек. Өнердегі әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін сезіне білуге, шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар арқылы халық өмірінің сипатын, ақыл мен ойластырылған еңбектің нәтижесін көре білуге, қоршаған дүниеге үңіле қарауға, ой-қиялының

ұшталуына әсер етіп, оның жан-жақты үйлесімді ізгі қасиеттерді бала бойына өнер арқылы сіңіре тәрбиелеу оны дамытудың басты құралы болмақ. Өнер арқылы баланың бойындағы көркемдік сезім-ізгілік негізі, адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Халқымыздың баға жетпес мұралары ою-өрнек оқу-тәрбиелеу үрдісіне қолданылып келеді. Бірақ әліде болса зерттеп, игілікті іске асырар мұраларымыз балабақша бағдарламасын толық қамтыған жоқ.

Халық шеберлері өз өнерлерін халық игілігіне жұмсай отырып, ою-өрнек қолданбалы өнерінде небір ғажайып дүниелер тудырудың небір ғаламат сырларын ұрпағына мирас етіп қалдырды. Қазақ халқының қолөнері: ою-өрнек жайында көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көрді. «Қазақ оюы», «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақтың ою-өрнектерінің жасалу жолдары», «Қазақтың ою-өрнектері», «Балабақшадағы тұрмыстық талғам», «Балабақшадағы көркемдік тәрбие», «Қағазбен жұмыс жасау», «Бейнелеу өнері», «Қазақ халқының дәстүрлі өнері», С.Арғынбаев, С. Төленбаев, М. Өмірбекова, Ф.Н.Жұмабекова, М.И.Нүсіпбекова, т.б ғалымдардың еңбектері мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнерінде оқыту мен тәрбиелеуге өзіндік үлесін қосып келеді. Өзіңді өз халқыңның оның мәдениетінің, біте қайнасқан бір бөлігі ретінде сезінбейінше, рухани дамудың белгілі еместігі ақиқат. Солай десек, жылдар бойы қолөнер саласында оның тұрмыстық түрлеріне, мектеп жасына дейінгі балаларды баулу жұмысын жүйелі түрде жүргізудің маңыздылығына ден қою керек. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына негізделген қолөнердің бір түрі ою-өрнектер мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ерекше орын алады.

Өнердің басқа да түрлері секілді, ою-өрнекте ой-өрісі мен балалардың жан-жақты дамуына әсері мол. Балалар ою- техникасын ғана меңгермей, осы өнерге қатысты қолөнер саласында ұмыт болған сөздермен танысады.

Ою-өрнекті тек сурет, қол өнер, оқу іс-әрекетімен байланыстырып оқытылуы тиіс. Елімізде археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне қолөнер туындыларының барлығында дерлік ою-өрнек бейнеленген. Әр кезеңнің даму процесіне орай, шеберлердің қолөнер бұйымдарын бейнелеуде стильдік ерекшеліктері өзгеріп отырған. Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз жас жеткіншіектерге халқымыздың өнерін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан әртүрлі заттар мен бұйымдарын айтып, олардың бізге қалдырған мұрасын құрметтеуге және ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру қалыптасады.

Этнограф ғалымдардың Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, Ә. Тәжмұратов, М. Мұқанов ғылыми зерттеулерін сұрыптай келе, ою-өрнекті дизайн әлемі туралы еңбектері жарық көрген.

Халқымыздың жалпы мәдениет деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың тиімді жолдарының бірі көркем өнер болып табылады. Халықтың салт-дәстүрін сақтаған, ғасырлар тарих сынынан өткен қолөнердің бір саласы «ою-өрнек» қызықты болу үшін;

-біз бала ұғымына, жас даму деңгейіне сәйкес келетін бірнеше түрін байқау тәжірибемізде пайдаландық.

Ою-өрнекке байланысты, көркемдік талғамын қалыптастыратын ойындар жоқтын қасы.

Баланың көркемдік талғамын қалыптастыруға:

-бала мен педагогтың көркем құндылықты қабылдауда өнімді іс-әрекетке деген шығармашылық қабілеттері, әлеуметтік, табиғи заттың ортаға деген сапалы қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен іс-әрекеті жатады. Балалардың көркемдік талғамын қалыптастыруда бейнелеу өнеріне жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейнелеу іс-әрекетін үйретудің әдістемелік және жалпы міндетттеріне сәйкес мазмұның белгілеп, нақтылы қойылатын талаптарды анықтап алу.
-жұмыстарды жоспарлау;
-материалды белгілеп бір ізге түсіру, түпкі нәтижесіне жету, көруге ұмтылу.
-өнер құралдары арқылы көркемдік талғамын өнерге деген сүйіспеншілігін шығармашылығын дамыту:
-эстетикалық қабылдануын, бағалауын, талғамының бастапқы көріністерін дамытуға бағыттта;
-қоршаған ортаны көркемдеуге және мінез-құлық мәдениетті дағдыларын жаттықтыру;
-шығармашылық және тәжірибелік іс-әрекетттерге итермелейтін проблемалық ситуацияны шешу;
-іс-әрекет мазмұнына қарай, мақал-мәтелдер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар қолдану.
Үнемі баланы тыңдай, көре, бағалай білуге, оның назарын түрлі пішіндегі табиғат әсемдік көріністеріне аударған жөн.
Әдемі ою-өрнектермен безендірілген қолөнер түрлері:
Зергерлік бұйымдар, ағаштан жасалған бұйымдар, қазақтың ұлттық киімдері.
-жасау жиһаздың, тәрбиелеу мен білім беруге арналған құрал-жабдықтардың ұлттық салт-дәстүрімізге сай келуі.
-көркем өнер туындыларын тиімді әрі талғамға сай пайдалануы.
-тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер және ата-аналар арасындағы тығыз шығармашылық байланыс.
Қазіргі кезде халқымыздың мәдени асыл қазынасының өзекті бір саласына айналған ою-өрнек қайта түлеп бай мазмұнға, жаңа түрге ие болды. Дей тұрған мен бүгінде кейбір шешімін күтіп тұрған мәселелер бар.
Атап айтқанда:
-ою-өрнектер жайлы баланың түсініктерін және қызығушылығын дамыту жолдары нақты қарастырылмағандығы байқалады;
-ою-өрнектермен ойналатын ойындар өте аз;
-Ою-өрнектермен таныстырудың тиімді әдіс-тәсілдері нақтылауды қажет етеді;
балаларды жан-жақты дамыту мақсатында ою-өрнекке деген қызығушылығын, дидактикалық ойындар: «құрақ»-ою ойыны,, үстел үсті ойыны «ою-өрнектер сыр шертеде», «қиықша» ою-өрнек ойыны, «қазыңа» қисынды дамыту ойыны, мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ерекше орын алады.
Болашақ зергер мүсінші және суретшілер де алғашқы әліпппесін балабақшадан бастайды. Балабақшадан алған білімін мектеп қабырғасында жалғастырады.
М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер...» деген.
Халықтық салт-дәстүрін сақтаған, ғасырлар тарих сынынын өткен қолөнердін бір саласы ою-өрнек балаларға қызықты болу үшін, балалардың көркемдік талғамының табысты болуы, балабақшада баланы қоршаған бүкіл орта-мазмұнды, жаңалығы мол, тартымды, түсінікті болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1.«Қағазбен жұмыс жасау»Ф.Н.Жұмабекова /Алматыкітап.2008.

2.«Қазақтың ою-өрнектері»С. Төленбаев / Алматыкітап. 2002

Использование инновационных технологий в развитии речи у детей с ОНР

Ильина Н.Ю.
Детский сад «Кызыл Телпек» г. Сатпаев, логопед

В последнее время все чаще поднимается вопрос о применении инновационных технологий в ДО, так как внедрение инноваций в работу образовательного учреждения – важнейшее условие совершенствования и реформирования системы дошкольного образования. Инновационные подходы к обучению и воспитанию детей с речевыми нарушения получили широкое распространение и в логопедической работе. Я полагаю, что наиболее ценным является идея многофункционального дидактического комплекса, созданного на основе обыкновенных игр. Такое пособие может найти применение в оборудовании не только логопедического кабинета, но и речевого уголка любой дошкольной группы.

Ключевые слова: ОНР – общее недоразвитие речи, Су-джок терапия, лэпбук, нейропсихологическая коррекция.

Одна из задач моей работы автоматизировать звуки и развить речь ребенка. Сделать это возможно лишь в том случае, когда ребенку интересно, он увлечен и играет. И я решила оформить игры и речевой материал по развитию речи в виде **лэпбука**. Он представляет собой папку или другую прочную картонную основу, на которую наклеены маленькие книжки (мини книжки — простые и фигурные, в виде кармашков, гармошек, белочек, стрелочек в которых организован и записан изучаемый материал.

Такая интерактивная папка позволяет не только ускорить и сделать более привлекательным процесс автоматизации звуков, но и пополнять словарь детей и расширять семантические поля значений слов, формировать грамматические категории, развивать связную речь, совершенствовать мелкую моторику. Так же лэпбук - эффективное средство для привлечения родителей к сотрудничеству.

Для поддержания интереса детей на занятиях и в совместной деятельности я придумываю и воплощаю в своей работе авторские разработки и игры. Игры для детей придумываю с каждым днем все более интересные и яркие, а **штучки-липучки** – это не только яркие детальки и красивые картинки, но и еще очень плотный материал, которому не страшны вода и изгибы. Игры для детей, связанные с играми на липучках, – это всегда весело и интересно благодаря цепким деталькам, которые интересно приклеивать и отрывать снова и снова. Ребенок, играя с липучками, всегда будет занят чем-то интересным и ярким для своего воображения, не испортив любимые игры. Дети могут часами с увлечением прилеплять и снова отлеплять яркие картинки, проговаривая слова и отрабатывая сложные звуки.

Процесс приклеивания завораживает, а интерес – в разы повышает результативность! Незаметно для ребенка происходит развитие моторики, сенсорики, речи, звуковой культуры, фонетики

По счастливой случайности на глаза попались **"Игры с фонариком"**. Идея использовать фонарик в качестве подсветки обратной стороны картинки оказалась просто волшебной! Ничего сложного, а эффект сногсшибательный. Дети как на чудо-чудесное реагируют на такую игру. Процесс автоматизации и дифференциации звуков, закрепление пройденного лексического материала, отработка предлогов, и еще много каких педагогических задач можно с интересом решать при помощи этой серии игр.

В качестве эффективного средства по совершенствованию речи дошкольников, я использую игровое пособие **«Речевой куб»**. На гранях кубов располагаются различные картинки и схемы, которые меняются по мере усвоения данного материала. Использование «Речевых кубов» позволяют достичь успехов в развитии импрессивной стороны речи детей, побуждая к активному участию каждого ребенка. Дети могут высказывать свое мнение, сравнивать, обобщать. У них значительно обогащается словарный запас, закрепляются навыки словообразования и словоизменения, умение использовать в речи различные конструкции предложений, связно, последовательно составлять рассказы.

В своей работе я использую нетрадиционную технологию **Су –Джок терапия,** основанную на традиционной восточной медицине. Су-Джок терапия позволяет повысить потенциальный энергетический уровень ребенка, развивает тактильную чувствительность, мелкую моторику пальцев рук, тем самым, способствуя развитию речи. В коррекционной работе используется массажный шарик Су-Джок и два металлических массажных эластичных кольца.о

Одной из эффективных форм работы по формированию у дошкольников навыков самоконтроля, является создание **«Звукового Чудо – дерева»**, на котором дети могут осознанно фиксировать и наглядно видеть свои достижения в логопедической работе. Как показывает практика, зафиксированный результат легче воспринимается и запоминается. Каждый ребенок выбрал и поместил на веточке «Чудо - дерева» деревянное плоскостное изображение животного и осознанно отмечал свои успехи, прикрепляя рядом со своим значком - любимцем наклейки звездочки или смайлики в случае правильного и безошибочного выполнения логопедического задания. Для этого необходимо научить детей определять и отмечать собственные достижения в речи, стремиться к их улучшению. Вместе с детьми установили правила, с помощью которых дети могли осознать и оценить свои действия.

В ходе использования данного авторского пособия, дети учатся оценивать свою речь, слышать речь других детей, выявлять причины трудностей, помогать своим друзьям при необходимости.

Литература

1. Филечева Т.Б. Устроение общего недоразвитие речи у детей дошкольного возроста : Айрис – Пресс, 2007.
2. Репина З.А. Нейропсихологическое изучение детей с тяжелыми нарушениями речи. Учеб. Пособие (Текст) З.А. Репина – М Эксмо, 2006.
3. Лынская М.И. Формирование речевой деятельности у неговорящих детей с использованием инновационных технологий. Пособие для учителей дефектологов.
4. Закондырина, Э.Г. Наглядное моделирование как средство обучения словообразованию дошкольников с ОНР [Текст] / Э.Г. Закондырина // Логопед. - 2014. - №4. - С. 32-33.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Карабалина Шаттыгуль Бериковна

БҚО, Орал қаласы №34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК, тәрбиеші

АНДАТПА: Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктелед

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: Мәдениет; Тәрбие; Мектеп; Модель; Педагог; Міндет; Қазақстан Республикасы; Инновация;Білім; Даму; Технология;

Мәдениетті,ұқыпты,білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі,білімді болу қажет.Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі жас ұрпақ,ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе,Қазақстан сол деңгейде болады.Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын.Және де халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет — жаңа технологияларды,идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»деп ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын.Сондықтанда әр педагог өзінің білімін жетілдіріп,іздену қажет.Заманауи педагог – үнемі дамып отыратын, өзін-өзі тәрбиелейтін, балаларды дамыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздейтін адам.Мұның бәрі оның белсенді позициясы мен шығармашылық компонентінің арқасында мүмкін болады.Ал жоғарыда атап өткен жаңа технологияларға келетін болсақ, жаңа технологияларды енгізу бірқатар себептерге байланысты болуы мүмкін. Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологиялар ең алдымен өзекті мәселелерді шешуге, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, ата-аналардың өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыруға пайдаланылады. Инновациялар тек жаңа бағдарламалар түрінде ғана емес, сонымен бірге мектепке дейінгі мекеменің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін бірқатар басқа салаларда да көрінуі мүмкін. Бұған басқарушылық қызмет, персоналмен жұмыс және ата-аналармен жұмыс кіреді.Ал балабақшадағы балалармен жасалатын бірқатар маңызды жұмыстарға тоқталар болсақ,мысалы сатылы түрде ең алдымен жаңашыл білім беру технологияларға үйрету сынды мәселелер кіреді.Сондай-ақ маңызды этап ол -зерттеу әрекетін үйрету яғни балаға өзекті мәселені анықтауға және оны бірқатар әрекеттер арқылы шешуге көмектеседі.

Сонымен бірге бала да ғалым сияқты зерттеулер мен тәжірибелер жүргізеді.Сапалы маңызды өзара іс-қимыл педагогтің әр баламен жеке қарым- қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету. Ал дамушы орта дегеніміз заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Осы тақырыптағы ағымға тоқтайтын болсақ білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.Кейбір тіпті әр мектепте тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейінде білім беру байланысты индикаторлардың шектеулі саны айқындалған, олар- балалардың сауаттылық дағдылары, мектепке дейінгі ұйымдармен қамту, педагогтердің білім деңгейі, ал халықаралық практикада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасы - көптеген компоненттерді қамтитын және жергілікті контексті көрсететін ауқымды ұғым.Сапа көрсеткіштерінің үш тобы бар, балаларды оқыту және күтім жасау саласында қызмет көрсететін ұйымдардың сапасын бағалаудың әрбір халықаралық құралы осы көрсеткіштердің өзіндік теңгеріміне ие. Модель-мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.Ал баланың толыққанды дамыту қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Ал педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Осымен қорытындылай айта кететін болсақ мектепте тәрбиені оқып дамытуымыз керек, және де соны дамыту үшін яғни іске асыру үшін педагогтың инновациялық қызметін қамтамасыз етуді түсіндік.

Әдебиеттер

1. А. Исмаилов , Қ. С. Амангелді, Қадырбекова, Шымкент// 2017
2. А. И. Рустембеков, М. Алимова, С. Ибрагимов, Алматы//2019
3.

Баланы тәрбиелеуде ата аналармен серіктестіктің ұтымдылығы

Астана қаласы әкімдігінің
№66 «Толағай» балабақшасы МКҚК меңгерушісі
Э.Д. Усембаева

Өзектілігі: Балабақша ұжымы мен ата – аналар арасындығы ынтымақтастықты арттыру маңызды болып отыр. Ата-аналардың жауапкершілігі туралы мәселе соншалықты өзекті, ол халықаралық деңгейге шығып, бұған 1989 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылданған Бала құқықтары туралы Конвенция дәлел бола алады.

Аннотация: Бұл жұмыста бүгінгі таңда біздің өміріміздегі жаһандық өзгерістерге байланысты тәрбиешілер мен ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, қарым қатынас ережелері тәрбиешілердің жасаған бірқатар жалпы қателіктерікөрсетілген. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқаратынын атап көрсете отырып, бірге жұмыс істеу қажеттілігі түсіндірілген. Егер әр тәрбиеші ата-аналармен қарым-қатынаста әртүрлі тәсілдерді, заманауи жаңа технологияларды қолдана отырып, ата-аналардың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, онда ата-аналардың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгеретіні егжей-тегжейлі жазылған. Оның тиімді тұстарына тоқталып, серіктестіктің оң нәтижелеріне талдау жасайды.

Аннотация: В данной статье отражена ответственность воспитателей и родителей в воспитании детей, правила общения в связи с глобальными изменениями в нашей жизни на сегодняшний день, ряд распространенных ошибок, совершаемых воспитателями. Разъясняется необходимость совместной работы, подчеркивая, что семья играет ключевую роль в обучении и воспитании детей. Если каждый воспитатель работает с целью повышения интереса родителей, используя разные подходы в общении с родителями, современные новые технологии, то подробно прописано, что отношение родителей к школе, воспитателю меняется. Остановится на его эффективности и проанализирует положительные результаты партнерства.

Түйін сөздер: Ата-ана, отбасы, тәрбие, серіктестік, қарым-қатынас, балабақша.

Ключевые слова: Родители, семья, воспитание, партнерство, отношения.

Жаңашыл мұғалім А.С.Макаренко отбасылық тәрбиенің жауапкершілік деңгейі туралы былай деп жазды: «Балаларды тәрбиелей отырып, қазіргі ата-аналар елдің келешек тарихын, демек – әлем тарихын тәрбиелейді».

Жақсы ата-аналар отбасылық тәрбие міндеттерін орындау үшін жауапкершілікті сезінуі керек. Ең бастысы-олардың:

-баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету: оның дене, интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және жалпы мәдени дамуына қамқорлық жасау;

- оның талаптарын, мүдделерін және икемділігін дамыту;

- оқу процесіне көмек көрсету;

- әлеуметтенуге көмектесу-қоғамда өмір сүру және жұмыс істеу;

- еңбек тәрбиесі;

- мамандық таңдауға көмектесу,

- бала тұлғасында шығармашылық әлеуетті дамыту;

- қоршаған адамдармен адамгершілік, эмоционалды, толерантты қарым-қатынас орнату және қолдау;

- жыныстық тәрбие; болашақ отбасылық өмірге дайындық;

- жауапкершілікті қалыптастыру, патриотизм мен ұйымшылдық құндылықтарына бағдарлану, Отан үшін белсенді жұмысқа дайын болу;

- ересектерде өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайындық[1].

Отбасылық қатынастардың барлық кешені баланың жеке басының қалыптасуына, оның физикалық, рухани, әлеуметтік, психикалық және зияткерлік қасиеттерінің толық дамуына жақсы жағдай жасауға ықпал етуі керек.

Сонымен қатар, кез-келген жақсы ата-ана отбасылық тәрбиенің негізгі тәрбиелік факторлары ата-аналардың жеке басы, олардың өмірге әсері, жұмысқа деген көзқарасы, олардың өмірлік басымдықтары мен құндылықтарының жүйесі, жауапкершілік, жүйелілік, тұрақтылық екенін ұмытпауы керек[2].

Балабақша пен отбасының ынтымақтастығындағы рөлді тәрбиешілер атқарады. Олардың жұмысынан отбасының балабақша тарапынан бала тәрбиесі мен тұлғаның дамуына қатысты саясатты түсінетіндігі, оны жүзеге асыруда қаншалықты белсенді қатысатындығы байланысты болады. Ата-аналар мен педагогтардың талпыныстарын біріктіру бала үшін қолайлы жағдайды жасау ретінде танылуы қажет.

Ата- ана мен білім беру мекемелері мамандарының бірлескен өзара іс-қимылы негізінде өзара қызығушылық, бір-біріне сенім, қолдау және көмек, шыдамдылық және бір-біріне шыдай білу принципі болуы керек. Қарым-қатынас, ынтымақтастық теңдестірілген түрде жүзеге асырылуы керек- тәрбиешілермен ата-аналардың бірде-бір жағы мұндай бірлескен қызметті басқаруға немесе бақылау құқығына ие бола алмайды.

Ата-аналармен сындарлы өзара әрекеттесу тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынаста келесі ережелерді сақтауына ықпал етеді:

- Ата-аналарға түсінікті тілде сөйлеу - арнайы терминологияны қолданбай;
- Нақты болу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру;
- Белсенді болу, онымен диалогты ата-ана бастамасынсыз бастау: ата-аналар мұғалімнен сұхбат алмауы керек;
- Ата-аналардың эмоционалды жағдайын есепке алу;
- Үйретуден, ақыл-ой әрекетінен, амбициядан бас тарту;
- Серіктестік контекстіндегі қарым-қатынас;
- Ата-аналармен әңгімелесу мазмұнын алдын ала дайындау;
- Мейірімді болу;
- Әкімшілік тарапынан ата-аналардың мүдделері мен ата-аналардың басымдығын қорғау құралына айналмау;
- Ата-аналардан немесе басқа туыстардан алынған ақпаратты құпия сақтау.

Ата-аналардың тәрбиешілермен қарым-қатынас тәжірибесі көрсеткендей, балабақшаға баратын ата-аналардың балаларын үлгілі деп атауға болмайды.Қарым-қатынас сипаты қатысушылардың жеке қасиеттеріне байланысты болса да, тәрбиешілердің жасаған бірқатар жалпы қателіктер деп атауға болады:

- Келіспеушіліктерсіз тиімді қарым-қатынас техникасын білмеу;
- Жұмсақтықтың болмауы, ата-аналарға қатысты қатаң күтіпалу;
- Ата-аналардың бағасы;
- Ата-аналарға қатысты директивалық ұстаным;
- Ата-аналардың сөздері мен әрекеттеріне жауап ретінде қобалжу, шамадан тыс эмоционалдылық;
- Қарым-қатынасты қиындататын стереотиптер мен ұстанымдарды қолдану;
- Ата-аналарға олар күткен жағдайларды жабыстыру;
- Агрессивтілік, әдепсіздік;
- Немқұрайлылық, жабырқаулық[3].

Тәрбиешілердіңата-аналармен әңгімесінің жалпы мақсаты ортақ(бір нәрсе туралы хабарлау) немесе нақты (сыныптың алдыңғы күндердегі саяхат жайында әкесін шақыру). Ең бастысы-ата-аналармен тек қажет уақытта сөйлесу.

Ата – аналармен жұмыс модельдері үнемі өзгеріп отырады: кейбіреулері тиімділіктің болмауына байланысты маңыздылығын жоғалтады, ал басқалары пайда бола бастайды: ата-аналарды оқыту мен тәрбиелеу процесіне тиімді тартуға ықпал ететін кең интерактивті жұмыс әдістері қолданылады.

Ата-аналарды бала тәртіпті бұзған немесе нашар оқи бастаған кезде ғана балабақшаға шақыруға болмайды. Кейде оқушы өзін жаман ұстамайды, жақсы

оқиды, бірақ сынып жетекшісі ата-анасымен оның сыныптан тыс оқуын ұйымдастыру, оны кез-келген әлеуметтік пайдалы жұмысқа тарту, белгілі бір салада өзінің талантын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау туралы ата-аналармен келісуі керек.

Ата-аналар мен балабақшатәрбиешілерінің кездесуі пайдалы ғана емес, сонымен бірге аса қажетті серіктестіктің болуы. Бұл кездесулер балабақша мен отбасы арасында тығыз байланыс орнатуға, оқудағы және оқушылардың мінез-құлқындағы кемшіліктерге жол бермеу үшін уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Әңгімелер мен дәрістер белгілі бір бағдарлама бойынша үнемі өткізіліп тұратын жағдайда ғана өз мақсаттарына жете алады. Мысалы: «ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі туралы», «Балаларды ұқыпты ұстауға үйрету», «үлкендерді құрметтеуге үйрету», «Баланың мінез-құлқын тәрбиелеу туралы», «Сыныптан тыс оқуды қалай басқаруға болады» және т.б.

Әсіресе, ата -аналардың өлең шумақтарын жаттату барысында да маңыздылығы зор. Біріншіден, мектепке дейінгі білім беру ұйымында топтағы бала саны көп, оған қоса уақыт жағынан шектеу болғандықтан, бұл міндет ата -аналарға жүктеледі. Тәрбиешілердің берген тақпақтарын таңдайлары тақылдап тұрып айтуы, олардың есте сақтау қабілеттері, көпшілік алдында ұялмау, білімге деген көзқарастарын қалыптастырады. Сол себепті ата -аналамен тығыз қырым -қатынас ортану әсте қажет-ақ.

Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – бүлдіршіндердің дағдысын арттырып, тәрбиешілердің жұмыс сапасын жақсартады. Әлемге деген көзқарас енді қалыптасып, өмірге бейімделіп келе жатқан кішкентай балалар үшін, өзара сыйластық, өзара сапалы қарым – қатынас орнату өз сапасын береді. Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудың маңызы зор. Сол себепті ата – аналарға да педагогикалық білім беру артық етпейді. Өйткені, тәрбиешінің берген нұсқаулығын толық түсінбеген ата – ана , өз баласының дұрыс дамуына кедергі болуы мүмкін. Осы тұрғыда, балабақша ұжымы, біз, тәрбиешілер ата -аналарды бірлескен әрекетке үнемі тартуды басты назарға аламыз.

Тәрбиешілердің ата-ананың жауапкершілігін арттырудағы жұмысының сәтті немесе сәтсіз болуы оның өзі таңдаған ұстанымына, қарым-қатынас стиліне, педагогикалық шеберлігі мен кәсіби құзыреттілігіне байланысты екенін есте ұстаған жөн. Қазіргі кезде оқушылардың тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысын дамыту және нығайту арқылы жүзеге асырылады.

Отбасы мен балабақша немесе тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесе отырып, XXI ғасырға жаңашыл, креативті, көп мәдениетті, саяси сауатты тұлға қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б.Б. Баймұратова, М.С. Сәтімбекова, Ф.Н. Жұмабекова, т.б. Балбөбек бағдарламасы. — Алматы: Шартарап, 2000.
2. В.С. Мухина. Мектепжасынадейінгібалаларпсихологиясы. — А.:Мектеп, 1986.
3. О. Сатқанов. Балалардысәндік-қолданбалыөнергеүйретуәдістемесі. — Алматы: Рауан, 1993.

Патриотическое воспитание детей средствами краеведо-туристкой деятельности

Каюмова К.Р., инструктор по физической культуре
Ясли-сад №13 «Тұлпар», г. Астана

Аннотация: Данная статья показывает важную задачу воспитания подрастающего поколения через патриотизм и гражданственность, так как именно в этом основа жизнеспособности любого общества и государства, преемственности поколений.
Ключевые слова: туризм, турист, поход.

Все начинается с детства. Истина величайшая. Тысячу раз прав В.А. Сухомлинский, сказавший эти слова. Не случайно все, кто оценил воспитательные возможности краеведения и туризма, все больше и больше обращаются к этой деятельности, и не только в начальной школе, но и в детских садах. Перед нами стоит ответственная задача – в маленьком человеке заложить основы личности высоконравственной, интеллигентной. В связи с этим весьма актуально создание и использование в дошкольном образовательном учреждении новых форм и методов работы с детьми, способствующих эффективному формированию качеств такой личности. Чтобы помочь детям дошкольного возраста познавать огромный неизведанный мир, в нашем детском саду большое место отводится технологии краеведо -туристкой деятельности.

Краеведение и туризм - два взаимодополняющих способа постижения ребенком особенностей среды проживания, восприятия окружающей действительности. В истории педагогики всегда уделялось большое вниманиекраеведческой работе как условию успешного воспитания у дошкольниковгражданско-патриотических качеств. Еще в прошлом веке выдающийся деятель в области дошкольного образования А.С. Симонович в своей книге писала: «Собственно краеведение начинается в детском садике. Это ряд систематических бесед, наблюдений, прогулок, предварительно хорошо обдуманных воспитателем, которые приводят к сознательному ознакомлению с родиной и готовят ребенка к дальнейшему пониманию живой и неживой природы, а также географии, экологии и др. Краеведение не следует понимать так, будто оно просто знакомит ребенка с окружающей средой. Краеведение выбирает только те предметы из жизни людей, которые могут дать ребенку определенные моральные и умственные силы».

М.Монтессори отмечала, что «местные» черты поведения человека есть таинственное отражение того, что запечатлелось в нем в годы его детства. Она считала, что в словах «Я люблю свой край» нет ничего поверхностного или искусственного, напротив, они отражают весьма существенные человеческие качества.

Дошкольный возраст детей тем и уникален, что именно в этот период происходит закладка маленьких кирпичиков будущего фундамента в области познания мира и самого себя, знакомства с окружающей средой, с природными явлениями, растительным и животным миром, каждодневными открытиями: «Я открыл!», «Я познал!», «Я сумел!». Детский сад для детей является первым опытом коллективного сосуществования, со своими первыми законами и правилами, со стремлением утвердиться в глазах товарищей, быть лучшим, познать как можно больше, задавая бесконечные вопросы и очень важно, чтобы в этот момент рядом находился мудрый наставник, который смог бы дать на них ответы и своевременно откорректировать складывающиеся отношения. Детей дошкольного возраста чаще всего называют «почемучками». У них велика потребность в познании, желании открывать мир,

людей,,природу. В силу своих возрастных особенностей они всегда готовы откликнуться (прежде всего эмоционально) на все окружающее, новое в жизни.
Именно краеведо - туристская деятельность дает дошкольнику возможность контакта с окружающим миром, убедительные, яркие, наглядные ответы на возникающие вопросы, формирует образ Родины. Эта деятельность удовлетворяет и естественную потребность дошкольников в движении, позволяя им быть на свежем воздухе в любое время дня и года. Включение ребенка в процесс освоения ближайшего природного и социального окружения в ходе краеведо - туристской деятельности позволяет обогащать жизненный опыт ребенка; формировать его представления, понятия; развивать самостоятельность, наблюдательность, накапливать первоначальный багаж навыков, умений, знаний, закалить его организм.
Краеведо - туристская деятельность позволяет в комплексе решать образовательные, воспитательные, оздоровительные задачи, развивая ребенка в целом, интеллектуально, нравственно, физически.
Успех введения и функционирования краеведо - туристской деятельности зависит от осознания педагогами значимости краеведо - туристской деятельности в развитии детей, от готовности их к совместной работе, творческим контактам друг с другом.
Что помогает дошкольнику полюбить свою малую Родину, а в дальнейшем и большую Родину - свой Казахстан?
А что еще, как не прогулки и экскурсии в природу, туристические походы к природным объектам родного края, что в целом и составляет туристско-краеведческую деятельность детей дошкольного возраста. Туристические походы, путешествия, экспедиции являются самой доступной и эффективной формой краеведческой работы.
В процессе ознакомления дошкольников с родной природой воспитываем бережное отношение к ней. С самого раннего детства ребенка приучаем беречь зеленые насаждения на своем участке, на улице, в парке, заботиться о животных, о птицах.
Игры в лесу, на лугу, на берегу пруда, реки, собирание ягод, цветов, уход и наблюдение за животными и растениями дают детям много радостных переживаний. Эти коллективные прогулки способствуют формированию детского коллектива, в котором все связаны одной целью, где ребенок чувствует причастность к общему делу, видит, какую пользу он приносит, прогулки воспитывают у детей важнейшие нравственные качества, учат налаживать взаимоотношения между членами группы, развивают в каждом ребенке организованность, отзывчивость, щедрость, доброжелательность. Целенаправленная систематическая работа по охране природы позволяет подключить наших детей к улучшению экологической проблемы родного города и его окрестностей. В детском саду систематически проводятся акции «Помоги птицам», «Птичья столовая», «Сад в саду», «Цветочные фантазии», «Во саду ли во огороде», «Аптека рядом».
Основываясь на региональный компонент программы, работа по ознакомлению детей с историей родного края, является обязательной составной частью наших туристических прогулок. Ребенок получает жизненный опыт в процессе восприятия различных предметов и явлений общественной жизни. У ребенка расширяется кругозор, развивается любознательность, закладываются основы национального самопознания, формируются первичные представления о традициях и культуре народа.
В нашем детском саду оборудован уголок юного туриста, где размещено туристическое снаряжение, а также методический и дидактический материал.

Материалы уголка помогают воспитателям в организации краеведо-туристкой деятельности.
Работа по данному направлению вызывает интерес как среди детей, так и их родителей. Родители воспитанников принимали активное участие в организованных прогулках, походах, туриадах, что наполнило их новым содержанием, позволило использовать личный пример взрослых в физическом воспитании дошкольников. Традицией в нашем детском саду стало проведение совместных физкультурных досугов, туристических походов. Эти мероприятия способствуют повышению их активности в участие спортивных мероприятиях.
Мы не останавливаемся на достигнутом, продолжаем искать новые пути в работе с детьми, сотрудничестве с родителями. Ведь у нас одна цель -воспитывать будущих созидателей жизни. Каков человек - таков мир, который он создает вокруг себя. Хочется верить, что наши дети, когда вырастут, будут любить и оберегать своих близких, свою Родину.

Литература:

1. Шаяхметова Г.М. «Программа кружка «Малый туризм» г.Астана 2006г
2. Остапец А.А. «На маршруте туристы-следопыты» г.Москва 1987г
3. Журнал «Соқпақ-тропинка»

Балалардың тілдік дағдыларын қалыптастырудағы lego-құрастырудың маңызы

Кожамкулова А.Е.
Сәтбаев қ. «Ақбота» бөбекжайы, тәрбиеші

Аңдатпа:Мектеп жасына дейінгі баланың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда LEGO-құрастырудың маңызы.

Түйін сөздер: монтессори материалдары,икемділік, сөйлеу тілі.

Балабақшадағы лего-конструктор мектепке дейінгі мекемелер жұмысында жаңа бағыт болып табылады. Бұл тек қана құрастыру ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балалардың техникалық болжаудағы дағдыларын, мақсатқа жету үшін жұмысты құру қабілеті және ұжымда жұмыс істей алу іскерлігін дамыту болып табылады.
Жұмысында жаңашылдықты пайдаланбаған педагог балаларға тиісті деңгейде қазіргі заман талабына сай білім бере алмайды.

Мектеп жасына дейінгі педагогтардың көпшілігі балаларға мүсіндеу, сурет салу, салу немесе кез келген әрекетті орындау кезінде сөйлеуге тыйым салынбауы керек деп санайды, өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың үнсіз жұмыс істеуі өте қиын. Өз іс-әрекетін ауызша сүйемелдеу баланың сөйлеуі мен психикалық дамуы үшін өте маңызды екеніне сенімдімін.
Балабақшаларда жасалған ерекше дамытушылық орта тәрбиеленушілердің сөйлеу қабілетін барынша дамытуға ықпал етеді. LEGO конструкторларымен жұмыс істеу

балаларға білім беру ойыны түрінде көптеген маңызды нәрселерді білуге және кейінгі өмірге қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде сөйлеу дағдысын арттыру және балалардың сөйлеуін белсендіру бойынша жұмыс жасаймын. Сұрақтарым арқылы мен балаларды өз әрекеттерін ауызша түсіндірумен сүйемелдеуге шақырамын. «Құрылысты қай жерден бастадыңыз, қазір не істеп жатырсыз, ғимаратыңыздың үлгіден айырмашылығы неде екенін айтыңыз». Бұл сұрақтар баланы сөйлеуді жоспарлауға итермелейді, келесі кезеңдерінде олар өз мәлімдемесін жасайды.

Балалармен Лего құрастыру кезінде мен сөйлеу жұмысында белгілі бір алгоритмді қолданамын: жаңа материалды енгізу (құрылыс материалының бөлшектері). Балаларды құрылыс материалының таныс бөліктерін атауға шақырамын. Үлгіні көрсету (егер құрылыс күрделі болса, оны кезең-кезеңімен көрсетіңіз). Балалардың өз бетінше жүзеге асыруы (көмек). Үлгі арқылы сәйкестендіру. Құрылыммен ойнату (нәтижеге қарап қорытындылау).

Бақылау процесінде мен толық жауапты қажет ететін сұрақтар қоюға тырысамын. Сұрақтарға жауап беру барысында балалардың айналасындағы заттар туралы түсініктері нақтыланып, байытады, белсенді сөйлеуі дамиды. Ойындар кезінде балаларды үйде кім тұрады немесе бұл үйді кім салды деп сұрап сөйлесуге шақырамын. Балаларды әңгімеге тарта отырып, диалог жүргізуге, қойылған сұрақты түсініп, нақты жауап беруге үйретемін. Құрылыс материалдарын жинастыру кезінде балаларды салыстыруға, бөлшектерді түсіне, пішініне, өлшеміне қарай атауға, сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруге, жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді қолдануға (үлкен кірпіш, қызыл текше, кішкентай текше, жасыл призмалар) үйретемін.

Баланың «дыбыс» терминін түсінуін жеңілдету үшін біз оның түс схемасына негізделген LEGO пайдаланамыз. Қызыл түстегі бөлшектер – дауысты дыбыстар, көк – қатты дауыссыз дыбыстар, жасыл – жұмсақ дауыссыз дыбыстар. Балаларды сөзге дыбыстық талдау жасауға шақырамыз. Қысқа және ұзын кірпіштерді пайдалана отырып, балалар сөйлемге талдау жасайды (қысқа, ұзын сөздер). Сонымен қатар «LEGO кішкентай адамдар» жиынтығы балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін және сауат ашу сабағында қолдану өте ыңғайлы. Себебі қызыл киімдегі ер адамдар дауысты дыбыстарды, ал көк киімдегі адамдар дауыссыз дыбыстарды білдіреді. Қызыл және көк кірпіштің орнына біз сөздер мен сөйлемдердің сызбасын жасай аламыз.

Балалардың құрастыру белсенділігін қалыптастыру үшін педагог пен балалардың бірлесе ойнауы барысында бала өзін еркін сезінуге жағдай жасау керек. Сонымен қатар баланың жас ерекшелігімен тұлғалық қасиеттеріне сай таңдалуы керек. ЛЕГО балалардың ойын, зейінін дамытады. Сонымен қатар бұл құрастырмамен кез келген сюжет желісіне сай ойын ойнауға болады. Мәселен, қыз балалар қуыршақтарына ас пісірсе, ер балалар сол үйді құрастыра алады. Сондай-ақ, ашық оқу қызметінде оқу іс-әрекетінде балалар әртүрлі биіктікті мұнаралар құрастыра алады.

Лего құрастыруда ұсақ және жалпы моториканы, кеңістіктік бағдарлауды дамыту, диалогтік және монологиялық сөйлеуді дамыту, сөздік қорын толықтыру, жұптарда, топтарда жұмыс істеу, міндеттерді бөлу кезінде балалардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру сынды істер жүзеге асады.

Осылайша, лего конструкторы балалардың психикалық және физикалық мүмкіндіктерін жақсартуға, олардың бақылау, талдау, салыстыру дағдыларын

дамытуға жалпы ең қолайлы болып табылатын технология ретінде ашылды. мектеп жасына дейінгі балалардың үйлесімді сөйлеуінің дамуына әсері мол.

Әдебиеттер

1. Теория и методика творческого конструирования в детском саду. Парамонова Л.А.- М., 2002.
2. Г.Наменгенова. «Ойынбалалардытәрбиелеужәнедамытуқұралы» Бала мен балабақша. 2013ж. Б: 3-4.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Койбасова Г.М.
Жетісу облысы Панфилов ауданы Коктал ауылы «Балдырған» балабақшасы, тәрбиеші

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру - барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Міне осыған байланысты тәрбиешілер алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеттелді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау, саралау, баламен жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында тұлғаны дамытудың білім беру ортасын қалыптастыратын педагогтер болса, жүзеге асыратындар бала болып табылады. Бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болмақ. Әр баланың жеке қабілеті мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; қызықты ойын түрінде балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту (шаршауды болдырмау үшін); баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъектісі) деп тану; ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру.

Ойын әрекеті балалар үшін маңызды, ойын арқылы тәрбиеленушілердің танымы кеңейеді, мен тәрбиеші ретінде өз тәжірбиемнене тәрбиелеу- білім беру процесін ойын түрінде ұйымдастырған ойын іс-әрекетімді ұсынамын.

Тақырыбы: «Достық» ертегісі
Мақсаты: әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға үйрету, жәндіктер туралы ұғымдарын кеңейту, 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.
Әдіс-тәсілдер: ойын,«Миға шабуыл» әдісі, «Әткеншек» ойыны.
Ресурстар: жәндіктердің суреті, фетрдан жасалған гүлдер, көбелектер, ертегі кейіпкерлері.

Миға шабуыл әдісі:
Ызыңдап ән салады
Жұп – жұқа қанаты

Тәттіге тамсанып
Қоқысқа қонады
Ол не? (Шыбын)

Гүлдерге қонады.
Шырынын сорады,
Түр – түсі сары – ала
Бұл не? (Ара)

Қылдай белі бүгілген
Өзінен де жүгі үлкен.
Ол не? (Құмырсқа)

Гүл ұшып, гүлге қонды,
Гүл бақшам гүлге толды.
Ол не? (Көбелек)

«Әткеншек» ойыны

Мақсаты: диалогты сөйлеуге үйрету, жәндіктермен таныстыру. Балалардың белсенді болуына тек өзінің таңдауымен ғана емес, әртүрлі серіктерімен бір мезгілде араласуына мүмкіндік беру.

Шарты: балалар екі топқа бөлініп, ішкі және сыртқы қосарлы шеңберге бір-біріне бетпе-бет қарап, екі шеңбер құрады. Ішкі шеңбер – қозғалмайтын шеңбер, шеңбер ортасына олар арқасын қаратып тұрады. Сыртқы шеңбер – қозғалмалы, шеңбер ортасына бетін қаратып тұрады. Ішкі шеңбердегі балалар қолдарына жәндіктердің суретін ұстап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар айнала отырып әрбір баланың қолындағы суретке (құмырсқа, көбелек, шыбын, ара, инелік, маса, шегіртке) тоқталып суреттегі жәндік туралы сипаттама береді. Ішкі шеңбердегі балалар мен сыртқы шеңбердегі балалар ауыса отырып ойын жалғаса береді.

«Достық» ертегісі (сахналау)

Ерте заманда құмырсқа мен бал арасы дос болыпты. Олар таң ата бір-бірімен жылы жүздесіп, өзара көмектесіп тұрады екен. Бір күні екеуі күнделікті күйбең тіршілікпен келе жатқанда жол үстінде шегіртке мен қара шыбын ұшырасады.

-Ау, құмырсқа! Күні бойы бір тыным таппайсың, сәл тыныстап, бізбенен аз-кем тіл қатыссаңшы, - дейді олар жол кесіп. Екеуі амалсыз бөгеледі.

- Жақсы. Сөйлесейік, шаруаларыңды айтыңдар, -дейді құмырсқа.

-Біздің сендермен дос болғымыз келеді, - дейді бір-бірімен жарыса сөйлеген шегіртке мен қара шыбын.

-Жақсы. Онда былай істейік. Қазір күн бұлттанып тұр. Жаңбыр жауып кетсе, мына дән су болып қалады. Одан кейін ұяма жеткізе алмай қалам, маған көмектесіңдер, -дейді қатты желмен арпалысып, азығын сүйреп келе жатқан құмырсқа.

-Жоқ. Біз шаршап тұрмыз, саған көмектесе алмаймыз, -дейді шегіртке мен қара шыбын жарысып.

Мұны естіп олардың алдына ұшып келген бал арасы былай дейді:

-Басқаларға қол ұшын беру, көмектесу – достықтың белгісі. Сендер дос болуға лайық жандар емес екенсіңдер. Еңбек еткен жақсылыққа жетеді. Адал еңбектің жемісі тәтті болады. Мен де еңбектеніп, адам баласына пайдамды тигізіп жүрмін. Ал құмырсқа болса ала жаздай дамыл таппай, жерге түскен нан қоқымын, түрлі

дақылдың дәндерін жинап, қыстай жейтін азығын қамдайды. Ал сендердің адамға да, табиғатқа да еш пайдаларың жоқ. Тіпті көмек беруге де ұмтылмайсыңдар. Сендермен кім дос болады?! Оны былай қойғанда, бойларыңда жақсы қасиет жоқ. Қара шыбын, сен көрінген лас жерді ластайсың. Неше түрлі ауру таратасың. Ал сен, шегіртке, егіншінің еңбегін бағаламай, егінін бүлдіресің. Осы қылықтарыңды қоймай, сендер ешкіммен де дос бола алмайсыңдар. Ойланыңдар!

Бұл сөзге қатты намыстанған қара шыбын тұрған жерінде ызыңдап бірнеше аунап алады да, әлдеқайда ұшып кетеді. Шегіртке шөп арасына кіріп, жасырынады.

Ал құмырсқа мен бал арасы бір-біріне жымия қарап, өздерінің достығына риза болып, жолдарына түседі.

«Балдырған»журналы №4 2015 ж.

«Көбелекті гүлге қондыр»ойыны.

Мақсаты: түстерді ажырата отырып, топтастыруға үйрету.

Шарты: гүлдер бір орында тұрады, көбелектер ұшып жүреді. Сылдырмақ қағылған кезде көбелектер гүлдердің түсіне сәйкес өз түстеріне (ақ көбелек ақ гүлге, көк көбелек көк гүлге, сары көбелек сары гүлге, жасыл көбелек жасыл гүлге, қызыл көбелек қызыл гүлге) қонуы тиіс. (1,2,3,4,5)

Күтілетін нәтижелер:

сахналық қойылымдарға қатысады;

жәндіктер туралы ұғымдарға ие;

5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды;

(көркем әдебиет, қоршаған орта, математика негіздері)

Привлечение родителей к совместной работе с дошкольной организацией через нравственно-патриотическое воспитание в детском саду

Крутякова Г.В., Остроухова Н.В.
КГКП «Детский сад№13» отдела образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области.
ГУ «Отдел образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация: Автор данной статьи исследует методы укрепления сотрудничества между педагогами и родителями в контексте развития нравственных и патриотических ценностей у дошкольников. Предлагает практические подходы, такие как тематические мероприятия, мастер-классы, тематические дни, экскурсии и проекты, которые способствуют активному участию родителей в воспитательном процессе. Подчеркивает важность взаимодействия между организацией образования и семьей для формирования у детей позитивных нравственных принципов и любви к родной стране.

Ключевые слова: патриотизм, семья, совместная работа: родители-дети.

В современном педагогическом процессе в условиях детского сада педагоги должны строить свою работу с опорой на актуальные, инновационные современные методы и формы работы, которые помогут привлечь родителей к взаимодействию с садом и группой.

Безусловно, мы считаем активную деятельность родителей важным показателем сотрудничества в воспитательной работе с детьми и хотели бы

поделиться с вами конкретными результатами такой работы, через нравственно-патриотическое воспитание. Данный вид деятельности позволил нам разработать план работы с детьми опираясь на взаимодействие с их родителями и подбирать для организации деятельности практические методы для игрового погружения в историю и культуру нашего города Рудного. Постепенно исследуя историю происхождения нашего города, изучая названия улиц, разработать игровые модели и совместные проекты детей и родителей.

Работу по нравственно-патриотическому воспитанию дошкольников мы ведем по педагогическому принципу «от частного к общему», начиная с акцента на семью, город, а потом переходя к родному краю и родной стране. В соответствие с этим вся работа разделена на кейсы:

1 кейс. «Моя семья»

2. кейс «Мой город»

и продолжается в старшей группе

3.кейс «Родной край»

4. кейс «Родная страна»

Каждый кейс заполняется в течении всего периода дошкольного детства не только материалами, но и живыми эмоциями детей и их родителей.

Структура каждого кейса может быть разной, но для заполнения полного багажа мы опирались на такие формы работы как:

-совместное проектирование исследований

-занятия

-организация семейного чтения произведений и их обсуждение в детском саду

-просмотр фильмов и обсуждение увиденного.

-Организация посещения краеведческого музея, памятников города, стел.

Стоит особо акцентировать внимание на творческо-совместную работу с родителями, так как, дети должны видеть наглядные результаты собственной исследовательской работы, видеть себя и своих родителей на фотографиях и гордится ими. Поэтому родители активно учувствуют в заполнении отдела кейса, собирая фотоматериалы, делая фотоотчеты посещения музеи и памятники города вместе с детьми, выпускают стенгазеты «Я и мой город».

Еще одним направлением для заполнения багажа была проектно-макетная работа, которая заключалась в создании мини города и карьера, как его неотъемлемой части. Изготовлением занимались родители, дети, и сад совместно. Также практическими результатами совместной работы с родителями и детьми стала подготовка лэпбука г Рудный, куда вошли достопримечательности нашего города, описание происхождений названий улиц, собраны стихи, загадки про наш город, подготовлена дидактическая игра «Путешествие по родному городу»

Кроме того, регулярно проводились выставки рисунков детей по вопросу нравственно-патриотического воспитания, расширялось наполнение предметно-пространственной среды в группе, за счет организации выставочной зоны, посвященной нашему городу Рудный, где можно увидеть семейные гербы, макеты мини-карьеров, альбомы «Знаменитые люди г Рудного» и «Наши достопримечательности», «Природа нашего края.

Все это позволило наладить сотрудничество между взрослыми и детьми в общеобразовательном учреждении,ведь только совместными усилиями детского сада и семьи можно правильно построить работу над воспитанием ребенка как личности, и повысить социальный интеллект.

Литература

1. Аксарина Н.М. Воспитание детей раннего возраста. – М., 1977
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 2004 -280 бет
3. Красницкая Г.С., Борщанская Б.Р. и др. Практикум по дошкольной педагогике. –М.,2006.
4. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М., 2009.
5. Кулмагамбетова С. С Воспитание через формирование патриотизма2012
6. Усова А.П. Обучение в детском саду. –М., 2004.

Мультфильм жасау – балабақша тәжірибесінде

Байбатырова Ж.А.
Сәтбаев қ. «Ақбота» бөбекжайы, меңгеруші
Кунпеисова Ж.А.
Сәтбаев қ. «Ақбота» бөбекжайы, әдіскер

Аңдатпа: Тәжірибе алмасу барысында мультфильм жасау кезінде балалардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, балалардың белсенді сөйлеуін дамытуға мүмкіндік береді, бұл әр баланың табысты дамуына ықпал етеді, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда ерекше рөл атқаратындылығы туралы мәселелер қозғалды. Мультфильм әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды.
Кілт сөздер: мультьфильм жасау, тәжірибе алмасу, тиімділік.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру процесін жаңарта алатын инновациялық әзірлемелер көптеп саналады. Балалардыңшығармашылық,зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа әдістерді, формаларды, құралдарды, технологияларды қолдануға болады. 21 ғасырдағы баланы қалай қызықтыруға, оларды қалай ынталандыруға болатын жол іздеу қажет. Қандай әдістер мен тәсілдерді қолдану керек, бүгінгі таңда ең қызықты, шығармашылық әлеуетке ие - "STEM" технологиясы. Соның ішіндегі «Мультстудия» шеберханасын жүргізуде педагогтардың қызығушылығын тудырды.

Егер біздің балаларымызға гаджеттер өте қызықты болса, оларға заманауи компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін түсінуге көмектесу керек. Осы қызығушылықтарын ескере отырып, балабақшаның мектепалды және ересек топ балаларымен өз мультфильмімізді жасау идеясы қолға алынды.

Біздің мектеп жасына дейінгі балаларымыз тәрбиешімен бірге мультфильм студиясындағы жұмыста әртүрлі іс-әрекеттерді қамтиды: сурет салу, жапсыру, әдеби шығармашылық, мультфильмдерді түсіру, өңдеу. Жұмысқа қатысу арқылы балалар өздері мультфильм кейіпкерлерін жасайды және топта жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, өйткені мультфильмнің авторы тек суретші немесе мүсінші ғана емес, сонымен қатар сценарист, режиссер, актер, тіпті драматург және музыкант. Мультфильм жасау процесі балалар үшін өте қызықты және маңызды.

Сарапшылар өз анимациялық өнімдерін жасауда балалардың эмоционалды сезімталдықтарын көрсетуге, қиялдауды, ойлауды, өз сезімдерін өнер арқылы көрсетуді дамытуға көмектесетініне назар аударған.

Ең бастысы-үлкен ләззат алып, мультфильмдер жасауда тәжірибе жинақтайды. Қазірдің өзінде мектепалды топтың балалары көруге арналған бірнеше

мультфильмдер дайындады: «Саңырауқұлақ астында», «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ», «Менің достарым», «Қоянды құтқарайық» т.б

Балалар мультфильмін жасау процесін қысқаша келесі кезеңдерде көрсетуге болады:

1. *Мультфильм туралы әңгіме.* Мультфильмді көрсете отырып, балалармен мультфильмдер туралы, қандай мультфильмдер ұнайтыны, оны кімдер жасайтыны туралы әңгіме құру. Балалар жаңа қызмет түріне, анимацияға қызығушылық таныта бастайды, мультфильм жасауға қатысатын мамандықтармен танысады: сценарист, режиссер, аниматор, суретші, оператор және актер.Мультфильм студиясы пайдалы ақпаратты есте сақтау қабілетін арттырып, білімін кеңейтеді, бұл мектепке дайындыққа да көмектеседі (мысалы, қоршаған әлем немесе қауіпсіздік негіздері туралы) оны бала өмірде тікелей қолдана алады. Студиядағы кейбір сәттерде баланың ерекше мінез-құлқына әсер етеді, ұялшақ балалар құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алады, өз ойын жеткізуге тырысады.

2. *Сюжетті таңдау.* Балалармен бірге мультфильм сюжетін таңдау өте қызықты, өздеріне ұнайтын кейіпкерлерді біріктіріп сюжет құрастырады,шабыттану үшін біз кітаптарға жүгінеміз: суреттері бар ертегілер, оларда кейіпкерлеріміздің қалай болғанын қалайтынымызды, қандай киім киетінін көруге болады, балабақшадағы мобильді кітапхана көмекке келеді, онда көптеген ертегілер түрлері жинақталған. Ересектердің көмегімен сюжетті құрып, негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтуға жаттығады, бала өзін жасаушы ретінде сезініп, дарындылығын аша алады, ізденімпаздығы артады.

3. *Рөлдерді таңдау, кейіпкерлерді дайындау.* Педагог режисер және бүкіл процесті басқарады, балалар болса бір-бірімен рөлдерді бөледі: оператордың рөлін, аниматор, декоратор және т.б. Мультфильм кейіпкерлерін ермексазды немесе бояғышты, жұмсақ маталарды қолданып жасауға болады. Өйткені ол икемді және балалар кейіпкерлерді оңай жасай алады. Мысалы, мектепалды топта балалармен «Мақта қыз бен мысық» ертегісін мульфильм етіп түсірді. Ол үшін осы ертегінің кейіпкерлерін сұлбасын салып, фетр матадан қиып кейіпкерлерге реңін беру үшін оның көзін, аузын, шашын, киімін әсемдеп, құлағына сырғасын, аяғына аяқ киімдерін жасап, жапсырды, осылай мультфильмнің кейіпкерлері дайын болды. Кейіпкерлер дайын болған соң, рөлдерді бөліп алып әр бала кейіпкерді қозғалта отырып, рөлге еніп, сөздерін айтып шықты.

4. *Кейіпкерлерді дыбыстау.*Кейіпкерлерді дауыстауда балалар өздерінің барлық актерлік жақтарын көрсетеді, бұл өте қызықты және көңілді процесс. Мәтінді мәнерлеп, әр түрлі интонациямен оқиды, фильм кейіпкерлерінің мінезін дауыспен жеткізеді. Сөйлеу тілін дамыту үшін балалармен арнайы жаттығулар жасалып, анық, түсінікті сөйлеуге ықпал етеді. Сөздер мен дыбыстардың дұрыс айтылуына да мән беріп, сөйлеу ақауларын анықтай алады. мұны логопед-психологтың сабақтары арқылы түзетуге болады, яғни балалардың сөйлеу тілі жетілдіріледі. Кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады, кейіпкердің жай-күйін ескере отырып, даусын өзгерту ескеріледі.Балаларға өзін-өзі көрсетуге және таланттарын ашуға тамаша мүмкіндік беріледі.

5. *Мультфильмді монтаждау,оны тамашалау.* Барлық кадрларды компьютерге жүктеп және арнайы бағдарламаның көмегімен фильмді орындау ғана қалады. Міне, осы кезеңдерден кейін мультфильм дайын болады. Балалар үшін ең маңызды және қызықты сәт-экранда өз қолымен жасалған мультфильмнің алғашқы кадрларының пайда болуы. Дайын мультфильмді балаларға әкеліп көрсеткенде, оны көрген балалар бір-біріне қарап, таң қалып, қуанып, көтеріңкі көңіл-күйде болып, шынайы

эмоцияларын көрсетті. Ата-аналарда балалар шығармашылығына қуанып, ризашылықтарын білдірді.

«Ақбота» бөбекжайында балардың жас ерекшеліктерін ескере отырып бірнеше болашақта әлі де балалармен бірлесе отырып мультфильм жасау жоспарлануда. Осылайша, мультистудия балалардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, балалардың белсенді сөйлеуін дамытуға мүмкіндік береді, бұл әр баланың табысты дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане». «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57) 2016 ж.
2. Хламова Н. А. Новикова Н. А. Растим будущих инженеров в детском саду. Молодой ученый.2018 г.

Алаңдағы бестемше ұлттық ойыны

Жолбарысова Мөлдір Айткалиевна,
Астана қаласы,
№5 «Ақбота» балабақшасының
меңгерушісі

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қайта жаңғырып ойнатылып жүрген «Алаңдағы бестемше» ұлттық ойыны туралы айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, «Бестемше» ұлттық ойыны, «Алаңдағы бестемше» ойыны, ойынының тәрбиелік маңызы.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің міндетті бірі баланың дене, зияткерлік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, тиісті мінез-құлықтарын қалыптастыру болып табылады. Осы орайда мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру, бала ерте жастан бастап елжандылыққа тәрбиелеу шеңберінде адами құндылықтарға негізделген ұлттық дүниетанымдық сипаттағы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатты түрде қамтылады. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, күн тәртібін құруда олардың үнемі қозғалыста болуы, қимылқозғалысын меңгеруі, үйлесімді қарымқатынасқа түсуі жоспарланады. М. Жұмабаевтың пікірінше, ойын – ұлттық мәдениеттің қайнар көзі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі. Баланың қиялы ойын барысында байқалады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, соны істеуге тырысады. Бала үшін ойын шын мәніндегі бір жұмыс. Ойында бала жанындағы заттарды пайдалану, ойынның мәнін, бала өмірінде алатын орнын аша түседі. Сонымен, балаларға арналған ойындарда, әсіресе, ұлттық ойындарда баланың жас ерекшелігі, оның физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалысқа жаттықтыру, сөздік қорын молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар үйлесімді қиыстырылған. Қазақ ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі балалардың ой-өрісін, ойлау жылдамдығын дамыту, баланың қиялын байыту және шығармашылық өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерінің болуы болып табылады [5].

Қазіргі таңда елордалық мектепке дейінгі ұйымдарында «Бестемше» инновациялық жобасы 2022 жылдан бастап 38 елордалық мектепке дейінгі ұйымдар арасында жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, Астана қаласының білім басқармасы тұрақты түрде балабақшалар арасында қалалық жарыстар, олимпиадалардың қалалық кезеңін ұйымдастырып отырады. Қазіргі таңда ұлттық ойынымызға деген қызығушылық кеңінен артуда. Атап кетсек, «Бестемше» ұлттық ойыны мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, логикалық және зияткерлік дағдыларының дамуына үлкен үлес қосуда. Ұлттық ойынымызды шетелдік әріптестеріміз Түркия мемлекетінің Анталия қаласындағы әріптестерімізге «Зияткерлік ойындардың жасөспірімнің когнитивтік қасиеттерін дамытудағы маңызы» атты халықаралық семинарда таныстырып, елордалық балабақшалар халықаралық ісшарада «Бестемше» және «Алаңдағы бестемше» ойынының ережесі мен маңыздылығы бойынша шетелдік әріптестермен іс- тәжірибе алмасты.

Баланың креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білу дағдыларын яғни стандарт талаптарына сай барлық бес дағдыны дамытуға бағытталған және әлеуметтіктұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін ойындардың бірі – «Алаңдағы бестемше» ұлттық ойыны. Ұлттық ойынға Астана қаласының №5 «Ақбота» балабақшасы кейбір ерекшеліктер енгізіп, «Алаңдағы бестемше» ретінде қолданысқа ұсынуда.

«Алаңдағы бестемше» ойынының негізі «Бестемше» ойынынаналынған.Бестемше ойыны қазақ халқының ақыл-ой ойындарының бірі. Оның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Бестемше туралы мәліметтер өте аз. Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым, түрін
«б е с т е м ш е» деп атайды. Ойын алғашқыда ашық аспан астында тас үстінде ойналған [3].

1-сурет - «Бестемше» ойыны тақтасының
ең алғашқы нұсқасы

Тоғызқұмалақ ойынның тарихы 4 мыңжылдық кезеңді қамтығаны туралы мәліметтер бар, бестемше туралы жоқ. Ең алғашқы жазба әдебиет үлгісі ретінде Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат ат - түрік»жазбасында кездеседі, нақты жазба деректерінің болмауы кесірінен ойынның хронологиялық кезеңдері бірізді емес. Ауыз әдебиеті үлгілері мен аңыз-эпсаналарда ғана тоғызқұмалақ ғармасын айтуға болады. Шығарма XI ғасырда жазылған. Осы еңбекте Бестемше ойынына ұқсас ойын – «көшүрме» деген атпен ұшырайды [2].

Бестем немесе бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткер ойындарды зерттеуші,
ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Қазіргі таңда зияткерлік ойынды зерттеуші, ғалым Мақсат

Шотаев елордалық мектепке дейінгі ұйымдар арасында кеңінен таралуына өз үлесін қосып отыр. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойынның барынша қарапайым әрі тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын отау саны екі есе аз болғандықтан, бұл ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Ойынды балабақшада кеңінен таратып ойнату арқылы баланың арифметикалық есепке жүйрік болу қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді [1].

«Бестемше» ойыны – математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан бала ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау, жоспарлау – негізгі мәнге ие. Бестемше ойынында арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 орда, 10 отау, 50 шардан тұрады.

2-сурет - «Бестемше» ойыны тақтасының
қазіргі нұсқасы

Ойын басында әр ойыншыға бір орда, бес отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды [4]. Бұл ойын тарихында белгілі болғандай ерте кезде «Бестемше» деген атаумен танылып, балалардың сүйікті ойыны болған. Бірақ, ойынға екі бала қатысуымен ғана шектерген. Қазіргі уақытта балабақша тобындағы балалардың санының өсуіне байланысты ойынға кейбір ерекшеліктер енгізіліп, «Алаңдағы бестемше» ретінде қоланысқа ұсынылуда. Заманауи тұрғыда бейімделген «Алаңдағы бестемше» ойынына қатысатын баланың саны 10-ға дейін артады. Сонымен қатар, төмендегідей артықшылықтар да бар:

- ойнау құралы ретінде құмалақтардың көлемі үлкейтілген, мектепке дейінгі жастағы баланың қауіпсіздік нормасына сәйкестендірілген;
- балаларды қимыл-қозғалысқа түсіріп, ептілекке баулиды;
- топтағы балалар ұжымда бірігіп жұмыс мүмкіндік алады;
- балалардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндігі мол;
- ойын арқылы ұжымдық мақсатқа бірігу дағдылары қалыптасады;
- ойынға қатысушы топтағы балалардың топтасып эмоционалдық қанағат алуға жағдай жасалады.

Ойынның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, қимылқозғалыс дағдыларын қалыптастыру арқылы мектепке дайындау. Ойынның міндеттері:

- ойын барысында зейінділік, есте сақтау, бақылау, шұғыл шешім қабылдау, талдау, келісу, қырағылық және т.б. дағдылардың қалыптасуына психологиялық дайындық жасау;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық танымын қалыптастыруға ықпал ету;

- ойын ережелерін сақтау арқылы топта жұмыс жасау, тәртіп сақтау, эмоциясын басқару, әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;

- санау, кеңістікті бағдарлау, сөздік қорды молайту негізінде сыни ойлауға үйрету;

- қимыл-қозғалысын жетілдіру, ептілік және шапшаңдыққа баулу негізінде денсаулығын жетілдіру [6].

«Алаңдағы бестемше» ойынының тәрбиелік маңыздылығы:

«Алаңдағы бестемше» ойынын адамзат мәдениетінің феномені, оның қайнар көзі ретінде қарастыруға тұрарлық. Ойынның кейбір нұсқалары әлемде ойналады. Мәдениет феномені ретінде ол үйрету, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін де толық атқарады. Сондықтан да баланы жан жақты дамытып, мектепке дайындау үшін «Алаңдағы бестемше» ойынының ролі ерекше. Ойын кезінде баланың психологиялық күйі арта түседі. Себебі, бала ойнайды, эмоциялық әсер алады, белсенді қозғалады, ерік-жігері мен еркіндігі өріс алады, қиялға беріліп, елестету, жобалауға ұмтылады. Мұның барлығы баланың жасампаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.



3-сурет - «Алаңдағы бестемше» ойыны

Ойынды дидактикалық ойын, қимыл-қозғалыс ойыны ретінде де қарастыруға болады. Өйткені, ойын барысында білімдік міндеттермен қатар баланы қозғалысқа түсіретін, оның моторикасын икемдейтін элементтер де бар. Қимыл – қозғалыс арқылы балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі, тәртіпке бағыну, жолдастық көмек, ойын ережесін басшылыққа алу сияқты адамгершілік сапалары тәрбеленеді. Ойын үстінде бала бейне өмірдің қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Ол ойнау арқылы өмір құбылыстарын, адам бойында кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін көріп, таниды да адамды өз ерекшелігімен қабылдай бастайды. Бұл бала бойында қалыптасуға тиісті әлеуметтік-эмоционалдық мәні бар сапа [5]. Ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті ойынды ойнату барысында бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, адалдық, мейірімділік, инабаттылық, шыншылдық сезімдерін қалыптастыру. Дұрыс та әділ

ұйымдастырылған ойын еліміздің ертеңін, ұлтымыздың болашағын ойлайтын ой-өрісі кең, рухани болмысы жетілген азаматтарының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Ә. Ақшораев «Тоғызқұмалақ даналығы»- Тараз, 2000ж;
2. З. Есмағамбетов «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің негіздері» - 2011ж; 3. М. Ноғайбаев «Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында» - Тараз, 1999 ж;
4. С. Тілеубаев, С.Бизақов «Тоғызқұмалақ әліппесі» - А.Қанағат, 2000ж;
5. М. Шотаев, Н.Жумабаев, С.Ақназаров «Таңғажайып тоғызқұмалақ» - Түркістан, 2004 ж;
6. М. Шотаев «Тоғызқұмалақ есептері мен этюдтері» - 2014ж.

Развитие мелкой моторики у дошкольников посредством продуктивной деятельности

Макарова Л.А.
КГКП «Детский сад №13»отдела образования города Рудного" Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация: Статья "Развитие мелкой моторики детей дошкольного возраста через продуктивную деятельность" исследует влияние различных видов продуктивной деятельности на формирование и совершенствование мелкой моторики у детей в возрасте дошкольного периода. Автор рассматривает эффективность различных методов и подходов, таких как рисование, лепка и другие творческие занятия, в контексте их воздействия на координацию движений, точность жестов и общую ловкость рук.

Ключевые слова: Развитие, моторика, дошкольный возраст, продуктивная, деятельность.

Введение

Каждый этап развития у ребенка играет важную роль в формировании его навыков и способностей. Особенно значимо развитие мелкой моторики, которое становится фундаментом для овладения навыками письма, рисования, а также для облегчения повседневных задач. Важно понимать, что эти навыки не развиваются сами по себе, требуя внимательного и целенаправленного вмешательства. В данной статье внимание обращено на значимость продуктивной деятельности в развитии мелкой моторики детей дошкольного возраста.

Развитие моторики через продуктивные занятия

Лепка из пластилина - это не только занятие, но и целый процесс, способствующий развитию моторики рук, воображения и творческого мышления у детей дошкольного возраста. Данная методика позволяет детям использовать свои руки для создания форм, фигур и объектов, что стимулирует точность движений, координацию и творческое мышление.

Создание фигур и персонажей: Предложите детям создать своих собственных персонажей, животных или героев из пластилина. Это стимулирует их воображение, а также развивает мелкую моторику при моделировании различных форм.

Игра "Угадай, что я сделал": Один ребенок создает что-то из пластилина, а другие должны угадать, что это. Это улучшает моторику и способствует развитию творческого мышления.

Создание целой сцены или истории: Предложите детям создать целую сцену из пластилина, например, лес, дом или целую историю с персонажами. Это способствует развитию моторики и стимулирует воображение.

Важно помнить, что данная методика требует свободы выражения и не должна быть ограничена жесткими правилами. Позволяя детям экспериментировать и творить, мы способствуем их развитию, как физически, так и эмоционально.

Рисование с различными материалами

Точечное рисование: Использование точек для создания изображений способствует развитию мелкой моторики и улучшает точность движений руки. Пример: Рисование картин на фоне из точек разной плотности.

Рисование кругами и волнистыми линиями: Это упражнение помогает улучшить контроль над ручкой и узнавание форм. Пример: Рисование кругов или волн на бумаге, объединение их в изображения.

Рисование в песке или соли: Этот способ рисования, который включает использование пальцев или пинцета для создания изображений, улучшает мелкую моторику и чувствительность пальцев. Пример: Рисование по песочной поверхности с помощью пальцев.

Эти разнообразные методы рисования способствуют развитию моторики у детей, улучшая их управление движениями руки, точность и координацию. Важно предоставлять детям возможность экспериментировать с различными стилями рисования для оптимального развития их навыков.

Практические советы для педагогов.

Разнообразие материалов: Обеспечьте доступ к разнообразным материалам для развития моторики, таким как пластилин, карандаши, пазлы, конструкторы, мелкие игрушки, аппликации и т.д. Разнообразие материалов разнообразит опыт и развитие у детей.

Индивидуальный подход: Учитывайте индивидуальные потребности каждого ребенка. Некоторым могут быть интересны игры с пластилином, другим – рисование или сортировка мелких предметов. Предоставление выбора помогает удовлетворить потребности каждого ребенка.

Поощрение самостоятельности: Поощряйте детей самостоятельно проводить упражнения по развитию моторики. Например, дать возможность выбрать задание или игру, которую они хотели бы провести.

Интеграция в повседневные занятия: Используйте развивающие игры и упражнения в повседневной деятельности, включая их в образовательные планы и режим дня, чтобы обеспечить постоянную практику развития моторики.

Игровые центры: Создайте уголки или центры с различными играми для развития моторики, где дети могут свободно выбирать активности по своему усмотрению.

Разнообразие материалов и игр в уголках развития моторики позволяет детям свободно выбирать активности в соответствии с их интересами, развивая при этом моторику и творческие способности.

Заключение

В развитии моторики у дошкольников играют ключевую роль продуктивные занятия, такие как лепка, рисование, игры с конструкторами, пазлы и другие творческие методики. Важно осознать, что эти методики не просто развивают моторику, но и формируют фундамент для усвоения знаний в будущем. Продуктивные занятия способствуют развитию у детей устойчивости руки, координации движений и улучшению точности движений пальцев, что является критическими навыками для успешного освоения навыков письма и чтения.

Список использованных источников

1. Андрианова, Д. В. Развитие речи детей дошкольного возраста через лего-конструирование / Д. В. Андрианова // Дошкольная педагогика. – 2017. – № 9. – С. 9–10.– ISSN 1726-0973.

2. Афонина, Н. Массаж карандашом: Приемы для развития мелкой моторики рук /Н. Афонина // Дошкольное воспитание. – 2019. – № 8. – С. 26–31. – ISSN 0012-561X.

3. Баранюк, И. В. Песочная терапия в работе с современными дошкольниками /И. В. Баранюк // Воспитатель ДО. – 2018. – № 10. – С. 6–11. – ISSN 2220-1459.

4. Жукова, О. Развитие руки: просто, интересно, эффективно / О. Жукова // Дошкольное воспитание. – 2006. – № 11. – С. 14–16.

Инклюзивное образование в детском саду

Макишева Клара Баранбаевна

Ясли-сад №79 «Шабыт», заведующая г. Астана

Аннотация.Практико-ориентированнаястатьянацеленанапсихологическоесопровождениеобразовательногопроцессавинклюзивныхгруппахдошкольных организациях. Статья из опыта работы дошкольной организаций, которое уделяет большое внимание психологическомусопровождениюдетейсограниченнымивозможностями здоровья.

Ключевые слова. Инклюзивное образование – инклюзивті білім беру, дети с особыми образовательными потребностями – ерекше білімі беруді қажет ететін балалар, дошкольное образование – мектепке дейінгі білім беру, сотрудничество – серіктестік.

При инклюзивном образовании в дошкольных организациях (далее ДО) обязательным условием должно стать создание единого образовательного пространства для здоровых детей и детей с особыми образовательными потребностями (далее ООП). Необходимо создание определенных благоприятных условий для этого.

Именно в инклюзивных группах нашего детского сада дети независимо от их физических, психических, интеллектуальных и иных особенностей, включены в образовательный процесс вместе со своими сверстниками. Воспитатели, работающие с этими детьми, учитывают их особые индивидуальные образовательные потребности и оказывают своим воспитанникам необходимую психолого-педагогическуюподдержку.

В обычные группы мы принимали по 1-2 ребенка с ограниченными возможностямиздоровья, которые посещают ДО в режиме полного пребывания со сверстниками присопровождении психолога ДО и других узких специалистов. Эти группы называются инклюзивными. В инклюзивных группах создается возможность для формирования различных типов взаимоотношений между взрослымиидетьми,развитияпроцессовиндивидуализациивсоответствиисегоинтересамиинаклонностями.Системувзаимоотношений в ДО мы считаем очень важным компонентом интеграции. «Нашагруппа» — это не просто название, мы стараемся, чтобы отношения внутри группымежду детьми и педагогами были похожи на отношения в семье, строились на доверии,заинтересованностиивзаимопомощи.Поэтомуовладениесоциально-желательнымиформамиповедениядетей,развитиесоциальноговзаимодействия у воспитанниковвинклюзивныхгруппахДОявляетсяприоритетнымнаправлениемвсей психолого-педагогической икоррекционно-развивающейработы.

Положительнуюдинамикувовладенииспособамисоциальноговзаимодействияможно получить при условии, если образовательная среда создана с учетом спецификиихразвитияибудетвключатьсодержание,прямонаправленноенаразвитиеунихкоммуникативныхикоммуникативно-речевыхумений,восприятиясверстникавкачестве объекта взаимодействия и будет включать не только индивидуальное, но исовместноевыполнение.

Взаимопониманиевинклюзивнойгруппе–этосотрудничество«взрослый–ребенок», но и «ребенок – ребенок». Это обеспечивает развитие здорового ребенка иребенка с ограниченнымивозможностямиздоровья;поддержку взаимногоуважения,толерантности;взаимопомощивдеятельности;возможностиучитьсядругудруга;возможностипомочьсамимсебеидругимдетям.Вотпочему,нанашвзгляд,инклюзивное образовательное пространство ДО «Радость общения» - это позитивнаяатмосферапринятия иподдержки.

Задачамиинклюзивнойгруппыявляются:

1. Созданиеобщностидетейивзрослых(вместемыгруппа),основаннойнауважении

иинтересекличностикаждогочленагруппы,кегоиндивидуальнымособенностям;

2. Формированиеумения устанавливатьиподдерживатьотношениясразнымилюдьми (младшими, сверстниками, старшими,взрослыми);
3. Развитиекоммуникативныхнавыковикультурыобщения,созданиепозитивногоэмоционального настроя;
4. Формированиеумения поддерживатьдругдруга;
5. Активизацияспособностивыбирать,планироватьсобственнуюдеятельность,договариватьсясдругимиосовместной деятельности,распределятьролииобязанности;
6. Развитие умений и навыков игровой, познавательной,исследовательскойдеятельности;
7. Формированиенавыковсаморегуляциии самообслуживания.

Основными принципами психологическогосопровожденияпедагогическогопроцессаипринципамиинклюзивногообразованиявинклюзивных группах являются:

- Учетвозрастныхпсихофизическихвозможностейдетейдошкольноговозрастаисензитивныхпериодовформированияпсихическихфункций.
- ПриобщениедетейсООПковсему,чтодоступноихнормальноразвивающимсясверстникам,стираниеграниц,реализацияконцепциинормализации.
- Создание условий для дифференциации обучения сэлементамииндивидуализации вкаждойвозрастнойгруппе.
- Равномерноераспределениепсихофизическойнагрузки входеОД.
- Опоранасохранныеикомпенсаторныемеханизмыцельюповышениярезультативности проводимой психолого-педагогическойдеятельности.

Программно-методическое обеспечение деятельности,согласнообщеобразовательнойпрограммеДО.Всепрограммыреализуютвсестороннееразвитие психических и физических качеств личности, физкультурно-оздоровительное,социально-личностное, познавательно-речевое и художественно-эстетическое развитиевоспитанников.

Наши воспитатели широко используют в своей работе народные традиции. Например, традицией в ДО стала ежегодное проведение соревнований понастольным играм «Бестемше», «Кокпар», «Кыз куу». Проведение таких соревнованийформирует у ребенка внимательность, ловкость, выносливость, терпимость; прививаетлюбовьknародным традициям, обычаямиигрaм.

Такимобразом,комплексноевоздействиенаразвитиеребенкасучетомегоиндивидуальныхособенностейипсихолого-педагогическоесопровождениедеятельности коллектива ДО обеспечивают не только педагог – психолог, логопед,медицинскоесопровождениемедицинскийработник,ноивоспитатели.Психологическому сопровождению детей поддержку осуществляет администрация ДОсовместнос методическим центром,родительскимкомитетом.Активноеучастиевосуществлении целей принимают и родители здоровых детей и детей с ограниченнымивозможностями здоровья, которые поддержали идею интеграционного и инклюзивногоподхода,были заинтересованывповышенииуровнясвоейпедагогической культуры.

Литература

1. Баенская Е.Р. Помощь в воспитании детей с особым эмоциональным развитием:младший дошкольный возраст // Альманах института коррекционной педагогики РАО.Книжноеприложение№4. – М.: ИКПРАО,

2001.
2. Интегрированноеобучениедетейсограниченнымивозможностямивобществезд оровыхдетей/Ф.Л.Ратнер,А.Ю.Юсупов.-М.:ВЛАДОС,2006.
3. Ребеноквинклюзивномдошкольномучреждении:методическоепособие/Подред .Т.В.Волосовец,Е.Н.Кутеповой.–М.:РУДН,2010.
4. Социальная эксклюзия и инклюзия в образовании.Учебно-методическоепособие.– М., 2006.Шмидт В.Р.
5. Ярская-СмирноваЕ.Р.,ЛошаковаИ.И.Инклюзивноеобразованиедетей-инвалидов//Социологическиеисследования. –2003. –№5.

Мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық қызметті ұйымдастыру

Елешова А.И.
БҚО, Орал қаласы, №34 «Балбұлақ» бөбекжайының әдіскері

Аңдатпа
Мақалада мектепке дейінгі ұйымда инновациялық қызметті тиімді пайдалану маңызы және педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру тәсілдері қарастырылған.
Кілт сөздер
Модель, инновациялық қызмет, тәжірибелік алаң, АКТ

Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі ұсынылды. Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны қайта қаралып бекітілген болатын.

Модельде айқындалған басты міндеттердің бірі – жетекші әрекет ойын арқылы, бірлескен ойын, еңбек дағдыларын, балалардың ойлауын, қабылдауын дамыту дағдыларын игерту болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудамектепке дейінгі ұйым қызметтерінің сапасын, оның ішінде педагогикалық ұжымның ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған тиімді әдістемелік жұмысты ұйымдастыру қажет деп есептеймін.

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығының «Бәрін білгім келеді!» дамыту зертханасы аясында ашылған бөбекжайымыздағы тәжірибелік алаң жұмысы аясында бөбекжай педагогтерінің цифрлық сауаттылықтарын арттыру мақсатындағы семинар-практикумдер, бейнеконсультациялар, вебинарлар, оқыту тәжірибелері (педагогикалық кеңесте), АКТ бойынша шеберлік сыныптар (компьютерлік сауаттылыққа үйрету апталығы аясында) ұйымдастыруды жоспарлаймын. Сонымен қатар, педагогтерді мектепке дейінгі ұйымның интернет-кеңістігінде тиімді жұмысқа тартамын: - әлеуметтік желілерде парақша ашуға, сайттар құруға, өз Ютуб каналын ашуға, ҰІӘ және ойын әрекеттерін түрлі электрондық бағдарламалар арқылы түсіріп монтаждауға, интернет-байқауларға, вебинарларға қатысуларын қамтамасыз етемін.

«Инновациялық технологиялар – интеллектуалды дамыту» тақырыбындағы облыстық тәжірибелік алаң жұмысына бөбекжайымыздың барлық тобы қатысады. Тәрбтелеу мен оқыту үрдісінде ақпараттық коммуникативтік технологиялар мен инновациялық білім беру құралдары кеңінен қолданылады. Педагогтеріміз инновациялық қызмет бойынша түрлі деңгейдегі педагогикалық жұмыстарда, байқауларда өз жұмыстарымен бөлісіп, тәжірибе алмасуда. Тәжірибе алаңы жоспарына сай, өткен оқу жылы «Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуындағы инновациялық трендтер» тақырыбындағы облыстық семинары жұмысын және «Инновациялық ойын технологиясы арқылы балалар шығармашылығын дамыту» тақырыбындағы қалалық семинар жұмысы ұйымдастырып, мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен тәжірибе алмасқан болатынбыз. Ағымдағы оқу жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы ұйымдастырған «Digital-білім: тәжірибе және перспективалар» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға“Интерактивті тапсырмалар орындауда онлайн сайттарды пайдалану жолдары” шеберлік сыныбын әріптестерім – тәрбиеші және компьютерлік сауаттылыққа үйрету мұғалімімен бірге өткізген болатынмын.

Бөбекжай тәрбиешісі А.А.Куспанова дәстүрлі «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауына «Бөгдеғаламшарлық Марсианин бізде қонақта» бейнематериалын дайындап, облыстық кезеңнен жүлделі I орын иеленген болатын. Республикалық кезеңге жолданған үздік жұмыс мазмұнында балалармен виртуалды көзілдірік, интеративті тақта, LCD планшеттермен,Quiver 3D қосымшасымен жұмыс жасалынды. Ұйымдастырылған іс-әрекет флипчарт-сабақ түрінде өтіп, балалар интеративті тақтамен жұмыстың бірнеше әдістерін «лупа әдісі, сәйкестендіру, бояу) қолдана алатындығын көрсетті. Осы нәтиженің өзінен педагогтеріміздің заманауи инновациялық технологияларды күнелікті жұмыстарында кеңінен пайдаланып, мектепке дейінгі жастағы балалардың дамытуда функионалдық сауаттылықтарының артқанын байқаймыз.

Педагогтардың АКТ-ны меңгеруі олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың басым бағыттарының бірі болып табылады. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс деп айқындалған.Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, педагогикалық процестің алдына қойылған міндеттерін іске асырудың ең тиімді әдіс, тәсілдерді, ұйымдастыруға қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан — жақты етіп қалыптастыру болып табылады.Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан-жақты дамуына тигізер үлесі өте зор.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Цифрлық білім беру – қазіргі заман талабы

Муфтуллина Э.К.

БҚО, Орал қаласы, №34 «Балбұлақ» бөбекжайының тәрбиешісі

Аңдатпа

Мақалада цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіне енгізілуі, цифрлық білім беру ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер

Цифрлық трансформация, ақпараттандыру, білім беру ресурстары

Цифрлық трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры екені белгілі. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайды [1, б.1].

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Сондықтан қазіргі цифрлық білім беру – заманауи оқыту кілті деп есептеймін.

Жалпы білім берудің барлық сатыларында цифрлық сауаттылықты арттыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгеру, электрондық оқыту жүйесінің компонеттерін терең түсіну, оқу процесінде аудио, видео материалдармен қатар қосымша білім беру контенттерін тиімді пайдалана алу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл цифрлық білім беру ресурстарын дайындай алу, пайдалана білу дағдыларымен де тығыз байланысты.

Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен XXI ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және

ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайды.

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру жұмыстары іске асырылуда [2, б.2].

Цифрлық технологиялар балалардың сыртқы әлеммен қарым- қатынасында балабақшадан бастап төңкеріс жасады десек болады. Соңғы жылдары тәрбиешілер даярлық топ балаларының оқуын жақсарту үшін топтарға цифрлық технологияларды енгізді және зерттеулер бұл балалардың білімге деген құштарлығына оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетті.

Қазіргі таңда цифрлық білім беру ерекшеліктері:

- ақпараттарды экранда ойын түрінде көрсетеді, бұл балалардың жоғары қызығушылығын туғызады, өйткені ол мектепке дейінгі жастағылардың негізгі қызметі - ойынға жауап береді.

- мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетіне сәйкес материалды көрнекті, түсінікті етіп қолжетімді түрде ұсынады;

- материалды көп мөлшерде жүктемей, қозғалысымен, дауысымен және мультипликациясымен балалардың назарын өзіне аударады;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың зерттеушілік қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін, дағдылары мен таланттарын дамытуға мүмкіндік береді;

- балаларды есептің шешімін тапқанда, қиындықтарды жеңген кезде марапаттап отырады.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық - коммуникативтік технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашып, мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының әртүрлі жақтарының дамуына оң әсерін тигізеді. Оқу іс - әрекетінің жоғарғы динамикасы балалардың материалды тиімді меңгеруіне, есте сақтауларын, қиялдауын және шығармашылығының дамуына септігін тигізеді. Слайд- шоулар мен бейнефильмдер қоршаған ортадан бақылауларды: гүлдің өсуі, планеталардың Күнді айналуы, толқынның қозғалысы, жаңбырдың жаууы сияқты мезеттерді көруіне мүмкіндік береді [3, б.57].

Мектепке дейінгі ұйымды цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық объектілерге: балаларға, олардың ата-аналарына, тәрбиешілеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Цифрлық білім ресурсы тәрбиешіі алмастыра алмайды, бірақ тәрбиешіге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық

коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, тәрбиеленушілердің назарын аса маңызды оқу
тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда тәрбиеленушілердің назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, тәрбиеленушілердің пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Д.Кенжебаева. «Цифрлық білім беру – заманауи оқытудың кілті», 3 бет
2. Жұмасатов Нұрлыбек «Цифрлықлық білім беру-заманауи оқытудың кілті», 3 бет
3. Елеубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. Алматы, 2001.[2706.]

Заманауи бала тұлғасын дамыту тәсілдері

Ташаева Н.Қ.
БҚО, Орал қаласы, №34 «Балбұлақ» бөбекжайының тәрбиешісі

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымда инновациялық қызметті тиімді пайдалану маңызы және педагогтің мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысындағы әдіс-тәсілдер қарастырылған.

Кілт сөздер: модель, инновациялық қызмет, тәжірибелік алаң, ойын, тәжірибе

Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету барысында мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын арттыратын кешенді шаралар қабылдануда. Солардың бірі және бірегейі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі. Аталған Модельдің мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру болып табылады. Педагогтің рөлі – күні бойы балалармен әңгімелесуде денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білімнің басқа да салалары туралы білімді бойларына дарыту болса, осы педагогикалық үдерісте заманауи педагогикалық технологияларды, инновациялық қызметті тиімді ұйымдастыра білудің маңызы өте зор.

Мен сарапшы-педагог ретінде, №34 «Балбұлақ» бөбекжайында БҚО Білім басқармасы Білім беруді дамыту орталығының «Бәрін білгім келеді!» дамыту зертханасы аясында 2021-2022 оқу жылынан бастап ашылған «Инновациялық технологиялар – интеллектуалды дамыту» тақырыбындағы тәжірибелік алаңда жұмыстанамын. Соңғы қорытынды кезеңнен өтіп жатырған тәжірибелік алаңды ұйымдастырудағы мақсат – тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде инновациялық

технологияларды тиімді пайдалана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, мектепке толыққанды дайындау болып табылады.

Бөбекжайымызда тәжірибе алаңының жүзеге асуына үлкен мүмкіндіктер жасалған. Яғни, тәрбиелеу-оқыту үрдісінде дәстүрлі технологиялардан өзге, АКТ, ТРИЗ, Монтессори әдістемесінің элементтері, SMART технологиясы қолданылуда. Өз тобымдағы балалармен жұмыс барысында «Ақылды балапан» интерактивті оқу-танымдық кешенін, «Крошка кролик» интерактивті кешенін, «Фантазеры МУЛЬТИтворчество» бағдарламалы–әдістемелік кешенін, «Графика» аспабын, «Электронды қазақ үйі» инновациялық білім беру құралдарын қолданамын.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру барысында бөбекжайдың әдістемелік орталығы түрлі ресурстармен (әдістемелік кітаптар, балалар әдебиеттері, демонстрациялық материалдар, т.б.) қамтамасыз етіліп, проектор, ноутбук, теледидар құрылғыларымен жабдықталды. Осы әдістемелік орталықтағы цифрлық ресурстарды үнемі пайдалануға тырысамын.

Сонымен қатар, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ойын, дербес әрекеттер барысында тегін онлайн сайттарды өткізген жұмысымды қорытындылауға қолданып жүрмін. «Ақылды көжек» тақырыбындағы сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаларға үлгіге сай, көжек суретін салғыза отырып, Animated Drawings сайты арқылы, салған суреттерін «жандандырып», балалардың қуанышқа толы эмоцияларына куә болдым. Ата-аналармен өткізілетін топтық жиналыстарды да ерекше, қызықты етуге күш салып, QR код штрих-коды арқылы сауалнама ұйымдастырамын. Бұл тәсіл бойынша сауалнама қорытындысы сол мезетте дайын болады әрі, ата-аналардың да уақытын үнемдеуге пайдасы зор.

Бөбекжайымыздың ортаңғы топтарында SMART board тақтасы орнатылып, күнделікті оқу қызметтеріне қажетті материалдар, логикалық ойындар онлайн түрде ұйымдастырылып отырады. Компьютер кабинетіндетәрбиеленушілерім компьютерлік сауаттылыққа үйрету мұғалімінің ұйымдастыруымен интерактивті тақта арқылы флипчарт-сабақтар өткізіп, компьютерден танымдық, логикалық ойындар ойнап танымын арттырады.

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру- әр педагогтың парызы. Бүлдіршіндердің болашағы үшін мектепке дейінгі ұйым жұмысын тиімді де, жаңаша ұйымдастыра білсек, егеменді еліміздің өркендеуіне тамшыдай үлесімізді қосқан болар едік.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Марткамалова Р.С.
Ұлытау обылысы Жезқазған қаласы
«№ 3 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Мектепалды даярлық сынып мұғалімі

Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы.
Әл-Фараби

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі – бала құқықтары нормалары ескеріліп және балаларды дамыту мен оқыту талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайды. Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы. Осы модельде пайдаланылатын негізгі ұғымдар: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату, дамытушы ортаны ұйымдастыру, баланың ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, баланы ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі; педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Модель ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталған.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Модельдің міндеттері:

- оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру;
- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- сапа өлшемшарттарын айқындау арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру және білім берудің сапасын бағалау;
- қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.

Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Өзіміздің елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі іс-шаралар кешені іске асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан− жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін

көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгеріп отырып олардың ой− өрісін, білім дағдысы деңгейін,кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет. Осындай мақсатта қоғам дамуының айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ақпараттану болғандықтан, бүгінгі адамзаттың шығармашылық әрекетінің нәтижесі компьютердің де маңызы зор. Оқу іс-әрекеттерінде интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қызықты өткізуге тырысамын. Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жатқа меңгеру, есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқыту арқылы балаларды мынадай жетістіктерге қол жеткіздім. Әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланды, әр баланың жеке қабілеті анықталды; бір-бірімен бәсекеге түсе алады, өзін-өзі бағалай алады, қорытынды жасай алады.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Тәрбиелеу дегеніміз – алға белгілі мақсат қоя отырып, баланың психикасына жүйелі әсер ету, бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру, өмірге, еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру маңызды.

Оқыту дегеніміз - белгілі жоспар мен бағдарлама бойынша жүйелі түрде балаларға қарапайым білім беру икемділігі мен жағымды әдет – дағдыларын қалыптастыру, олардың танымдық қабілетін, қызығушылығын дамыту. Мектеп жасына дейінгі баланы оқыту оларды бастапқы қарапайым біліммен қаруландыру, ұнамды әдет – дағдылардың алғашқы нышандарына баулу, ақыл – ой қабілетін, білуге деген құштарлығын дамыту. Балалардың зейін, ес, қиялдау, ойлау, сөйлеу, ойнау сияқты дүние – танымдық қабілеттерін, мақсаттылық, белсенділік, қиыншылықты жеңе білу сияқты қасиеттерін тәрбиелейді. Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» − деген аталы сөздің сырына жүгінсек, мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген ынтасы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері − олар өсіп есейгенде де жалғаса беретіні сөзсіз. Әрбір сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға, түрлендіріп ұйымдастыруға тырысуымыз қажет. Сөздік-қимылды ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар, тақпақтар, ертегілер және суретті кітапшалар қолдану балалардың қиялын дамытады. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асырылады. Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет.

Педагогтің рөлі – күні бойы балалармен әңгімелесуде денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білімнің басқа да салалары туралы білімді бойларына дарыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігі – олар белсенді әрекеттер мен практика арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі тек ойын түрінде өткізіледі.

Білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Педагогтің міндеті – балалардың қызығушылықтарын атап өту, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасау, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2013 ж.
2. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы, 2014ж.
3. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде. С.Мирсеитова.

Хэппенинг:мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар бірі

Накышбекова К.М.
Сатпаев қ. «Алпамыс» бөбекжайы КМҚК ,тәрбиеші

Аңдатпа: Мақалақазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияның әдіс тәсілдерін дұрыс таңдау,жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу,жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.Инновациялық технологиялардың түрлерін қарастыру.Мектепке дейінгі мекемелерде оларды қолданудың тиімділігін көрсету туралы баяндалады.

Кілт сөздер: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады.

«Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар: Ерте балалық шақ – адам баласының пайда болуының басы. Бұл баланың денсаулығы мен ақыл-ойының негізін қалау кезеңі. Бұл психикалық даму әсіресе нәрестенің физикалық жағдайы мен көңіл-күйіне байланысты болатын кезең. Білім берудің Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты балалық кезеңнің ішкі құндылығын атап көрсетеді және оны баланың одан әрі дамуының негізгі негізі ретінде таниды. Соңғы жылдары мектепке дейінгі тәрбиенің қалай жетілдіріліп жатқанын көрдік: жаңа бағдарламалар жасалып, әдістемелер қалыптасып, инновациялық технологиялар пайда болуда. Соңғысына тоқталайық. Инновациялық технологиялар – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістерді белсендіру арқылы оң нәтижеге

жетуді көздейтін әдістер, әдістер, оқыту әдістерінің жүйесі. Тұлғаға бағытталған технологиялар тобын қарастырайық, олардың мәні баланың жеке басының маңыздылығын, оның өзіндік ерекшелігін және өзін-өзі бағалауын тану болып табылады. Олардың мақсаты – бұрын алған өмірлік дағдыларды пайдалану негізінде баланың жеке қабілеттерін барынша дамыту. тәжірибе. Тұлғаға бағытталған технологияның бір саласы – «болып жатқан жағдай» - сурет салудың дәстүрлі емес әдісі. Болу - қазіргі заманның бір түрі әрекеттерді, оқиғаларды немесе бейнелейтін өнер қатысуымен болатын жағдайлар суретшілер, бірақ олар толығымен бақыланбайды. Әдетте, оқиға импровизация болып табылады, бұл әдісті қолдана отырып кескіндерді жасаудың нақты сценарийі жоқ. Нәтижесі қандай болатынын ешкім білмейді. Бұл әсіресе мектепке дейінгі мекемелерде байқалады. өзекті, өйткені барлық суреттер өз нәтижелерінде априори сәтті. Бұл балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Шараның басты мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Неге бұлай маңызды?

Шығармашылық мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының толық, үйлесімді және жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Бұл процесс көптеген жағымды эмоциялармен байланысты: оқудан және өзін-өзі жүзеге асырудан қуаныш пен қуаныш. Кішкентай балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда анықтаушы күш әрекеттің нәтижесі емес, процестің өзі екенін атап өтейік. 1-3 жастағы балаларға қол жетімді оқиғалардың кейбір түрлерін қарастырайық. Саусақпен сурет салу. Бұл саусақтарыңызды қағазға басып шығару арқылы суретті алу тәсілі: саусақ ұшымен нүктелер қоюға, олармен сызықтар салуға, саусақ ізін бүкіл ұзындығы бойынша қолдануға немесе оларды бір топта жинауға болады. Осылайша сіз снежинкаларды, шөп пышақтарын, күн сәулелерін, жолдарды және т.б. бейнелей аласыз. Жұдырықпен сурет салу. Саусақтарыңызды жұдырыққа әртүрлі тәсілдермен бүгу, Сіз гүлдердің, ұлулардың, раковиналардың суреттерін ала аласыз. Жартылай ашық жұдырық кемпірқосақты немесе, мысалы, бананды оңай салуға мүмкіндік береді. Пальма суреті. Егер сіз бояуды әртүрлі бағытта жағыңыз, түрлі-түсті абстракциялар мен қарапайым сюжеттер алсаңыз, алақан жабайы рахат тудырады. Мәселеге неғұрлым ақылды түрде қарайтын болсақ, біз әдемі көбелектер, сегіздіктер, үйеңкі жапырақтарын аламыз, ал егер сіз бас бармақты бүйірге жылжытсаңыз - кез келген төрт аяқты жануарлар. Жетіспейтін мәліметтерді қосу және ең жабайы идеяларды жүзеге асыру үшін алақанның шетін пайдалануға болады. Науаға сурет салу. Мұны істеу үшін науаға кішкене жарма қабатын құйып, оны тегістеңіз. Мұндай кенепте сіз шексіз жасай аласыз. Мұнда сіз бояусыз бір қоспағанда, жоғарыда аталған барлық әдістерді пайдалана аласыз

Басып шығару немесе штамптау. Бұл кез келген нысанды пайдаланып кескінді алу тәсілі. Сіз шарап тығындарын, мыжылған қағазды, пластилинді, LEGO текшелерін, үрленген пластик пакеттерді және бояуға оңай малып, із қалдыруға болатын тағы басқаларды пайдалана аласыз. Аяқпен сурет салу. Суретті алудың бұл түрі аяқта орналасқан нерв ұштарын белсендіреді, бұл да емдік әсерге ие. Сіз жай ғана түсті іздерді қалдырып, тұсқағаздың жайылған орамында жүре аласыз немесе техниканы пальма бояуымен біріктірсеңіз, мысалы, крабты мақсатты түрде бейнелей аласыз. Қорытындылай келе, дәстүрлі емес әдіспен сурет салу балалардың өзіне сенуіне

мүмкіндік береді, оларға процестің өзінен де, алынған нәтижеден де қуаныш сыйлайды, қиял мен шығармашылық қиялды дамытатынын атап өтеміз. Бірақ бейнені жасауда ең бастысы бала дамиды: жаңа білім алады, заттар мен олардың қасиеттері туралы бұрыннан бар идеяларды нақтылайды және тереңдетеді, бейнелеу дағдылары мен дағдыларын меңгереді, олар туралы саналы түрде біледі. пайдалану. Мұғалімнің міндеті – бұл процесті сауатты басқару, балалардың бастамасы мен дербестігін ояту, шығармашылық білімге құштарлық пен өзін-өзі жүзеге асыру. Осылайша, тұлғаға бағытталған технологиялар жас баланың даралығын дамытуға жағдай жасайды, жеке дамуын барынша арттыру жас баланың өмір тәжірибесіне негізделген танымдық қабілеттері.

Әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (23.08.2012 ж. № 1080 ҚРҮҚ).

2.Ф.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант, 2008,336 бет

3.Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях , Тусупова А.Қ. Астана, 2015ж.

Ы. Алтынсариннің шығармалары арқылы мектепке дейінгі балаларды көркем әдебиетке баулу

Нарымбетова Шакризат Аралбаевна-әдіскер
№3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы КМҚК
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар , оқылық.
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық,- деп қазақ даласында алғаш рет қазақ мектебінің қоңырауын сыңғырлатқан, бүкіл қазақ баласын оқу-білімге шақырған тұңғыш ағартушы-педагог, жазушы, ғалым, этнограф –Ыбырай Алтынсарин бүкіл саналы өмірін ағарту ісіне арнап, халықтың жүрегінде тұңғыш педагог ретінде орын алған ұлы тұлға. Ол өзінің қайрат-жігерін, жан-жақты терең білімі мен шығармашылығын, педагогикалық зор талантын кездескен кедергілерге қарамастан қазақ баласының оқып, көзі ашық болуына арнап, алғашқы мектептер ашып, қазақ балаларын оқытты. Балаларға білім берумен қатар олардың адамгершілігі мол, халқына пайдасы тиетін мәдениетті, білімді, өнерлі ұрпақ болуын мақсат тұтты.
Өз ісін табандылықпен жалғастыра отырып, өзге халықтардың педагогикалық тәжірибесін зерттей жүріп қазақ елінде бала оқыту жүйесін біртіндеп дамытып, жақсартып отырды.Ұстаздың әрбір ісінен, ағарту саласындағы ізденісі мен қызметінен оның нағыз ұлт патриоты болғанын көреміз.Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметінің нәтижесінде қазақ халқының оқу-білімге, мәдениет пен

өнерге, ғылымға деген ұмтылысы күшейді.Сол кездегі қазақ ұлтының көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларын ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді.

Қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы оқулық екенін, балалардың оқулықтар арқылы ана тілін таза және ұқыптылықпен үйренетінін жақсы білген ұстаз, қазақ тілінде оқу құралдарды жасауды қолға алды.

Осы мақсатқа1879 жылы Қазан қаласында жарық көрген тұңғыш «Қазақ хрестоматиясы» кітабын шағын көркем шығармалар мен өлеңдер жинағынан құрастырды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін іріктеп кіргізді. Сондай-ақ өзінің ағартушылық идеясына негіздей отырып, өзі жазған көркем шығармалары мен өлеңдерін енгізді. Хрестоматиядағы шығармалар мағынасы жағынан жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою мәселесіне арналған. «Хрестоматияға» енген 40-тан астам әңгімелері мен аудармаларының тілі шұрайлы, балалар ұғымына сай, қиялын кеңейтетін, көлемі шағын, тәрбиелік-танымдық мәні жоғары шығармалар еді.

Ы.Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады деуге толық негіз бар. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, өнегелі істерге үйретін мықты құрал деп атап көрсетті. Ыбырай әңгімелерінің негізін халық тұрмысынан ала отырып, әңгімелерінің кейіпкерлерін шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты.

Ы.Алтынсариннің әңгімелері – тәрбиенің қайнар көзі, шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың тәрбие берер терең мағыналы болуы, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аударуы ұлы ағартушының шебер тәрбиеші екенін аңғартады.

Оның білімнің әнұраны іспеттес «Кел, балалар оқылық» өлеңі, сол сияқты «Өнер білім бар жұрттар», «Біз болмасақ, сіз барсыз» және тағы басқа өлеңдері балаларды өнер білімге баулып, үлгілі істерге үйретуде әлі де қызмет етіп келеді.

Қазақ баласын оқуға, өнер, білім –ғылымға үндеуде, еңбекқорлыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде «Қыпшақ Сейіт», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Асыл шөп», «Киіз үй мен ағаш үй» сияқты көптеген әңгімелері қай уақытта да құндылығы жоғары таптырмас шығармалар.

Ы.Алтынсариннің тәрбие саласындағы мұраларын жас ұрпаққа үлгі ету, тәрбие жұмысында пайдалану баршамыздың парызымыз.Осы орайда қазіргі уақыттта оның тәрбиелік мақсатта жазылған көптеген шығармаларын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудада кеңінен қолданып келеміз. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай көптеген еңбек пен өнерге баулитын, адамгершілікке тәрбиелейтін шығармаларын күнделікті оқу –тәрбие жұмыстарында пайдаланып отырамыз. Ол шығармалар балалардың ұғымына сай, ойға қонымды, тілі жеңіл, балалардың қабылдауына оңай, мағынасы мол, мазмұны қызықты шығармалар.

Ересектер тобында коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша «Сөйлеуді дамыту» ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаларға өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету мақсатында «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар жұрттар», «Ананың сүюі» өлеңін, шағын әңгімелерді мазмұны бойынша бірізділікпен әңгімелеп беруге үйретуде «Бақша ағаштары», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімелерін, балалардың диалогтік сөйлеу тілін дамытуға, суреттер бойынша әңгімелерді, ертегілерді айтып беруге үйретуде «Баланың айласы» ертегісін, «Үш ана» шығармаларымен таныстырдым.Көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекетінде кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне баға беруге, мазмұн желісін сақтап

әңгімелеп беруге, әңгімелер мен ертегілерді сахналауға үйрету мақсатында «Мақта қыз бен мысық», «Жан-жануарлардың айтысы», «Алтын шеттеуік» ертегілерін, «Әке мен бала», «Бір уыс мақта» әңгімелерін үйретіп отырамын.Бұл шығармалар арқылы балаларды еңбекке, адамгершілікке, әлеуметтік қарым-қатынасқа, рухани құндылықтарға баулып, қарапайым экономикалық, экологиялық тәрбие беріп, шығармашылық қабілеттерін арттырамын.

Көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекетінде «Мақта қыз бен мысық» ертегісін кинометфора әдісі арқылы тамашалап, «Ғажайып алаң» дидактикалық ойыны арқылы Ы.Алтынсариннің әңгімелері мен ертегілерін кейіпкерлер арқылы тауып, еске түсірді.«Ертегі айтып беремін» ойыны арқылы бір топ ертегіні желісі бойынша ретімен орналастырып әңгімелесе, екінші топ ертегіні сахналады.Бұл ертегі арқылы балаларды достыққа, өзара қарым-қатынасқа баулып, әр заттың құндылығына, табиғатта барлық нәрсе бір-бірімен байланысты болатынын үйреттім.

Ыбырай шығармаларын оқу қызметінен тыс тәрбие жұмыстарында да тиімді қолданамын. Мысалы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында балалар "Баланың айласы"» ертегісін үстел үсті театры арқылы, жазғы сауықтыру мезгілінде «Хайуанаттардың айтысы» ертегілерін сахналады. Ертөстік тобы ата-аналарымен өткізілген «Отбасы-бақыт мекені» дөңгелек үстелінде балалар «Әке мен бала», «Үш ана» әңгімелерін сахналады, Ыбырай аталарының тәлімді әңгімелері арқылы ата-аналарға да бала тәрбиесіндегі өзіндік ой қалыптастырдық.

Балаларды ұлттың ұлы тұлғасы, аса көрнекті ағартушы Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі, еңбектері жайлы таныстыру мақсатында ересек «Ертөстік» тобы тәрбиеленушілерімен Қазалы қалалық балалар кітапханасымен бірлесе отырып, «Кел,балалар, оқылық» атты іс-шара ұйымдастырдым.Онда кітапхана қызметкерлері балаларды тұңғыш ағартушының өмірімен, қызметімен, шығармаларымен таныстырды, электронды кітаптан «Бай баласы мен жары баласы» әңгімесін аудиодан тыңдатты. Балалар Ыбырай аталарының «Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар», өлеңдерін мәнерлеп оқып, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сурет бойынша әңгімелеп берді және «Бір уыс мақта» әңгімесін сахналады.

Ы.Алтынсарин өз заманының озық әдістемелерін оқу ағарту жұмыстарында қолдана отырып жазған оқу құралдары, өлеңдері мен ғибратты әңгімелері, көркем шығармалары ұрпақтарға рухани мол тәрбие беруде қызмет ете береді.

Ұлы ұстаздың қазақ халқына сіңірген ағартушылық еңбегі, қазақ әдебиетінің қалыптасуына зор ықпал еткен көркем еңбектері, ұстаздық тәрбиелік ой пікірлері қазақтың таусылмас қазынасы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Р.Қ. Аралбаева «Мектепке дейінгі педагогика», Алматы, 2012 ж
2. Бастауыш мектеп №1, 2004 ж 22-23 бет
3. Ж. Әбиев, С.Бабаев, А. Құдиярова «Педагогика», Алматы, 2004
4. Егемен Қазақстан.2021ж.2 маусым.11 бет
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

Мектепке дейінгі мекемеде дене тәрбиесін

ұйымдастыру формалары

Нуржанова Ж.К.

Астана қ. №87 "Қадыр" балабақшасы, дене шынықтыру нұсқаушысы

Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары
оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп,
ойына жәрдем ететін нәрсе.
Ғ. Мүсірепов

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше.

Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше. Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері:

1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту;

2) мәдени-гигеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру;

3) бала денесін шынықтыру;

4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті - балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Қимылды дамытуды жоспарлағанда мынадай жалпы қағидаларды ескеру керек:

1) жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда баланың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына түгел ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл әрекетіне әсері барын сұрыптап алу;

2) ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;

3) физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;

4) ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары балалардың сан алуын іс-әрекетінің тәрбие-білім беру комплексі болып табылады, бұл іс-әрекетің негізі баланың қимыл белсенділігінен құралады. Бұл формалардыңжиынтығын балалардың толық дәрежеде денесін дамыту және денсаулығын нығайту үшін қажетті белгілі бір қимыл режимін құрайды.Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына мыналар жатады:

1) дене шынықтыру ҰОҚ;

2) дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, дене жаттығуларымен ұштастырылған шынықтыру процедураллары);

3) балалардың дене тәрбиесіжөніндегі күнделікті жұмыс (қимыл - қозғалыс ойындары, серуендер, жекелеген балалармен және шағын топтармен дербес жұмыс істеу, дене жаттығуларының сан алуан түрлерімен өз беттерінше айналысу, мейрамдар).

Бұл формалардың барлығы бәрі дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды. Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басты-типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

Дене жаттығуларымен ұштастырылған процедуралар неғұрлым тиімді болады. Бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуі жылжу ретеу процесін жетілдіруге және сол арқылы организмнің қоршаған сырттқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Шынықтыру процесінде организмнің терең өзгеруі іске асады, ал егер бала ширақ болса, ол өзгеріс табиғи әрі қарапайым жүзеге асады.

Балабақшада дене бітімінің жан-жақты дамыту жағдайы.

Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады.

Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік-тұрмыстық факторлар қолданылады. Дене жаттығуы-дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтиды. Дене жаттығуы еркінді сипаттағы белсенді қимыл-әрекеттеріне негізделген. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіспіс. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі.

Оқу іс-әрекет мынадай құрылымда өтіледі. Кіріспе бөлімде жүру, жүгіру түрлері, секіру жаттығулары, сапқа тұру орындалады. Жүру, жүгіру

түрлері кезектесіп тұруы керек 3-4 минут. Негізгі бөлімде жалпы жетілдіруші жаттығулар орындалып, негізгі қимылға дайындық жұмысы жүргізіледі 3 негізгі қимыл жоспарланады. Оның 2-уі бұрынғы жаттығулар қайталанса, 1- жаттығулар жанадан жоспарланады. Жаңа оқу іс-әрекет тақырыбы жылдық жоспардан алынады. Дене шынықтыру негізгі оқу іс-әрекеті болғандықтан ертеңгілік мезгілде өткізіледі. Дене шынықтыру өткізілетін орын ауа-райы жылы кезде ауада, қыс мезгілдерінде залда өтіледі. Дене шынықтыру басталардан бұрын залдың едені сүртіліп, құрал-жабдықтар дайындалады. Негізгі бөлімнің бір бөлшегі қимылдық ойын.

Таза ауадағы дене шынықтыру 5-бөлікке бөлінген жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұратын ерекше қозғалыстардан таңдалған спорттық ойындар мен эстафеталардан тұратын қимыл-қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыруда балалардың жаттығуларға деген белсенділігін төмендетпес үшін оларға көп ауыртпалық түсірмеуге, дұрыс демалуларына көңіл бөлеміз. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде мәні зор.

Әдебиеттер

1. З.Есмағамбетов. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі. Қарағанды, 2005. -192 б.

2. А.Тайжанов, А.Қарақов. Дене тәрбиесі. – Алматы, 2009. -189 б.

3. Е.Уаңбаев. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. -72 б.

Музыкально-дидактические игры для развития чувства ритма у детей дошкольного возраста «веселый pop it»

Окаманчук Елена Валерьевна

Коммунальное государственное казенное предприятие
«Ясли-сад «Болашақ» отдела образования города Лисаковска
Управления образования акимата Костанайской области.

Дошкольный возраст является периодом, когда закладываются основные способности ребенка, начинают проявляться его скрытые таланты, идет активное развитие личности. Можно сказать, что ребенок в этом возрасте наиболее восприимчив к информации и способен реализовать себя практически в любой сфере. Музыка открывает для ребенка дорогу в творчество, позволяет избавиться от комплексов, «открыть» себя миру, также оказывает влияние не только на развитие непосредственно музыкальных способностей детей, но и способствует социализации ребенка, подготавливает его к «миру взрослых», а также формирует его духовную культуру.

Музыкальные занятия занимают не последнее место в воспитании детей дошкольного возраста. Это объясняется спецификой этого вида искусства, и психологическими особенностями дошкольников. Практика показывает, что полноценное развитие музыкальности детей зависит от психолого-педагогических условий и, конечно, от грамотно организованной, богатой предметно - пространственной развивающей среды. Ни один вид музыкальной деятельности не может осуществляться на чисто вербальном уровне. Именно предметно - пространственная развивающая среда позволяет детям, действуя со знакомыми и малознакомыми предметами, исследовать, размышлять, сравнивать, моделировать и творить.

Проблема повышения интереса детей к **музыкальному творчеству меня**, как **музыкального руководителя**, интересует давно, поэтому на основе **музыкально – дидактических игр** такие **игры как**:«Простучи и произнеси», «Угадай – ка», «Ритмический кубик» (игра для детей старшего дошкольного возраста), мною было разработано **музыкально – дидактическая игра «Веселый** Pop it»

Актуальность

Является повышеный интерес детей к **музыкальному творчеству по развитию чувства ритма с применением** Pop it.

Использование данной игрушки в музыкальной деятельности, доступна дошкольному возрасту, достигает решение главной цели моей работы и музыкального воспитания в детском саду – научить детей различать **ритм по длительностям.**

Новизна

Современные дети требуют нового подхода в работе. Новые подходы к музыкальному образованию требуют и использования абсолютно иных, наиболее эффективных педагогических технологий в развитии музыкальности детей.

Видя то, как дети увлеченно играют с Pop it - Поп-итом, у меня возникла идея использовать данную игрушку в своей педагогической деятельности.

Применив эту игрушку в индивидуальной работе с детьми, заметила, что дети стали быстрее и с удовольствием выполнять музыкальные задания, стали успешнее усваивать требования программы по развитию музыкальных способностей.

Таким образом, я внедрила данный метод в работу с детьми для развития чувства ритма с помощью игр с поп-итом.

Я считаю, что предложенные игры могут использовать музыкальные руководители, воспитатели в индивидуальной работе с детьми, а также родители дома. Идея игр не новая, но я их интерпретирую по-своему.

Дети начинают различать, зрительно выделять и запоминать расположение длительностей нот, на поп-ите.

Применение музыкально-дидактических игр на занятии дает возможность провести его наиболее содержательно, увлеченно и интересно.

Ожидаемый результат:

В результате индивидуальной работы с детьми, дети:

Воспроизводит: составляют собственные ритмические рисунки по образцу и самостоятельно их простукивают на поп-ите.

Понимает: представление о долгих и коротких звуках; схему выкладывания ритмического рисунка.

Применяет: свои знания в самостоятельных играх на попитах.

Цель: развитие чувство **ритма**.

Задачи:

- знакомство с музыкальными длительностями
- развивать ритмическое восприятие и музыкальную память
- Закреплять у детей представление о долгих и коротких звуках.
- Развивать возможности творческого музицирования, воображения.
- Составлять собственные ритмические рисунки по образцу и самостоятельно.
- Передавать ритмический рисунок знакомых попевок и узнавать их по изображению ритмического рисунка.

Материал: Поп-Ит; ритмические карточки знакомых детям распевок в соответствующей цветовой гамме; разноцветные круги двух размеров (большого и маленького); кубик **с изображением животных, птиц, насекомых, растений и т.д.**

Организация игры.

1 вариант: «Простучи и произнеси»

Цель: развивать ритмическое восприятие и музыкальную память.

Дети сидят за столами. На столе лежат попиты и карточки с ритмическим рисунком. Педагог поочередно показывает **ритмические карточки**, дети прохлопывают в ладоши с проговариванием звуков на «ти» и «ТА».

Затем простукивают с проговариванием звуков на поп-ите **ритмический рисунок**, отмечая долгие и короткие звуки.

2 Вариант:«Угадай-ка»

Цель: развивать слуховое внимание, чувство ритма.

Педагог предлагает детям прослушать распевку, узнать ее и выбрать карточку с ритмическим рисунком данной распевки.

Простучать данный ритмический рисунок на поп-ите и пропеть распевку.

Ребенок, взяв **карточку**, угадывает распевку, пропевает ипростукивает на поп-ите**ритмический** рисунок по схеме.

3Вариант:«Ритмический кубик»

Цель: развитие у детей чувства ритма и зрительного внимания.

Педагог предлагает детям перейти к более сложному заданию. Ребенок бросает кубик на котором изображены **животные, птицы, насекомые, растения и т.д. Изображение, которое выпадет на кубике, ребенок должен по картинке вспомнить распевку и выложить ритмический рисунок на столе. Затем простучать на поп-ите и пропеть этот ритмический рисунок на звуки «ТА»-«ти» или со словами распевки.**

4 Вариант «Придумай ритм»

Цель: развивать ритмическое восприятие и музыкальную память

Педагог предлагает детям самостоятельно придумать свой ритмический рисунок, затем его разложить на столе и простучать на поп-ите.

ПРИМЕЧАНИЕ: Прежде чем дети начнут сочинять и выкладывать свои ритмические рисунки, они должны усвоить ритмические фигуры, которые в ней используются. Для этого они предварительно прорабатываются по карточкам.

Для игры можно использовать вместо разноцветных кружков также капельки, цветы, ягоды и пр.

Список литературы

1. Аникин, В. П., Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. - М., 2008.
2. Бакланова, Т.И., Новикова, Г.П. Музыкальный мир / Т.И. Бакланова, Г.П. Новикова. - Москва: «Вентана - Граф», 2008
3. Ветлугина, Н.А., Музыкально-игровое творчество у детей 5-7 лет. Песенное творчество детей 5-7 лет //
4. Зимина, А.Н., Большой хоровод. Музыкально-дидактические игры, - М., 1993.
5. Зимина, А.Н., Образные упражнения и игры в музыкально-ритмическом развитии детей 4-8 лет. - М., 2011.
6. Сборник музыкальных игр для детей старшего дошкольного возраста /сост.: Пензина А. Д. – Камышлов: ГБПОУ СО «Камышловский педагогический колледж», 2019 г.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Омарова А.И.
Қарағанды обылысы,Шет ауданы,Ақадыр кенті
«Нұршуақ» бөбекжайы» КМҚК,тәрбиеші

Аңдатпа: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру Бағдарламаның өзектілігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Білімді ұлт», «Сапалы білім беру» ұлттық жобаларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді басты міндет ретінде қарастырылған. Процесс инновациялық сапасы – мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтердің балалардың даму үдерісін ұйымдастыруы, педагог пен балалар арасындағы маңызды өзара байланысы, күнделікті практикада күтім мен білім берудің бірлігі, балаға достық ниет және баланың қажеттіліктерін ескеру, әр баланың отбасымен коммуникативтік өзара қарым-қатынас жасау, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасына тарту.

Кілт сөздері: инновациялық әдістемелік қызмет,инновациялық әдістемеліктің даму қызметтің даму модельдің құрамдас бөліктері;мақсатты мазмұнды ұйымдастырушылық-әрекет және нәтиже.

Қазіргі уақытта бір орында тұру мүмкін емес, сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің білім беру процесіне берік енді. Жақында жалпы білім беруде белсенді түрде енгізілген компьютерлік технологиялар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де қолданыла бастады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру педагогке және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қойды. Мектепке дейінгі білім беру

мекемесінің мұғалімі компьютерді, заманауи мультимедиялық жабдықты қолдана білуі керек . Соңғы жылдары ақпараттық-қатынастық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың адам өмірінің барлық салаларына таралуы болды. Білім беру жүйесінде білім беру процесінің жаңа моделін құру және қазіргі қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін білім беру ортасын құру мәселесі туындады. Баланың алғашқы және негізгі мұғалімі –ата аналары. Біздің еліміздің қалыптасқан әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайында отбасымен өзара әрекеттесу мектепке дейінгі білім беру мекемесі қызметінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы маңызды. Қазіргі ата аналар көздері ашық яғни, сауатты, ақпараттандырылған бірақ сонымен бірге олардың уақыты мүлдем жоқ. Ата аналардың уақыты болмауынанбалабақшаның отбасымен өзара әрекеттесе алмауы, негізгі мәселе болып табылады. Біздің күнделікті өмірімізді ақпараттық-қатынастық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық-қатынастық технологиялар-бұл нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әртүрлі ақпараттық көздерге (электрондық, баспа, аспаптық) және бірлескен қызмет құралдарына қол жеткізу технологиялары. АҚТ-ны білім беру процесінде қолдану-бұл мектепке дейінгі білім берудің заманауи бағыттарының бірі. Ақпараттық-қатынастық қолдау нысандарын әртараптандыруға, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс сапасын арттыруға, сондай-ақ топ тәрбиешісінің және жалпы балабақшаның қызметін танымал етуге көмектеседі. Мұнда біз кейбір ұғымдарға назар аударуымыз керек: Қолдаушы өзара іс-қимыл-бұл тәрбиеленуші ересектердің өзара дайындығы кезінде балаларды тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуге арналған өзара іс-қимыл. Ақпараттық-қатынастық технологиялар. Ақпарат – кез-келген деректердің, білімнің жиынтығы. Қатынас -хабарлама жолы, байланыс нысаны, байланыс актісі, бір адамның екіншісіне немесе бірқатар адамдарға ақпарат беру.

Технология-қажетті нәтижеге жету үшін әдістер мен құралдардың жиынтығы, оны қажеттілікке айналдыру әдісі.Ата-аналар мен мұғалім-тәрбиешінің өзара әрекеттесуінің жаңа әлеуеті балабақша сайтын құруды қамтиды. Мектепке дейінгі сайтта кез-келген ата-ана мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі білім беру процесінің ерекшеліктерімен танысуға, соңғы жаңалықтарды білуге және осылайша балабақшада болып жатқан барлық оқиғалардан үнемі хабардар болуға мүмкіндік алады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің сайтында ата-аналарды қызықтыратын мәселелер мен оларды қалай шешуге болатындығы туралы парақ құру. Әр ата-ананың тәрбиешінің ұялы телефон нөмірі бар, сонымен қатар топта ата-аналардың барлық телефондарының тізімі бар (әкелер де, аналар да). Балалардың ата-аналары кез-келген уақытта тәрбиешіге қоңырау шалып, оларды қызықтыратын кез-келген сұрақ қою немесе мәселе туралы хабарлау арқылы SMS-хабарлама жібере алатындығын біледі. Білім беру процесіне оны ұйымдастырудың кешенді тақырыптық принципін енгізе отырып, ата — аналарға баланың жетістіктері немесе қиындықтары туралы жеке-жеке хабарлауға, мектеп жасына дейінгі баланы дамыту бойынша қысқа ұсыныстар беруге, хабарландыру жасауға және т.б. ұялы телефонды пайдаланудың артықшылығы-ата-аналармен тікелей диалогты жүзеге асыру, ақпараттың жеделдігі.

1."Редактор бағаны" - ата-аналарға үндеу, өзекті ресми ақпарат, ата-аналарға арналған хабарландырулар.

2. "Оқыту және тәрбиелеу" - тәрбиешілер мен мамандар дайындаған тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, балабақша жұмысының ерекшеліктері (бағдарламалар мен технологиялар, даму бағыттары, педагогтың инновациялық қызметі) туралы ақпарат орналастырылады.

3. "Топ жаңалықтары" - топтың оқиғалары, мерекелері, экскурсиялары туралы ақпарат бар.
4. "Назар аударыңыз! Байқау!"- ата-аналар үшін фотосуреттер, қолөнер, шығармашылық жұмыстар конкурстары, қорытындылау туралы ақпарат орналастырылады.
5."Пошта жәшігі" – ата-аналардың ақпараты орналастырылады. Электрондық пошта тәрбиеленушілердің отбасыларымен байланысу үшін кең мүмкіндіктер береді. Электрондық поштаны пайдаланудың артықшылығы-ата-аналардың назарына үлкен көлемдегі ақпаратты жеткізуге, отбасымен жеке қарым-қатынас жасауға болады. Интернеттегі тәрбиешінің жеке веб-парағында негізінен балалардың дамуындағы әртүрлі бағыттар бойынша кеңес беру материалдары орналастырылған: жас ерекшеліктері, мамандардың кеңестері, тәрбиешінің ұсыныстары және т. б. веб-парақты ата-аналардың бұрышында көрнекі материалды оқуға әр түрлі себептермен жеткілікті көңіл бөлмейтін ата-аналар жиі пайдаланады.Осылайша, бүгінгі таңда мектепке дейінгі мекеме мен отбасының педагогикалық өзара әрекеттесуінің сәттілігі мұғалім-тәрбиешінің өз жұмысында ата-аналарды қызықтыруға және олардың қазіргі білім беру мекемесінің оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуына жағдай жасауға арналған үлкен әлеуеті бар жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қаншалықты қолданатындығына байланысты.

Қазіргі қоғам үнемі дамып келеді және бұл даму ғылыми-техникалықпрогреспен тығыз байланысты. XXI ғасыр-бұл біздің өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде білім беру ортасына енетін жаңа электрондық технологиялар ғасыры. Білім беруді ақпараттандыру бағыттардың ішіндегі ең өзектілігіне айналды. Неліктен біз балабақшадан бастап білім беру мекемесінде цифрлық білім беру ортасын құру қажеттілігі туралы жиі айтамыз? Білім беру саласындағы, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру басты міндет болып табылады. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерін шешу басқару жүйесін жетілдірумен, білім беру мекемелері басшыларының кәсіби деңгейінің жоғары болуымен, педагогикалық процесті өзгертумен мүмкін болады. Инновациялық мәдениеті дамыған мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы басқару қызметінің мазмұны мен әдістеріне өзгерістер енгізеді және дәйекті түрде дамытады.

Жеке тұлға мен қоғамның инновациялық мәдениеті әлеуметтік прогреске ықпал ететін ғасырымыздың ең маңызды әлеуеті ретінде қарастырылады. Ал ол өмірдің барлық саласында жаңалықтарды дамытып, енгізуге қабілетті, жаңа идеяларды тез қабылдайтын, мотивтерге, білімдерге, дағдыларға, бейнелер мен мінез-құлық нормаларына сіңген жеке тұлғаның тұтас бағдары ретінде ұсынылады.

Әдебиеттер

1. А.Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика
2. А.Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика-Алматы;Рауан, 1992
3. Республикалық педагогикалық журнал «Бала мен балабақша» - 2010 - №3.
4. Республикалық педагогикалық журнал. «Бала мен балабақша» - 2010 - №6.
5. Н. Жумабекова «Мектепке дейінгі педагогика» - Астана

Фолиант - 2007

Ұлттық ою-өрнек түрлерін балабақшада қолдану

Ақмола облысы Қосшы қаласы
«Алтын дән» балабақшасы, тәрбиеші-
Оспанова Камчат Кенесовна

Қазақтың сәндік – қолданбалы ою — өрнегі жайлы сөз қозғағанда, көз алдыңызға әсемдік пен сұлулық әлемі еріксіз елестейді. Оны бір қасиетті сөздер өнердің қай саласы болмасын сазгерлік, әдебиет, бейнелеу және т. б. өнердің барлық салаларына ортақ дүниелер. Қазақ халқының ежелгі замандардан — ақ қалыптасып, үнемі дамумен, жетілдірумен келе жатқан ою — өрнегі – сол сұлулық әлемінің ішіндегі ерекше бір саласы.

Ою — өрнек – тарихы тереңде жатқан, теориясы күрделі әсемдік өнері.Ою-өрнек өнері ғасырлар бойы қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрі болып келеді. Үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды, ұлттық киімдерді, бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған.

Әр ою -өрнектің астарында мағына болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы молшылықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақ бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы дегенді білдіреді. Сан түрлі ою-өрнектер әрбір қолөнер туындысында жаңа түрге ие болады және қолданыста бірін-бірі қайталамайды. Ою — өрнек өнері — қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре.

Жобаның мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балаларға ою - өрнек туралы түсінік беру.Ою - өрнек түрлеріне сипаттама беру. сырына мән беру арқылы балалардың ой-өрісін жан-жақты дамыту.Халқымыздың асыл мұраларын, салт - дәстүрін, өнерін құрметтеуге, еңбексүйгіштікке,жұмыс үстінде ұқыптылыққа, сұлулыққа жинақылыққа назар аудара отырып, эстетикалық тәрбие беру.

Жетекші идеясы: қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрін ұмытпай жалғастырып, зерттеу.

Жобаның гипотезасы Болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қолөнер, сурет,шығармашылықсаласындақолдана отырып, осы өнерді қайта жаңғырту.Ою-өрнек жұмыс жасау кезінде –балалардың сөздік қорларын байыту,шығармашылық ,салыстыру,беттестіру,қайшымен жұмыс,ұсақ қол моторикасын,түстерді,пішіндерді ажырата білу,құрастыру қабілеттерін даму міндеттері жүзеге асады.Жұмыс барысында балалар сабырлы, жүйке жүйесі тыныштанады,тыянақтылыққа,ойлары жинақы, әсіресе қыз балаларда әсемділікке, тұла бойларында нәзіктік қасиеттері қалыптасады.

Ою-өрнек -латынның орнамент – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан.

.

Ою -өрнектің тарихы Қазақтың ою -өрнектерінің өзінше даму жолдары мен тарихы бар. Ол тарих сонау көне заманнан, сақ, Андронов мәдениетінен басталады.Андронов мәдениеті-біздің заманымыздан бұрын екі мыңжылдықтың соңғы жартысы мен бір мыңжылдықтың басында Батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Ал біздің заманымыздан бұрын VIII-III ғ. Сақтар негізінен Оңтүстік Шығыс және Орталық Қазақстан жерлерін мекен еткен. Бұдан елімізде ұзақ жылдар жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде

анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ою-өрнектің ізі сайрап жатыр. Ою-өрнектің элементтерін біз қазақтың үй жиһаздары мен киімдерінен, зергерлік бұйымдарынан, ер-тұрман әбзелдері мен қару-жарақтарынан да жиі кездестіреміз.Ою-өрнектің даму жолын, тарихын зерттей келе, оның әсіресе Қазан төңкерісіне дейін жақсы дамығанын атап айтқан жөн. Кеңес дәуірі кезеңінде қолөнер туындыларын- кілем, қайыс өру, былғары өңдеу, ши ору, мүйіз өңдеу, ағаш, зергерлік бұйымдарын мұражайдан ғана көруге болатын еді. Әрі шебердің өз қолтаңбасы болған. Осының негізінде «Ұлы жүздің үлгісі», «Орта жүздің үлгісі», «Кіші жүздің үлгісі» деген үлгілер пайда болған немесе «найманның ері», «арғын пышақ», «адай бөрік», «дулат тымақ», «қызай комзол». Бұдан көретініміз,ою-өрнектің даму тарихы әр аймақта әр түрлі дамыған және әр рудың, жүздің өнер ерекшеліктері мен дәстүрі сақталған.

Жобаның жаңашылдығы

Мектеп жасына дейінгі балалармен ою-өрнек бейнелеуде бірнеше әдістерді және түрлі материалдармен жұмыс жасау.Ұлттық құндылықты балалар санасына сінірсек, ол біз үшін үлкен жетістік.Ұлттықсалт-дәстүріміздің алшақтамауға,құрметтеуге жаңартуға шақырамын.

Жобаның практикалық қолдану салалары:Тақырыпты ашу барысында тарих қойнауын зерттей отырып қосымша ауыз әдебиеті үлгілеріне шолу жасалды,өзіндік тұжырым жасай отырып,салыстыру әдісінде қолданып,жұмысты тек жоба үшін емес,сонымен қатар балабақша ішіндегі жұмыстарда да қолдану. Қазақ халқының бейнелеу өнерінің жеке түрін ұмытпай жалғастырып, зерттеу.

Жобаны жазу үшін кітапханаларға , мұражайға саяхат жасап, сұхбаттастым. Сонымен қатар әр алуан әдебиеттерді зерттедім.Зерттеген жұмысымның нәтижесінде Ұлттық ою – өрнектердің төрт топқа бөлінетінің анықтадым.– Зооморфтық – жануарларға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер;– Өсімдік бейнелі – жапырақты гүлдер, ағаш, шыршық, жетігүл өрнектер;

–Космогониялық – ай, күн, жұлдыз және аспан әлеміне байланысты өрнектер;– Геометриялық – ромбылар, иректер, жұлдызшалар, үшбұрыштар және

көпбұрыштар.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымды қорыта келгенде осындай

ойды түйіндедім – сан түрлі ою-өрнектер әрбір

қолөнер туындысында жаңа түрге ие болады және

қолданыста бірін-бірі қайталамайды . Болашақта қазақ халқының сай-дәстүрін ұмытпай, әр адам жалғастырып, өз үлесін қоса алады деген ойдамын.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың ою-өрнегімен таныстыру , салуға, бастырып суреттеуге үйрету және оны теориялық-әдістемелік тұрғысынан жұмыстар жүргізу кезінде, көптеген қиындықтар туындады, дегенмен осындай жұмыстар кезінде балалардың ең алдымен ойлау қабілеттері, көру қасиеттері, ұсақ қол моторикасы,эстетикалық талғамдары, сөздік қорлары, қайшымен жұмыс қабілеттері арта түсті.Бастысы ою-өрнекке , ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары арта түсті.

Бұл жұмыс түрін тоқтатпай әрі талай жсалу түрлері көзделуде. Болашақта осындай теориялық жұмыстарды көп қолданысқа енгізу жоспарда.

Речевые коррекционно-развивающие игры и упражнения в работе с неговорящими дошкольниками РАС

Самойлюк Н.А.
Государственное коммунальное казенное предприятие ясли-сад №8 «Сказка»,
город Уральск, учитель-дефектолог «педагог-исследователь»

Аннотация. Статья посвящена особенностям коррекционной-развивающей работы с неговорящими дошкольниками с расстройствами аутистического спектра посредством речевых игр, основным направлениям логопедической коррекции при РАС.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, речевые игры, аутизм, игровая деятельность, работа, коррекционно-развивающая работа.

Число выявленных случаев детей с расстройствами аутистического спектра (РАС) у детей в Республике Казахстан увеличивается, показатели возросли примерно в пять раз за последние 7 лет. На сегодняшний день в Казахстане функционируютобщественные фонды, различные специальные организации образования, которые оказывают психологическую и коррекционно-развивающую поддержку детям и их родителям с расстройствами аутистического спектра.

Расстройства аутистического спектра (РАС) - это группа неврологических расстройств, характеризующаяся повторяющимися действиями (стереотипиями), нарушается социальное взаимодействие, способности к установлению коммуникативных навыков, узость тех или иных интересов. Такие дети, обладают достаточными интеллектуальными возможностями и речевыми, не стремятся использовать их в реальной действительности, когда взаимодействуют с окружающими их людьми, дети нуждаются в постоянной психолого-педагогической поддержке.

Основные направления коррекционно-развивающей работы:

Развитие понимания речи (эмоционально-смысловой комментарий). На этом этапе использую минимальное количество речевых инструкций: «Возьми», «Дай», «Положи». На первоначальных этапах помогаю ребенку, помощь в виде жеста, направления движения и помощь «рука в руке». Четкость их выполнения важна для дальнейшего обучения. Желательно, чтобы ребенок фиксировал взгляд на

предмете до момента ее передачи в его руки. Обучение выполнению инструкций проводится: а) на простых движениях; б) с предметами;в) по картинкам.

Во время повседневной или игровой деятельности использую указательные жесты «да», «нет». На своих занятиях регулярно задаю ребенку вопросы: «Ты взял стул?», «Ты собрал картинки?», и побуждая тем самым ребенка кивнуть головой. В случае затруднения слегка нажимаю ладонью на затылочную область его головы. Когда у ребенка начал получаться жест «да», необходимо вводить жест «нет». Затем жесты «да», «нет» употребляются в качестве ответов на различные вопросы. Совместно с этими жестами отрабатывается указательный жест. Если первоначально я использовала инструкции «Положи», «Возьми», то помимо этим добавляю инструкцию «Покажи». Необходимо зафиксировать кисть ребенка в этом положении и учить четко устанавливать палец на определенном объекте, картинке, предмете. Фиксируем кисть ребенка в положении жеста и учим четко устанавливать палец на нужном предмете или картинке.

Следующим этапом коррекционно-развивающей работы по развитию речи является развитие возможности активно пользоваться речью (растормаживание внешней речи) которое осуществляется в следующих направлениях:

1. Провоцирование непроизвольного подражания мимике, интонации действию взрослого. Если у ребенка осуществилось непроизвольное подражание в игре, то это возможно предпосылка подражания произвольного – звукового, а затем и словесного.Такого подобного подражания я добиваюсь, используя с помощью различный упражнений: я прошу ребенка подуть на вертушку, ребенок дует на вертушку, я пытаюсь уловить его взгляд и сосредоточить внимание ребенка на своем лице, например, строю гримасу удивления с подходящим комментарием: «ого», «да», оооо» и т.п. Добиваюсь того, что ребенок, с которым я играю, как можно чаще смотрел на мое лицо, на мой рот, в тот момент, когда я что-то произношу.

2. Провоцирование ребенка на непроизвольные словесные реакции и эхолалии. Этого я добиваюсь с помощью физических ритмов, ритмов движения ребенка. Например, когда крутим руль, проговариваем: «Би-би-би, машина едет…». Крутим руль и проговариваем в такт: «Как машина едет: Би-би-би. Как стучат колеса? Тук-тук-тук». С помощью стихотворных ритмов, с помощью рифмы и мелодии также стимулирую вокализацию, словесные реакции аутичного ребенка. Когда я читаю ребенку стихотворный текст, песни, потешки, то всегда оставляю паузу, наталкивая тем самым ребенка договорить слог, слово. В случае затруднения договариваю сама.

3. Повторение за ребенком и обыгрывание его звуковых реакций, в том числе и вокальной аутостимуляции. Одно из важных направлений коррекционной работы по растормаживанию речи неговорящего аутичного ребенка. Состоит эта работа в том, чтобы и на занятиях, и в игре, по возможности, в течение всего дня, родители и специалисты, работающие с ребенком, подхватывают его вокализации, повторяют их с его интонацией, а затем обыгрывают и превращают их в реальные слова, связывая с ситуацией (ПА – падает, ША – шарики, Е – едет).

В своей коррекционно-развивающей работе с неговорящими дошкольниками с расстройствами аутистического спектра использую различные речевые игры. С помощью таких игр у детей развиваются не только речевые навыки: совершенствование речевой инструкции и речевых действий, но и психические процессы, такие как зрительное и тактильное восприятие, внимание, память, сенсорные эталоны, мелкая моторика, мышление.

Например, использую такое *игровое упражнение «Полянка».* В данной игре предлагаю ребенку рассмотреть полянку с разноцветными цветочками (резинки для волос) и ежиком. Покажи, где красный цветок, дай красную бабочку (заколочки для волос). Предлагаю выполнить различные инструкции и осуществляю с ребенком речевое взаимодействие: возьми в руки, дай мне, на, покажи и т.д. *Пройди по дорожке»* (дорожки из шнурков разной текстуры, наклеенные на диски разной конфигурации), предлагаю ребенку дойти до теленка (щенка, ягненка) по дорожке, при этом звукоподражая. *«Разноцветные дорожки»* - предлагаю ребенку пошагать по пуговицам, при этом произнося стихотворный текст: Зайка прыг-прыг. Зайка скок-скок-скок, повтори, или звукоподражая животному. *«Разложи по образцу»*- предлагаю ребенку образец (разноцветные заколочки прикрепленные к доске вместе с животными (у коровы желтая заколочка и т.д.). *«Ленточки»* (баночка с ленточками) – предлагаю ребенку открыть крышку банки и поместить, например собаку, закрыть ее. Необходимо вытягивать ленточку, произнося звукоподражание собаки и т.д. *«Покорми свинью»* (бутылка с фасолью) – предлагаю ребенку открыть крышку бутылки и накормить свинью фасолью. *«Найди, чей хвост» (*туловища и хвосты животных, сшитые из фетра). Необходимо найти и прикрепить с помощью липучки хвост тому или иному животному. *«Поймай животного»* (животное прикрепленное с помощью нитки к палочке), необходимо накручивать нитку и поймать того или иного животного. Также предлагаю поиграть в *игровое упражнение«Тактильный слон»,* с помощью этой игры у детей развивается речевое развитие: ребенок на ощупь определяет тот или иной предмет, достает его и говорит, что это, также развивается, память, ощущение. «*Загадочная прищепка»* - ребенку предлагаю раскрыть прищепку и, например определи, что съела рыбка, кто сидит на дереве и т.д. *«Шубка»* - предлагаю ребенку потрогать ту или иную шубку животного, определить чья она. Основные приемы развивающего воздействия в игре: учим ждать в игре аутичного ребенка; выдерживаем паузу; игнорируем нежелательное поведение и закрепляем желательное; неоднократно выполняем повторяющиеся действия; комментируем речь простыми словами, связывающее слово и действие, стимулируя тем самым речевую активность; даем ребенку «право выбора»; взаимодействуем с ребенком в игре, имитируя его действия. Формирование игровой деятельности у неговорящих дошкольников с расстройствами аутистического спектра является длительной, кропотливой работой. Самым важным результатом является способность к взаимодействию.

Список литературы

1. Морозова Т.И. Характеристика и основные принципы коррекции речевых нарушений при раннем детской аутизме // Дефектология. – 1990. № 5.

2. Никольская О.С. Аутичный ребенок. Пути помощи / Никольская О. С., Баенская Е. Р., Либлинг М.М. — М.: Теревинф, 2005.

3. Нуриева Л.Г. Развитие речи у аутичных детей. — М.: Теревинф, 2006.

4. Лебединская К.С., Никольская О.С. Дефектологические проблемы раннего детского аутизма. Сообщение I // Дефектология. – 1987. — № 2. – С. 10-16.

Инновационные технологии в работе воспитателя
(из опыта самообразования)

Самосенко Татьяна Анатольевна
КГКП «Детский сад № 13» г. Рудного, воспитатель

Аннотация: В данной статье представлены игры «Насекомые» с применением инновационных технологий в условиях современного воспитательно-образовательного процесса, которые можно применять как в свободной деятельности, так и при планировании ОД с детьми старшего дошкольного возраста.
Ключевые слова: насекомые, игровая деятельность, инновационные технологии, воспитательно-образовательный процесс.

Инновационные технологии в работе воспитателей — это приемы организации воспитательно-образовательного процесса, которые положительно влияют на обучаемость, способствуют повышению эффективности методик воспитания и обучения детей, интенсивному развитию интеллекта в дошкольном возрасте. А так как сейчас в приоритете игра, то возможности педагога безграничны, но не стоит забывать о том, что применяемый материал должен соответствовать условиям современного образования: быть многофункциональным, расположенным к вариативности, содержать элементы инновационных технологий, но в первую очередь он должен нести свою основную задачу – развивать и обучать.

Так как мной в качестве самообразования была выбрана тема «Использование инновационных технологий в работе с детьми дошкольного возраста», поэтому приходится быть всегда в поиске новых и удобных форм работы с детьми. В данной статье хочется привести несколько примеров игр на тему «Насекомые», условия которых можно изменять на усмотрение педагога. Применение данных игр возможно как в рамках ОД, так и в свободной деятельности, а также их можно включать при планировании индивидуальной работы.

Интерактивная технология «Мозговой штурм».

- У жука крылья короткие, а у стрекозы….
- Майский жук - большой, а божья коровка …
- Шмель жужжит, а комар …
- Кузнечик прыгает, а гусеница …
- Муравьи живут в …
- Пчелы живут в …
- У птиц 2 лапки, а у насекомых …
- Тело насекомых состоит из 3 частей…
- Стрекоза откладывает яйца в …
- Кузнечик стрекочет днем, а сверчок …
- У бабочки 4 крыла, а у мухи …
- Пчелы из нектара делают …
- Паук не относится к насекомым, потому что у него …

«Мозговой штурм» можно проводить с мячом, с указкой-лазером, мягкой игрушкой и т.д. Проводить можно как со всей группой, так и подгруппой детей. Возможности технологии «мозговой штурм» безграничны:помогает детям «расковать» сознание и подсознание, стимулирует воображение, чтобы получить наибольшее количество необычных, оригинальных идей.

Упражнение «Дополнялки»

Задание: Нужно отгадать загадку и дополнить сведениями про отгаданное насекомое.

Шевелились у цветка
Все четыре лепестка,

Я сорвать его хотел,
Он вспорхнул и улетел. (Бабочка)
- Как вы догадались, что это бабочка?
Целый день в траве стрекочет
Отковать колечко хочет.
А потом как полетит
И стрекочет, и шумит. (Кузнечик).
- Как вы догадались, что это кузнечик?

У нее четыре крыла,
Тело тонкое, словно стрела.
И большие, большие глаза,
Называют ее…(Стрекоза).
- Какие слова помогли найти отгадку?

Он работник настоящий
Очень, очень работящий.
Под сосной в лесу густом
Из хвоинок строит дом.
(Муравей).
- Какие слова помогли вам догадаться, что это муравей?

Сок цветов душистых пьет,
Дарит нам и воск, и мед.
Людям всем она мила
А зовут ее... (пчела).
- Как вы догадались, что это пчела?

Всех жучков она милей,
Спинка алая на ней.
А на ней кружочки
Черненькие точки (Божья коровка).
- А в этой загадке, какие слова подсказали, что это божья коровка?

Данная игра помогает развивать внимание, память, речь, логическое мышление. Ответы-отгадки можно открывать на интерактивной доске, либо выбирать картинки по принципу «Найди то или иное насекомое».

Игра «Кто, чем питается»

Задание: На игровое поле нужно рассадить насекомых в зависимости от их пропитания.



Игру «Кто, чем питается» можно планировать как групповую или парную, но возможен вариант индивидуального проведения данной игры. Это может быть игра на липучках либо магнитах. Данная игра развивает логическое мышление, внимание, память.

Игра «Распредели по банкам»

Задание: Нужно распределить по «банкам» летающих, ползающих и прыгающих насекомых.



Игра может проводиться как в парах, так и индивидуально. Но возможен вариант командной работы: одна команда выделяет летающих насекомых, вторая – прыгающих, а третья – ползающих. Можно проводить с применением интерактивной доски, а также у доски либо за столами.

Игра «Четвертый лишний»

Задание: Посмотрите на картинки и скажите, какая картинка здесь лишняя и почему вы так думаете?

- Стрекоза, гусеница, жук, божья коровка

(Лишняя гусеница, потому что она не летает, а остальные насекомые летают).

- Бабочка, кузнечик, пчела, муравей.

(Лишний кузнечик, потому что он относятся к хищным насекомым, а остальные нет).

- комар, шмель, сверчок, паук.

(Лишний паук, потому что он не насекомое).

Проведение данной игры также можно планировать как индивидуальную, парную, групповую (командную).

Игра «Фотография» (с использованием элементов Дары Фребеля)

Задание: Нужно выложить по образцу из материала 1 насекомое.

1 группа «фотографирует» бабочку, 2 группа – стрекозу, а третья – жука.







Вариантов проведения данной игры много:

- в парах либо индивидуально;
- для выполнения задания использовать время;
- выполнение без опоры на образцы.

Игра «Фотография» позволяет развивать творчество, воображение, креативность, логическое мышление, внимание, память.

Игра «Найди тень»



Задание: По изображению насекомого нужно найти его тень из предложенных вариантов ниже.

Данную игру можно использовать в работе с детьми младшего дошкольного возраста. Она позволяет развивать внимание, логику, учит

выстраивать рассуждения. Игровое поле может быть в бумажном варианте, а может быть перенесено на интерактивную доску, планшет, ноутбук в зависимости от условий оснащения рабочего пространства педагога ИКТ. Количество участников также определяется педагогом: это может быть парное распределение либо индивидуальное выполнение задания. Игру можно использовать и при планировании индивидуальной работы при восполнении пробелов детей.

Инновационная деятельность является находкой для современных педагогов ДО, т.к. она открывает безграничные возможности для всех участников процесса. Каждый воспитатель и ребенок выступает в роли творца. Новые приемы и методы воспитания, современные технологии обеспечивают саморазвитие личности ребенка, а также профессиональную самореализацию педагогов.

Список используемой литературы

1. ИМП «Оборганизации воспитательно образовательного процессавдошкольныхорганизацияхипредшкольных классахРеспубликиКазахстан на2022-2023учебныйгод»
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.: АСТ, 2008.
3. Педсовет: идеи, методики, формы. - М.: «Педагогический поиск», 2011.
4. Интернет-ресурсы

Инновационная деятельность воспитателя в контексте реализации модели развития образования и обучения до школы

Сергазинова А.Е.

Город Семей, Детский сад «Бәйшешек», воспитатель

Внедрение инновационных технологий в воспитательно-образовательную деятельность ДО является важным условием для осуществления совершенствования и реформирования отечественной системы. В настоящее время каждый воспитатель стремиться организовать воспитательно-образовательный процесс так, чтобы он был максимально результативным для детей, но и способствует личностному развитию. Этому способствует использование разнообразных инновационных технологий.

Виды технологий

На сегодняшний день образовательных технологий, применяемых в детских садах, насчитывается более сотни. Среди них пристальное внимание следует уделить:

-здоровьесберегающим технологиям;

-технологиям, относящимся к проектной деятельности;

-информационно-коммуникативным технологиям;

-технологиям, ориентированным на каждую отдельную личность;

-так называемым игровым технологиям.

Цель здоровьесберегающих технологий – обеспечение высокого уровня реального здоровья воспитанников детского сада, воспитание валеологической культуры, т.е. осознанного отношения ребенка к здоровью и жизни человека, знаний о здоровье и умений оберегать, поддерживать и сохранять его, валеологической компетентности, позволяющей дошкольнику самостоятельно и эффективно решать задачи здорового образа жизни и безопасного поведения, задачи, связанные с оказанием элементарной медицинской и психологической самопомощи и помощи.

Формы организации здоровьесберегающей работы: физкультурные занятия, самостоятельная деятельность детей, подвижные игры, утренняя гимнастика, двигательно-оздоровительные физкультминутки, физические упражнения после дневного сна, физкультурные прогулки, спортивные праздники, оздоровительные процедуры в водной среде

Проектная деятельность в детском саду имеет право рассматриваться как педагогическая инновация, так как в основу метода проектов заложена идея о направленности познавательной деятельности дошкольников на результат, который достигается в процессе совместной работы педагога, детей над определенной практической проблемой (темой). Особенностью проектной деятельности в дошкольной системе образования является то, что ребенок еще не может самостоятельно найти противоречия в окружающем, сформулировать проблему, определить цель (замысел). Поэтому в воспитательно - образовательном ДО проектная деятельность носит характер сотрудничества, в котором принимают участие дети и педагоги ДО, а также вовлекаются родители. Родители становятся непосредственными участниками образовательного процесса, обогащая свой педагогический опыт, испытывая чувство сопричастности и удовлетворение от своих успехов и успехов ребенка.

Использование информационно-компьютерные технологии активно используются как в воспитательно-образовательной, так и в методической работе дошкольного учреждения. Такие занятия позволяют интегрировать аудиовизуальную информацию, представленную в различной форме (видеофильм, слайды, музыка), активизирует внимание детей благодаря возможности демонстрации явлений и объектов в динамике. Педагогам – активным пользователям интернета, компьютер помогает получить дополнительную информацию, которой нет в печатном виде, а также разнообразить иллюстративный материал при подборе наглядного материала к занятиям. По сравнению с традиционными формами обучения дошкольников компьютер обладает рядом преимуществ:

-предъявления информации на экране компьютера в игровой форме вызывает у детей огромный интерес;

-несет в себе новый тип информаций, понятный дошкольникам;

-движения, звук, мультипликация надолго привлекает внимание;

-проблемные задачи, поощрение ребенка при их правильном решение самим компьютером является стимулом познавательной активности детей;

-предоставляет возможность индивидуализации обучения;

- ребенок сам регулирует темп и количество решаемых игровых обучающих задач;

- в процессе своей деятельности за компьютером дошкольник приобретает уверенность в себе, в том, что он многое может;

--позволяет моделировать такие жизненные ситуации, которые нельзя увидеть в повседневной жизни, неожиданные и необычные эффекты;

-компьютер привлекателен для детей, как любая новая игрушка, компьютер очень «терпелив», никогда не ругает за ошибки, а ждет, пока он сам исправит их.

Познавательно-исследовательная деятельность.

В ходе экспериментирования ребенок познает объект. В практической деятельности осуществляет и выполняет познавательную, ориентировочно-исследовательскую функцию, создавая условия, в которых раскрывается содержание данного объекта. Например : в ходе реализации образовательного проекта «Осень» при знакомстве с овощами детей младшей группы воспитатель проводит с детьми опыт «тонет, не тонет»: картошка, лук, помидор. В ходе этого опыта дети узнали, что картошка тонет, а помидор и лук плавают. «Что я слышу – забываю. Что я вижу – я помню. Что я делаю – я понимаю».

Личностно-ориентированные технологии делают акцент на предоставление ребенку свободы выбора и самостоятельности в большей или меньшей сфере его жизнедеятельности. Воспитатель и ребенок совместно вырабатывают цели. Содержание, дают оценки, находясь в состоянии сотрудничества, сотворчества. Итак, все вышеизложенные технологии направлены на повышение качества образования. Однако само понятие «качество» образовательного процесса характеризуется по-разному с точки зрения каждого его участника. Для детей – это обучение в интересной для них игровой форме. Для родителей - это эффективное обучение.

Подводя итог можно с уверенностью сказать, что данная инновационная технология качественно влияет на результаты образовательной деятельности в целом.

Литература

1. Александрова Н.С. Инновационная деятельность в дошкольном образовании.
2. Башкиров А.А. Режим инновационного развития

Балалардың ұсақ қол қозғалыстарын дамытудың маңыздылығы

№66 «Толағай» балабақшасы МКҚК
Сулейменова Гульсара Багдатбековна
Ересек топ тәрбиешісі

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда, бір жастан үш жасқа дейінгі ерте балалық шақ баланың өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады және оның болашақ психологиялық дамуын анықтайды. Бұл жастың ерекше маңыздылығы оның баланың үш негізгі өмірлік жетістіктерімен тікелей байланысты екендігімен түсіндіріледі: жүру, сөйлеу қарым-қатынасы және пәндік іс-әрекет. Бірақ ең бастысы, бұл жаста бала өзінің кейінгі мінез-құлқына, интеллектуалды және жеке

дамуына, атап айтқанда адамдармен қарым-қатынаста тілді түсіну және белсенді қолдану қабілетіне айтарлықтай әсер ететін шеберлікті игереді.

Осы кезеңде балалар сөйлеу арқылы, адамның материалдық және рухани мәдениетінің маңызды жетістіктеріне тікелей қол жеткізе алады. Сөйлеуді дамыту процесі қолдың ажырамас ұсақ моторикасын дамыту құбылысын тікелей байланысты. Саусақтардың кішкентай қимылдарын орындау кезінде жұмыс істеп тұрған саусақтардың ұштарына және ми қыртысына қысым пайда болады, олар баланың сөйлеуін қалыптастыруға жауап беретін жетілмеген ми қыртысының жасушаларын белсендіреді. Сондықтан саусақтарыңызбен әр түрлі әрекеттерді орындау кезінде сөйлеу, демек ойлау қабілеті дамиды.

Қолдың ұсақ моторикасын дамыта отырып, біз баланың ақыл-ойының дамуына жағымды әсер етеміз. Сондықтан сабақтарда өнімді іс-шараларға ерекше назар аудару керек. Ұсақ моторика – қолдар мен саусақтардың дәл және ұсақ қозғалыстарын орындау мүмкіндігі. Оның дамуы бірден бірнеше жүйенің – бұлшықет, жүйке және сүйектің үйлестірілген әрекеттеріне байланысты. Ұсақ моторика саласы әртүрлі қозғалыстарды қамтиды – қарапайымнан (ойыншықты ұстау) күрделіге дейін (сурет салу және жазу). Кішкентай балалары бар кез-келген адам нәрестелерде ұстау рефлексі жақсы дамығанын байқады, яғни бала ересек адамның саусағын мықтап ұстап, оны бірнеше секундқа жібермеуі мүмкін. Сондықтан қолдың кішкентай бұлшықеттерімен жұмысты сәби кезінен бастауға болады. Ұсақ мотормканың дамуы баланың жалпы дағдыларына жағымды әсер етеді. Бұл жүйелердің өзара әрекеттесу процесінде нейрондар арасындағы байланыстардың тез қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұған келесі салалар қатысады:

• Қиял. Ғалымдар суреттерді қарау мидың жұмысы тұрғысынан ойластырылған суреттермен жұмыс жасаудан өзгеше емес екенін дәлелдеді. Қиял кеңістіктік ойлау мен шығармашылықтың дамуына ықпал етеді.

• Жоспарлау. Бала заттармен өзара әрекеттесу кезінде не істеп жатқанының ықтимал салдарын бағалауды үйренеді. Балалар қажетті нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінеді.

• Сөйлеуді дамыту. Нәресте заттарды сезінгенде, жүйке импульстары миға енеді, нәтижесінде көрші орталықтар (соның ішінде сөйлеу) қатысады.

• Табандылық. Ойындар мен жаттығулар балаларды табанды және шыдамды етеді. Олар мақсатқа жету үшін белгілі бір тапсырмаға шоғырлануды үйренеді.

• Есте сақтау. Сабақтан кейін көрнекі бейнелер жақсы есте қалады. Балалардағы ұсақ мотормканың дамуы біртіндеп жүреді, өйткені бұл жеке процесс және әр нәрестеде ол өз қарқынымен өтеді. Бастапқыда қозғалыстар ұқыпсыз және ыңғайсыз болады, бірақ арнайы ойындар балаларға осы дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Балалардың ұсақ қол икемділігін дамытудың бірнеше түрлері бар:

• Алақан массажы. Ең қарапайымы-алақанға сағат тілімен жеңіл сипау массажы. Алақанның ортасында өте маңызды нүкте - сөйлеуді дамыту орталығы

орналасқан. Сонымен қатар, саусақтарыңызды ұштардан білекке қарай уқалаңыз, оларды барлық жағынан ысқылаңыз, содан кейін әрқайсысының жастықшасына оңай басыңыз. Содан кейін әр саусақты бірнеше рет бүгіп, созыңыз. Мұндай массажды күн сайын 2-3 минут жасау керек. Бұл ми қыртысымен байланысты белсенді нүктелерге әсер етуге көмектеседі.Бұл кез-келген жастағы ұсақ моториканы дамытудың ең қарапайым және әмбебап тәсілі.

• Саусақ ойындары. Алақандар мен аяқтарда барлық ішкі органдардың проекциялары бар. Саусақ ойындары балаларды ептілікке ғана емес, сонымен қатар ішкі ағзалардың дұрыс жұмысын реттеуге, эмоционалды фонды жақсартуға көмектеседі (өйткені, әдетте, барлық балалар оларды қуана ойнайды).

• Қағазды жырту. Бұл жаттығу 7 айдан бастап балаларға жарамды. Тәрбиешілер балаларға ескі газеттерді немесе жұмсақ түсті қағаз парақтарды береді. Балалар алдымен жаңа материалды сезіне бастайды, қолдарында бұралып, содан кейін жыртады. Бұл жаттығу сезім қабілеттерін дамытуда тиімді әдістердің бірі болып саналды.

• Моншақтар. Балалар ұсақ заттарды сұрыптағанды ұнатады және бұл өте пайдалы. Сондықтан сіз әртүрлі мөлшердегі және пішіндегі ойыншықтарды берген дұрыс. Бала оларды саусақтарымен қызығушылықпен сұрыптайды. Бұл сондай-ақ моториканы дамытумен қатар, балада заттардың пішіні туралы ұғымды қалыптастыратын кірістіру жақтаулары және балада заттардың мөлшері туралы ұғымды қалыптастырады.

• Жарма, құм және т. б. Оларды сұрыптауға, себуге, қолмен, қасықпен ауыстыруға болады. Жарма ойындары ұсақ моториканы және тактильді сезімдерді жақсы дамытады. Ыдысқа әр түрлі дәнді дақылдарды салып, балаға кезекпен әр ыдысқа қолын түсіруге мүмкіндік беруге болады. Осылайша ол әртүрлі дәндерді сезіп, оларды саусақтарымен ала алады.

• Қақпақтар, кілттер, құлыптар, ажыратқыштар .... банкалардың, бөтелкелердің, көпіршіктердің қақпақтарын бұрау және бұрау сияқты қарапайым әрекет саусақтардың ептілігін дамытады.

• Түймелеу және байлау. Бұл жаттығу үшін қосымша ойыншықтар қажет емес. Баланы киіну процесіне біртіндеп қосыңыз. Түймелерді өзі бекітіп, шешсін. Бұл қолдың қозғалысын дамытып қана қоймай, баланы тәуелсіздікке үйретеді.

• Модельдеу. Модельдеу әр түрлі жастағы балаларға жарамды. Бұл жерде бала пластилиннен, саздан, қамырдан мүсін жасайды, өз қиялына еріп беріп, түрлі заттар жасайды.

• Сурет салу және бояу. Қарапайымнан күрделіге дейін түрлі-түсті қарындаштар мен бояулармен сурет салуды үйрену арқылы балалардың қол машықтары жаттығады, жазуға үйренеді.

• Қолөнерге үйрету. Балаға қайшыны, желім таяқшасын, түрлі-түсті қағазды және картонды қолдану арқылы түрлі пішіндер, жеміс-жидектер формаларын қиып, жапсыруға жаттықтыру арқылы бала бойындағы кеңістіктік қиял мен

шығармашылық ойлауды дамытуға болады. Осылайша, балабақшадағы балалардың тәрбиешілермен және үйдегі ата-аналармен жұмыс жасауда қолданылатын әр түрлі іс-шаралар оларды мақсатты түрде қолдану арқылы ұсақ моториканың дамуына, саусақтардың қозғалысын үйлестіруге ықпал етеді. Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар балаға үш есе пайда әкеледі: қолдар жақсы ұтқырлыққа, икемділікке ие болады, қол қимылдарының қаттылығы жоғалады, жазуды игеруге дайындалады, олар кез-келген жаста пайдалы болатын көркемдік талғамды қалыптастырады, үшіншіден, қолдың дамуы баланың сөйлеуі мен ойлауының дамуымен байланысты екендігі дәлелденді

Мектепке дейінгі балалардың ойын әрекеті

Сулешова Мариям Кокеновна, қазақ тілі мұғалімі
«Spectrum Kindergarten» ЖСС

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе»
М. Жұмабаев

Ойын – балалар үшін айналадағы алған әсерді іске асыратын әрекеттің ең қолайлы түрі. Ойында баланың ойлауы мен қиялының ерекшелігі, қарым- қатысты талап ететін эмоциясы, белсенділігі байқалады.

«Ой – ойыннан басталады» - дегендей, баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығуын, белсенділігін арттыру үшін әр педагог қолында ең басты әдіс ойын болуы керек. Сонда ғана, яғни ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, іздемпаздық, тапқырлық әрекетін байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы, түрлі психололгиялық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышы мен ренішін, асқақ арманын, мұрат - мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман - қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшеліктері мынадай: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын-тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, әрі тәрбиелейді.

Демек, ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Ойын – балалардың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады.

Баланың алғашқы түсінігі, іс - әрекеті ойыннан басталып, оның негізі болашақ өмірінде, оқу, еңбек іс - әрекетімен жалғастырылады

Сондай - ақ халқымыздың ұлы ойшыл да дана, дара да данышпан ақын – жазушымыз - Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп ой қозғаса, Мұхтар Әуезов атамыз: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жолдарында өздері қызықтаған алуан түрлі ойын өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуанту, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болады», - деп түйіндеген. А.Макаренконың айтуынша, ойынға бір

жақты көзқарас қате. Педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады, балаларға қуаныш сыйлайды. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек бейімделуіне мүмкіндік береді. Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді, - деп өз сөзінде тілге тиек етеді. Демек, әр ойынға зер салып қарап, оны өмірдің – бастауы, өнердің – айнасы деп ұғынып, әрі ойынмен ұйымдастырылған іс-әрекеті балаларға көңілді, әрі жеңіл болуы керек. Мысалы, әрбір сабақ әр түрлі ойынды талап етеді емес пе? Сондықтан да сабақтың мақсатына, құрлымына және жүру барысына ерекше назар аударып, әр ойында нақтылы іріктеп алуға мұқият болған абзал.

Балалық шақ – баланың тұлға ретінде қалыптасуында қысқа, бірақ, өте маңызды кезең. Осы жасында балада айнала туралы алғашқы түсініктері, адамдарға, еңбекке және басқа құбылыстарға оның өзіне тән қарым-қатынасы, дағдысы мен әдеті қалыптаса бастайды, мінез пайда болады. Осы мектепке дейінгі жасында әрекеттің ең маңызды рөл ойынға беріледі. Ойын баланың моралдік-жігерлік қабілеттерімен тұлға ретінде қалыптасуында тиімді құрал. Танымал педагог А.С. Макаренко бала ойының былай сипаттайды "Ересек адам үшін жұмыс, әрекет, қызмет қандай маңызды болса, бала өмірінде ойынның да нақ сондай маңызы бар. Бала ойында өзін қалай көрсетеді, көп жағынан болашақта да сондай болады.Ойын балалардың қызығушылықтарын артады, интелектуалдық қабілеттері мен шығармашылығы дамиды, ақыл-ой қызметін игереді, білуге қызығушылығы оянады, ой-өрісі кеңейеді, артады, сөздік қоры молаяды. Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады. Әр бала өзін ойын желісі мен ережесіне сәйкес ұстауды, ойын үдерісінде достарымен оң қарым-қатынасқа түсуді, олармен санаса білуді, көмекке келуді, ойын материалын қолдануда келісім жасауды, дауларды әділ шешуді, ойын материалдарына қамқорлықпен қарауды, ауызекі сөйлеуі сияты қасиеттері қалыптасады.

Ойында баланыңдербес әрекеті шексіз, ол бұрын болған оқиғаларды болашақпен араластыруы, қайта-қайта қайталауы және де сол әрекеті оған өзін күшті, маңызды, барлығына қажетті сияқты сезімдер сыйлауы мүмкін. Ойында бала өмір сүруге үйренбейді, ол сол ойында нақты өмір сүреді. Тұлға ретінде баланың қалыптасуында ойынның рөлі өте жоғары. Л. С. Выготский «Ойынды баланың дамуында тоңызыншы вал», - деген.

Ойынның түрлері өте көп: дидактикалық, сюжетті-рөлдік, қимыл-қозғалыс ойындары. Дидактикалық ойындар балалардың ақыл - ойын дамытады, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсені үйретететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қара жәшік»- ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті – жәшіктің ішінде не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу, тіл дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қолданады. Мектепке дейінгі балалардың зейіні импульсивті, тұрақсыз болғанымен, қабылдау есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған. Әр сабақта тақырыпқа байланысты дидактикалық ойындарды пайдаланған абзал.

Сюжетті-рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар өзінің сипаты жағынан көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы: «Балабақша» ойынында тәрбиеші мен тәрбиеленушінің әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдіруге болады.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Асықтар», «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Бәйге»

ойындары балаларды керемет қызықтырады. «Асықтар» ойыны баланың ұсақ моторикасын, көз өткірлігін, зейінін дамытуға мүмкіндік береді. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Баланың тілін жетілдіру, байланысты сөйлеуге үйрету үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Барлық балалар ертегіні, әңгімелерді жақсы көреді, ертегі немесе әңгіме айтып берсең бар ынтасымен тыңдайды. Ертегі балалардың ой - қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылыс-құрылымдық ойындар – балалар қимыл-қозғалыс әрекетінің бір түрі. Балалар ойын үстінде көпірлер, темір жолдар т. б. ірі құрлыстар салады. Ол ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Бала тәрбиесіне жауапкершілікпен келуіміз керек. Ұрпағымыздың тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Заманымызға сай бағыт - бағдармен, тыныс - тіршілігімен бірге жүріп отырады. Қазіргі уақытта осы ұрпағымыз саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, мейірімді, жан - жақты дамыған, оның тілін, сөз байлығын және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін ойнатып үйретуіміздің маңызы зор.

Белгілі педагог Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды». Сондықтан, баланы ойынатып үйрету арқылы онда ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізу ұтымды.

Литература

Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері.»

Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1986.

Венгер Л.А., Дьяченко О.М. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. - М.: Просвещение, 1989.

Воспитание детей в игре: Пособие для воспитателя дет.сада / Сост. Бондаренко А. К., Матусик А. И. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1983.

Коротаева Е. Творческая педагогика для дошкольника// Дошкольное воспитание. – 2006. - №6. – 32-34

Никитин Б. П. Ступеньки творчества или развивающие игры. - М.: Просвещение, 1991.

Смоленцева А.А. Сюжетно-дидактические игры. - М.: Просвещение, 1987.

Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы, 2010ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі педагогтың инновациялық қызметі – заманауи білім беруді дамытудың негізі

Тапишова Т.У.
Жезқазған қ. № жалпыбілім беретін мектебінің
мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі

Педагогтің инновациялық дайындығын қалыптастыру біріншіден, педагогтің инновациялық белсенділігінен басталады. Педагогтің инновациялық белсенділігі – жаңаны білсем, үйренсем, қолдансам деген инновациялық іс-әрекеттерді білдіреді. Инновациялық іс-әрекет дегеніміз, педагогтің жаңашыл идеяларын, жаңашыл әдіс-тәсілдерін оқу-тәрбие үрдісіне, өз кәсіби тәжірибесіне, оқу орны жағдайына, білім алушылардың дәрежесіне байланысты енгізуін айтамыз. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «әдістеме», «өзгеріс», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану және жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру. Осы жағдайда мұғалім жаңа технологияның қыры мен сырын меңгереді, инновациялық іс-әрекеттерін жоспарлап, жүзеге асыру механизмін қолданады. Бұл педагогтің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша құруды көздейді.

Педагогикалық шеберлік – тәрбиеші еңбегінде, адамды оқыту, тәрбиелеу, дамыту өнерін үнемі жетілдіріп отыруда көрінетін педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейі. Педагогикалық шығармашылық оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, ғылыми-практикалық мәселелерді шешуде түбегейлі жаңалық жасауда жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің күйі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық шеберліктің ең маңызды бөлігі – кәсіби білім мен дағды. Үнемі өз бетінше еңбектену, өзіндік өсуге ұмтылу, өзін-өзі тәрбиелеу – ұстаз өмірінің бірден-бір жолы. Л. Толстойдың идеясында адамдар өзін-өзі тәрбиелемей, басқаларды да оқытқысы келетіндіктен, білім беру мәселесі қиын болып көрінеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары барлық жаңалықты жақсы қабылдайды. Жалпы білім беру тәжірибесін дамыту мектепке дейінгі білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің шығармашылық, инновациялық әлеуетінің көрінуіне ықпал етеді.

Педагогикалық шеберлік негіздерінің маңызды құрамдас бөліктері – тәрбиешінің кәсіби білімі, оның кәсіби-гуманистік бағыттылығы, педагогикалық қабілеттерінен көрінеді. Ал, педагогикалық техникасы мен педагогикалық технологиясы оның халықтық тәрбие дәстүрлеріне негізделген рухани-адамгершілік ұстанымдарымен сипатталады.

Әрбір жеке жағдайда тәрбиешінің шеберлігі – шығармашылық. Тәрбиеші балаларға деген көзқараста, балаларға әсер ету құралдарын таңдауда шығармашылық шешімдер іздейді және табады. Балаларға оқылатын шығарма мазмұнында, балаларға әсер етудің құралдары мен әдістерін таңдауда шаблон мен бір сарындылық болмауы керек. Шығармашылық жоқ, монотонды жұмыс педагогты кәсіби әлсіреуге, интеллектуалдық өсудің тоқтауына әкеледі.

Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты тәрбиешіні әріптестерінің озық тәжірибесін зерделеуге және алуға итермелейді, білім беру саласындағы жаңалықтарды игеруге ықпал етеді. Тәрбиешінің шығармашылық қабілетінің жоқтығы балалардың дамуына кері әсерін тигізеді.

Педагогтердің алдына қойған міндет – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Өмір талабы бойынша оқушы қазіргі кездегі сабақта қонақ болып отырмай, оның негізгі кейіпкері болу керек. Осыған қарай нәтижеге жеткізсе, әр технология тиімді.Жаңартылған білім берудің маңыздылығы. Яғни балаға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау, саралау, баламен жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасай білу, оның ішінде инклюзивті орта құру; қызықты ойын түрінде балаларды тәрбиелеу.Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті және табиғи кәсібі. Педагогтің мақсаты – ойынды балалар өмірінің мазмұнына

айналдыру. Оқу құралы ретінде дидактикалық ойын ұйымдастырылғаніс-әрекеттің ажырамас бөлігі болып табыла алады. Бұл білімді игеруге, шоғырландыруға және танымдық іс-әрекет әдістерін игеруге көмектеседі. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекет шығармашылық белсенділікті, дербестікті оятуға бағытталған, ал педагог оқу-тәрбие процесінде көмекші рөл атқарып, «жанында емес, жоғарыда емес, бірге» ұстанымын ұстанады. Инновациялық қызметтің негізгі мақсаты: мекемеде оқу процесінің тиімділігін арттыру және сапалы нәтиже алу болып табылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде медиатехнологияларды пайдалану мектеп жасына дейінгі балалардың назарын аударады, педагогке оқу-тәрбие мәселелерін шешуге көмектеседі. Медиатехнологиялар оқу процесін көру, есту, тактильді қабылдау негізінде құруға мүмкіндік береді. Интербелсенді (интерактивті) тақтаны әртүрлі жұмыстарда пайдалану балалардың оқуының тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Бүгінгі ғылым мен техниканың қапрыштап дамып жатқан кезінде дәстүрліоқу технологиясы тәрбиеленушілердің білім деңгейін стандарт деңгейінде толық меңгеруне кепілдік бермей отырғандығы тәрбиеленушілердің білім деңгейінен көрінуде. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудағы педагог өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра алу үшін, ең алдымен педагог өз қызметінің мәнін түсінуі басты шарт. Педагогтің негізгі қызметінің мәні-баланы ойын арқылы оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Өйткені, педагог еңбегінің нәтижесі қандай болса, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ.

Әдебиеттер

1. К.Бұзаубақова. «Қазақстан мектебі» журналы
2. Реджерс Э. Инновация туралы түсінік
3. «Білім шапағаты» Республикалық апталық газеті.
4. «Didaktika журналы» Республиклалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы.

Балабақшадағы бесік жыры: денсаулыққа пайдасы мен маңызы. QR КОД арқылы заманауи бесік жырлары

Тастанбекова У.Е.

Астана қаласы №86 «Зияткер» балабақшасы, тәрбиеші

Бесік жыры арқылы сәбиді ұлттық әуенге, қазақтың ән өнеріне деген қызығушылығын арттырып, кішкентайынан ұлттық нақыштағы үнге баулып өсіру сынды астар жатқан. Осы орайда бүгінгі мақалада бесік жырының ең көп таралған әрі тез жатталатын нұсқасын назарларыңызға ұсынбақпыз. Әлемнің көптеген елі сияқты қазақ халқында да бесік жырына ерекше мән берілген. Елімізде бесік жырын алғаш рет Ә. Диваев хатқа түсіріп, 1905 жариялаған екен. Басылым солардың ішіне халық арасында кең таралған нұсқасы ретінде төмендесі бесік жырын мысалға келтіреді:

...Айыр қалпақ киісіп,

Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің!

Бармақтары майысып,

Ою-өрнек ойысып,

Ұста болар ма екенсің!

Таңдайларың тақылдап,

Шешен болар ма екенсің!...

Құрығыңды майырып,

Түнде жылқы қайырып,

Қызмет қылар ма екенсің?!

Қолымыздан іс алып,

Бақытымызға жан балам,

Бізді бағар ма екенсің?! деп баласының болашағын, ел мүддесін, өз арман-мұраттарымен аттастыра жырға қосады. Ал суырып салма бесік жырларында айтушы жанрлық түрді пайдалана отырып, кезеңдік жағдайларды, өзінің ішкі мұң-сырын өлеңге қосады. Мәселен Г.Н.Потанин хатқа түсірген Бесік жырының бір үлгісінде:
«Таудан Тоғас түскен жоқ,
Секемен тары піскен жоқ.
Тоғас түссе етекке,
Қой жүреді жетекке.
Жылама, бөпем, жылама» деп жарты құрсақ жатақтар өмірінің ауыр тірлігі суреттеледі.
Бұл ретте қазақ халқы бесік жырымен болашағын ұрпағын әлдилеп, ол арқылы атадан балаға мирас болып келе жатқан айрықша дәстүрді аманат еткен. Сол себепті сәби дүниеге келген соң да, балабақшада да әлдилеп бесік жырын айтуды ұмытпаңыз. Сонда сәбиіңіз кішкентайынан ұлттық құндылықтарға сусындап өсіп, анасының әлдиіне ерекше құрметпен қарайтын болады.
Мамандар балалардың түстен кейін ұйықтағаны денсаулықтарына өте пайдалы екенін айтады. Олардың айтуынша, ұйқы мидың жұмысын жақсартады екен. Соған сәйкес жас балалардың оқу үлгерімі де жақсы болады. Түскі ұйқы 3-5 жастағы бүлдіршіндердің есте сақтау қабілетін арттырады.

Бесік жырын тыңдап өскен баланың тілі тез шығады. Ең бастысы – есте сақтау қабілеті дамиды. Бүгінгі ұрпақ шешендігінен, әншілігінен, ақындығынан, сабырлығынан, парасаттылығынан ажырап барады. Бұл да алаңдатарлық жай. Қазақта «түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі» деген сөз бар, сөйте тұра бүгінде өзге мамандық иелері ән айтса,бір түрлі тосырқап қараймыз. Тәрбиеші бесік жырын әндететіп айтса қандай керемет?! Ендеше әншілік өнер қазаққа неге жат болуы керек?! Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Біз бұл құндылығымызды балабақшада жалғастырып, балалардың түскі ұйқы уақытын қолайлы, пайдалы ұйымдастыруымыз қажет. Қазір де бесік жырын QR код арқылы қосып қоюымызға болады. Бесік жырын түрлі программалар арқылы өз даусымызды жазып, ютуб платформасына салып, QR бот программасы арқылы шығарып алып, балалар жатын бөлмесіне іліп, біреуін таңдап қосып қойсаңыз құба-құп.

Массачусет университетінің ғалымдары 40 балаға зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде олар ұйқының жағымды әсерлері келесі күнге дейін сақталатын көрген. Бұл дегеніңіз ұйқы еске түсіру және алған біліміңді есте сақтап қалу үшін маңызды деген сөз. Осылайша күндіз бір сағат ұйықтаған балалар ұйықтамаған топқа қарағанда ақпаратты 10%-ға артық еске түсіретін болған.Миға жүргізілген зерттеу барысында ұйқы кезінде оқыту және жаңа ақпаратты интегралдауға жауап беретін ми аймақтары белсенді жұмыс істейтіні анықталды. Жалпы кішкентай балалар күніне шамамен 11-13 сағаттан ұйықтауы керек.

Сырлы сөз бен сазды әуен астасып келетін Бесік жыры халық педагогикаының бастау бұлағы ғана емес, біздің жан дүниемізді танытатын, кезеңдік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін шалқары кең жанр.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев-Алматы
2. «Бесік жыры: ең кең таралған және оңай нұсқасы» Ә.Найманқызы

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін халық ауыз әдебиеті арқылы дамыту

Г.Е. Умбетова, тәрбиеші
№87 «Қадыр» балабақшасы
Астана қаласы

Қазіргі таңда білім саласына енгізіліп отырған жаңартылған оқу бағдарламаларының басымдықтарын негізге ала отырып, балалардың бойына қажетті дағдыларды қалыптастыру мен ұлттық маңызды құндылықтарды игертуде мектепке дейінгі тәрбиенің де үлесі өте зор.

Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын, бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үйретететіні белгілі.

Мектепке дейінгі балаларды ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады.

Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлар жыры, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-мәтелдер, ойға түртқі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар бәрі дебалалар бақшасында кең пайдаланылатын дүниелер.

Қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, қиялын, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп келеді.*Ертегілер,*халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты адам баласының еңбекке, тұрмыс-тіршілік жағдайына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатынын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған.

Қазақ ауыз әдебиетінде айрықша орын алатын *мақал-мәтелдер* –адамның бүкіл тыныс-тіршілігінен, әдет-ғұрпынан, түсінік-болмысынан туындаған байлаулы ой түйіндері. Балаларға мақалдарды үйрете отырып, мағыналарын ашқызу, түсіндіру

талап етіледі. Мұнда балаға беретін тәрбие тілін дамытатын нәрсе терең ойды аядай қалыпқа сыйғызып, мағынасын ашады.

Халық балалар мен жастардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда ауыз әдебиетінің елеулі туындысының бірі – **жұмбаққа** көп мән берген. Қиялдай білу арқылы ой-өрісі, дүниетанымы арқылы балаларды тапқырлыққа, тілін дамытуда басты құрал болып табылады.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйретететін, тілін дамытатын жанрлардың маңыздысы – *жаңылтпаштар.* Ол баланың сөйлегенде кекештенбей, тұтықпай, жаңылмай, дұрыс, еркін сөйлеуіне, сөйтіп, ана тілін игеруіне үйретеді. Халықтық жаңылтпаштар қаншалықты айтуға күрделі, тілге күрмелеулі, шатастырғыш шытырман ұйқасты болып келседе, мазмұнында бір мән, халықтың тұрмыс-салтына үйлесімді ой жатады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ой өрістерін дамыту, қиялын шарықтату, тіл байлығын молайту мақсатында, сөйлеу дағдыларын дамытудың негізгі әдіс-құралдарымен қатар, халықтың ауызша шығармашылығының осы бай материалдарын өз тәжірибемізде кеңінен қолданамыз. Жұмысымыздың барысында байқағанымыз балалардың сөйлеу мәдениеті мен қатар, ұсақ моторикасы дамуына байланысты дыбыстық мәдениетіде дами түсуде(саусақтарымен ұсақ жұмыс жасау барысыда санамақтар, жаңылтпаштар, өлеңдер қолданылды).

Сонымен қатар жұмысымызда, балалар, ертегілер кейіпкерлерін жасау барысында, командалық жұмыстарға үйренді.

Қорыта келе, айтайын дегеніміз,халық ауыз әдебиетімен таныстыру кешенді, жүйелі және балабақшадағы барлық іс-әрекеттер барысында қолданылып жүргізілу керек. Фольклор балалардың дамуындағы бастапқы кезеңінде тәрбиелеудің, халық даналығын игерудің бірегей құралы болып табылады. Балалар шығармашылығы, баланың сөйлеу дамуының маңызды факторы болып табылатын, имитацияға негізделген.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек**.** Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда...» - деген болатын.

Осыған байланысты қазіргі заманғы Қ.Р. мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мақсаты жан-жақты, моральдық тұрғыдан тұрақты, коммуникативтік, құзыретті, функционалдық сауаттылыққа ие, әр түрлі жағдайларда тәуелсіз шешім қабылдауға қабілетті, құндылықтар жиынтығы бар жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Мектепке дейінгі балалардың дамуы әр жақтылығымен және қарқындылығымен ерекшеленеді. Мектепке дейінгі кезеңде балалар дамуының түрлі бағыттарында маңызды өзгерістер орын алады – іс-әрекет түрлері жетіледі, тұлға дамуында өзгерістер байқалып, танымдық іс-әрекет мазмұны тереңдей түседі.

Сөйлеуді дамыту мәселелерін көптеген зерттеушілер түрлі аспектілерде зерттеді. Мысалы, Ф. А. Сохиннің айтуынша, сөйлеу «бір-бірімен тығыз байланысты сөздердің реті ғана емес, нақты сөзбен және жақсы қалыптасқан сөйлемдермен көрінеді. Мағыналы, байланысы бар сөйлеу, баланың өз ана тілін игерудегі барлық жетістіктерін, оның дыбыстық жағынан, сөздік қорын және грамматикалық құрылымын сіңіреді».

Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуының әр түрлі аспектілерін зерттеген қазақстандық психологтарды айта кету керек. Оларды атап

шықсақ: А.К. Меңжанова, М.С. Сатимбекова, А.С. Амирова , Ф.Н. Жұмабекова, К.Т. Шерьязданова, У.И. Ауталипова.

Баланың мектепке дейінгі өмірі көбінесетікелей ересектерге байланысты. Ересектер - баланың ата-анасы, жақындары, тәрбиешілер оның өмірін мейірім мен шуаққа толтыруы, ол өмір сүріп жатқан ортаны рухани байтуы керек.Бала өмірінің бірінші жастарындағы тәрбиелеуіне ерекше көңіл бөлінеді, себебі мектепке дейінгі балалық кезеңде тәрбиелеудің маңызды мәселелерінің бірі баланың *сөйлеуін дамыту болып табылады*.

Егер баланың сөйлеуі жеткілікті деңгейде қалыптаспаса, оның толыққанды дамуы туралы айтуы мүмкін емес. Сөйлеудің дамуы қазіргі әлемде ерекше орын алады. Жақсы меңгерілген сөйлеу, балалардың толыққанды қарым-қатынас пен коммуникативті жағдайларына оңтайлы ықпал етеді.

Дұрыс, жақсы қалыптасқан сөйлеу мектепке дайын болудың маңызды шарты болып қарастырылады. Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беруде сөйлеуді дамыту процесі балаларды тәрбиелеу және оқытудың негізі ретінде қарастырылады.

1. Мектепке дейінгі ұйымда балаға консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, топ тәрбиешісі енгізіледі. Мамандар мектепке дейінгі ұйымға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.

2. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету, яғни мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.
3. Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Балаларды мектепке дейінгі ұйымда оқу іс-әрекетін меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.
4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасында арте, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге, мектепалды баланың әрекеті мен мінезіндегі адамершілік бағыттарының қалыптасуына, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді.
Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар:
▪ Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға дайын болуы.
▪ Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.
▪ Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.
▪ Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.
▪ Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту процесіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.
▪ Инклюзивті білім берудің көп аспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.
▪ Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқыту бағытында жұмыс істеу мақсатында педагог қызметкерлерін даярлау.
▪ Педагогикалық жоғары оқу орындарында және колледждерде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.
▪ Арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелерінің өзара сабақтастықта жұмыс жасауы.
▪ Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.
▪ Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту қызметі жүйесі жұмыстарының нормативтік-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.
▪ Мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

▪ Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру.
Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары:
▪ мүгедектік мәселені қоғамда түсіну;
▪ қатарластарымен қарым-қатынас;
▪ толыққанды білім беру;
▪ қоғамға кіріктіру және бейімделу;
▪ мүгедек емес балаларды түсінуге, пікірлесуге тәрбиелеу;
▪ даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте тексеру және түзету-педагогикалық қолдау көрсету мекемелерінің көптеп ашылуы;
▪ балаға міндетті психологтық-педагогикалық жетелеу жүргізіп, жалпы білім беру процесімен кіріктіру;
▪ әр бала үшін кіріктірудің мүмкін және қажетті түрін анықтау;
▪ даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте анықтап, кешенді көмек көрсету;
▪ даму мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке даярлау;
▪ ерекше сұранысқа ие балаларды қанағаттандыру мақсатында жалпы типте білім беру мекемелерін техникалық құрал жабдықтармен толықтыру;
▪ инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде қоғамдық мекемелерде ата-аналарды қатыстыру.
Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру процесіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.
Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтың жылдық жоспарларына сәйкес күннің II жартысында өзімен жасты балалармен қатысады (сурет салу, жапсыту т.б.) және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.
Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырған оқу іс-әрекеттеріне қатысып үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім алады.
Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мектепке дейінгі ұйымның өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке. Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады. Ең бастысы, бұл балалар болашақта жалғызсырамай, өздерімен жасты балалармен бірге тәлім-тәрбие алуды жалғастырады.
Қорыта айтқанда , инклюзивті оқыту мектеп жасына дейінгі балаларды оқуда, түрлі салаларда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті

дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін ерекше қажеттілігі
бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқытудың жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие-сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

Эбру – бейнелеу өнеріндегі жаңа технология

Арбабаева Айғаным Тулеуовна

Астана қ. "Spectrum Kindergarten" Халықаралық балабақшасы, бейнелеу өнері мұғалімі

Ғажайып құбылысты суретшілер суда ерімейтін арнайы майлы бояулар арқылы жасайды. Нәтижесінде, мата немесе қағаз бетіне көшіріп алуға болатын өрнек пайда болады. Осылай эбру сабағы бар балалар үшін өте пайдалы. Себебі ол когнитивтік белсенділікті дамытады, сөйлеу түсінігін жақсартады, сондай ақ бала тәуелсіз сөйлеуді бастайды. Түс қабылдауды, кеңістікті қабылдауды, дерексіз ойлауды, есте сақтау қабілетін жақсартады. Сонымен қатар қол маторикасын, бұлшық ет жадысын, шыдамдылық пен төзімділікке дамытады. Көзді қолмен үйлестіруді жақсартады. Материалдардың бірегейлігі қуаныш сыйлайды, балалар түстердің сиқырына қатысады.

Ebru- бұл ескі графикалық технология, бізге су бетінде бар түрлі түсті әсер алуға мүмкіндік беретін өнер түрі. Нәтижесінде матаның бетіндегі немесе қағаз бірегей үлгісі болып табылады. Су дәстүрлі түрінің кескіндеме жабдықтарды және толықтыратын элементтер мен іздерге тән кескіндеме техникасын біріктіреді.

Эбру түрлері:

Қазіргі заманғы суретшілер кеңінен суға сурет салу әдістерін түрлі тәжірибеде қолданады.

1.Akkase ebru. Қағаз парағында кезекпен, бояу бірнеше қабатын қолданылады.

2.Толқындар немесе Гель-Git. Техникасы қарапайым : су шашатын бояу дайындалған бетінде, ол AWL немесе қайырылған бамбук таяқша өзара паралель сызықтар жүзеге асырылады.

3.Баттал Ebru суретшіге ғана су бетінде бояуы қажет, одан басқа өзгерістер енгізу талап етілмейді, бұнда ең қарапайым техника қолданылады.

4.Ebru техникасы Хатиб, XVIII ғасырдың басында ислам уағызшысы Мехмет Эфенди ойлап тапқан. Бұл әдіс Баттал кескінінде, реферат сызбаларда

қолданылған. Сонымен қатар , су туралы Хатиб эбру кескіндеме арқасында ою жасау мүмкіндігіне ие болады.

5.Ebru Nejmeddin , жақсы өнер тапқыштың атындағы белгілі кескіннің түсі. Бұл әдістің негізі түрлі өлшемдегі концентрлік шеңбер бойынша AWL жұмыс жасайды.

Қазіргі суретшілер арасында эбру өнері қашан, қайда пайда болды деген пікірталастар әлі де тууда, алайда эбру ежелгі шығыс халықтары өнері.

Эбру – ежелгі түріктерден бастау алған су бетіне салынатын сурет өнері. Әрине қазіргі таңда эбру – бейнелеу өнеріндегі жаңа технология. Эбру өнерінде сурет арнайы жазықтың ыдыс бетіне су құйылып, сол судың бетіне табиғи шөптер сығындысынан жасалған арнайы бояулармен сурет салынады.Боялар бір бірімен және сумен араласпайды, су бетінде пленка түзеді. Нәтижесінде ерекше әдемі, бір-бірінен қайталанбайтын өрнектер пайда болады. Өрнектер мата немесе қағаз бетіне көшіріліп алынады.

Бір жағынан судың бетіне сурет салу оңай көрінгенмен, бұл олай емес. Судың бетіне сызықтар, өрнектер салу күрделі, үлкен шыдамдылықты талап етеді.Алайда онымен қоса эбру – су бетіндегі бояулар қанық, ашық өрнектер – адамның сезімін толқытып, керемет көңіл сыйлайды.

Ал балалар судың бетіне сурет салғанда қиял әлеміне кіріп кеткендей сезімде болады. Эбру техникасы балаларымызға өте пайдалы, өйткені ол балаларымыздың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетінің дамытады және шыдамдылық, төзімділікке тәрбиелейді. Бұл нағыз арт терапия. Баланың көңіл күйінің көтерілуіне, бар болғаны бірнеше минут сумен сурет салғаны жетіп жатыр.

Балалар құлшыныспен су бетіне сурет салады. 4-5 жасар балалар эбру техникасын қолдана отырып, әр-түрлі өрнектер салу арқылы, түстер табады. Нәтижесінде керемет, қайталанбайтын суреттер шығады.

Су бетіндегі балаларымыздың сурет салып жатқандағы және дайын өрнектерді қағаз бетіне шығарып көргендегі сезімдерін айтып жеткізу мүмкін емес. Балаларымыздың әрбір алған әсерлері, шынайы сезімдеріне, қуаныштарына ештеңе жетпейді.

Әдебиеттер

1. «Уроки рисунка » Аква Эксперт.Ру/htt:graphic.org.ru.
2. Техника эбру/http://ru.dokusu.com/ebru-sanati-teknikieri

Мектеп жасына дейінгі мекемеде «марблс» тастарын қолдану жолдары

Аскарова Саяра Ершатовна
"Павлодар қаласының № 30 сәбилер бақшасы"КМҚК, әдіскер

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Осындай әдістердің бірі – «Марблс» тастарын пайдалану болып табылады.

Мектепке дейінгі білімге қойылатын заманауи талаптар педагогтарды жұмыстың жаңа әдістері мен нысандарын іздеуге және қолдануға мәжбүрлейді. «Марблс» тастарын қолдану балалар үшін қызықты және әртүрлі бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дәстүрлі емес оқыту әдістерінің бірі болып табылады.

«Марблс» тастары талаптарға сәйкес келеді, барлық білім беру салаларында қолданылатын көп функциялы құрал болып табылады, өйткені бұл материалды ұйымдастырылған білім беру қызметінде (топтық, кіші топтық, жеке) және балалардың тәуелсіз іс-әрекетінде де қолдануға болады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетте суретке тастарды салу қажет болған түрлі шаблондарды қолданған кезде көзшолу-моторлы үйлестіру жетілдіріледі, көру өткірлігі артады, назарды бекіту тұрақты болады, қолдың қозғалысымен байланысты көз қозғалтқыш функциялар – үйлесімді болады, тұтас көзбен қабылдау жақсарады, пәндік көріністер неғұрлым толық болады.

Кішкене шарлармен ойындар есте сақтау, ойлау, сөйлеу, қиял, шығармашылық белсенділік, танымдық белсенділікті дамытуға ықпал етеді.

Марблс тастарын іс жүзінде қолдану келесі мәселелерді шешеді:

1. Ұсақ мотериканы, көру-қимыл үйлесімін дамыту.
2. Шарды қолмен дұрыс ұстауды қалыптастыру.
3. Саусақтар мен қолдардың күрделі үйлесімді қозғалысын дамыту.
4. Жанасу түйсіктерін дамыту
5. Кеңістіктік көріністерді дамыту
6. Көру зейінін, есте сақтауды, ойлауды дамыту
7. Баланың қиялын дамыту.

Марблс тастарымен жұмыс назарды, сенсорлық қабылдауды, ұсақ мотрикаңы, мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын белсендіреді және дамытады. Балалардың сөйлеу белсенділігін арттырады.

Ойын барысында бала босайды, эмоциялық күш алады, түрлі дағдыларға үйренеді. Балаларда марблс тастарымен ойнай отырып, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, назар, қиял дамиды.

Марблс тастарды топтарыңызда ашуланатын, тез жылайтын, қызғаншақ, ойын кезінде басқа балаларға кедергі жасайтын тәрбиеленушіге беруге болады. Ойын түрінде, санамақ түрінде немесе түсін ажырату ойындарын ойнатуға болады. Марблс тастары көп сөйлемейтін түйық сөз қоры аз балаларыңа қажеттілігі жоғары.

Марблс таспен ойынды шағын топтарда (3–5 адамнан аспайтын, егер бала жасы 3-тен 5 жасқа дейін болса) немесе жекелей өткізген дұрыс.

Марблс тастарымен жұмыс істеу кезендері: **І кезең.** «Тас жинау»

Марблс тастарымен жұмыс істеуді бастау үшін әртүрлі түстегі, пішіндегі, текстурадағы тастар жинау керек. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындар мен жаттығулардың көп түрін әзірлеуге және қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы: «Сипаттамасы бойыншпа табу», «Ұстап көріп тану», «Тақырып бойынша бөлу», «Түсі бойынша бөлу», «Пішіні бойынша бөлу», «Өлшемі бойынша бөлу», «Мөлдір-мөлдәр емес», «Қара - ашық»,

«Тегіс-тегіс емес» ойындарын ойнауға ұсынамыз. Бұл ойындар мен жаттығулар балалардың заттардың белгілеріне қарай жіктеулі туралы түсініктерін қалыптастыруға, ұсақ мотрикаңы дамытуға, сөздік қорларын байытуға, сөйлеу тілін дамытуға, дербестікке, алғырлыққа ықпал етеді.

ІІ кезең. Иллюстрациялар картотекасын құру.

Марблс тастарынан сурет құрау үшін иллюстрациялардан картотека жасау – жұмыстың келесі кезеңі. Мұндай жұмыс көркемдік және эстетикалық қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Арнайы иллюстрациялар болмағандықтан, ермексазбен сурет салу үшін дайын иллюстрациялар қолданады. Иллюстрациялар картотекасы «Жануарлар», «Көлік», «Ертегілер», «Ойыншықтар» тақырыптарын қамтуы мүмкін.

Марблс тастарымен берілген тапсырмаларды орындау процесінде балалар сезімінің барлық түрі дамиды, әлемді сезімдік тануы жетіледі, ынтасы, санасы, қызығушылығы артады, дербестікке деген ынтасы қалыптасады. Тастардың түстік үйлесімінің алуан түрлілігіне, пішіндері мен өлшеміне байланысты балалардың ынталы қызметіне, эмоционалды және эстетикалық тәрбиесіне деген алғышарттар қалыптасады.

«Марблс» тастарын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелеріне ерекше назар аударылады! Балаға «Марблс» тастары мен шарларының жеуге жарамсыз, дәмі жоқ екенін және оларды ауызға салуға болмайтынын бірнеше рет түсіндіру керек! Оларды лақтыруға болмайды, өйткені олар шыны және сынуы мүмкін.

Аталған технологияны балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті

әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір педагогтың міндеті.

Әдебиеттер

1. Афанасьева М.А. Использование камешков «Марблс» в коррекционно-развивающей работес детьми дошкольного возраста // Научный форум: Педагогика и психология: сб. ст. поматериалам XXV междунар. науч.-практ. конф. – No 1(25) – М., Изд. «МЦНО», 2019. – с.137-140.
2. Климанова, Г.Б. Учебно-методическая технология использования камешков Марблс в работе с детьми дошкольного возраста // журнал Дошкольная педагогика. 2015.-No8(113)-С.28-37
3. Статья О.В. Бурнашовой МБДО No133 Новокузнецк. «Использование камешков «Марблс» в преодолении речевых нарушений у детей дошкольного возраста»
4. Статья Черногузовой Е.А. «Камушки марблс и их применение» недоразвития речи у дошкольников. М.: Просвещение 1990.

АКТ-ны мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста қолдану

КМҚК «Гауһар» бөбекжайының
зерттеуші педагог-психологі
Аханова Маржан Тлеубековна
Тәрбиеші : Исина Ж.Р.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі ақпараттық қоғамның қарқынды дамуымен, мультимедиялық технологиялардың, электрондық ақпараттық ресурстардың, желілік технологиялардың оқыту мен тәрбиелеу құралы ретінде кеңінен қолданылуымен байланысты. Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – оқу-әдістемелік материалдардың, компьютерлік технологияның оқу процесіндегі техникалық және аспаптық құралдарының, білім беру ұйымдарындағы мамандардың (басшылық, тәрбиешілер, мамандар) қызметін жетілдіру мақсатында оларды қолданудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы. сондай-ақ балаларды тәрбиелеу (дамыту, диагностика, түзету) үшін.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру мұғалімнің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда өзін жайлы сезінуіне, ал оқу орнының ашық білім беру жүйесі ретінде жұмыс істеу және даму режиміне өтуіне көмектеседі.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде АКТ қолдану.

Іс-әрекет жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бағыттары бойынша мектепке дейінгі білім беру мекемелерін мыналарды бөлуге болады:
• балалармен оқу процесін ұйымдастыруда АКТ-ны қолдану;
• мектепке дейінгі білім беру мекемесі (педагог) мен ата-ананың өзара әрекеттесу процесінде АКТ-ны қолдану;
• үдерісінде АКТ-ны қолдану және педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.
Балабақшадағы сабақтарды дыбыс және бейне жазбаларды пайдалана отырып, үлкен иллюстрациялық материалды тарта отырып, эмоционалды, жарқын етуге болады. Мұның барлығын бізге компьютерлік технология өзінің мультимедиялық мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете алады. Бұл жағдайда компьютер тәрбиешінің орнын толтырмай, оны толықтыруы керек.
Мектепке дейінгі жас – тұлға дамуының ерекше кезеңі екені сөзсіз. Дәл осы кезеңде баланың қоршаған әлем туралы түсініктері қалыптасады, оның интеллектуалды және психикалық дамуы жүзеге асады. Ойын және оқу мүмкіндіктерінің зор әлеуеті бар компьютер балаға айтарлықтай әсер етеді, бірақ кез келген технология сияқты ол өз алдына құнды емес, тек мұғалім, бала және компьютер арасындағы сәйкес ұйымдастырылған өзара әрекеттесу арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге болады.
Дұрыс таңдалған тапсырмалар мен мультимедиялық технологияның көмегімен көрсетілген бейнематериалдар балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі. ДК-мен қарым-қатынас балаларда алдымен ойын әрекеті, содан кейін оқу әрекеті ретінде үлкен қызығушылықты оятады. Бұл қызығушылық танымдық мотивация, ерікті есте сақтау және зейін, логикалық ойлауды дамытудың алғышарттары сияқты маңызды құрылымдардың қалыптасуының негізінде жатыр.
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне ақпараттық технологияны енгізудің негізгі шарттарының бірі – компьютердің техникалық мүмкіндіктерін білетін, олармен жұмыс істеу дағдысы бар, компьютерді пайдаланудың санитарлық нормалары мен ережелерін қатаң сақтайтын, техниканы меңгерген мамандардың болуы. мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа ақпараттық технологиялармен таныстыру үшін балалармен жұмыс жасау керек. Осыны ескере отырып, қазіргі кездегі басты міндет – мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығын арттыру, олардың бағдарламалық оқу кешендерімен, Интернет ғаламдық компьютерлік желісінің ресурстарымен жұмыс істеуін игеріп, келешекте олардың әрқайсысы қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдалана алатындай етіп дайындап, балалармен сабақты жоғары сапалы деңгейде өткізу.жаңа деңгейде.
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде сабақта ақпараттық технологияларды қолдану балалардың сабақтағы интеллектуалдық енжарлығын жеңуге мүмкіндік береді, мектепке дейінгі білім беру мекемесі педагогының оқу-тәрбие қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
Мультимедиялық презентацияларды пайдалану сабақты эмоционалды, қызықты өткізуге мүмкіндік береді, олар тамаша көрнекі құрал және

демонстрациялық материал болып табылады, бұл сабақтың жақсы нәтижелі болуына ықпал етеді.
Мультимедиялық презентациялардың көмегімен балалармен көрнекі гимнастика кешендері, көру шаршауын жою жаттығулары оқытылады. Мультимедиялық презентациялар оқу және дамыту материалын алгоритмдік түрде жан-жақты құрылымдық ақпаратпен толтырылған жарқын анықтамалық бейнелер жүйесі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қабылдаудың әртүрлі арналары қатысады, бұл ақпаратты тек фактографиялық емес, сонымен қатар балалардың жадында ассоциативті түрде сақтауға мүмкіндік береді. Балабақшада интерактивті кестені пайдалану балалардың қоршаған әлемнің ақпараттық ағындарын бағдарлау қабілетін дамытуға, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеруге, мектеп жасына дейінгі балалардың білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал ететін жан-жақты дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. баланың мектепке дайындығы. Интерактивті кестемен жұмыс оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, коммуникативті ойындарды, проблемалық жағдаяттарды, шығармашылық тапсырмаларды жаңаша қолдануға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологияларды (графика, түсті, дыбыс, бейнематериалдар) пайдалана отырып интерактивті кестені пайдалану сабақтағы әртүрлі жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Новицкая Н. Управление инновационными процессами в ДО. – М., Сфера, 2008.
2. Горвиц Ю., Поздняк Л. Кому работать с компьютером в детском саду. Дошкольное воспитание № 5. – М., 1991 г.
3. Калинина Т.В. Управление ДО. Новые информационные технологии в дошкольном детстве. – М.: Сфера, 2008.
4. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии: учебно-методическое пособие. – М.: Педагогическое общество России, 2000.
5. Моторин В. Воспитательные возможности компьютерных игр. Дошкольное воспитание № 11. – М., 2000 г.
6. Новоселова С.Л. Компьютерный мир дошкольника. – М.: Новая школа, 1997.
7. Интернет–ресурс: http://sad-berezka.ru/index.php/stati/92-interaktivnaya-doska-v-dou

Мектепке дейінгі балалардың музыка қабілетін дамыту

Ахметова Роза Кирашовна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Қазалы қаласы №3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты музыка өнері арқылы баланың өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, Отанына, еліне, жеріне деген

сүйіспеншілігін арттырып, өз халқының өнерін, салт - дәстүрін жоғары бағалай білетін парасатты азамат тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиедегі басты міндеттердің бірі – баланың музыкаға деген қызығушылықты, қабілеттілікті, эстетикалық көзқарасы, жалпы рухани - мәдени дамуына ықпал етуші музыка білімінің негізін қалыптастыру. Музыка тәрбиесінде белгілі дағдылар мен машықтарды меңгеру арқылы музыка өнеріне қызығушылығы артады.

Баланың музыкалық қабілеттерін дамытудың маңызды кезеңі-мектепке дейінгі кезең. Қазіргі уақытта музыкалық мәдениетті қалыптастыруға назар аудара отырып, ата-аналар болашақта баланың жеке басының үйлесімді дамуына негіз қалайды. Музыкалық қабілеттердің негізгі түрлерін және оларды дамыту жолдарын қарастырыңыз. Баланың ішкі белсенділігін дамытуға арналған қажетті мүмкіндіктер жасау:

- ✓ Әр балада оның жеке дара қасиеттері мен қабілеттерін ашып, олардың өмір сүруге қажетті салаларға орныгуына мүмкіндік көрсету;
- ✓ Әр баланы тұлғалық ерекшеліктерін ашып көрсетуге және оны дамытуда көмегін тигізетін жаңа жолдарды іздестіру;
- ✓ Әр баланың тұлғасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қамтамасыз ететін қарым - қатынасты орнату;
- ✓ Тұлғаға әсер етудегі белсенді әдістерге бағдар жасау;
- ✓ Ойын арқылы оқыту, білім беруді ізгілендіру технологиясында қарапайымдылық, кішіпейілділік, өзара түсінушілік сезімдерін баулиды.
- ✓ Оқытудың ақпараттық технологиялары арқылы мультимедиялық құралдарды пайдалану

Музыкалық тәрбиенің міндеттері:

1. Музыкаға деген сүйіспеншілік пен құштарлықты тәрбиелеу..
2. Балаларды алуан түрлі музыкалық шығармалармен таныстырып, олардың музыкалық әсерлерін байыта беру керек.
3. Балаларды музыканың ең қарапайым ұғымдарымен таныстыру
4. Эмоциялық әсер алғыштығын, сенсорлық қабілеттері мен лад-биік дыбыстарды айыра білуін, ырғақ сезуін жетілдіріп, әншілік дауыс пен қимылдарын әрлендіре түсу керек.
5. Ән айтудың қарапайым түріне және қимыл әдістеріне үйрете беру
6.Алған әсерлері мен музыка жөніндегі ұғымдары негізінде музыкалық талғамы пайда болған балалардың алғаш көрінуіне жәрдемдесу керек

. Музыка – балаға эстетикалық тәрбие беру құралы.Эстетикалық тәрбиемектеп жасына дейінгі балалардың әсемдікті қабылдап, сезіну және түсіну, жақсымен жаманды байқап, шығармашылыққа баулыған [1]

Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі – музыка. Музыка осымаңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамытукерек. Ал жалпы музыкалық қабілеттің негізгі белгілері қандай?

Музыкалық қабілеттің бірінші белгісі – музыкалық шығарманың сипатын сезіну, естігеніне бірге қуану не күйіну, эмоциялық әсерін көрсету, музыкалық образды түсіну қабілеті.

Музыкалық қабілеттің екінші белгісі – тыңдау қабілеттілігі, неғұрлым жарқын және түсінікті музыкалық құбылыстарды салыстыру, оларға баға бере білу қабілеті.Музыкалық қабілеттің үшінші белгісі – музыкаға шығармашылық көзқарастың көрінісі. Бала музыканы тыңдап отырғанда, көркем бейнені әнді,ойынды, биді көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды. Мәселен, бала сергек басып келе жатқан балаларға, маң-маң басқан аюға, үркек қоянға, т.б тән бейнелі қимылды іздейді. Таныс би қимылдары жаңа құрылымдар мен түрлерде қолданылады. Бала қарапайым әуендерді ойдан шығарып айта береді. [2].. Балалардың эмоциялық-бейнелік мазмұны әр түрлі шығармалармен таныстыра отырып, біз оларды қосыла әсерленуге баулимыз. Топ болып ән салу, билеу, ойнау көп ретте тәрбиелік міндеттерді шешуге көмектеседі, мұндай балалардың бәрі ортақ әсерге бөленеді.

Баланың қабілеті белсенді музыкалық оқу қызметінде дамиды. Баланың жасерекшелгін ескере отырып, музыкалық қызметтің, баланың ең жас шағынанбастап дұрыс ұйымдастырып, бағытқа салу – педагогтың міндеті. Өйтпеген күнде дамуда кенжелеп қалушылық болатыны байқалады. Мәселен балаларды музыкалық дыбыстарды биіктігіне қарай айыра білуді үйретпесе, ондай балалар 7 жасқа толғанша өзінен кіші бала әлдеқайдаоңай орындайтын тапсырманы орындай алады. [3]

Музыкалық дамудың неғұрлым елеулі ерекшеліктері мыналар:

- ✓ Есту сезімі, музыкалық есту қабілетті;
- ✓ Әр түрлі сипаттағы музыкадан эмоциялық әсер алғыштығының сапасы мен деңгейі;
- ✓ Ән айту, музыкалық-ырғақ орындаудағы қарапайым дағдылары,қимылдары;
- ✓ Жас жағынан дамудың жалпы тенденцияларына тоқталайық

Екі жасқа толғанда.Музыканы қабылдағанда балалар жарқын контрасты эмоциялар көрсетеді: көңілді жадыраушылық немесе сабырлы күй танытады. Бала жоғарғы немесе төмендыбыстарды, қатты және бәсең үнді, тіпті тембрлік реңкті айыра біледі(металлофонда немесе барабанда ойнайды). Ең қарапайым қимылдар жасауды меңгереді: музыка әуеніне ілесіп алақанын соғады, аяғымен еденді тықылдатады, дөңгеленіп билеген болады. Үш және төрт жасқатолғанда. Балалардың сезімталдығы артады, заттармен құбылыстардың, оның ішінде музыканың қасиеттерін дәлірек айыра алатын болады. Баланың музыкамен шұғылданғысы келеді, белсенді іс-әрекеті басталады.

Төрт жасқа толар шағында балалар ересектердің азғана көмегі арқылы шағын әнді орындай алатын дәрежеге жетеді. Сондай-ақ олар билеуге, ойнауға мүмкіндік беретін түрлі қимылдар жасауға қалыптаса бастайды.

Бес жасқа толғанда. Бұл – балалардың көп нәрсені білуге құштар шағы. «Неге?», «Неліктен?» деген сұрақтарды көп қоятын шағы. Музыканың көңілді, қуанышты, сабырлы екенін; дыбыстардың жоғары, төмен, қатты ақырындығын; пьесадағы екі бөлімді (біреуі тез, екіншісі баяу), әуеннің қандай аспапта ойналып тұрғанын (рояль,скрипка,баян) ажырата біледі. Бала әнді қалай айту, қол ұстасып, ән салып жүріп билеуде қалай қимылдау керектігін, шапшаң бидің қалай орындау керектігін түсінеді.Бұл жаста дауыс ашық, құбылмалы

сипат алады. Ән интонациялары тұрақтана бастайды, бірақ әлі де болса ересек адамның тұрақты демеп отыруын керек етеді. Вокальдық – есту қабілеттері үйлесе бастайды.[4]

Алты және жеті жасқа толғанда.Бұл – балаларды мектепке дарлайтын кезең. Музыка әуеніндегі әр түрлі сарындарды сезіне алады.

«Дені саудың – жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиеленіп өсіру – ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақша мен мектепалды даярлық тобынан басталмақ. Музыка ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құрылы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастырады.

Пайдаланылғанәдебиеттер тізімі:

5. . Э.Б. Абдулин, Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі - М., 2004.- 245 б.
6. Р.К. Дүйсембинова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, - 2006. – 213 б..
7. Г.А. Праслова Мектепке дейінгі балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. Детство-пресс, 2005. – 129 б.
8. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.www.Government.kz.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуда психо–гимнастиканың рөлі

Б.А. Өтебалиева, педагог-психолог,
№21 «Гүлдер» балабақшасы, Астана қ.

Аңдатпа: Мақала мектепке дейінгі балалардың эмоционалдық – ерік жігерін психо-гимнастикалық жаттығулар арқылы реттеп, психо-гимнастикалық жаттығулар арқылы балалардың психикалық денсаулығын сақтау және эмоционалдық бұзылулардың алдын алу. Сондықтан да, психофизикалық жаттығулар дені сау балалармен психопрофилактикалық жұмыста психо-гимнастика құралын зерттеу және пайдалану қажеттілігі маңызды.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі кезең, психо-гимнастика, эмоционалды-ерік жігер, ойын, жатттығу, белсенді.

Адам денесінің жетілуі – оның денсаулығы; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денсаулықты жетілдіру керек.

Әл-Фараби

Мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттінде өзін-өзі реттей алмайтындықтан, баланың тұлғалық дамуы жағдайында эмоционалды-ерікті саласының мақсатты қалыптасуы болмайды. Эмоционалды-ерікті саласы дамымаған балаларда тұрақсыздық пен белсенділіктің әлсіздігі, алаңдаушылықтың жоғарылауы, импульсивтілік, гиперактивтілік байқалады. Соңғы жылдары тәрбиешінің жұмысы күрделене түсті, өйткені жанжал мен агрессияға бейім, құрдастарынан аулақ, тұйық және т. б. балалар көбейіп келеді. Мұндай қиындықтардың пайда болуында баланың эмоционалды өмірінің құлдырауына маңызды рөл атқарады, мұның бәрі балалардың жалпы эмоционалды дисфункциясының дамуына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан түзету бағдарламасын уақтылы жүргізу мазасыздықты азайтуға және мектеп жасына дейінгі балалардың уақыт өте келе мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етеді. Ол үшін психофизикалық жаттығулар дені сау балалармен психопрофилактикалық жұмыста психо-гимнастика құралын зерттеу және пайдалану қажеттілігі маңызды. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды және ерікті қасиеттеріне әсер ететін әртүрлі зерттеулерді, ойындарды, жаттығуларды, бұлшықет жаттығуларды қолданыңыз. Психо-гимнастиканың жалпы міндеті-балалардың психикалық денсаулығын сақтау және эмоционалдық бұзылулардың алдын алу. Осылайша, психогимнастика-бұл баланың психикасының әртүрлі жақтарын (оның танымдық және эмоционалды-жеке саласын) дамытуға және түзетуге бағытталған арнайы сабақтар курсы (этюдтер, жаттығулар мен ойындар).

Балаларға арналған психогимнастика – бұл қазіргі таңдағы жаңалық емес, мектепке дейінгі мекемелер бағдарламасының маңызды компаненттернің бірі. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл жаттығу арнайы жаттығулар түрінде вербальды емес қарым –қатынасты (қимылдар, мимика) баланың жалпы дамуына және оның кейбір психологиялық мәселелерін шешуге арналған.

Психогимнастика - бұл баланың коммуникативті дағдыларын дамытуға және қоғамда өз орнын таба білуге бағытталған, сөзсіз сөйлеу кезінді оның санасын іс жүзінде түзету. Психогимнастикалық жаттығуларды жүргізуде максималды нәтижеге жету үшін төрт кезеңде жүзеге асырылады.

Олардың *біріншісі* пантомима, мимика өнерін, сонымен қатар есте сақтау мен зейінді дамытуға бағытталуы керек. *Екінші* кезең баланың жеке қасиеттерін зерттеуді қамтиды. *Үшінші* кезеңде суреттермен жұмыс жасауды, сондай-ақ олардағы бейнелерге енуді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған психл – гимнастиканың соңғы кезеңі – балалардығы эмоционалды стресстен босату. Міне осы *төртінші* кезеңда балаларға релаксациялық жаттығуларды қолдану өте тиімді болып табылады. "Сәлемдесу" релаксация жаттығуы.

Мақсаттары: тұлғааралық байланыс орнату; топта қолайлы микроклимат құру; Ойынның мазмұны: қатысушылар жұптарға бөлінеді. Бірінші сандар ішкі шеңберге, екіншісі сыртқы шеңберге айналады.

- Сәлем досым! Олар қолдарымен амандасады.
- Мұнда қалай? Бір-бірінің иығына соғыңыз.
- Сіз қайда болдыңыз? Бір-біріне көздерін қысады.
- Мен сағындым! Қолдарыңызды жүрегіңізге қойыңыз.
- Сіз келдіңіз! Қолдарын екі жаққа жайыңыз.
- Жарайды! Құшақтайды.

Негізгі қимыл – қозғалыс белсендіруге арналған жаттығулар:

«Мен сияқты жаса» ойыны. Бұл өте қарапайым тапсырма балаларда өте жағымды эмоциялар тудырады. Балалар өз еріктерімен маймыл, түлкі және басқа жануарларды бейнелейді. Қимыл-қозғалысты белсендіру үшін «Егін алқабы», «Доптар» және т.б. ойындар мен койылымдарды қоюға болады. Бұл кезеңде балаларға түрлі карточкаларда бейнеленген жануарлар мен заттар, жемістерді, қимыл-қозғалысқа арналған «Мені қайтала» деп аталатын баланың миының дамуына арналған жаттығуларды да қолдануға да болады.

Эмоционалды қарым-қатынасқа арналған жаттығулар:

«Маған көрсетші» бала өзінің көрген кез келшег бейнесін қайталағанды жақсы көреді. Алайда бала қоршаға әлем туралы кеңірек түсінік қалыптастыруы керек. Сондықтан да балаға әдемі ханшайымның қалай күліп тұрғанын сөзсіз бейнелеуге шақыра аласыз (бұлт, қатал дәрігерлер және теңіздегі толқындар қабағын түйеді; ашуланған балалардың бейнесі; қорқақ қояндар мен мысықтар иттерді көргенде қорқады).

«Батырлардың суретін сал» ойыны. Бала өз сезімін білдіру үшін оларды дұрыс көрсетуді үйренуі керек. Психолог оларға берілген жағдайларды сөзсіз бейнелеуге шақырылуы керек. Балаларға түсінікті болуы үшін олар білетін ертегінің келесі эпизодын келтіруге болады. Қызыл телпек орманнан әжесіне жүгіріп келеді (қуаныш), жолда ол көптеген орман тұрғындарымен кездеседі (қызығушылық пен күлімсіреу). Қыз кенеттен қасқырды көрді (қорқу) және т.б. ертегіні эмоционалды қабылдау арқылы балалар мимиканы ғана емес, қимыл-қозғалысты да қолдануы керек.

Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін байқауға арналған жаттығулар: «Доп» ойыны, тақтаптармен жұмыс. Осы ойын-сауық кезінде топ мүшелері кейіпкерлерді бағалаудың келесі нұсқаларын ұсынуы қажет. Мыстан кемпір – жауыз, түлкі – айлакер және т.б. бұл жағдайда балалар кім туралы сөйлесетіндерін нақты білгені жөн. Өтінішпен келісе отырып балаға мимика мен қимылдар көмегімен кейіпкерге өзінің рекциясын көрсетіп, допты келесі ойыншыға беру керек. Осылайша әр бір жас ерекшелігіне қарай балаларға ойындар мен жаттығулар іріктеп алынады. Психо-гимнастиканың соңғы кезеңінде балалармен релаксациялық жаттығулармен аяқталады. Релаксациялық жатты,улар айтпас бұрын ең алдымен релаксация ұғымына тоқталып өтейік.

Релаксация – XX ғасырдың 30-40 жылдарында шетелде пайда болған ерекше әдіс. Э. Джейкобсонның бұлшық еттерін босаңсыту әдісі бұлшықеттің

қатты керілуінен кейін олар қатты босаңсиды деген қағидаға негізделген. Релаксация арнайы таңдалған ойын тәсілдерінен туындайды.

Балалармен релаксация жаттығуларын қолданғанда релаксация жағдайына біртіндеп көшу техникасын ұсынамыз. Алдымен біз релаксация көңіл – күйін, содан кейін жаттығулар жасаймыз. Релаксациялық жаттағулардың барлығын тынығу позасынан бастау тиімді. Балалар қол, аяқ, мойын, іш бұлшықеттерін босаңсытуды үйренеді. Біз бұл күйден баяу және ақырын шығамыз: алдымен ұйқыдан оянған секілді созылып, содан кейін көзімізді ашып, жай отырамыз. Топтық релаксациялық жаттығулардың көмегімен жағымды эмоционалды қатынас қалыптасады, оқшаулау жойылады, шаршау басылады. Осы жаттығулардың көмегімен балалар шоғырлану, икемділік, қимылдарды үйлестіру дағдыларын дамытады. Балаларға жаттығуларды белгілі бір бейнені жақсы елестетуге, оған кіруге көмектесетін түрлі мәтіндермен бірге береміз.

Балаларға өзен жағасына барғанда шөпте жатып, күн сәулесінің жылуын сезінгенін, күнге қыздырынғанын, күннің батқанын еске түсіруге шақырамыз. Қиял арқылы демалу баланы уақыт өте келе өзі босаңсып, тыныштала алатындығына, яғни өзін-өзі реттеу мүмкіндігіне жетелейді.

Осы мақсатты біз өз жұмысымызда дененің белгілі бір бөліктерін және бүкіл дененің босаңсуы үшін арнайы таңдалған жаттығуларды қолданамыз.

«Жазғы күн» - балалар бұлшық еттерін босаңсытып, көздерін жұмып, арқаларымен жатады. Релаксация тыныш әуеннің үнімен орын алады.

«Құстар» - балалар өздерінің кішкентай құстар екенін елестетеді. Олар хош иісиі жазға орман арқылы ұшып, оның хош иістерімен тыныс алып, оның әдемілігіне сүйсінеді. Сондықтан олар әдемі дала гүліне отырып, гүлдеген ағаштың тәтті иісін сезінді. Жаздың жылы самалы соғып, құстар оның екпінімен бірге күңкілдеген орман ағынына қарай ұмтылды. Ағынның шетінде отырып олар қауырсындарын тұмсығымен тазартып, таза, салқын су ішіп, шашырап, тағы да жоғары көтеріледі. Енді біз орман алқабындағы ең жайлы ұяға қонамыз.

Релаксациялық жаттығулардың түрлері өте көп, балалармен «Тыныштық», «Мұз бөліктері», «Мөлдір бұлақ» және т.б. көптеген түрлі жаттығуларды жүргізуге болады. Оны балалармен жүргізу педагог, психологтың, сондай-ақ кез келген маманның шеберлігіне байланысты.

Жұмыс барысында психо-гимнастикалық және редаксациялық жаттығуларды қолданы нәтижесінде балалардың қол моторикасының және жүйке жүйесінің дамуына, эмоционалдық, қимыл-қозғалыс белсенділігін және вервалды, вербалды емес қимылдардың дамуына, баланың танымдық псицестернің дамуына да үлкен әсер етеді. Балалар өз әрекеттерін ұйымдастыру қабілеттері өсті. Сонымен қатар, бұлшықетке арналған релаксациялық жаттығулардың әсерінен балалардың ұйқылары да реттеліп, эмоционалды босаңсу мен өнімділіктің артқаны байқалады. Бұл жүйелік жұмыс баланың

денесіне артық стресті босатуға және тепе – теңдікті қалпына келтіруге, сол арқылы сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алямовская В.Г. Новые подходы к планированию образовательной работы в детском саду. - //Управление ДО, N3, 2002г., с.. 21-27.
2. Агапова А. И., Давыдова М. А. “Веселая психогимнастика или Как научить ребенка управлять собой”.
3. Чистякова М.И. «Психогимнастика»
4. Намазбаева Ж.И. Психология. А., 2005ж.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды оқытудағы заманауи әдіс-тәсілдері

Байтокова Г.С.
№17 «Ер-Төстік» балабақшасы, логопед-мұғалімі
Астана қаласы

*Аңдатпа:*Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысындаартикуляциялар жаттығулар, саусақтарға арналған ойын жаттығулар, нейрожаттығулар түрлеріұсынылған. Ұсынылған ойын жаттығуларды қолданғанда балалардың сөйлеу мүшелерінің қимылдары жетіліп, дыбыстарды анық айтады, ұсақ саусақ қимыл-қозғалыстары артады.

*Түйін сөздер:*сөйлеу тіліндегі бұзылыстары, артикуляциялық сөйлеу мүшелері, артикуляциялық жаттығулар, нейрожаттығулар, биоэнергопластика.

Бала дүниеге келісімен, онықөптеген дыбыстар қоршайды. Олар: ән-әуендер, құстардың дыбысы, иттің үруі, ыдыстың сылдыры, адамдардың сөйлеуі. Бала түрлі дыбыстарды естісе де, ең бастысы сөйлеу тілі қарым-қатынас үшін қажет. Сөздерді түсініп, айту үшін бала сөз мәнеріне мән береді. Егер балаға сүйсіне қарап, жылы сөздер айтсақ, ол сөздерге мән беріп күлімсірейді. Егер айқайлап, қатты сөйлесең, бала қорқады, ренжиді. Біртіндеп бала сөздерді тыңдап, салыстырып, оларды қайталауға тырысады, сөздердің дыбыстық құрамына көңіл бөле бастайды, дыбыстарды қайталап, ойнайды. Мынадай жағдайлар тууы мүмкін, бала үндемейді, дұрыс сөйлемейді. Бұл жағдайға ата-аналар әр түрлі көзқараспен қарайды.

Бала сәби кезінен бастап, ана тілінде еркін сөйлей бастауға дағдыланады, ал тіл мүкістігі бар балалар еркін сөйлей алмай, айналамен қарым-қатынаста көптеген қиыншылықтарға кез болады. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар

балаларқазіргі уақытта ең үлкен мәселе болып отыр. Оның пайда болу себептері әр түрлі. Егер сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар уақытында мектепке дейін түземесе, балалардың айналамен қарым-қатынасы қиынға түседі. Көп жылдық тәжірибе бойынша мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен күнделікті түзету жұмыстар жүргізілсе, сөйлеу тілінің жақсаратыны дәлелденген. Сондықтан дер кезіндегі логопедиялық көмек, ықпал қажет.

Дыбыстарды дұрыс, анық айту үшін, алдымен түрлі дайындық жұмыстары, артикуляциялық жаттығулар, ауа ағынын дұрыс шығару үшін арнайы жаттығулар орындалады. Дыбысты дұрыс айтқызғаннан кейін, дыбыстың айтылу артикуляциясыеске түсіріледі. Дыбысты бекіту жұмыстары сөздер, сөйлемдер, өлең жолдары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шағын әңгімелер қолдану арқылы жүреді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар психологиялық ерекшеліктерібар. Балалардың сөздік қоры аз, жас мөлшеріне сәйкес емес, есте сақтау қабілеттері баяу дамыған, тез ұмытады, зейінділігі тұрақсыз, жалпы қимыл-қозғалыстары, ұсақ қозғалыстарының қимылдары жеткіліксіз. Фонематикалық есту қабілеті баяу жетілген.

Тілге, ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар орындалады. Артикуляция жаттығуларының мақсаты - дыбыстарды дұрыс айту үшін, артикуляциялықаппарат мүшелерінің қимылдарын дамытып, тиісті мүшелерін жаттықтыру. Ең қимылды мүше - тіл болып есептеледі. Тіл бірнеше бөліктен тұрады. Олар тілдің ұшы, ортасы, түбірі, жан-жағы. Тілдің ұшы астыңғы тістердің астына түседі. («с», «з», «у» дыбыстарында), жоғарғы тістердің артына көтеріледі («д», «н» дыбыстарында), ауаның қысымымен дірілдейді («р» дыбысында). Түрлі артикуляциялық жаттығулар бар. Мысалы: «Күрекше», «Ине», «Шәшке», «Сағат» т.б. Дыбыстардың дұрыс айтылуына көп әсерін еріндер де тигізеді. Ерін «дүрбі» сияқты дөңгеленеді. («у» дыбысында), домалақтай дөңгеленеді, («о» дыбысында), алға қарай созылады. («ш», «ж»). Еріндердің бұлшық еттерінің қозғалысының дамуына «Дүрбі», «Тоқаш», «Жасырынбақ» жаттығуларын орындауға болады. Иек пен жұмсақ таңдай да қатысады, олар бірде көтеріліп, бірде төмен түседі. Жұмсақ таңдай төмен түскенде, ауа мұрыннан шығып, содан «м», «н», «ң» - дыбыстары пайда болады. «Жөтелу», «Есінеу» жаттығулары жұмсақ таңдайды дамытуға арналған. Сонымен дыбыстар пайда болғанда, айтылғанда еріндер тіл тиісті орында болу керек.

*БЭП-Логопедиялық жаңа технология***.**Биоэнергопластика Логопедиядағы жаңа технологиялардың бірі. БЭП -артикуляциялық жаттығулармен ұсақ қозғалыстың саусақтардың қимыл қозғалыстарын сәйкес келтіру. Дыбыстарды айту үшін сөйлеу мүшелері бір қалыпқа келеді. Артикуляциялық аппараттың

құрылысы дұрыс болмаса,тістенуі дұрыс емес, таңдайы биік, тар, таңдайында жырық болса дыбыстар дұрыс айтылмайды. Артикуляциялық жаттығулар сөйлеу мүшелерінің тілдің еріндердің қимылдарын,бұлшық еттерін дамыту үшін орындалады. Артикуляциялық жаттығулар 2түрлі болады. Статикалық және динамикалық жаттығулар. Кейде артикуляциялық жаттығулардан балалар жалығады, қызығушылық төмендейді. БЭП элементтерін қолданғанда балалардың қызығушылығы белсенділігі артады. Себебі, ұсақ қозғалыспен артикуляциялық қозғалыс орталықтары ми қыртыстарында жақын орналасқан,олар бір бірімен байланысты. Балалардың белсенділігі қызығушылығы артып,нәтиже жақсы шығады.

Саусақтарға арналған ойындар. Нейрожаттығулар.

1. Саусақтардың ырғақты қимыл қозғалыстарымидағы сөйлеу зоналарын тітіркендереді, сөйлеу тілін белсендетеді.
2. Саусақтармен ойындар жағымды көңіл-күй тудырады,балалар үлкендерге еліктейді, сөйлеу тілінің мағынасын тыңдайды, баланың белсенділігі арттырылады.
3. Бала зейін қойып тыңдайды, зейінділігі тұрақтандырылады.
4. Баланың сөйлеу тілі анық, түсінікті болады, бала өзінің қимыл-қозғалыстарын бақылап, дұрыс орындауға тырысады.
5. Қимыл-қозғалыстарды өлең жолдарымен сәйкес келтіре отыра, баланың есте сақтауы дамиды.
6. Баланың қиялы, елесі жетіледі.
7. Жаттығулар арқылы ептілік,шапшаңдық пайда болады.

Саусақтардың қимылдарының дамуы дыбыстардың дұрыс, сапалы айтылуына әсерін тигізеді. Ми қыртысандағы орталықтар саусақтардың және сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерін нервттендіреді. Сонымен қатар, оң және сол жақ жартышардың синхрондауына ықпал етеді.

1. “Жұдырақтар – саусақтар”. Екі қолдың саусақтарын жұдырықтау және ашу.
2. “Жалаушалар”. Екі қолдың саусақтарын жоғару көтеру, төмен түсіру.
3. “Қайшылар”. Алақандар бірге қосылған, біріккен саусақтардың арасын ашу және жабу.
4. “Құлып”. Алақандарды бірге қатты қосу, саусақтарды бірге айқастырып қысу.
5. “Күн шуақтары”. Алақандар бірге, екі қолдың саусақтарының араларын ашып, екі жаққа бұру.
6. “Гүл”. Алақандар біріккен, екі қолдың саусақтарын екі жаққа шалқайту.
7. “Шамдар”. Қол білектерін қосып, саусақтарды бүгіп айналдыру.

Екі қолға арналған екі түрлі жаттығулар бір мезетте орындалады:

- “Құлақ-мұрын”. Оң жақ қолмен мұрынды, сол жақ қолмен құлақты ұстау, алмастыру.
- “Алмаға тығылған құрт”. Екі қолды жұдырақтау, бас бармақты кезекпен көтеру.
- “Құймақтар”. Бір қолдың алақаны төменде, екінші қолдың алақаны жоғарыда, екі қолды алмастырып отырып жасау.
- “Тоқаш-нан”. Тоқаш – тесігі бар жұдырық, нан – тығыз жұдырық, екі қолды алмастырып отырып жасау.
- “Сұқ саусақ – бас бармақ”. Сұқ саусақпен бас бармақты екі қолда алмастыру.

Берілген логопедиялық ойындар балалардың есту зейінділігін, есту қабілетін, ой -өрісін, ұсақ және жалпы қозғалысын, сөйлеу тілін жетілдіреді.

Әдебиеттер

1. Өмірбекова Қ.Қ., Өмірбекова С. Ж. «Ш, р, л, с дыбыстарын түзетуге арналған жұмыс дәптерлері». - Алматы, «Алматы кітап», 2002.

2. Мырза ӘлиҚ.«Менің алғашқы әліппем». - Алматы, «Алматы кітап», 2001.

3. Байтокова Г.С.«Әсем сөйлеп үйренейік». - Астана, 2003.

4. ӘбуоваҒ.Қ., ЕсеноваС.М., Байтокова Г.С. «Тіл түзету жұмысының дидактикалық материалдары». - Астана, 2006.

5. Байтокова Г.С. «Ғажайып дыбыстар әлемінде» - Астана, 2013.

Использование интерактивной доски в дошкольном учреждении

Балтабаева А.Т. Детский сад №30 «Кайнар».
г. Астана, воспитатель

Дошкольное воспитание и обучение как первый уровень системы непрерывного образования создает условия для формирования и развития личности ребенка, способного успешно адаптироваться в современном постоянно меняющемся мире. Государственный Стандарт задает правила организации педагогического процесса, определяет роль и место его участников, регулирует отношения системы дошкольного воспитания и обучения с семьей и обществом. Принятый новый Госстандарт, позволяет воспитателям применять разные подходы обучения и воспитания, организовать игровые и обучающие занятия детей в течении всего дня без привязки к строгому расписанию по минутам. Новый стандарт возвращает нас к основной методике раннего развития детей по принципу «обучение через игру». В стандарте также обозначены подходы и методы для того, чтобы прививать детям ценности. Это национальные, семейные ценности, патриотизм, любовь к Родине, трудолюбие и др. Учитывая все эти изменения, инновационные процессы являются закономерностью развития современного дошкольного образования. Реализация инновационной деятельности в детском саду обеспечивает большие результаты работы с детьми. Применение нестандартных приемов и видов образовательной деятельности с детьми, новых методов и форм организации воспитания и обучения детей, современных

образовательных технологий дает возможность достичь этого, для того чтобы в свой работе использовать более эффективные методы, а также саморазвитие личности воспитанников. Инновационные технологии в дошкольном образовании применяются, в первую очередь, для решения актуальных проблем, для повышения качества предоставляемых услуг, для реализации возрастающих запросов родителей. Движущей силой развития дошкольного учреждения становится креативный потенциал педагогов: их профессиональный рост, подход к работе, обнаружить потенциальные способности своих воспитанников. Вместе с тем инновационный характер преобразования обозначает исследовательский подход к достигнутым результатам в деятельности ДО, соответствуя потребностям современного информационного общества в максимальном развитии возможностей ребенка. Познавательное развитие предполагает формирование интересов дошкольников, любознательности и познавательной мотивации, формирование познавательных действий, становление сознания; развитие воображения и творческой активности; формирование изначальных представлений о себе, других людях, объектах окружающего мира, о свойствах и связях объектов окружающего мира, о малой Родине и Отечестве, о традициях, о планете Земля, о свойствах ее природы, многообразия народов мира. В процессе воспитания и обучения могут быть организованы такие виды деятельности как:

– сюжетно-ролевая игра, отражающая различные события в жизни людей;

-труд в природе на участке детского сада, детское творчество, чтение художественной литературы, рассматривание картин, показ фильмов слайдов, видео роликов;

-проектно-исследовательская деятельность, развивающая познавательный интерес, любознательность в во всех образовательных процессах.

И поэтому для осуществление этих задач, будет целесообразным использование инновационных методов. Воспитание и обучение в детском саду станет действенным в случае, если у воспитатели будут готовы осуществлять инновационную деятельность во взаимодействии с детьми и родителями. Нововведение – своеобразный носитель новшества, способ его распространения, донесение до воспитанников более интересном и познавательном процессе. Инновационные методы в практике несет в себе новшество, обновляет практику, делая ее более результативной. В настоящее время, дошкольников мало чем удивишь, наличие дома компьютера, планшетов, телефонов, стала частью жизни детей. И приходя в детский сад, малыша заинтересовать можно при желании. Используя интерактивную доску в детском саду, дети с удовольствием погружаются в познавательный процесс и с вниманием следят за педагогом. А педагог тем временем разрабатывает эффективный наглядный, познавательный и развивающий материал. Можно с легкостью создать проблемную ситуацию и обыгрывать персонаж с помощью интерактивной доски, у детей развивается познавательная и творческая активность, любознательность, воображение, образное мышление, а также готовит детей с компьютерными технологиями, овладение навыками работы и интерактивной доской. И одно из главных задач, следует родителям объяснить

и разъяснить, для чего и зачем можно использовать интерактивную доску. Так как у родителей не правильное восприятие, либо педагог использует не по назначению доску. (зачастую дети просто просматривают мультфильмы). Ведь их использование во время занятия позволяет задействовать все основные сенсорные системы человека – визуальную. Слуховую и кинестетическую, что делает занятие более успешным. На занятии по основам математики дети с легкостью усваивают всевозможные понятия, числа, формы, цвета; пополняется запас новых слов. Ребенок вникает в принципы логического мышления и построения различных комбинаций. С помощью устройства позволяет реализовать принцип наглядности, особенно для дошкольного возраста, ведь их внимание трудно удержать. А также обеспечивает экономию времени при подготовке организованной деятельности. Значительно облегчает объяснение сложного материала за счет яркого эффективного и динамичного изложения. Инновационный потенциал ДО – способность создавать, воспринимать, реализовывать нововведения и вовремя избавляться от устаревшего педагогически нецелесообразного. Интерактивная доска для детей стали неотъемлемым элементом, что позволяет совершенно по-новому построить обучения дошкольников, где вместо стандартных дидактических материалов используется интерактивные разработки. Педагог использует доску, чтобы проводить групповые занятия, изучая цифры, слова, понятия и даже правила дорожного движения. Очень удобно также использовании ИКТ для индивидуального занятия с учетом возрастных особенностей, можно проводить учебные викторины, интерактивные тесты с выбором правильных ответов, предлагать логические задачи и математические упражнения в яркой игровой форме. Но и это не все. Основные функции интерактивной доски можно дополнить новыми с помощью специальных приложений. Доступны программы по рисованию. С помощью интерактивной доски в ДО дети смогут вращать и управлять объектами, наглядно изучая принципы работы гравитации. Чем хорош еще в использование интерактивная доска, позволяет не только сделать организованную деятельность продуктивной. Но и увлекательным и адаптированными под современную реальность. Надо заметить, что на экране дети и воспитатель могут взаимодействовать со всеми интерактивными элементами. Для удобства работы с ИКТ можно создать медиатеку, туда могут войти презентации по всем образовательным разделам. И еще одно преимущество интерактивной доски это возможность совершать виртуальные путешествия. Использование интерактивной доски — это ценный инструмент для организованной деятельности, а также повышения уровня педагога в области овладения ИКТ.

Литература

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. от 3 августа 2022года №348 приказ.
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 14 октября 2022 года №422

3. Бороненко Т.А. Использование ЭОР в учебном процессе, Санкт- Петербург, Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2007
4. Интерактивные технологии в образовании// учебно – методический комплекс// Российский государственный университет. - Москва, 2005.-21с.
5. Осин А.В. «Электронные образовательные ресурсы нового поколения», М, Агенство «Социальный проект», 2007
6. «Интерактивная доска: выбор, применение и рекомендации» П.Гнесюк.
7. Интерактивная доска – обучение дошкольников. // ULR:https://ihfourokuok. rustatya-interktivnaya-doska-obuchenie-dosholnikov-3946635. html

Мектепке дейінгі мекемеде педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін жаңаша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы көтеру

Бекенова Меруерт Джексенбековна
Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Щучинск қаласының «Ақбота» бөбекжайы» әдіскер

Жақсыдан жадыңа алған бір ауыз сөз,
Асықпа түспеді деп қолыма тез.
Дамылсыз іздеуіңе ерінбесең,
Керегің өміріңе болады кез.

Бүгінгі күнгі бөбекжай - болашақтың бөбекжайы, мәдени саналы, жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және өзін-өзі тануына көмек көрсететін, физикалық және рухани жағынан биік, қоршаған ортамен жүйелі байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытатын, жетілдіретін бөбекжай. Сондықтан, мектепке дейінгі мекеме педагогі - шығармашылықпен жұмыс істей алатын, педагогикалық қызметтің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп, меңгеруге ынталы, өзінің ісін жетік меңгерген, кез келген жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениетілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын тұлға болуға тиісті.

Кәсіби шеберлік, білімділік деңгей, шығармашылық туралы Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов т.б. ұлы педагогтар өз еңбектерінде «шебер педагог ғылыми ізденіс мәдениетімен қарулану керек» дейді. Педагогтың кәсіби шеберлігі зерттеушілік қызмет жұмысына дайындық барысында, іс-тәжірибеде және қайта даярлау кезінде қалыптасып, тәрбиеленеді. Ол балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қалау (ұжымға сіңісу, бір нәрсеге қызығу, жолдастарымен қарым-қатынасқа түсу т.б.) түрлерін қанағаттандырады. Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік қызмет - мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің дамуына жағдай жасаушы құзыретті педагогты қолдауға, жаңа бағытқа қарай кәсіби шеберлігін күнделікті ұштауға бағытталған. Әдістемелік қызмет - бұл оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игерту, оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің неғұрлым оңтайлы және тиімді түрлері мен әдістерін іздеп табу, оларды шығармашылықпен қолдану мақсаттарын көздейтін, іс-шараларды үйрететін

педагогикалық әрекеттің негізгі түрі. Әдістемелік қызметтің қозғаушы күші - педагогтардың кәсіби құзыреттілігін көтеру. Ал, МДМ педагогі - бала құзыреттілігін көтеру мақсатын шешуде басты рөлді орындаушы. Оқу-тәрие үрдісінде кәсіби білім, білік, дағдылары дамыған педагог – кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагогтың бейнесі болмақ.

Мектепке дейінгі мекеме жұмысының табысты болуы әдістемелік жұмысты ұйымдастырудан басталады. Әдістемелік жұмыстар жоспарлы, жүйелі өткенде ғана нәтижеге жетуге болады. Педагогтармен ұйымдастырылатын жұмыстың барысы алдымен қызметіне деген сүйіспеншіліктен басталуға тиісті. Еліміздің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердің алдында елеулі жауапкершіліктер қойылды. Қоғам алдында тұрған өзекті мәселе, бұл жан-жақты құзыреттілігі дамыған, мәдениетті, әлеуметке бейімделген тұлға қалыптастыру болса, ал педагогикалық үрдістегі басты тұлға – педагог, сондықтан оған қойылатын талап та жоғары. Жаңа формация педагогі - шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, кәсіби шебер маман. Сондықтан, жұмыс барысында педагогтардан шағармашылық ізденістерді, әдістемелік жетістіктерге қол жеткізуіне баса назар аударылады. Оқу-тәрбие үрдісінде педагогтардың кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық құзырлығы үздіксіз жетілу үшін, өздігінен кәсіби деңгейлерін жоғарлатып, мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыруда, шығармашылықпен еңбек етуге бағыт-бағдар беруде әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық түрлерін қолдану тиімді. Әдістемелік жұмыстың инновациялық түрлері: іскерлік ойын, коучинг, тренингтер, семинар-практикум, сауалнама, «дөңгелек үстел», көңілді тапқырлар сайысы, интеллектуалды ойын, жобалау қызметі, кәсіби байқаулар, педагогикалық ақыл-кеңестерді оқу жылы бойы тақырыпты таңдай отырып өткізу, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін көтеруде ерекше орын алады. Мәселен, тәжірибелік семинар - педагогтарға тақырып бойынша теориялық білімді бере отырып, тәжірибелік істерді қатар орындатуға өте ыңғайлы әдістемелік жұмыстың түрі. Тәжірибелік семинарға қатысушылар алдын ала немесе өтілу кезінде түрлі тапсырмалар орындау арқылы өздеріне қажетті ақпарат алып, өз тәжірибесінде пайдалануға мүмкіншілік алады. Іскерлік ойындарды өткізуде таңдалып алынған тақырыпты ашатын нақты міндеттер қойылады. Мұндай іскерлік ойындар барысында қолданылған әдіс-тәсілдер педагогтардың белсенділігін арттырады, кәсіби білімін тәжірибелік сәттерде қолдану машықтарын жаттықтырады. Мамандармен жүргізілетін кең тараған жаңа жұмыс түрі - тренингтер. Тренинг жүргізудегі мақсат педагог өзінің іс-әрекетіне сырт көзден баға алады және басқалардың іс-әрекетін бағалайды, әрі қобалжу, сенімсіздіктен арылады. Өткізілген сауалнамалар үлгілері арқылы педагогтардың өз мамандығына деген қанағаттанушылығы анықталады. Көңілді тапқырлар сайысында берілетін тапсырмалар құрылған топ мүшелерінің ұйымшылдықпен, шығармашылықпен орындауына бағытталады. Әдістемелік жұмыстар жоспарлы, жүйелі өткенде ғана нәтижеге жетуге болады. Педагогтармен ұйымдастырылатын жұмыстың барысы алдымен қызметіне деген сүйіспеншіліктен басталады. Соған сәйкес, жаңа формация педагогі - шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, кәсіби шебер

маман иесі. Жұмыс барысында педагогтардан шығармашылық ізденістерді, әдістемелік жетістіктерге қол жеткізуіне баса назар аударылды. Үнемі ізденіп, педагогтарға өз қызметінің қыр-сырын ұқтырып, жаңашыл түрде жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек берілуде. Данышпан Сократтың «Біреуді бір нәрсеге иландырғың келсе, құр сөзбен уағыздама, одан да ғылым жолына түсір»,- деген қағидасы басшылыққа алынды. «Педагогтарды нәтижеге қалай жеткізуге болады?» деген ойды жүзеге асыруда, педагогтың әрекеттерін негізгі мақсатқа жетелеу, өздігінен ізденуге, зерттеуге, салыстыруға, ұмтылуға, қорытындылай білуге, нәтижеге біртіндеп қол жеткізуге нұсқаушы, бағыттаушы. Бұл бағытта өткізілетін әдістемелік іс-шаралардың алдын ала тапсырмасын беру арқылы педагогтың іздену, зерделеу, зерттеушілігіне жол ашуға болатынына көз жеткізілді.

Педагог - зерттеуші	Мақсат көздейді	Қозғаушы күш	Түйсіну,іздену,зерделеу, зерттеу, салыстыру	Қорытын-дылау	Нәтиже шығару

Жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұйымдастыру қолайлы.

Әдістемелік жұмыс түрлері оның мазмұнына, мамандардың мүмкіншіліктеріне, білім беру қажеттіліктеріне және тәрбиешілердің қызығушылықтарына қарай жоспарланып өтіліп отырылды. Берілетін әдістемелік көмек – жедел, үздіксіз, болжау түрінде педагогикалық ұжым мен жеке мамандардың сұраныстарын, қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында орындалды.

Әдістемелік қызмет күтілетін көрсеткіштері:

- Байқауларда жетістіктерге жетуі;Педагогтардың ұжымдық іс-шараларға белсенді араласуы;
- Қайта даярлау курстарына, біліктілік санаттардың пайыз көрсеткішінің өсуі; Тәрбиешілердің кәсіби «Үздік тәрбиеші» байқауларында жоғары орын иегерлері болуы; Кәсіби әдістемелік сырттай байқауларға қатысуы;
- «Үздік педагог» байқауында жеңімпаз атануы; Оқулықтарды, әдістемелік құралдар мен әдебиеттерді, көрнекіліктерді, техникалық құралдарды қажеттілігіне қарай қолдана алады, жинақтайды, құрайды;
- Тәжірибелік-зерттеушілік қызметті баланы дамыту мүддесіне қарай ұйымдастыра біледі;Педтехнология, халық педагогикасының бағыттарын баланың жас ерекшелігін ескере отырып жоспарлайды;
- Оқу-тәрбие үрдісіне қажетті ақпараттың негізін анықтайды, ата-анамен талқыланатын тақырып бойынша тұжырым айтады, дәлелдейді, талдау кестелерін құрады. Мәселеге қатысты сұрақтарға пікір алмасып, ой-түйіндер жасайды.

Педагогтардың жаңа заман талабына сай оқыту мен тәрбиелеуге, жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін таңдауға, өздігінен кәсіби деңгейлерін жоғарылатуға, мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге барлық мүмкіндіктер жасалуда.

Әрбір қызметкерге Жүсіпбек Аймауытовтың: *Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,Үйренерсің, ізден көрсең – қалмассың,* - деген нақыл жолдары өнеге. Болашақта өзекті мәселелерді педагогтарға үйрете отырып, сол арқылы мамандықтарын құрмет тұтатын, жоғары нәтижелерге жететін қызметкерлер тәрбиелеу – міндет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жайтапова А.Ә., Шамина Г.А. Әдіскер қызметінің мазмұны білім беруді жаңарту тұрғысынан. – Алматы, 2007 ж.
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде білім беруді арттыру бойынша жұмыстың әдістемелік аспектілері. – Көкшетау, 2013 ж.
3. «Мектепке дейінгі білім» журналы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Бектаева А.Қ.
Қарағанды обылысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті
«Нұршуақ» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиеші

Аңдатпа:«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру Бағдарламаның өзектілігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Білімді ұлт», «Сапалы білім беру» ұлттық жобаларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді басты міндет ретінде қарастырылған. Процесс инновациялық сапасы – мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтердің балалардың даму үдерісін ұйымдастыруы, педагог пен балалар арасындағы маңызды өзара байланысы, күнделікті практикада күтім мен білім берудің бірлігі, балаға достық ниет және баланың қажеттіліктерін ескеру, әр баланың отбасымен коммуникативтік өзара қарым-қатынас жасау, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасына тарту.

Кілт сөздері:инновациялық әдістемелік қызмет,инновациялық әдістемеліктің даму қызметтің даму модельдің құрамдас бөліктері;мақсатты мазмұнды ұйымдастырушылық-әрекет және нәтиже.

Қазіргі уақытта бір орында тұру мүмкін емес, сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің білім беру процесіне берік енді. Жақында жалпы білім беруде белсенді түрде енгізілген компьютерлік технологиялар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де қолданыла бастады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру педагогке және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қойды. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мұғалімі компьютерді, заманауи мультимедиялық жабдықты қолдана білуі керек . Соңғы жылдары ақпараттық-қатынастық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың адам өмірінің барлық салаларына таралуы болды. Білім беру жүйесінде білім беру процесінің жаңа моделін құру және қазіргі қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін білім беру ортасын құру мәселесі туындады. Баланың алғашқы және негізгі мұғалімі – ата аналары. Біздің еліміздің қалыптасқан әлеуметтік, мәдени және

экономикалық жағдайында отбасымен өзара әрекеттесу мектепке дейінгі білім беру мекемесі қызметінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы маңызды. Қазіргі ата аналар көздері ашық яғни, сауатты, ақпараттандырылған бірақ сонымен бірге олардың уақыты мүлдем жоқ. Ата аналардың уақыты болмауынан балабақшаның отбасымен өзара әрекеттесе алмауы, негізгі мәселе болып табылады. Біздің күнделікті өмірімізді ақпараттық-қатынастық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық-қатынастық технологиялар - бұл нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әртүрлі ақпараттық көздерге (электрондық, баспа, аспаптық) және бірлескен қызмет құралдарына қол жеткізу технологиялары. АҚТ-ны білім беру процесінде қолдану-бұл мектепке дейінгі білім берудің заманауи бағыттарының бірі. Ақпараттық-қатынастық қолдау нысандарын әртараптандыруға, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс сапасын арттыруға, сондай-ақ топ тәрбиешісінің және жалпы балабақшаның қызметін танымал етуге көмектеседі. Мұнда біз кейбір ұғымдарға назар аударуымыз керек: Қолдаушы өзара іс-қимыл-бұл тәрбиеленуші ересектердің өзара дайындығы кезінде балаларды тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуге арналған өзара іс-қимыл. Ақпараттық-қатынастық технологиялар. Ақпарат – кез-келген деректердің, білімнің жиынтығы. Қатынас -хабарлама жолы, байланыс нысаны, байланыс актісі, бір адамның екіншісіне немесе бірқатар адамдарға ақпарат беру.

Технология - қажетті нәтижеге жету үшін әдістер мен құралдардың жиынтығы, оны қажеттілікке айналдыру әдісі.Ата-аналар мен мұғалім-тәрбиешінің өзара әрекеттесуінің жаңа әлеуеті балабақша сайтын құруды қамтиды. Мектепке дейінгі сайтта кез-келген ата-ана мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі білім беру процесінің ерекшеліктерімен танысуға, соңғы жаңалықтарды білуге және осылайша балабақшада болып жатқан барлық оқиғалардан үнемі хабардар болуға мүмкіндік алады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің сайтында ата-аналарды қызықтыратын мәселелер мен оларды қалай шешуге болатындығы туралы парақ құру. Әр ата-ананың тәрбиешінің ұялы телефон нөмірі бар, сонымен қатар топта ата-аналардың барлық телефондарының тізімі бар (әкелер де, аналар да). Балалардың ата-аналары кез-келген уақытта тәрбиешіге қоңырау шалып, оларды қызықтыратын кез-келген сұрақ қою немесе мәселе туралы хабарлау арқылы SMS-хабарлама жібере алатындығын біледі. Білім беру процесіне оны ұйымдастырудың кешенді тақырыптық принципін енгізе отырып, ата — аналарға баланың жетістіктері немесе қиындықтары туралы жеке-жеке хабарлауға, мектеп жасына дейінгі баланы дамыту бойынша қысқа ұсыныстар беруге, хабарландыру жасауға және т.б. ұялы телефонды пайдаланудың артықшылығы-ата-аналармен тікелей диалогты жүзеге асыру, ақпараттың жеделдігі.

1."Редактор бағаны" - ата-аналарға үндеу, өзекті ресми ақпарат, ата-аналарға арналған хабарландырулар.
2. "Оқыту және тәрбиелеу" - тәрбиешілер мен мамандар дайындаған тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, балабақша жұмысының ерекшеліктері (бағдарламалар мен технологиялар, даму бағыттары, педагогтың

инновациялық қызметі) туралы ақпарат орналастырылады.
3. "Топ жаңалықтары" - топтың оқиғалары, мерекелері, экскурсиялары туралы ақпарат бар.
4. "Назар аударыңыз! Байқау!"- ата-аналар үшін фотосуреттер, қолөнер, шығармашылық жұмыстар конкурстары, қорытындылау туралы ақпарат орналастырылады.
5."Пошта жәшігі"—ата-аналардың ақпараты орналастырылады. Электрондық пошта тәрбиеленушілердің отбасыларымен байланысу үшін кең мүмкіндіктер береді. Электрондық поштаны пайдаланудың артықшылығы-ата-аналардың назарына үлкен көлемдегі ақпаратты жеткізуге, отбасымен жеке қарым-қатынас жасауға болады. Интернеттегі тәрбиешінің жеке веб-парағында негізінен балалардың дамуындағы әртүрлі бағыттар бойынша кеңес беру материалдары орналастырылған: жас ерекшеліктері, мамандардың кеңестері, тәрбиешінің ұсыныстары және т. б. веб-парақты ата-аналардың бұрышында көрнекі материалды оқуға әр түрлі себептермен жеткілікті көңіл бөлмейтін ата-аналар жиі пайдаланады.Осылайша, бүгінгі таңда мектепке дейінгі мекеме мен отбасының педагогикалық өзара әрекеттесуінің сәттілігі мұғалім-тәрбиешінің өз жұмысында ата-аналарды қызықтыруға және олардың қазіргі білім беру мекемесінің оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуына жағдай жасауға арналған үлкен әлеуеті бар жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қаншалықты қолданатындығына байланысты.

Қазіргі қоғам үнемі дамып келеді және бұл даму ғылыми-техникалықпрогреспен тығыз байланысты. XXI ғасыр-бұл біздің өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде білім беру ортасына енетін жаңа электрондық технологиялар ғасыры. Білім беруді ақпараттандыру бағыттардың ішіндегі ең өзектілігіне айналды. Неліктен біз балабақшадан бастап білім беру мекемесінде цифрлық білім беру ортасын құру қажеттілігі туралы жиі айтамыз? Білім беру саласындағы, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру басты міндет болып табылады. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерін шешу басқару жүйесін жетілдірумен, білім беру мекемелері басшыларының кәсіби деңгейінің жоғары болуымен, педагогикалық процесті өзгертумен мүмкін болады. Инновациялық мәдениеті дамыған мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы басқару қызметінің мазмұны мен әдістеріне өзгерістер енгізеді және дәйекті түрде дамытады.

Жеке тұлға мен қоғамның инновациялық мәдениеті әлеуметтік прогреске ықпал ететін ғасырымыздың ең маңызды әлеуеті ретінде қарастырылады. Ал ол өмірдің барлық саласында жаңалықтарды дамытып, енгізуге қабілетті, жаңа идеяларды тез қабылдайтын, мотивтерге, білімдерге, дағдыларға, бейнелер мен мінез-құлық нормаларына сіңген жеке тұлғаның тұтас бағдары ретінде ұсынылады.

Әдебиеттер

1. А.Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика
2. А.Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика-Алматы;Рауан, 1992

3. Республикалық педагогикалық журнал «Бала мен балабақша» - 2010 - №3.
4. Республикалық педагогикалық журнал. «Бала мен балабақша» - 2010 - №6.
5.Н. Жумабекова «Мектепке дейінгі педагогика» - Астана
Фолиант - 2007

Мектеп жасына дейінгі балалардыңмузыка оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану

Бердыгалиева Г.М., Зайнеденова К.М.
БҚО, Орал қ. №34 «Балбұлақ» бөбекжайы, музыка жетекшілері

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардың музыка оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану туралы айтылады.

Кілт сөздер: «Инновациялық сөйлейтін қалам», «Инновациялық киіз үй», «Smart технология», «Нейробум», «Музыкаграмма», «Wordwall», «Educaplay», «Genially», «Инновациялық тақта»

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі жұмыс, музыкалық жетекшіден қазіргі қоғамның адамын қалыптастыруға ықпал ететін мемлекеттік білім беру стандарттары жағдайында балалардың білім беру бағдарламаларының мазмұнын тиімді игеруге бағытталған жаңа технологияларды қолдануды талап етеді.

Музыкалық іс-әрекет бала өмірінде ерекше орын алады. Өйткені музыка балалардың қуанышының, жағымды эмоцияларының, танымының және өзін-өзі көрсету мүмкіндігінің қайнар көзі болып табылады. Балаға оқуды қызықты және мазмұнды ету, балалардың оқу және шығармашылық процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беру үшін қазіргі заманғы балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын әдістерді қолдану қажет. Айналадағы өмірдің өзгеруі заманауи әдістер мен жаңа технологиялар негізінде оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралдарын таңдау қажеттілігін талап етеді.Сондықтан біздің музыкалық жетекші ретіндегі мақсатымыздың бірі-музыкалық-ойын кеңістігін құру мен ұйымдастыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді табу, бағдарламалық материалды игеру үшін балаларға қолайлы жағдай жасау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәрбиесін дамытудың негізгі міндетін шешу үшін біз өз жұмысымызда музыкалық қызметтің әртүрлі түрлерінде жаңа бағдарламалар мен технологияларды қолданамыз.

Мектепке дейінгі мекемеде компьютерді пайдалану музыка жетекшілеріне балалармен бірлескен оқу іс-әрекетін айтарлықтай жандандыруға мүмкіндік береді. Инновациялық технологиялар музыка жетекшісінің мектепке дейінгі мекеменің білім беру бағдарламасында қарастырылған музыкалық-дидактикалық материалды көрсетудегі мүмкіндіктерін кеңейтеді. Музыка жетекшісінің АКТ пайдалана отырып, балаларға көрнекі ақпаратты берудің қосымша мүмкіндігі болуы өте маңызды. АКТ пайдаланатын музыкалық оқу іс-әрекеттері мектеп жасына дейінгі балалардың музыкаға деген танымдық қызығушылығын арттырады және балалардың зейінін белсендіреді. Өйткені

ұсынылған материалды меңгерудің жаңа мотивтері пайда болады. Мұндай оқу іс-әрекеттерінде балалар музыкалық шығарманы бірлесіп талқылауда белсендірек болады. Музыка оқу іс-әрекеттері мазмұнды, үйлесімді және нәтижелі болады.

Музыкалық тәрбиенің міндеттері музыкалық іс-әрекеттің бірнеше түрлері арқылы жүзеге асады: музыка тыңдау, ән айту, музыкалық-ырғақты қимылдар, музыкалық-дидактикалық ойындар, балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сонымен «музыка тыңдау» бөлімінде «Инновациялық киіз үй» мен «Инновациялық сөйлейтін қаламды» қолданамыз. Олар балаларға музыкалық шығарманы қайта-қайта тыңдауға құштарлықты оятады, тыңдауға ұсынылған музыкалық шығарманы ұзақ уақыт есте сақтауға көмектеседі және әсерлі болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ән айту жетекші орын алады. Қызметтің бұл түрі жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды да қамтиды. Олай болса, жақсы дикция мен мәнерлі ән айтудың шарты – сөздің мағынасы мен әннің музыкалық бейнесін түсіну үшін «Мнемо технология» әдісін қолданамыз. Яғни бұл технология - бала әннің мәтінінде айтылып жатырған сөздерді презентацияда көрсетілген суреттер арқылы көреді және тез жаттауға ықпал етеді.

Музыка оқу іс-әрекетінде балаларды дамытудың тағы бір түрі ол музыкалық-ырғақты қимылдар. Ырғақты сезінген баланың жүйке жүйесі жақсы дамып, сырттан келген ақпаратты тез қабылдағыш болады. Біздің тәжірибемізде бірнеше музыкалық-ырғақты қимылдардың дамытудың әдістерін қолданып жүрміз. Соның ішінде «нейробум», «музыкаграмма», «ырғақты би» және т.б әдіс-тәсілдер балалардың музыкаға деген қызуғушылықтарын оятады.

Балалардың өзіндік музыкалық іс-әрекетін дамытудың маңызды құралдарының бірі - музыкалық-дидактикалық ойындар болып табылады. Музыкалық дидактикалық ойындарды біздер бірнеше интернет сайттарын қолдану арқылы жүзеге асырамыз. «Wordwall», «Educaplay», «Genially» сайттарын қолдана отырып, «Инновациялық тақтаның» көмегімен музыкалық аспаптарды және олардың дыбысын ажыратуды, ертегілерді әңгімелеп беруді, музыкалық жанрларды тануды және т.б ойындарды үйренеді. Бұл ойындар музыка оқу іс-әрекетін түрлендіріп, мазмұнын байытып, көркемдей түседі. Ойындар балалардың бойындағы музыкаға деген қызығушылығы мен құмарлығын оятады, балалық қиялдарын қозғап, түсініктерін кеңейте түседі. Балалардың шығармашылық қабілетерін дамытып, оларды әдемілікке, музыкалық үндестікке баулиды.

Балалардың музыкалық шығармашылықтарын оятудың тағы бір түрі ол музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптарда ойнау барысында балалардың эстетикалық және қабылдау сезімдері жетілдіріледі. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаған жағдайда баланың қол саусақ моторикасы дамиды. Музыкалық аспаптардың дыбыстары балалардыңой өрісі мен қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытады және музыканы түсініп оны сүюге үйретеді. Балаларға музыкалық аспапта ойнап үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі оларға экраннан сол аспаптарды көрсете отырып ойнатсақ бала

аспаптарды ажырата отырып берілген шығарманың бөлімдеріне сай әрбір аспаптың ойнау ретін біледі.

Қорыта келгенде осы инновациялық технологияларды қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Музыкалық сабақтарда, мерекелерде, қуанышты қарым-қатынас, көтеріңкі көңіл-күй және үйлесімді өзін-өзі сезіну атмосферасын құрады. Балалар қарапайым музыкалық білімді игереді, музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамытады, оқу-тәрбие процесін сапалы жақсартуға ықпал етеді, музыкалық іс-әрекеттің барлық кезеңдерін қамтиды.

Әдебиеттер

1. А.В.Бояринцева, Т.В.Ермолина. Хрестоматия по кинезиологии на основе ритма и музыки. Москва, 2015 г.
2. А.В.Белошистая. Развитие логического мышления у дошкольников. ИНФРА-М, 2019 г.
3. Т.Ермолина. Динамическое сольфеджио. Методическое приложение к Программе Музыкального воспитания в Монтессори-группах. Москва, 2007г.
4. Т.С.Комарова. Информационно-коммуникационные технологии в дошкольном образовании. Москва. Мозаика-Синтез. **2012**г.
5. 2. Михеева Е. В. Здоровьесберегающие технологии в ДО. Методические рекомендации. Москва, 2009 г.
6. С.Н.Томчикова. Игровые технологии в ДО. Москва, Флинта, 2015 г.

Мектепке дейінгі музыкалық тәрбиеде инновациялық технологияларды қолдану

Бижанова Л.Ж.

Астана қ. №30 «Қайнар» балабақшасы, музыка жетекшісі педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Инновациялық технологиялар негізінде баланың шығармашылық тұлғасын дамыту. Білім беру процесінің тиімділігін және балалардың білім беру бағдарламасының материалын игеру сапасын арттыру үшін музыкалық тәрбиеде инновациялық технологияларды белсенді енгізу және қолдану.

Аннотация: Развитие творческой личности ребенка на основе инновационных технологий. Активное внедрение и применение инновационных технологий в музыкальном воспитании для повышения эффективности образовательного процесса и качества усвоения материала образовательной программы детей.

Abstract: The development of a child's creative personality based on innovative technologies. My work is the active introduction and application of innovative technologies in music education to improve the effectiveness of the educational process and the quality of assimilation of the material of the educational program of children.

Түйінді сөздер: Компьютерлік технология, презентация, артикуляция,квист.

Музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекетте оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруға, психикалық функцияларды қалыптастыруға, сөйлеуді дамытуға, қоршаған әлем туралы білім жинауға мүмкіндік беретін әртүрлі технологияларды қолданылады.

Қазіргі уақытта инновациялық технологиялар жиі қолданамыз. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) пайдалану қазіргі білім берудің басымдықтарының бірі болып табылады. Ақпараттық технологиялар, бұл компьютерлер мен олардың бағдарламалық жасақтамасы ғана емес. АКТ дегеніміз-интернетті, теледидарды, бейнені, DVD, CD, мультимедиа, аудиовизуалды жабдықты, яғни байланыс үшін кең мүмкіндіктерді ұсынатын барлық нәрсені пайдаланамыз.

Музыкалық білім берудің жаңа тәсілдері балалардың музыкалық қабілетін дамытуда мүлдем басқа, тиімді педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді. Адам ойлауының белгілі бір түрі ретінде әрекет ете отырып, музыка негізгі функцияны – қарым-қатынас функциясын атқарады. Өнермен таныстыру, музыкалық тәрбие – бұл жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауымен байланысты.

Қазіргі кезде заманауи технологияларды қолданылады:

- Денсаулықсақтау технологиясы;
- Музыкалық импровизацияның қарапайым формалары;
- Музыкалық-сөйлеу және саусақ гимнастикасы;
- Анимациялық би және флешмобтар;
- Тапсырмалар;
- Құралдармен ойындар;
- АКТ қолдану.
- Денсаулық сақтау технологиясын қолдану міндеттері:
- Әр баланың жасына және жеке мүмкіндіктеріне сүйене отырып, денсаулықсақтау әдістемесін қолдана отырып, музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінде балалардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және нығайту
- Әр баланың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.
- Баланың қоршаған әлемге, отбасына, достарына, өзіне деген оң көзқарасын қалыптастыру.

Денсаулық сақтау технологиясындағы жұмыстың негізгі әдістері: әндер, дауыс жаттығулары. Дауысты ән айтуға және белгілі бір интервалдардың таза интонациясында жаттығуға дайындау үшін қолданылады.

Тыныс алу гимнастикасы. Балаларды тыныс алу ауруларының алдын алу үшін мұрынмен тыныс алуға үйретеді, тыныс алу бұлшықеттерін жаттықтырады, өкпенің жұмысын жақсартады, қанның оттегімен қанығуын арттырады, жүрек-тамыр жүйесін жаттықтырады, гипоксияға төзімділікті арттырады (оттегінің жетіспеушілігі).

Алдыңғы тыныс алу гимнастикасымен ән айту балаларға психотерапиялық, емдік әсер алуды қалпына келтіреді.

- артикуляциялық гимнастика-артикуляция органдарының сапалы қозғалыстарын дамыту, фонемаларды дұрыс айтуға дайындық, сөйлеу аппараттарының бұлшықеттерін жаттықтыру, музыкалық есте сақтау қабілетін дамыту. Нәтижесінде балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейінің көрсеткіштері, ән айту дағдылары, музыкалық есте сақтау, зейін жақсарады.

- саусақ ойындары сөйлеудің дамуына әсер ететін, баланы сурет салуға, жазуға дайындайтын қолдың ұсақ моторикасын дамытады. Барлық балаларға, әсіресе сөйлеу проблемалары бар балаларға ұсынылады.

- сөйлеу ойындары шиеленісті жеңілдетеді, еріксіз назар аудару қабілетін арттырады, байқауды күшейтеді. Музыкалық есту сөйлеу есту қабілетімен тығыз байланысты дамиды. Мұғалім дыбысқа музыкалық аспаптарды, дыбыстық қимылдарды қосады.

- музыкалық терапия-музыканы эмоционалды қабылдауға негізделген психотерапия әдісі. Дұрыс таңдалған музыканы тыңдау балалардың иммунитетін арттырады, тітіркену мен шиеленісті жеңілдетеді, тыныс алуды қалпына келтіреді.

Музыкалық білім беру тәжірибесіндегі инновациялық формалардың бірі-музыкалық импровизацияның қарапайым формалары. Бұл технологияның негізінде ән айтуды,анықсөйлеуді,балалар музыкалық аспаптарында ойнауды, биді, музыкаға импровизацияланған қозғалысты, өлеңдер мен ертегілерді айтуды,импровизацияланған театрландыруды біріктіретін ұжымдық әрекет болады.

Белсенді қолданатын музыкалық дамудың бір түрі-коммуникативті би.
Баланы музыка жасау процесіне тарту бір-бірін қабылдау атмосферасын құру және эмоционалды-психологиялық босату арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативті би шешетін міндеттер:

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту.
- Пішінді форманы сезіну бойынша жұмыстану.
- Қозғалтқышты үйлестіруді дамыту.
- Ырғақ сезімін дамыту.

Саусақ ойындары (музыкалық және сөйлеу). Балалардың-бұл орындаушылық өнердің алғашқы тәжірибелері, сипаты іс жүзінде интонацияланып, ауызекі сөйлеудің дыбыстық модуляцияларымен байытылған.

Квест-бұл шытырман оқиғалы ойын, онда сюжетті алға жылжыту үшін мәселелерді шешу қажет. Әдетте, сіз оған жете алатын белгілі бір тізбек бар. Жұмбақтарды дәйекті түрде шешу. Әрбір анықтама келесі нүкте мен келесі тапсырманың кілті болып табылады. Тапсырмалар шығармашылық және интеллектуалды болуы мүмкін. Квесттер үй-жайда да, алаңда да өткізуге болады. Әр бала оқиғалардың тікелей қатысушысы бола алады.Кез-келген сценарийді негіз ретінде ала аласыз. Квестті қолдану бірқатар міндеттерді шешеді: төзімділікке, белгілі бір тапсырманы орындау үшін жеке жауапкершілікке тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін, қиялын, іздеу

белсенділігін дамыту, зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру, жаңалыққа ұмтылу, әр баланы белсенді шығармашылық баулиды.

Музыкалық аспаптармен ойындар. Балалармен музыкалық іс-әрекетте балалардың музыкалық аспаптардың ішінде шулы аспаптармен, ең алдымен шуды зерттеуді қажет деп санаймыз, өйткені дәл осы аспаптар балаларға қарапайым және қол жетімді.

Қазіргі музыкалық әдістемеде бұл дыбысты зерттеу және балалардың дыбыс арқылы әлемді тануы, әртүрлі тұрмыстық заттардың басқа бейнесін жасау барған сайын дамып келеді. Олар таңғажайып оркестрдің шулы аспапта ойнайтын мүшелері болғысы келеді. Балалардың музыкалық аспаптармен қарым-қатынасы дамиды: музыкалық, тембрлік есту, қабылдаудың нәзіктігі, ассоциативтілік, көркемдік әсерін сезінеді.

Музыкалық-педагогикалық тәжірибеде анимациялық билер мен флешмобтарды белсенді қолданамыз. Мұндай билердің артықшылығы - бұл жерде арнайы дайындық қажет емес, балалар бәрін шоуда орындайды және оларға өте ұнайды. Ата-аналар балалармен билеуге қуанышты. Анимациялық би мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық және моторикасын дамытады. Ең бастысы-көңілді болу және барлық қатысушылар оларды орындай алады. Қиындық балаларды қимылдарды синхронды түрде, кешікпей орындауға үйрету, бірақ бұл олардың үйлесімдігі мен назарын дамытады. Балабақшадағы музыкалық ұйымдастылған іс-әрекетінде АКТ-ны білім беру іс-шараларында, музыкалық мерекелерде, ойын-сауықта, бос уақытта үнемі пайдалану. Тәрбиелеу және оқыту процесінде компьютерді пайдалану, біріншіден, қосымша оқу ақпаратын береді, екіншіден, бұл динамикалық (слайдтар, анимациялар, бейнематериалдар) әртүрлі иллюстрациялық материалдар қолданамыз.

Балаларға музыкалық аспаптарында ойнауды үйрете отырып, пернетақты, оркестрді жақсы түсіну үшін презентация арқылы балалардың музыкалық аспапта ойнау техникасын дамыту.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әртүрлі жобалар жасау (Жеңіс күні, Аналар күні, Жаңа жыл және т.б.) АКТ-ны қолданамаз, бұл дизайнға, костюмдерге, презентацияларға, музыкаға, бейнематериалдарға және презентацияға қатысты).

Мерекелерде мектепке дейінгі білім беру мекемесімен барлық іс-шараларды құруға барлық педагогикалық ұжым белсенді қатысады. Тәрбиешілер залды безендіруге,көрнекілік жасауға көмектеседі.

Компьютерлік технологиялар, презентациялар, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі барлық іс-шараларды үнемі сүйемелдейді ертеңгіліктер, концерттер, педагогикалық кеңестер, шығармашылық іс шара т.б. біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінде бақша жаңалықтары мен ата-аналарға қажет барлық ақпарат көрсетілген өз сайты бар.

Осылайша, инновациялық технологияларды қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады, тәрбиелеу-оқыту процесін сапалы жақсартуға ықпал етеді, оны балалар мен

мамандар үшін қызықтыжәне ыңғайлы етеді, музыкалық іс-әрекеттің барлық кезеңдерін қамтиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Боровик Т. А. "Педагогикалық шығармашылықтың жолдары", "Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу" баспа үйі ЖШҚ, 2004 ж.

2. Белов Г.Г., Горбунова И.И., Горельченко А.В. Музыкалық компьютер (музыканттың жаңа құралы). Санкт-Петербург: SMIO Press 2010г.

3. Буренина А. "Балаларға арналған коммуникативті би", Санкт-Петербург, 2004г.

4. Богодяж О. "Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуындағы инновациялық технологиялар" 2008ж.

5. Ветлугина Н. А., Кенеман А. "Балабақшадағы музыкалық тәрбие теориясы мен әдістемесі", М: ағарту, 1983ж.

6. Радынова, О.П. "Мектепке дейінгі жас: музыкалық мәдениеттің негіздерін қалай қалыптастыру керек" //"Музыкалық жетекші" 2005 ж. №1. – 3б.

7. Гизатов Б. Музыкальное образование в Казахстане / – Алма-Ата : Мектеп, 1975г. - 81 с.

8. К.Д.Ушинский, Баланың білімін қалыптастыру жолдары. Алматы, 1989.

9. Қазиева Б. Музыка сауатынан практикалық көмек / - Алматы: РБК, 1995ж - 110 бет.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім беру

Дербисова Жадыра Санияз овна, тәрбиеші

№17 «Ер Төстік» балабақшасы, Астанақаласы

Түйіндеме

Бұл мақалада инклюзивті білім берудің тиімді,ұтымды тұстарын анықтау, баланың дамуы үшін қандай әдіс тәсілдер қолдану қажеттілігі туралы мәселелер қарастырылған.

Түйінді сөздер: білім беру кеңістігі, ойын терапиясы . өзара әрекеттесу ортасы.

Инклюзивті білім беру дамуында сәл ерекшеліктері бар балалардың дені сау балалармен бірге оларды әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті білім беру жалпы білім беру кеңістігінде ерекше білім беруді қажеттіліктері бар балаларды оқыту дегенді білдіреді.

Инклюзивті оқыту және тәрбиелеу бұл жалпы білім беру жүйесінің қызметін ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл ретінде қарастырылатын ұзақ мерзімді стратегия. Инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін барлық балалардың , олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне тәуелсіз білім алу сұраныстарын қанағаттандыруға икемді білім беру ортасын құру қажет.

Ал енді ақыл ой дамуы кешеуілдеген баланың есте сақтау зейінін қалыптастыру үшін не істеу қажет ? Бұл сұраққа төмендегідей жауап беруге болады: Мектепке дейінгі жас дамуында ауытқуы бар балаларды сауу құрдастарының тобына біріктіру үшін қолайлы кезең. Тәрбиеші жұмысындағы мағызды бағыттардың бірі бейімделу кезеңінде және одан әрі мектепке дейінгі білім беру мекемесінде болу кезінде жайлылықты құру.Мектеп жасына дейінгі балалар өте эмоционалды және әсерлі. Сондықтан бейімделу кезінде біз ойын терапиясы әдісін қолданамыз. Ойын терапиясының құралдары ашық аспан астындағы ойындар ,имитациялық ойындар,психоэмоционалды стресстен арылтуға арналған ойындар,құм ойындары, дөңгелек би ойындары. Ойын оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды бірлескен оқу іс әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қоладануға болады.Ойлау қабілетін дамытуда түрлі дидактикалық, қозғалмалы,, сюжеттік рөлдік ойындар, сюжетті сурет бойынша әңгіме желісін құрау, құрастыру ойындары тағы басқа жұмыстардың маңызы зор. Ойын үстінде баланың сана сезімі ,психикалық процестері қалыптасып,сөйлеу тілі дамиды.Түзету сабақтарында мынадай ойындарды қолдануға болады: «Кілтті ал» , «Пойыз, «Ұқсас,ұқсас емес», «Қате суреттер» .Бұл ойындар арқылы «ерекше» балалардың ынтасы ,қызығушылығы артады, ойлау ,есте сақтау қабілеттері дами түседі.

Бүгінгі күн талабы тек қалыпты балалар емес , сондай ақ психикалық ,дамуы тежелген баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың , бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы ойын әрекеті, яғни ойын баланың жетекші әрекеті.Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай , балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек.Яғни ,оқыту тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра

отырып , баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді,себеп салдарлық байланысты тәуелділікті анықтауға тырысады.Айналадағы өмір құбылыстарын , ерекшеліктерін байқай отырып,,білуге деген қызығушылығы туындайды,осы сезім оны талпыныстарға жетелейді.[2, 223 б]

Қазіргі заманауи жаңа ақпараттық технологиялардың бірі интерактивті тақта білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа ,тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Интерактивті құралдардың көмегімен тәрбиеші мен баланың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.Тек интерактивті құрал қолдану мен шектелмей ,электронды оқулықтарды да қолданған жөн. Электрондық оқулықтар арқылы түрлі суреттер,видиокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Сондықтанда инклюзивті білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап пайдаланып, түзете дамыту жұмыстарын жүргізсе ,мүмкіндігі шектеулі жандардың заман талабына сай тұлға қалыптастыруға септігі зор.Инклюзивті оқытуда тәрбиеші жаңа технологияларды игеріп, оқушы танымы мен қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі зор. [1,88 б]

Инклюзивті оқыту барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажетілігі бар балалардың білім алуына қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Жалпы ойымызды түйіндей келе,инклюзивті білім беру идеясы барлық балалар денсаулығына немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне қарамастан ,балалар арасындағы өзара іс әрекетті ұйымдастыру және құрдастарымен қарым қатынаста проблемалары бар балаларды қолдау болып табылады. Сондықтан әрбір ұстаздың ізденгіш болуы , жағымды ойлай білуі, қандай істі болсын бар ынтасымен атқаруы және баланы риясыз сүйіспеншілікпен жақсы көріп ,шабыттандыра білуі маңызды.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2010 ж
2. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. «Открытая школа» журналы № 7 (128) 09.2020 ж

Қазақ ұлттық ойындарының балаларды тәрбиелеудегі ролі

Есенгулова Жумагул Сериковна
Астана қ. №25 «Таңшолпан» балабақшасы,
спорт нұсқаушысы

І.Кіріспе бөлім:

Халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық әлеуметтік тәжірибелері мен рухани байлығын қалдыра отырып, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын да жасайды.

Мұндай сабақтастық және ұрпақтың өзіне дейінгі адамзат жасаған игіліктерден өзіне қажеттісін іріктеп алып, ұлттық тәрбиеміздің қайнар бұлағының тереңіне бойлап, сол бұлақтан бойға қуат алу жаңа уақыт талабына сай тарихи құндылықтарды жан-жақты байыта түсуіне мүмкіндік береді. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты: адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет- ғұрпын, салт-дәстүрін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты өзекті мәселесі.

Ерте заманнан бүгінгі күнге дейін дене тәрбиесі тәрбие жүйесіндегі адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға бағытталған маңызды сала екені белгілі. Бала денсаулығын нығайту, оның организмінің толықанды дамуы бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі екені де белгілі. Сондықтан балалардың дене дамуы жағдайына ерекше назар аударып, қимылдық-танымдық белсенділіктерін ояту мақсатында қимыл-қозғалыс әрекеттерді орындай білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Баланың мектепке жақсы дайындығының бірі баланың денсаулығы, оның жұмысқа қабілеттілігі, яғни, бала мектепте ойдағыдай оқу үшін оның тек ақыл-ой, өнегелі еркін дайындығы ғана емес, сондай-ақ дене дайындығы да қажет. Денсаулығы ойдағыдай болмаса оның жұмыс қабілеттілігі төмен болады, ол өз ретінде баланың жан-жақты дамуына кедергі жасайды, оның қызығушылығы, төзімділігі, белсенділігі, қабылдау қабілеті басқа құрбы-құрдастарымен салыстырғанда төмен болады. Бұл жағдайлар биологиялық, әлеуметтік, гигиеналық және басқа факторлармен байланысты болғандықтан, әр баланың жеке басының даму ерекшелігін ескеру негізінде, оның өмірге қуанышын, сергектігін, өз күшіне сенімділігін арттыру, психологиялық тұрақтылығы мен ақыл-ой парасатының дамуына жан-жақты жағдай жасаудың жолы – дене тәрбиесі сабағына қазақтың ұлттық ойындарын көбірек кіріктіру.

ІІ . Негізгі бөлім: 2.1 Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні

Педагогика ғылымында дене тәрбиесінің халықтық түрліше құралдарын қолдану проблемаларына арналған ғылыми-практикалық тұрғыдан негізделген

ұлттық, халықтық ойындарды пайдалану арқасында білім берудің қазіргі жүйесінде оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру мүмкін екендігін көрсетеді. Халқымыз материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да бай. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай қомақты дүниелер қатарында ұлттық ойындар да жатады. Бала өзін қоршаған дүние туралы алғашқы түсінікті ойын үстінде алады, ол дүние сырларын түйсініп аңғарады, тәжірибе жинақтайды. Ұлттық ойындар- ата-бабамыздан бірге жеткен өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы мол. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз, өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз-барлық дамудың баспалдағы. Тәрбиенің баға жетпес құралы ретінде ойынның айтарлықтай алатын ролі бар. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Ойын дегеніміз-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. «Бала ойынмен өседі»,-деп халық бекер айтпаған. Ұлттық ойындарды күнделікті іс жүзінде пайдаланудың маңызы зор. Өйткені ойындарда түрліше қозғалыстар бар екендігін, өсіп келе жатқан ағзаға жағымды әсер ететін барлық ет топтарының жұмысқа қосылатындығын көрсетеді.

Әр халықтың өз ұрпағын өмірге әзірлеуде, баулып тәрбиелеуде, өзіне ғана тән ерекшеліктері болады . Ол ерекшеліктері ең алдымен сол халықтың әдет ғұрпы, салт-санасы, тұрмысы мен дәстүрлеріне байланысты қалыптасады. Ал, сол ұлттық ерекшеліктерді көрсететін әдет - ғұрып пен салт-сана, дәстүрлер сайып келгенде, сол ұлттың географиялық орнына, соған байланысты қалыптасқан шаруашылық, экономикалық , тұрмыс жағдайларына байланысты бір емес, әлде бірнеше ғасырлар бойы кайталанып сыннан өтіп, сандаған ұрпақтың тәрбие құралы ретінде өмір қажетін өтеуге негізделген сол халықтың өзіне тән асыл қазынасы болып табылады. Осы ұғымдардың жиынтығы халықтың жан дүниесін құрап, оның психологиялық ерекшеліктерін, өзіне тән ойлау жүйелерін анықтап, өзіндік ерекшеліктерін белгілейді. Сондықтан осы ұғымдарды өз бойына жинақтаған барлық тәрбие құралдарын, біз бүгінде халық педагогикасы деп атап жүрміз. Халық педагогикасының бір саласы - ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерін айнытпай дәл көрсете білетін өте құнды мәдени мұраларының бірі. Әр халықтың өзіне тән тұрмыс - тіршілігіне байланысты шаруашылық - экономикалық ерекшеліктері ұлттық ойынның негізгі мазмұнын құрайды. Қазақ халқының ұлттық ойындарының өзіне тән бір ерекшелігі сол, ол тек көңіл аулап, қызық қуып, уақыт өткізу үшін ғана емес, белгілі бір білімділік, дидактикалық мақсаттарға арналып жасалғандай. Себебі шаруашылық-экономикалық жағдайына байланысты бүгінгідей бүкіл елге жалпақ жайылған мектебі болмаған кезде, өз ұрпағына қоршаған ортаның сыр-сипатын, өмір

тіршілігінің жай-күйін білдіретін, өмірге келген жас сәбиді күнбе-күнгі өмірмен тікелей араластырып, байланыстыратын жас организимнің қимыл - қозғалысы ғана емес, оның тілі мен дінінің, ақыл-ойы мен дүние танымының, адамгершілік, инабаттылық түсінігін қалыптастыратын өнер атты асыл қазынаға бастап апаратын, бірден-бір тура жолы осы ұлттық ойындар деп атау артық емес. Оның да өзіндік мәнісі бар. Өйткені аға ұрпақ өкілдері өздері өмір сүрген дәуірдің тәжірибесін жинақтаудың нәтижесінде туып қалыптасқан тәрбие құралдары арқылы, келешек ұрпаққа өз өмір тәжірибесін жинақтап қалдыруға тырысады. Сондықтан болар қазақ халқының ұлттық ойындары нақты тәжірибелік, білімділік, тәрбиелік негізде құрылып, халық өмірімен тығыз байланысып, ұштасып келеді. Олай дейтініміз ұланғайыр қазақ даласында, ешқандай техникалық қатынас құралы болмай тұрған кездің өзінде, қазақ халқының тіл тұтастығын сақтауға бірден-бір себеп болған ауыз әдебиет туындылары десек, соны әр адамға жеткізіп, ауыздан-ауызға айтқызып отыруда негізгі қызмет атқарған да ұлттық ойындар мен ойын-сауығы, салт-дәстүрлері болды деп айта аламыз. Олай болатын себебі қазақ халқының бірде-бір ұлттық ойыны ән-күйсіз, өнер жарысынсыз өтпейді. Сондықтан әрбір ойынның бойында өнерге, білімге, білуге деген құштарлық отын жағар дидактика адамды өмірге шыңдап шығарар педагогикалық - психологиялық негіз бар. Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қазақ халқының ұлттық ойындары негізінен үш саладан тұрады. Атап айтқанда: ойын - сауық ойындары, оймен келетін ойындар, дене тәрбиесі мен спорттық ойындар. Бұл үш саладағы ойындардың бәрі де негізінен жас ұрпаққа өзін қоршаған өмірден қажетті білім, тәжірибе жинақтауға негізделген. Олардың әрқайсысының өзіндік мүмкіншіліктері бар. Кейбір ойындар сабақтың барысында бірден дидактикалық материал ретінде қолданылуға мүмкіншілік берсе, ал кейбіреулерінің тек негізгі идеялары мен оны жеткізу формаларын оқушылардың ұғымын жеделдетуге лайықтап сабақтың тиімділігін арттыру құралына айналдырамыз. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Дене тәрбиесі сабағында халық ойындарын пайдалану жас өспірімдердің тек дене тәрбиесіне ғана әсерін тигізіп коймай, олардың жан-жақты дамуына, сана-сезімінің өсіп жетілуіне, оқу үлгеріміне де айтарлықтай әсер тигізеді. Мектептегі оқушылардың әр түрлі пән сабақтарының үстінде алатын білімін, тәрбиесін жалғастыратын кезең сабақтан тыс уақытта ойналатын ойын түрлері болып табылады. Оқу-тәрбие кездерінде бір-бірімен ұштасатын дәнекерлердің бірі- ұлттық ойындар. Іс-әрекеттен тыс уақытта ойналатын ұлттық ойын барысында балалар тыныгады, өмір танымын кеңейтеді, бірлеседі, ұйымшылдыққа үйренеді. Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық, өзін-өзі тежеу сияқты қасиеттердің қажеттігін алғаш сезіну осы ұлттық ойындардан басталады. Мысалы, балалармен ойнауға мынадай қазақтың ұлттық ойындарын ұсынуға болады. «Айгөлек», «Арқан тарту», «Белбеу тастау», «Қойыңа қасқыр шапты», «Жаяу көкпар», «Жалау алу», «Сақина жинау», «Күзетшілер» т.б. Ойындарды өткізу арқылы педагог

«Детство-фундамент жизни. Без полноценного переживания его, последующая жизнь ребенка может быть ущербной» Я.Корчак

Аннотация: в данной статье рассматривается актуальная проблема нарушений исполнения нормативно-правовых актов в инклюзивном дошкольном образовании.

Ключевые слова: Дошкольная образовательная организация(ДОО), Нормативно-правовые акты(НПА), Особые образовательные потребности (ООП),инклюзивное образование.

Важнейшим институтом социализации личности ребенка дошкольного возраста является семья.

Дошкольное детство, это уникальный период в жизни человека, когда формируется здоровье, осуществляется развитие личности ребенка. В этом возрасте ребенок находится в полной зависимости от окружающих взрослых : родителей и педагогов. От того, какие условия будут созданы для развития малыша в окружающем социуме, зависит его дальнейшая гражданская позиция. Поэтому следующим институтом социализации для дошкольника является детский сад.

В дошкольной образовательной организации ребенок получает первый опыт общения с чужими взрослыми, учиться взаимодействовать со сверстниками. Одна из основных задач для педагогов данной организации, это создание социально-благополучной среды для каждого воспитанника и успешная социализация ребенка.

В нашем государстве деятельность дошкольных образовательных организаций регламентируется: «Типовыми правилами деятельности дошкольных организаций» и «Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения» (далее – стандарт), разработанные в соответствии со статьей ЗаконаРеспублики Казахстан "Об образовании".

В своем докладе хочу отметить три основные задачи, которые являются основными для обеспечения полноценного развития каждого воспитанника. Это: 1)охрана жизни и здоровья воспитанников дошкольного возраста;

2)создание оптимальных условий, обеспечивающих физическое, интеллектуальное и личностное развитие воспитанников, в том числе для воспитанников с особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями;
3)создание инклюзивной развивающей среды, трансформируемые игровые и тематические зоны, ориентированные на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка.

Все цели и задачи, предусмотренные нормативно-правовыми актами(НПА) ДОО в РК, направлены на :
создание благоприятных условий для целостного развития и раскрытия потенциала каждого ребенка;
создание социально-психологических и педагогических условий для воспитания и обучения детей, в том числе специальных условий для детей с особыми образовательными потребностями и ограниченными возможностями;
создание развивающей предметно-пространственной среды, в том числе специальной среды, ориентированной на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка;
организацию воспитательно-образовательного процесса для воспитания и обучения детей.

Из многочисленных докладов на семинарах, конференциях своих коллег, я отметила, что задачи выполняются в полном объеме. Но, какие существуют проблемы для реализации этих задач, зачастую умалчиваются.

Я считаю, что на таких конференциях, мы должны озвучивать все проблемы, которые влияют на социальную и психологическую ценность дошкольного детства каждого дошкольника в ДОО.

В рамках воспитательно-образовательного процесса в воспитании и обучении детей с образовательными потребностями(ООП) в обычных ДОО, не учитывается комфорт каждого ребенка.

Из собственного опыта хочу выделить самые актуальные проблемы, с которыми сталкиваются многие педагоги-дошкольники.

Согласно Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы, должны создаваться условия для инклюзивного образования. Для детей с ООП разрабатываются специальные учебные программы, но не все педагоги их используют. Это проблема неготовности педагогов к инклюзивному образованию. Слабая форма работы методических кабинетов отделов образования на местах, недопущение педагогов к курсам повышения квалификации в области инклюзивного образования.

Стандартом предусмотрено направление на создание развивающей предметно-пространственной среды, в том числе специальной среды, ориентированной на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка.
Типовыми правилами деятельности дошкольных организаций в задачах отмечено создание инклюзивной развивающей среды, трансформируемые игровые и тематические зоны, ориентированные на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка.

Здесь нужно отметить, что прослеживается неподготовленность материально-технической базы дошкольных организаций.

На своем опыте хочу отметить, что несмотря на действующий **Закон «О статусе педагога», Статья 6.** Обеспечение профессиональной деятельности **педагога Пункт 2.** При осуществлении педагогом профессиональной деятельности не допускаются: 4) возложение на него обязанности по приобретению товаров и услуг.

Но в жизни происходит совершенно все по-другому. Воспитатели и родители воспитанников покрывают большую часть расходов по приобретению товаров для воспитательно-образоватеельного процесса в ДОО. Родители полностью обеспечивают игрушками, развивающими пособиями. Воспитатели на свои средства приобретают весь материал для дидактических игр, наглядностей разного рода и мелкий инвентарь в центры развития для детей.

Целостное развитие и раскрытие потенциала каждого ребенка на основе общечеловеческих и национальных ценностей с учетом его интересов, особенностей и потребностей зависит от создания благоприятных безопасных образовательных условий для воспитания и обучения детей дошкольного возраста, создания развивающей предметно-пространственной среды, специальной среды, ориентированных на поддержку индивидуальности ребенка, формирование умений и навыков в соответствии с их возрастными особенностями.

На сегодняшний день есть только требования и рекомендации по организации предметно-развивающей среды, с учетом ориентирования на поддержку индивидуальности ребенка. Но нет средств для реализации этих требований.

Не менее значимая актуальная проблема в инклюзивном образовании, это кадровое обеспечение. Психологи, медицинские работники не имеют достаточной информационной базы для сопровождения работы с детьми с ООП, что увеличивает нагрузку на долю воспитателей и детей.

Когда ребенок с заключением ПМПК прибывает в обычном детском саду, должны соблюдаться все нормы, которые прописаны в нормативно-правовых актах(НПА). Но в силу многих правонарушений, эти нормы не учитываются.

Если в законе прописано, что в дошкольной возрастной группе не должно превышать более трех детей с ООП, и наполняемость детей меняется из расчета 1 к 3, то в моей практике было пять детей с ООП, с наполняемостью 23 ребенка в группе предшкольной подготовки.

Дети с ООП прибывают в дошкольные группы обычных детских садов с разными заключениями от ПМПК. Из собственной практики могу отметить, что из-за отсутствия условий предметно-развивающей среды, зоны комфорта для особенных детей, и без поддержки и содействия со стороны профессионалов (врача, при возможности включить в штатное расписание, психолога, логопеда, дефектолога),приводит к заметным проблемам в социальной адаптации и является препятствием к успешному включению в общеобразовательный процесс.

Слишком большая нагрузка выпадает и на долю каждого обычного ребенка. Сейчас у нас ребенок аутист стяжелыми аутистическими расстройствами. Дети весь день наблюдают, психическую нестабильность в поведении. Это может быть агрессивная атака на любого из них(укусы, избиение, бросание предмета, причем любой тяжести), это бесконечные громкие различные звуки, лазанье по мебели, порча методических пособий, игрушек и т.д.

Мое мнение, мы пришли к инклюзивному образованию неподготовленными. Нужно создавать для детей с ООП коррекционные группы, с необходимой предметно-развивающей средой, с созданием комплексной системы психолого-педагогических условий, способствующих успешной адаптации, реабилитации и личностному росту детей в социуме. Мы, педагоги дошкольного образования, должны обеспечить комфортную среду для каждого ребенка, учитывая его индивидуальность и возможности.

Литература :

1. «Типовые правила деятельности дошкольных организаций»
2. «Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания
3. и обучения»
4. Закон Республики Казахстан "Об образовании".
5. Закон «О статусе педагога»
6. «Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы»
7.

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс және болашақ педагогтерді даярлау

Тлеубаева А.С.
Семей қ. «Бәйшешек» балабақшасы, тәрбиеші

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев I республикалық педагогтар съезінде, ел дамуының ең негізгі басымдықтарының бірі -сапалы білім беру саласына баса назар аударып, оқу жоспарын заман талабына сай және ұстаздардың біліктілігін арттыру керектігі жөнінде атап өткен болатын. Сондықтанда адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізгі көзі балабақшадан қалыптасады. Бала жүрегінде жылулық ұялатып,қабілеті мен дарынын ашу -тәрбиешінің алдына қойған ең басты міндеті болып табылатынын айтты.Қазіргі заман талабына сай қосымша білім беру оның теориясы мен әдістемелік жұмысты жетілдірмей балалардың болашағын елестету мүмкін емес еді. Өйткені осы процесте әдістемелік жұмыстың түрі маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстың түрлері педагогикалық шеберлік деңгейін, жұмыс тәжірибесіне байланысты болады. Әр бір әдістемелік жұмыстың басты міндеттердің бірі ол педагог – тәрбиешінің кәсібей шеберлік білімін көтеру болып табылады. Балабақшадағы әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін адам, ол — әдіскер болып саналады. Жетекшілік ететін қызметінің негізгі мақсат, міндеттері, күтілетін нәтежелер

мен заңдылықтарын білместен әдістемелік жұмысты сауатты ұйымдастырып оны жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтанда педагогикалық үрдістің тиімділігінін ерекшелігі ол әдіскердің барлық басқару қызметтерін бірдей дәрежеде сапалы орындауымен ерекшеленеді. Өйткені әдіскер мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбие және дамыту әдістемелері және бір ізділік басқару мәселелерінде білікті болуы керек. Педагог өз мамандығын ғылыми негізде теориялық тұрғыда сауатты жүргізе алса, онда практикада жүйелілік, бірізділік қалыптасып жетістігі жоғары болмақ. Осы орайда әдіскер болашақ педагогтерге арнап әдістемеліктің нұсқаулықтарына сүйеніп бір неше бағыттарға қарай топтастырып, салыстырып қарастырды. Оларды атап өтетін болсам кеңестер, семинарлар, ашық ұйымдастырыған ойын түрлері, әңгімелесу түрлерін айтуға болады. Осы талаптарға қарай мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс – әр педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға, ұжымның шығармашылық әлеуетін жалпылауға және жетілдіруге, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда тиімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған, ғылым жетістіктеріне, озат тәжірибеге және педагогтардың жұмысын талдауға негізделген.Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік құрылымдардың негізгі іс әрекеті педагог тұлғасына, білім беру қызметінде тиімді нәтижелерге жетуге қажетті оның шығармашылығын, мектепке дейінгі балаларды білікті дамытуға әр педагог осы бағытта бағытталуы қажет. Өйткені қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымның ерекше қабілеттілігі, әлеуметтік тапсырыс, инновацияларды игеру мен енгізу біздің өміріміздің шыңдығына айналғандай. Әр уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі білім беруді жаңарту мен дамытудың маңыздылығы. Заманауи педагог нақты жағдайда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың заманауи технологияларға сонымен бірге қазақтың құндылықтарына ие кәсіптік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін бірқатар қасиеттерді меңгеруі керек. Осыған орай болашақ педагог бектілген жоспар бойынша нақты белгіленген мерзімділігімен оқу жылы бойы жүргізіліп үйретіліп көрсетіледі. Болашақ педагогтарды даярлау үшін тәлімгерлікті, тағылымдамалық практиканы өзінің кәсіптік білімдерімен және машықтарымен бөлісікісі келетін тәжірибелі педагогтар арқылы іске асырылып жүргізіледі. Әр бір педагогарды білімдерін жетілдіруге жағдай жасай отырып, балалармен жұмыста озық тәсілдер мен амалдарды меңгеруіне, тәрбиелеудің сырларын түсінуге ерекше көңіл бөле отырып. Тәжірибелі тәлімгерлерді болашақ педагогтерге тағайымдайды. Болашақ педагогтер олар сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік жұмыстарды анықтай білетін,өз мамандығына деген сүйіспеншілігі бар педагог болуы тиіс.Тәжірибелі тәлімгерлер болашақ педагогтерге балалармен және ата –анасымен тіл табыса алатын, қиын ситуациялардан шыға білетін, ерекше балалармен қалай жұмыс жасау керектігін үйрете білуі қажет. Болашақ педагогтер әдістемелік нұсқаулықпен толықтай таныстырып, ондағы әр топтың өзіндік ерекшеліктерін атап, соған орай мақсат, міндеттерді құра білуге бағыттап үйрету қажет. Болашақ педагогтерге өзінің мамандығының қиындығымен қызығығы мол мамандық екенің түсіндіре отырып, тек бірлескен еңбек етуге әрқашанда ізденісті, жаңа әдіс жолдарын ізденуге құштар, және жақсы жетілген

педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін оны дамытуды қажет ететін маман екенің түсіндіру. Біз болашақ педагогтерді тәрбиелей отырып болашақ балаларға дұрыс білім мен тәрбие берудің дұрыс бағыттарын көздей отыра, еліміздің болашағын құрамыз. Болашақ педагогтар даярлау кезінде оларға міндетті түрде педагог тек балаға белгілі бір дағдыларды қарапайым үйретуші ғана емес, сонымен бірге ол баланы жақсы көре білу, олар қуанса бірге қуану, мұңайса себебін таба білетін мықты маман иесі екенің тәжірибе барысында көрсеу. Әр тәжірибе арқылы баланың мінез-құлқының ерешеліктерін аңғаруға, әр ата-ана баласының жетістіктерімен мінезі ғана емес ол бала қандай ойында кім болып ойнайды, құрдастарымен қарым-қатынасы, жеке даму саласындағы жетістіктерімен кемшіліктері байқай алуы керек.

Тәрбиеші – балабақшадағы басты тұлға екені белгілі. Сондықтанда балалар тобындағы психологиялық ахуал, балалардың бір бірімен тығыз қарым-қатынасы мен балабақшаға келуінің белсенділігі, көптеген басқа да жәйттер тәрбиеші жұмысымен тығыз байланыста. Педагог ата-аналармен бірге баланың дұрыс өсіп жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін ықпалды тұлға. Мектепке дейінгі мекеме жүйесін қайта құру ісіне педагогтардың қатысуына жағдай жасау үшін шығарымпаздығын, жаңашылдығын, заманауи үдісінде өзін іс жүзінде көрсете алу ерекшелігін таныта білуі қажет.

«Баланы ең әуелі мейірім–шапағатқа, одан соң ақыл парасатқа, ақырында нағыз ғылымға,еңбекке баулы» -дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Шыңында да кішкентай бүлдіршінді мейірімге бөлеп, мәпелеп баулып, ана тіліндесөйлеуді дамытып, ұлттық құндылықтарды бойын сіңіре білу, тәрбиелеу ол біздің және болашақ педагогтардың мақсат жігері деп санаймын. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей тәжірибелі педагогтар үйретіп жетілдірудің арқасында болашақ педагогтар үшін алған тәрбиемен білімді өмірде қолдана білгені, мен үшін үлкен бақыт деп санаймын.

Ұлы ағартушы, педагог ЫБырай Алтынсарин айтқаны ешқашан ескірмейді.

«Жақсы мұғалім,бәрінен де қымбат,өйткені мұғалім мектеп-жүрегі» - дегендей болашақ педагогтарды дұрыс оқытып үйретсек нәтижелі болсын десек, ең әуеліпедагог өзіміз іздемпаз болып, жаңа заманауи тұрғысынан қарап, оқып білімді болумыз шарт деп ойлаймын.

Менің әдістемелік жұмысымның берекесі алдыма келген әрбір болашақ педагогтарға дұрыс бағыт бағдар бере отырып, өзін-өзі тануға ықпал жасау мен үшін үлкен жетістік. Болашақ педагогтар өз ісінің мықты бір маман иесі болу үшін не керек?Мен айтар едім әрине білім, міндетті түрде – мейірімділік, жылы жүрек, бала мен өз мамандығына деген қызығушылық пен махаббат және сонымен бірге сүйіспеншілік қажет етеді. Қорыта айтқанда болашақ педагог ең бастысы баламен өз мамандығын сүйетін жан болу керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Балбөбек» бағдарламасы. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының республикалық баспа бөлмесі. - Алматы қ., 1999.

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

3. Танымдық белсенділікті қалыптастыру-«Мектепке дейінгі тәрбие» 2. Жұмабекова Ф.Н. – «Мектепке дейінгі педагогика»- Астана, 2007 3. Отбасы және балабақша 2007 ж № 2, № 3, № 6,11.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасының мазмұнының базалық минимумы». - Астана қ., 2004.

5. Халық педагогика негіздері. С. Ғаббасов, Алматы, 1985 ж.

Жаңартылған білім беруде дидактикалық және дамытушы ойындар арқылы балалардың танымдық әрекетін арттыру

Петропавл қаласы
«Ақ бота» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
меңгерушісі
Абилова Жанна Еркеновна
Петропавл қаласы
«Ақ бота» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
тәрбиешісі
Дюсекина Асель Асхатовна

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі біздің заманымызда өте өзекті болып табылады. Зерттеулер балалардың танымдық белсенділігінің айтарлықтай төмендегенін көрсетеді. Балаларда қоршаған ортаны өз бетінше білу қажеттілігі жеткіліксіз қалыптасқан. Баланың саналы ізденімпаздығы мен өнімді ойлауын негізге алып, белгілі бір танымдық міндеттерді орындауға мақсатты түрде бағыттай отырып, іс-әрекеттің кез келген түрінде күтілетін оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына негізделген дамып келе жатқан педагогика мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбие-оқу қызметін ұйымдастыруға көзқарасты айтарлықтай өзгертті. Бүгінде мемлекеттің міндеті жаңа, 43 белсенді, ізденімпаз ұрпақты дайындау.Білім беру үрдісі өзгеріп, алға жылжуда, жаңа бағдарламалар пайда болып, кейіннен мектептің жаңа, зерделі, ізденімпаз балаларға деген қажеттілігі де арта түседі. Бұл тәрбиешінің, педагогтың өзі өзгеруі, жаңа, жарқын болуы керек деген сөз. Біз балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жолдарын, құралдарын және әдістерін өзгертуге тиіспіз. Бүгінгі таңда ойын түрлері, атап айтқанда, дамытушы (дидактикалық) ойындар ерекше маңызға ие.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын да, өсіретін де, әрі тәрбиелейтін де негізгі ісәрекет ол - ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын барысында бала сезуді, қабылдауды үйренеді және барлық сенсорлық эталондарын игереді; салыстыруды, заңдылықтарды орнатуды, өз бетінше шешім қабылдауды үйренеді; дамиды және әлемді зерттейді.

Бүгінгі күннің жаңалығы болып табылатын - «Bil-Bala» ойын қобдишасы» да мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуына арналған дидактикалық құрал. «Bil-Bala» - ойын қобдишасы» – проблемалық жағдайды талдауға негізделген заманауи білім беру технологиясы. Ол рөлдік ойындарды, жоба әдісін және ситуациялық талдауды біріктіреді. Бұл технологияның негізгі міндеті – әртүрлі мәселелер арқылы жұмыс істеу және бар білімдерін пайдалана отырып, олардың шешімін табу қабілетін дамыту, құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынас жасауды үйрену.

«Bil-Bala» - ойын қобдишасы не үшін қажет?

• тәрбиеленушілердің барлығы ойын қызметіне қатысады;

• тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған қызметіне деген қызығушылығын арттырады;

• ұйымдастырылған қызметінде пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;

• тәрбиеленушілерді жеке және топпен жұмыс істеуге үйретеді;

• тәрбиеленушілердің есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады; «Bil-Bala» - ойын қобдишасы - мектепке дейінгі балалардың танымдық – зерттеу белсенділігінін дамуы түрінін инновациялық формасы, балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсер тигізеді, тәрбиеленушілер әр сала бойынша білім алады және алған білімдерін қолдана алады. Мәселе: Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға тиімді әсер ететін жағдайлар жасау мәселесі мектепке дейінгі тәрбиеде маңызды орындардың бірін алады. Танымдық қызығушылық – іс-әрекет барысында заттар мен құбылыстарға қарымқатынастарынан туындайтын білімге деген ұмтылыс. Бұл біздің балалардың іс-әрекетін ұйымдастыруда «Bil-Bala» - ойын қобдишасы сияқты инновациялық түрін таңдауымызды түсіндіреді. «Bil-Bala» - ойын қобдишасы – оқытудың белсенді әдісін жүзеге асыру құралы. «Bil-Bala» - ойын қобдишасымен ойнағанда балалар білімді дайын түрде қабылдамайды, оны өздерінің зерттеу және танымдық әрекеттері барысында өздері алады. Бірақ «Bil-Bala» - ойын қобдишасын қайдан алуға болады? Оны өзіміз жасаймыз. Бірақ қалай? Барлық білім беру салаларын қамтитын ойын қобдишалар А4 көлеміндегі қатырма қағаз, ағаш, түрлі түсті фетр, мата қиындылары сынды әр түрлі материалдан жасалған. Осылайша, жобаның тақырыбын «Bil Bala» - ойын қобдишасы» деп таңдау қажет болды. Әр топтың тәрбиешілері дайындаған қобдишалар сан түрлі. Жалпы, бұл жоба – балаларға арналған әр түрлі ойындар мен тапсырмалардан тұратын оқу

альбомдары. Олар үйде немесе балабақшада мектеп жасына дейінгі балалармен демонстрациялық, ойын және білім беруге, шығармашылыққа бағытталған.

Бір ерекшелігі, «Bil-Bala» ойын қобдишасы» ойындарын ұйымдастыру іс-әрекетінің барлық кезеңінде ойнауға болады. Мәселен, жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде небір жақсы нәтижеге жетеріңіз анық. Өтілген материалды бекіту және қортындылау кезінде балаларға сан түрлі ойындарды ойнату арқылы біз балалардың пәнге деген қызығушылығын оятып, сабақты жандандырып, балаларды ынталандыра түсетініміз айғақ.

«Bil bala» ойын қобдишасы» - ойын баласының моральдық, эстетикалық сезімдерін қалыптасуына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса беретін ойын тынысын кеңейтіп, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін ғажайып, заманауи, ақпараттық технологияның шарықтап тұрған заманындағы таптырмас, білім саласын дамыта түсетін, проблемалық жағдайды талдауға негізделген ғажайып технология. Мақсаты:Тәрбиешілерді, педагогтарды жаңа бірлескен қызмет түрімен таныстыру, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту-тәрбиелеу құралы ретінде «Bil-Bala» - ойын қобдишасын қолдану мүмкіндіктерін зерделеу. Бұл қобдиша жапсырма ойындарын қамтиды. Міндеттері:

• Жоба тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді және басқа да ақпарат көздерін оқып зерттеу;

•Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу құралдары туралы түсініктерін кеңейту;

•Балабақшада «Bil-Bala»-ойын қобдишаларынәзірлеу және жапсырма ойындарымен жұмыс жасау; педагог қызметінде іс жүзінде қолдану. Гипотеза: Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігінің артуы келесі шарттар орындалған жағдайда мүмкін болады деп болжауға болады: тәрбиелеу, білім беру іс-әрекетінде «Bil-Bala»-ойын қобдишасын жүйелі пайдалану, балаларға «Bil-Bala»-ойын қобдишасына еркін қол жеткізу, мектеп жасына дейінгі балалардың «Bil-Bala»-ойын қобдишасын пайдалануға тұрақты қызығушылығын қалыптастыра алады деген болжам жасаймын.

Мектепке дейінгі ұйымда интерактивті тақтаны қолданудың өзектілігі

Байдомакова Л.К.
«Астана қаласы әкімдігінің
«№47 Ақ желкен» балабақшасы» МКҚК

Аңдатпа: Оқу орындарында интерактивті тақталарды қолдану оқушылар үшін үйреншікті және мұғалімдер үшін қалыпты жағдай болса, балабақшалар үшін бұл жаңаша жаңалық. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегіоқытудың интерактивті технологиялары мен әдістерін қолдану тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін сипаттайды. Мектепке дейінгі жастағы

баланың жеке басының дамуының басты шарты-ойын әрекеті. Осыны ескере отырып, тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетті қызықты ойын түрінде ойластырыруы маңызды. Сонымен бірге ынтымақтастық атмосферасын, балалардың бір-бірімен және ересектермен өзара сенімділігін қалыптастырып, балаларды проблемалық жағдайларды шешудің жолдарын өз бетінше табуға үйретуі керек. Бұл мақсатқа жету үшін тәрбиеші ақпараттық-коммуникациялық технология түрлерін қолданады.

Аннотация: В то время как использование интерактивных досок в учебных заведениях является обычным явлением для учащихся и нормальным для учителей, для детских садов это новость. Использование интерактивных технологий и методов обучения в дошкольном образовательном учреждении характеризует профессиональную компетентность педагога. Главное условие развития личности ребенка дошкольного возраста-игровая деятельность. Учитывая это, важно, чтобы воспитатель продумал организованную деятельность в интересной игровой форме. При этом необходимо создать атмосферу сотрудничества, взаимного доверия детей друг к другу и со взрослыми, научить детей самостоятельно находить пути решения проблемных ситуаций. Для достижения этой цели педагог использует виды информационно-коммуникационных технологий.

Түйінді сөздер: интерактивті тақта,ақпараттық-коммуникациялық технология, ынтымақтастық, танымдық, мультимедиялық, демонстрациялық, белсенділік.

Ключевые слова: интерактивная доска, информационно-коммуникационные технологии, сотрудничество, познавательные, мультимедийные, демонстрационные, деятельностные.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиясыз біздің күнделікті өмірімізді елестету мүмкін емес. Қазіргі кезде мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру ұйымдарында датүрлі инновациялық технологиялар енгізілуде.

Кез-келген инновация- дамушы ортаның сапалы өзгеруіне, өсуіне әкелетін жаңа бір мүмкіндік.Соның бірі интерактивті тақта. Интерактивті тақта әмбебап құрал болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Интерактивті тақта тәрбиешінің күн тәртібіндегі таптырмас серігі.

Тәрбиешіге ойын дайындау және өткізу үшін кең мүмкіндіктер береді. Интерактивті және мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері балалардың танымдық әрекетін оятып, белсенділіктерін арттырады. Бұл құрал балабақша тәрбиеленушілерінің зейінінің тұрақтылығын, ойлау қабілеттерінің жылдамдығын, білімге деген қызығушылығын арттырады. Интерактивті тақта керекті демонстрациялық материалдарды біріктіреді, көптеген қағаз көрнекі құралдардың, аудио және бейне жабдықтардың үлкен көлемде ұсынуға мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Қазіргі кезде балалар ақпараттық технологияларға жақсы бейімделгендіктен, интерактивті тақтамен өтілген жаңа білімді тез игеруге ынталы және есінде сақтайды. Интерактивті тақтаны білім беру процесінде дәстүрлі әдістермен

бірге қолдану мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің тиімділігін едәуір жақсартады.

Мен интерактивті тақтаны іс жүзінде барлық дамытушы бағыттар бойынша қолданамын. Физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдылар, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын арттыруда үлкен көмекші құрал.Ұйымдастырылған ойын іс-әрекетінде бала бойында түрлі қабілеттерді ашу үшін және белсенділігі төмен балаларды ортаға тартуда көптеген сергіту сәттері, ойын түрлері, саусақ жаттығуы, тыныс алу жаттығуы мен ертегі терапиясы, артикуляциялық жаттығу түрлері, нейро жаттығуларды қолданамыз. Бұл жаттығуларды көрнекі түрде сүйемелдеген кезде ғана балалар қызықты қабылдайды. Сондықтан да балаға берген әр жұмысты ақпараттық-коммуникациялық технологиямен біріктірген жөн. Интерактивті тақтада әртүрлі бейнелерді, презентацияларды, мультфильмдерді ойын түрінде көрсету балалардың шексіз қызығушылығын тудырады. Түрлі-түсті бейнелер, қозғалыс, дыбыс, әуен, мультфильм ұзақ уақыт бойы олардың назарын аударады. Қызықты анимациялық және қимылды ойындарды компьютерден немесе интереактивті экраннан барлық талап ережелерін сақтап пайдалануға болады.

Баланың шығармашылық, коммуникативтік дағдысын дамытуда ертегі терапиясын аламын. Себебі, сүйікті ертегі кейіпкерлерімен ертегіні сахналау, ойнау балаларды дамыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ертегі терапиясын жүргізу кезінде мен театрлардың бірнеше түрін қолданамын: үстел үсті, флонелеграф, саусақ, аяқ театры, қуыршақ театры, пантомима т.б. Енді осы театрда қойылатын қойылымдар туралы, жалпы театр туралы түсінік беруде интерактивті тақтаны пайдалану арқылы балаларда театр туралы түсінік кеңінен қалыптасты.

1) Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы: (балалар достарын театрға дайындайды)

- Киім таңдайды;
- Билет алады;
- Қойылым таңдайды;
- Орнын табады;
- Театрда өзін қалай ұстау керек?

2) «Не артық?» ойыны

Қай суреттің театрға қатысы жоқ?

3) «Сәйкестендір, қай ертегі?» Ертегіге сай кейіпкерді экраннан тауып, бір-біріне жақындату, сәйкес емес кейіпкерлерді өшіру. Осының бәрін тақта бетінде қаламды пайдалану арқылы көрсетеді. Балалардың интерактивті тақтаны алғаш көргенде-ақ қызығушылықтары айқын байқалды. Қаламды ұстаған кезде экран элементтерінің өзгеруі өте әсерлі көрінеді. Балаларға саусақпен заттарды жылжыту, геометриялық фигуралар жиынтығынан ойындарға әртүрлі заттар мен схемалар салу, маркерлермен жазу, тақтадан сүрту ұнайды. Интерактивті тақтаның көрнекілігі балалардың назарын аударуға және сақтауға мүмкіндік береді. Балаларға бір рет көрген сурет

пікірталасты бастау үшін, бір-бірімен комуникативтік қарым-қатынасқа түсу үшін жеткілікті болады. Әрі қарай бала ертегіден ұнатқан кейіпкерінің суретін салып оны тақтада Microsoft Paint бағдарламасында бояп, жаңа түс береді, оның бойындағы қасиетін әңгімелеп береді.

Бұл технологияларды қолданудағы маңызды мақсат -баланы ойлауға, сұрақтарға жауап іздеуге, белсенді болуға, нәтижеге риза болуға үйрету.Күн тәртібінде инновациялық технологияларды қолдану тәрбиеленушілерімнің мінезін тұрақты етіп, бір-біріне ұқсамайтын жеке тұлға, сан алуан пікір иесі етіп тәрбиеленуіне жол ашып жатқандай.

Қорыта айтқанда, балабақшада ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану - бала танымын жан-жақты дамытудың шешуші құралы. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Жеке тәжірибеге сүйене отырып, балабақшада интерактивті тақтаны қолдану балалардың қабілетін дамытуға, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруге, жан-жақты дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді деп айтуға болады, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді және баланың мектепке дайындық деңгейін арттырады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде білім беру сапасын арттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдансақ тәрбиеленушілермен бірге өз деңгейіміздің де өсетініне сенемін.

Пайдаланылғанәдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсхау хат

2. Василенко А.В. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі интерактивті технологиялар. - https://mdou65.ru/интерактивные-технологии-в-ДО. html, 14.06.2013

3. Сайт бетінен Алиева.Г.С «Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті технологияны тиімді қолдану жолдары» мақаласы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы «step by step» инновациялық технологиясы бағдарлама материалын тиімді игеру жолы

Юсупова Н.Г.

Астана қ, №15 «Дарын» балабақшасы, меңгеруші

Аңдатпа

Баланың даму ортасы әрқашан өзгеріп отыруы керек. Ал дамытушы ортадағы бала топтардың пәндік ортасын құрудың белсенді қатынасушысы болып саналады. Осы белсенді қатынасушы баланың бойында оқу – тәрбие үрдісінің сапасын жақсарту үшін ғылыми - әдістемелік, жаңа тиімді технологиялармен қаруланууы қажет. Технология – білім мазмұнын жүзеге асыратын әдіс – тәсілдер жиынтығы болғандықтан, жаңа технология үрдісінің талабы – балаға сапалы білім беру, баланың іс - әрекеті, ойындар арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін дамытып, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Қазіргі кезде жаңа технологиялар баланың кез келген пәнге қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытады, жаңалықты тез қабылдауын қалыптастырады. Сонымен жаңа технологиялардың принциптері – оқу – тәрбие үрдісін ізгіліктендіру және демократияландыру жағдайында өздігінен даму бағдарын анықтап дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін - өзі тәрбиелеуші жеке тұлға қалыптастыру екен. Бұл мәселені нәтижелі шешуге бізге «Step by step» технологиясыжол ашып отыр.

«Step by step» технологиясы – тәрбие және оқыту процестерін ізгіліктендіруге, демократияландыруға бағыт алған қазіргі кезеңде әрбір сәбиге топтағы бірнеше қызмет түрін таңдауға еркіндік беру арқылы оның тұлғалық қабілетін дамытуды көздейтін халықаралық технология. Оның басқа технологиялардан құндылығы сонда, ол ұлттық бағдарламаны теріске шығармайды, уақыт талабына жауап беретін технология.

«Step by step» технолиясының мақсаты**:**

- жас бүлдіршіндерді жасытпай оқыту, сенімсіздік комплекстерін жою;
- баланың өзін - өзі тану еркіндігін және дұрыс қарым – қатынас мәдениетіне тәрбиелеу;
- баланың өзіндік «Менін» анықтауға көмектесу;
- балаларды жан – жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, салауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу;
- балалардың бойына әлем және адамзат туралы дұрыс түсінікті қалыптастыру;
- балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту;
- жеткіншектердің танымдық белсенділігін арттыру болып табылады.

«Step by step» технолиясының**міндеттері:**

- балалардың бойына әлем және адамзат туралы дұрыс түсінікті қалыптастыру;
- балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту;
- балалардың адамгершілік мінез – құлықтарына баға беру мүмкіндіктерімен таныстыру;

- балалардың бойларында танымдық белсенділігін арттыру;
- жас ұрпақтың рухани – адамгершілік қабілеттерін арттыру;
- жеке тұлғаның «Менін» ояту.

«Step by step» технолиясының басқа технологиялардан ерекшелігі:

- таңертеңгі жиын өткізу;
- белсенділік орталықтарына бөлініп шағын топтармен жұмыс істеу;
- кіріктірілген сабақтар жүргізу;
- тақырыптық оқыту:
- әр баланың жеке портфолиосының болуы;
- топтағы әр балаға арналған мейірімді лебіздердің (счастьеграмканың) болуы;
- ата – аналармен тығыз байланыста болуы.

Осы ерекшеліктердің тиімділігі мынада:

Біріншіден: таңертеңгі жиын балаларды сезімталдыққа, ұйымшылдыққа, табиғат құбылысы мен өмір құбылысын байланыстырып суреттей білуге, өз ойларын толық жеткізуге, байқағыштыққа үйретеді.

Екіншіден: топтағы белсенділік орталықтарына бөліну арқылы бір – бірін сыйлауға, бір – бірінің сөзін бөлмей тыңдауға, бір сөзбен айтқанда мәдениеттілікке үйретеді, бірлікте, ынтымақта жұмыс істеуге дағдыландырады. Өзіне ұнаған ісін таңдауға, өз ойларын еркін жеткізіп, қорытынды жасауға, шешім қабылдай білуге, өздерінің білімдерін, тәжірибелерін іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден: кіріктірілген сабақтар мен тақырыптық оқыту арқылы балалар бір тақырып айналасында зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ғылымның әр саласын бір – бірімен байланыстыра білуге үйренеді. Ал, счастьеграмка мен портфолио арқылы ата – анамен, басқа да пәндер мұғалімдерімен тығыз байланыста болуға көмектеседі.

Төртіншіден: әр балаға арналған мейірімді лебіздер (счастьеграмкалар) мен жеке баланың портфолиосы арқылы ата – анасымен, басқа педагогтармен қарым – қатынасының нығаюына әкеліп соғады.

Бесіншіден: ата – аналардың балабақша өміріне қатысуы, олардың өз баласының эксперті ретіндегі рөлінің маңыздылығы артады. Баланың ата – анасына деген сүйіспеншілігі, сый – құрметі арта түседі.

Міне, осындай тиімділіктерден кейін қоғам құндылықтарын сыйлайтын, өзінің Отанын, жанұясын сүйетін, өз іс – қимылына жауап бере алатын және басқа біреулердің пікірлерін сыйлайтын, өз қалауын жасай алатын белсенді азамат етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

«Step by step» технолиясының жалпы ережелері:

Материалдар мен құрал – жабдықтар балаларды ойынға және сабақтарға қызықтырып тартып, бірнеше арнайы ұйымдастырылған жерлерде орналастырылады. Бұл аймақтар белсенділік орталықтары деп аталады. Белсенділік орталықтары – оқу барысында балаларға тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Баланың қарым – қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарастарын қалыптастырады. Белсенділік орталықтарындағы қызметтер әр баланың қабілеттерін толық ашуға және оны мектепке дайындауға мүмкіндік береді. Балалардың бойына ұжыммен жұмыс жасауды, бірге болуды, өзінің және жолдастарының пікірлерімен санаса білуді сіңіреді. Әрбір баланың өзіндік белсенділігінің арқасында оның қабілеттері мен дарынының дамуындағы табыстарға жеткізеді. Бала өзінің ең көп уақытын балабақшада өткізеді. Сондықтан, топтағы белсенділік орталықтары – бала үшін ерекше әлем. Топ тәрбиешілерінің алдындағы мақсат – баланың белсенділік ортасын дұрыс ұйымдастыру, оны дұрыс жабдықтау және қолдана білу. Біздің балабақша топтарында осындай бірнеше белсенділік орталықтары бар. Олар:

- көркем әдебиет орталығы
- тіл дамыту орталығы
- сауат ашу орталығы
- есеп орталығы
- өнер орталығы
- ғылым орталығы
- желілі – рөлді ойындар орталығы
- аспаздық орталығы
- құрастыру орталығы
- тыныш аймақ орталығы
- құм, су орталығы
- табиғат орталығы
- логикалық ойындар орталығы
- театр орталығы
- сауат ашу орталығы
- қол еңбегі орталығы

Step by Step инновациялық технологиясы тәрбиелеу-білім беру процессін ұйымдастыруға ықпал етіп, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың сабақтастығы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда баланың ерекше қабілеттерін дамытуға және отбасын білім беру процесіне тартуға бағытталған ерекше әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыру оны өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындауға ықпал етеді, балалардың бойында тұрақты ұмтылыс пен өз бетінше оқу қабілетін қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Айджанова Д., Искакова А. Организация педагогической практики Step by Step в дошкольных учреждениях. – Алматы, 2002.
2. Соросовский образовательный центр “Step by Step”. – Алматы, 2002ж.

Инновациялық тәжірибемен балаларды дамыту жолдары

КМҚК “Гауһар” бөбекжайы
Оханова Лаззат Салменовна
БейсембиноваГульмира Жуматайқызы

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педогогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педогогикалық техникалар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты-баланы жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инноватциялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видио, құралдар компютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрал электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңыза өте зор.

Мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау,жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу,жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы.

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір тәрбиешінің міндеті.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар:ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру,

ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту және т.б. Ойын-әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Проблемалық оқыту технологиясы-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.Модульдік оқыту технологиясы-оқытудың тұтас технологиясынжобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру.Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету.

Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында тәрбиешілердің педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір тәрбиешінің міндеті.Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі, мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі-оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып, дамыту.

Бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.Аталған

педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады.
Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді.Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.
Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру-басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.
Әрине мұндайда педагогикалық технологияға анықтама берген ғалымдардың бірін атап өтсек те болады.Олар: В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьчков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. өз еңбектерінде қарастырып өткен.
Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет . Сондықтан да әрбір баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, іздемпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.Бала бақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады.
Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.
Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.
Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, заманауи видеотехникалық

құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады.Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:
1. Жаңашыл педагогтар іс-тәжірибелері. – Алматы,1991.
2. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология.Оқулық.Тараз.ТарМУ.2003.
3. Ұстазға рухани қуат керек. Р.Нұртазина туралы//Қазақстан мектебі, 1999.
4.Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990.
5. А.К.Ахметов. Принципы технологии и содержание образовательной программы.Алматы.1995.

Балабақшада балаларды ойын әдісі арқылы тәрбиелеу

Рамазанова Д.М. тәрбиеші,
№ 47 «Ақ желкен» балабақшасы
Астана қаласы

Аңдатпа: Мақалада үш ойын түрі: педагог жетекшілігімен ойналатын ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын негізгі басшылыққа алынған. Педагог жетекшілігімен ойналатын ойын әрекеті балаға бағыт-бағдар бере отырып, белгілі нәтижеге жеткізетіні айқындалған. Құрылымдалған ойын – ұйымдастырылған оқу қызметінде өтілген тақырыпты есте сақтау үшін қолдануға тиімді екені көрсетілген. Еркін ойынның тиімді тұсы балалардың бойындағы ерекшеліктерді бақылауға көмектесетіні айтылған. Бұл ойын түрлері арқылы баланың сөздік қорын молайтуға, қызығушылығын, белсенділігін арттыруға, сапалы білім беруге болатыны дәлелденген.

Аннотация: В статье рассматриваются три типа игры: игра под руководством педагога, структурированная игра и свободная игра. Определено, что деятельность игры, проводимой под руководством педагога, приводит к определенному результату, направляя ребенка. Было показано, что структурированная игра эффективна для запоминания материала, охватываемого структурированными учебными мероприятиями. Говорят, что полезная сторона свободной игры заключается в том, что она помогает контролировать особенности детей. Доказано, что с помощью этих видов игр можно расширить словарный запас ребенка, повысить интерес, активность, дать качественное образование.

Кілт сөздер: педагог жетекшілігімен ойналатын ойын, Құрылымдалған ойын; Еркін ойын.

Ключевые слова: игра под руководством педагога; Структурированная игра; Свободная игра.

Ойын – балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның акылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік- жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде кандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады дейді. Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»- деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын арқылы бала үйренеді, қызығушылық танытады. Ғалымдардың пікірі бойынша Л.Выготский оқу процесінің ерекшелігін – оның сабақтастығы мен үздіксіздігін сақтай отырып, ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру қажеттілігіне назар аударса, А.Байтұрсынов мектепке дейінгі тәрбиенің өзіндік ерекшелігі мен жүргізілу тәсілін сөз еткен: «Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да- ойын, жұмысы да- ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді десе...Н.Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән берген. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» және «Балаға керегі – ойын». Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып бекітеді деген екен. Үш ғалымның пікірін тұжырымдай келе баланы ойын арқылы дамытуға бағыт бергенін байқадым. Бала ойын арқылы дамиды, сөздік қоры молаяды, қызығушылығы артады, белсенділігі оянады, достарымен жақсы қарым-қатынаста бола біледі, сапалы білім алуға болатынын білдім. Үш ойын түрін ала отырып, өз мақсатымда көптеген мәселелерге қол жеткіздім. Ол ойын түрлері педагог жетекшілігімен ойналатын ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын. Ойындардан байқағаным баланың дамуына зор ықпалын тегізеді деген ойдамын. Педагог жетекшілігімен ойналатын ойын әрекеті балаға бағыт-бағдар бере отырып нәтижеге жететініне көз жеткіздім. Ойын барысын дұрыс қолданып, жеткізу үшін балаларды 4 топқа бөлдім. «Жыл мезгілдері» деген ойынды алдым. Бұл ойында балалар топтасып қызығушылықпен ойнады. Ойын ойнаған кезде балалар топқа бөліне отыра 4 жыл мезгіліне сәйкес келетін суреттерді тауып қойып шығу қажет еді. Балалар қызығушылық танытып, ептіліктерін көрсетіп, белсенділік танытқанын байқадым. Тобымдағы көшбасшы балаларды 4 топқа бөліп тастағаным жақсы болды. Ойын барысында ойынға қызығушылық таныта қоймайтын Ақнұр есімді тұйық қызым өте белсенді болып ойнады. Балалар қызығушылық танытып, ептіліктерін көрсетіп, белсенділік танытқанын байқадым. Тәжірибемде жүргізілген жұмыстардың жемісін көрдім.. Ойын барысында ойынға қызығушылық таныта қоймайтын Ақнұр есімді тұйық қызым өте белсенді болып ойнады. Ақнұр топ арасында өзінің тапқырлығын көрсетіп ашыла бастады. Ойын барысында өзінің достарымен жақсы қатынасқа түсіп, өзін еркін ұстады. Айсана және Асылым есімді көшбасшы қыздарым ойнаған кезде кімнің қателесіп жатқанын көріп, қатарластарына өз көмектерін беруді

аямады. «Жыл мезгілдері» деген ойында балалардың қызығушылықтары артып, өздеріне деген сенімділік, күш жігер, ынта пайда болғанын байқадым. Бұл көрініс мені қатты қуантты. Ақнұрмен алдағы уақытта жұмыс барысында осы аталған үш ойын түрімен баланы әрі қарай дамытатынына сенімдімін.

Құрылымдалған ойын – ұйымдастырылған оқу қызметінде құрылымдалған ойын ойнаған кезде өтілген тақырыпты есте сақтау үшін жиі-жиі қолдануға болатынын көрдім. Бұл ойын арқылы баланың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырып, көңіл – күйлерін көтереді. Құрылымдалған ойын ойнау барысында, өз тәжірибемде қажетті, керекті көрнекіліктерді қамтамасыз етуді назарға алдым. Сол себепті балалармен «Кім тез құрастырады?» үстел үсті ойынын жоспарладым. Бұл ойында балалардың қаншалықты әр түрлі суреттерді құрастыра алатынын бақыладым. Бұл ойын әрекетін ойнауда төрт топқа бөлгенім оң шешімін тапты. Топтарды алмастыру арқылы қатарластарының қаншалықты дұрыс бұрыс орындағандарын көріп, сезінді. Себебі тобымызда шапшаң, тез жинап алған балалар болды. Олар өздерінің епті, алғыр екендерін көрсетсе, тұйық балаларымыз ойын әрекетіне толық қатыса алмады. Осындай қателіктерімді болдырмас үшін әр оқу қызметін ұйымдастырған кезде әр баланы жеке ойнатамын деп шештім. Алдағы уақытта балалар мен әлеуметтік, физиологиялық,эмоционалдық, танымдық қабілетін дамытатын ойындарды көбірек қолданамын деп жоспарға алдым.

Еркін ойын – балалардың өз таңдауларымен, қалауларымен еркін ойнайтын ойын түрінің бірі. Балалар өздері қалап,таңдап немен ойнағылары келсе, сонымен ойнайды. Бұл ойын түрін күннің екінші жартысында немесе серуенде, дене шынықтыру залында, топта ойнайды. Ойнаған кезде балаларды сырттай бақылап, қарап отырдым. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдысы қалыптасатынын байқауға болатынын түсіндім. Бұл еркін ойынның тиімді тұсы балалардың бойындағы ерекшеліктерді бақылауыма көмектесті. Еркін ойын ойнағанда балалар ашылады, бір-біріне құрметпен қарайды,достарын ренжітпеуге тырысады, сыйластықтарын көрсетеді. Бұл ойын әрекетінен сезінгенім тұйық, баяу балалар ойынға белсене қатысып кететіндерін байқадым.бұл ойын түрі балаларды ізденіп талпынуға, өзін еркін ұстай білуге, тапқырлық әрекеттерінің жетілуіне зор ықпалы бар екенін түсіндім. Алдағы жұмыс барысымда осы үш ойын түрін қолдана отырып, өз тәжірибемде төменде жазылғандарды ескеріп, үлкен нәтижеге қол жеткізетініме сеніммен айта аламын. Педагог жетекшілігімен ойналатын ойынды ойнағанда қажетті көрнекіліктерді қамтамасыз етіп, баланың ойын шартын толық, жітік түсіне білуіне қол жеткіземін.Құрылымдалған ойын ұйымдастырған кезде жас ерекшелігіне байланысты дағдылардың қалыптасуына бағытталуы керек.Еркін ойынды ойнағанда баланың іс-әрекетін жанама бақылаймын. Қажетті құралдардың, ойыншықтардың жеткілікті болуын қадағалаймын.

Осы үш ойын түрлерін қолдана отырып бағдарламаның түйінді идеясы бала үні, танымдық оқиға, өмірлік маңызды дағдылар,ойын арқылы дамыту, дамытушы ортаның қажет, тиімді екеніне көз жеткіздім.

Әдебиеттер тізімі

1. «Бала тәрбиесі» журналы, 11-2007 жыл
2. Құлжанова Н.С. «Мектепке дейінгі тәрбие» 1924 жыл
3. «Отбасы және балабақша» журналы, 1-2009 жыл

Мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық тәрбие-рухани қазына

Рахимбаева Саулегул, тәрбиеші
Шаяхметова Гаухар Салимжановна, тәрбиеші

№18«Аяжан» балабақшасы, тәрбиеші

«Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек»
Серғазы Қалиев-этнопедагог, профессор.

«Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұрасын, қазынасын қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару -жалпы ұлттың алдында тұрған міндет мына біздің мойнымызда деп ойлаймын.

Балабақша қабырғасынан бастап Отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп өсіру – ең басты қағидат.

Қазіргі уақытта Республикамыздың біршама мектепке дейінгі ұйымдарында «Ұлттық құндылық» тақырыбында жұмыс жасап, жақсы нәтижелер беруде. Мұндағы басты *мақсат:*Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге-құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

Осыны негізге ала отырып , тәрбиеленушілерімізге ұлттық құндылығымызды сақтап қалуда бірнеше іс шаралар ұйымдастырып келеді.

Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі.

Балаларға отансүйгіштік, азаматтық тәрбие беруде, ертеңгіліктер, ұлттық ойындар, ұлттық аспаптармен әндер, ұлттық салт- дәстүрлер басқада іс шаралардың маңызы зор.

Ұлттық салт- дәстүрімізді насихаттауға бағытталған балалармен «Текеметті құрастыр», «Сиқырлы қоржын» дидактилық ойын түрлерін кеңінен қолданудамыз.
Бүлдіршіндер бойына қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылықты қалыптастырып, қазақ халқының салт - дәстүрі мен әдет - ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындырып, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыру ұлттық құндылығымызды дәріптеудің бір мақсаты.
«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері», «Салт-дәстүр-асыл қазына», «Қош келдің Наурыз», «Тұсау кесу», «Ат қою», «Бесікке салу», «Ұлттық ойындар» атты ойын сауық іс-шаралары ұйымдастырылады.
Ұлттық салт – дәстүрімізді насихаттауға арналған әр топ жас ерекшелігіне қарай дидактикалық ойындар дайындап жасалды.
Атап айтсам:
«Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»
«Қазақтың ұлттық ер адамның, қыз баланың киімдері»
«Ұлттық қазақ қыз баланың әшекей бұйымдары»
«Ұлттық аспаптар.»
«Жеті қазына»
«Алты табақ»
«Арқан тарту»
«Ұлттық ыдыс аяқтар»
Құнды мәдени игіліктердің бірі ұлттық ойындар болып табылады.
Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті , өжеттілігі, батылдықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйелген орамал», «Қыз қуу» , «Ұшты-ұшты» т.б ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.
Асық ойыны, баланың қимы-әрекетіне тигізер пайдасы зор. Ойын барысында балалар жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату т.б, үйренеді.
«Бестемше», «Ханталапай», «Алтын сақа» асық балалардың ой-өрісін, танымын, логикалық ойлауын, ұсақ қол моторикасының дамуына септігін тигізеді.
Балабақшада көрмелер, театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру дәстүрлі өткізіледі. Ертеңгіліктер мен мерекелік іс шаралардың да маңызы зор.
«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек , «Ұлттық тәрбие» балабақшалардан бастау алары сөзсіз.

Ерекше білім беру қажеттіліктері барбалалармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері

Мангазинова А.Ж.
Астана қ. №17 «Ер-Төстік» балабақшасы, әдіскер.

Аңдатпа: Бұл мақаладамектепке дейінгі мекемеде арнайы түзетуші әрекетті

ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізе отырып, танымдық іс-әрекетіндегі және эмоциялық жағдайындағы кемшіліктерді мүмкіндігінше жеңу, оларды әлеуметтендіру мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер:арнайы түзетуші әрекет, дамытушы орта, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, физикалық қасиеттер, коммуникативтік дағдылар, түзету-дамыту, әдіс-тәсілдер

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың түзету-дамыту жұмыстарын Үлгілік оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге бағдарлап ұйымдастыруды қарастырады.

Осы орайда, педагогке бұл балалардың физикалық қасиеттерін дамытумен қатар, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар-ды меңгертуге, қарым-қатынас жасауға деген ынтасы мен қызығушылығын оятып, үнемі қолдау көрсетіп отыру жауапкершілігі жүктеледі.

Арнайы түзетуші әрекетті ұйымдастыруда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды түзете-дамыта отырып, танымдық іс-әрекетіндегі және эмоциялық жағдайындағы кемшіліктерді мүмкіндігінше жеңу, оларды әлеуметтендіру педагогтің басты назарында болады.

Педагог өз қызметінде ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы түзету-дамыту жұмыстарының әртүрлі әдістері мен тәсілдеріне және мектеп жасына дейінгі баланың бойында қалыптасатын дағдыларын өзара үйлесімділікте дамытуға басымдық беріледі.

Онда коммуникативтік қарым-қатынас жасауына, ойынға деген қызығушылығын арттырып, белсенділік танытуына, дұрыс сөйлеуінің қалыптасуына, қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпарат алуы арқылы қажеттіліктерін қанағаттандыруына, әлеуметтік ортада бейімделуіне қолдау көрсету көзделеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен арнайы түзетуші әрекетті ұйымдастыруда педагог мына әдістер мен тәсілдерді, технологияларды қолдана алады:

- кинезиологиялық жаттығулар;
- артикуляциялық жаттығулар;
- саусақ гимнастикасы;
- арттерапия;
- музыкалық ықпал ету технологиясы;
- ертегі терапиясы;
- түспен ықпал ету технологиясы;
- мінез-құлықты түзету технологиясы,
- психикалық гимнастика;
- фонетикалық және логопедиялық ритмика;
- нейропсихологиялық ойындар;
- нейрофитнес;

- нейрогимнастика;
- нейрографика;
- эйдетика.

Сонымен қатар, арнайы түзетуші әрекетті ұйымдастыруда педагог заттық дамытушы ортаны жабдықтауға аса мән беруі тиіс. Ол баланың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға ықпал ететін және ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен жұмыс жүргізуге арналып жабдықталады. Ол мектеп жасына баланың жеке және жас ерекшеліктеріне, қабілеттері мен қызығушылықтарына бағдарланып құрылады.

Заттық дамытушы орта баланың ойын құралдарына еркін қолы жететіндей, қалаған затына таңдау жасап, ойындағысыніске асыра алатындай мақсатта жоспарланған түрлі құрал-жабдықтардан тұрады.

Арнайы түзетуші әрекетті іске асыратын дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында педагог-мамандар мен тәрбиешілер топта білім алып жатқан балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, олардың танымдық және белсенділік деңгейлерін, қызығушылығын есепке ала отырып, баланы ынталандыратын, оны қызықтыратын, эмоционалды және қозғалыс белсенділігін тудыратын орта ұйымдастырады.

Дамытушы орта құруда мындай **ұстанымдар** басшылыққа алынады:

- баланың жеке өмір қауіпсіздігі;
- құрал жабдықтардың қолжетімділігі, оның ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға сәйкес болуы;
- түзету-дамыту жұмыстарының мазмұндылығы;
- ойын құралдарының көп функционалдылығы;
- ойын заттарының тартымдылығы.
-танымдық, зерттеушілік, қимыл-қозғалыс және шығар-машылық ойындарға қажетті құрал-жабдықтардың болуы.

Дамытушы орта құруда әр баланың ерекшелігі мен дамуында бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктерін ескеру қажет. Мәселен, педагог көру қабілеті бұзылған балаларға арналған дамытушы ортаны ұйымдастыруда баланың жас және психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескереді. Дамытушы орта әртүрлі сенсорлық тітіркендіргіштермен қанықкан және қозғалыс белсенділігінің шарттарымен (сенсорлық бұрыштар, сағаттық, дыбыстық, әр түрлі ойыншық материалдарынан жасалған, әртүрлі тактильді беттері бар тақталар) толықтырылуы тиіс.

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналғандамытушы орта балалардың сөйлеу тілін түсінудегі қиыншылықтарын, белсенді сөздік қорының аздығы мен байланыстырып сөйлеудің төмен қалыптасқандығын ескере отырып, ойындар мен құрал-жабдықтарды схемалар арқылы көрсетіліп жасалады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналғандамытушы ортада баланың психологиялық ерекшеліктері (төмен қарқын және енжарлық, мінез-құлық бұзылыстары, ұзақ, тез және күрделі нұсқауларды түсінудегі қиындықтар) ескеріледі және саусақтағы ұсақ бұлшықеттері мен ірі бұлшықеттерін дамытуға арналған ойындармен жабдықталуы керек.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған дамытушы орта баланың сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету үшін құрылады, тақырыптық және сюжеттік суреттері бар иллюстрациялармен, өлеңдер мен ертегілерді ойнатуға арналған ойыншықтармен, театр түрлерімен, артикуляциялық жаттығуға арналған суреттермен, сөздерді, дыбыстарды бекітуге және автоматтандыруға арналған көрнекі құралдармен, артикуляциялық және саусаққа арналған жаттығулар кешенімен және т.б. жабдықталуы керек.

Психикалық дамуында тежелуі бар балаларға арналған дамытушы орта бір тақырыптағы материалдардың әртүрлі нұсқаларының болуымен (көлемді заттар, жазықтықтағы заттар, иллюстрацияллар), әрекетттердің алгоритмдері мен нұсқауларының болуымен, ертегі модельдерінің болуымен, т.б. ерекшеленеді.

Зиятында бұзылыстары барбалаларға арналған заттық-дамытушы ортада әртүрлі пішіндерді, түстерді, көлемдерді қарауға және зерттеуге арналған нақты заттар мен табиғатпен, қоршаған ортамен, адамдардың іс-әрекеттерімен танысуға арналған қарапайым иллюстрациялық материалдарды баланың жас және психо-физикалық жағдайына сай, қауіпсіздік шараларын сақтай отыра таңдау қажет.

Дамытушы орта қолжетімді, қауіпсіз, баланың бойына біліктілік дағдыларды қалыптастыруда қызығушылықтарын арттыратын және білім беру стандартын жүзеге асыруға нақты бағытталғанда ғана балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен арнайы түзету жұмыстарын жүргізуде түзету-дамыту ойындары, арт-терапия, музыкамен ықпал ету технологиясы, ертегі терапиясы, түспен ықпал ету технологиясы, мінез-құлықты түзету технологиясы, психикалық гимнастика, фонетикалық және логопедиялық ритмика, нейропсихологиялық ойындар, нейрофитнес, нейрогимнастика, нейрографика, эйдетика сияқты түзету технологиялары кеңінен қолданылады.

Педагог тарапынан ойындар мен ойын-жаттығуларды ұйымдастыруда төмендегі талаптар ескерілуі тиіс:

-педагог ойынды өз таңдауы бойынша ұйымдастырады;

-ойын таңдауда балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескереді;

-ойындарды мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес кезекпен ұйымдастыруды жоспарлайды;

- түзету-дамыту ойындары мен ойын жаттығуларды дұрыс ұйымдастыру керек;

- ойынға керекті құралдар әр балаға жеткілікті болу керек;

- ойын құралдары эстетикалық, гигиеналық талаптарға сай болуы керек;

- ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталуы үшін, әдемі қораптарда, қалталарда балаларға қолжетімді жерде тұру керек.

Бұл ойындар тәрбиеші мен педагогтардың бірлескен әрекетінде жүйелі қолданылады. Нәтижесінде, бала бойында мынадай өзгерістер туындайды:

- ұзақ мерзімді жад функциялары жақсарады;
- қоршаған әлемнен келетін ақпаратты жылдам қабылдайды;
- физикалық және психикалық өнімділік артады;
- шаршауы азаяды;
- шығармашылық қабілеттері дамиды;
- вестибулярлық аппаратының жұмысы жақсарады;
- жүйке және бұлшықет жүйесінің дамуы артады.

Қорыта айтқанда, аталған ойындар мен жаттығулар жинағы баланың қиялын, бейнелі ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, арнайы түзету әрекетін жүзеге асыруға көмектеседі.

Түзету-дамыту ойындары арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоршаған ортаны құрметтеуге үйренеді, белсенді қарым-қатынасқа түседі, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Бұл ойындар баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздерін қалайды. 4 жасар балалардың барлық психо-физиологиялық функцияларын түзете отырып, дамытуға, әлеуметтік ортаға бейімделуге, өз-өзіне қызмет етуге дайындауды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Үкіметінің қаулысы (23.03.2021 ж. №137). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі.
2. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы (03.08.2022 ж. № 348) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы (09.09.2022 ж. № 394) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.
4. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы (14.10.2022 ж. № 422) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
5. Игенбаева Б.Қ., Үржігітова Г.Ә. және т.б. Тілашар: оқу құралы. - Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2021.-112 бет
6. Бадилова М.Ж, Садыкова А.К, т.б. Сенсорика: Әдістемелік құрал. –Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. -48 бет.
7. Березина Р.Л., Михайлова З.А.,и др. Формирование элементарных математических представлений у дошкольников. –Москва, 1998 г.
8. Венгер Л.А., и др. Воспитание сенсорной культуры ребенка от рождение до 6 лет. –М:, 2008 г. -269 стр.
9. Пилюгина Э.Г. Занятия по сенсорному воспитанию с детьми раннего возраста. –М:, 1993г.
10. Жұмағұлова Қ.Б., Шәріпбаева Г.Р. Мектеп жасына дейінгі тәрбие теориясы және әдістемесі: Оқулық. –Астана: «Арман-ПВ» баспасы. 2007ж.
11. Ермакова Т.Н, Кутузова А.Б. Королевство игр: всестороннее развитие в дошкольном возрасте. –Ярославь: ООО «СТЕМКО»,- 2017. -96 стр.

12. «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы. -Алматы. -2006 ж.
13. Байтокова Г.С. «Ғажайып дыбыстар әлемінде»:Әдістемелік құрал.-Астана:Мастер ПО ЖШС, 2013ж.
14. Өмірбекова Қ.Қ., Өмірбекова С.Ж. «Фонетикасы, фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу»: Бағдарлама.-Алматы.-2004ж.
15. Түсіп Қ.Е. «Сиқырлы сөздер әлемінде»: Мектепке дейінгі оқыту-тәрбиелеу жұмысына арналған көмекші құрал.-Нұр-Сұлтан, 2020.-110б.
16. Әбуова Ғ.Қ., Есенова С.М., Әбілдинова Н.Р. «Музыка, бейнелеу өнері сабақтарындағы тіл түзетуәдістемесі».-Мектепке дейінгі оқыту-тәрбиелеу жұмысына арналған әдістемелік құралы.-Астана, 2006.-58 бет.

Мектепалды даярлық пен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық

Алтыбаева А.А.
Мектепалды даярлық пен бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі,
бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтастық дегеніміз:

- Біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау.
- Екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Сабақтастық сақталу үшін мектепалды даярлық кезеңде жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық жеке тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады.

Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығының мақсаты:

- Мектепке балаларда дайындау,
- Олардың бойындағы қорқыныш сезімдерін болдырмау,
- Өз-өздеріне деген сенімдіктерін арттыру болып табылады.

Сабақтастық даму кезеңдері мен сатылардың арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұнды байланыс болу керек, бұл байланыс олардың толық және жеке жақтарының кейбір элементтерін сақтайтын тұтас жүйе. Жеке тұлғаның даму кезеңінің үздіксіз білім беру деңгейлері мен сатылары нақты мақсаттарды іске асыру жағдайлары мен талаптарының іске асырылуымен анықталады. Осының барлығы бір ғана түпкі мақсатқа — баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағытталуы тиіс.

Сабақтастық білім беруде:

- балалардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастырып, олардың одан арғы өмірлік қызметтерін қамтамасыз етеді;
- білім беру кезеңдерінде үздіксіз білім беру (балабақша-мектеп, мектеп жоғарғы оқу орны);
- біртұтас білім беру жүйесінде осы кезеңдердің және оқыту түрлерінің біртұтастығын ұйымдастыруға өз әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- тілдік қарым-қатынасын дамыту (құрбы-құрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу)

Сабақтастық үрдісін 2 жақтан қарауға болады

- Мектепке дейінгі буын сатысында мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы қысқартылады және балалардың жеке тұлғалық сапасының негізі қалыптасады.
- Мектеп өз жұмысын жоқтан құрмайды. Мектепке дейінгі балалардың жетістігін қапсырып алып, балалардың жинақтаған әлеуетін педагогикалық практиканы ұйымдастыра отыра дамытады.
- Сабақтастықтың осындай түсінігі балалардың дамуы мен оқып үйренуін үздіксіз іске асырып отырады.

Мектепке дейінгі буын мен бастауыш білім сатысының сабақтастығын тек баланы мектепке дайындау деп түсінбеу керек, мұнда педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің формалары, әдіс-тәсілдерімен жете танысып, 6 жас пен 7 жас аралығындағы психологиялық ерекшелікті анықтай отырып мектепке біртіндеп жеңіл бейімделуіне жағдай жасау шарт.

Екі ұйым арасындағы әрекет:

- Мектепке дейінгі мекеме-танымдық әрекет-мағлұмат алады, талдайды, ойнайды, білім алып, тәжірибе жасайды.
- Бастауыш сынып-оқу әрекеті-оқи алуға үйренеді, оқығысы келеді, жаңа мазмұнды меңгереді, жаңа түсініктер қалыптасады.

Мектеп пен мектепке дейінгі мекемедегі сабақтарды салыстыра отыра келесі ұқсастықтарды атап айтуға болады:

- Бір маңыздылық: балалардың танымдық әрекетін басқару, білім және білікпен қаруландыру бірмезетте жан-жақты тәрбиелеу. Оқыту мектепте де, мектепке дейінгі мекемеде де бағдарлама бойынша өткізіледі.
- Айқын және қатаң ұйымдастыру: әрқашан, әр уақытта нақты сабақ кестесі, әр баланы оқыту міндеті, педагогтың барлық балалармен ұжымдық жұмыс жүргізуі.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш мектеп сатысында мынадай жағдайлар туындайды: Бастауыш мектеп мектепалды дайындық тобында берілетін тәрбиелену, білім беру және дамыту моделінен оқытудың мектептік моделіне үздіксіз байланыста өтуін қамтамасыз ету керек. Бұл жерде білім, білік, дағдылардың сабақтастығынан да балалармен жұмыс істеудегі әдіс-тәсілдердің сабақтастығы жоғары рөл атқарады. Басты мақсат мектепалды дайындық тобынан бастауыш мектепке көшудегі балалармен жұмыс түрлерінің тығыз сабақтастығы.

Көбіне бастауыш мектепте мектепалды дайындық тобының әдіс-тәсілдерін, жұмыс түрлерін қолданғысы келмейді, ал даярлық тобы тәрбиешілері көбіне бастауыш мектеп моделін пайдалануға мәжбүр болады. Балаларды оқытудағы бастауыш мектеп моделі даярлық тобындағы балалардың мектеп талаптарына сай білім, білік, дағдылары қалыптасқан, ұйымдастырылған оқушыны алғысы келеді. Мұндай сабақтастықтың нәтижесінде мектепке дейінгі балалықты бағалау түсіністігі жоғалады және баланың даярлық тобына баруы мектепке дайындық ретінде ғана қарастырылады. Мектепалды дайындық тобының мұғалімдері мен тәрбиешілері «Баланы мектепке даярлау» мақсатында балаларды партаға отырғызып, мектептік типте сабақтар жүргізеді.Мұндай жерде көбіне балалардың негізгі қызметі ойын екені естен шығарылады. Тек танымдық, дамытушылық ойындардың көмегімен білім негізі қалыптаса бастайды. Осылайша, қазіргі заманда сабақтастықтың құрылымы табиғи жолмен емес, жасанды түрде жүзеге асады,себебі бастауыш мектептегі әдіс-тәсілдер, балалармен жұмыс түрлері мектепалды дайындық топтарында кең қолданылады. Сондықтан да бұл мәселені бірден 2 жақты қарастырған жөн. Ал, ұйымдастыру жоспарында мәселені шешудің мынадай жолдары қарастыруға болады:

Біріншіден, балалардың мектепалды дайындық тобында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бағалау қажет емес, олардың даму деңгейін бағалау қажет деп ойлаймын.

Екіншіден, бастауыш мектеп мұғалімдері білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде мектепалды дайындық тобына сай ойын әдістерін тиімді қолдана білсе.

Сонымен қатар бұл шақта баланың көрнекі-әрекеттік және бейнелі-ойлау түрлерін де жетілдіруді қажет етеді. Өкінішке орай, көптеген әріптестеріміз ойлаудың бұл екі түрін көп елемей, тез арада сөздік- логикалық ойлауды дамытуға кіріседі. Алайда, бала ойлауының жоғарғы формаларының жетік қалыптасуы нақ осы көрнекі-әрекеттік, көрнекі бейнелілік түрлерін берік қалыптастырып, сөздік логикалық ойлау түрлерін біртіндеп дамытуға байланысты жұмыстар жүргізілуі қажет.

Сабақтастық екі буынға ортақ міндеттерінің үйлесімділігі қалыптастырады. Мектепалды даярлықта алған білім көрсеткішінің өзекті мәселелерін іріктеп,бастауыш сыныпқа келген оқушының оқыту талаптарын әрі қарай жетілдіреді. Осы жағдайдың алдын алу үшін мектеп тәжірибесінде сабақтастықты жүзеге асыру игі нәтижесін беріп келеді.Бірлестік жоспары бойынша бірнеше сабақтарға қатыстым, қатысу барысында балалардың мектепке бейімділігінің қалыптасқанын, сабаққа қызығушылықтарының жоғары екені байқалды. Атап айтқанда, сауат ашу сабағында «Жоғалған буынды тап», «Кім жылдам?», «Бағдаршам» атты дидактикалық ойындар арқылы балалардың сөздік қорының мол, байланыстырып сөйлеу дағдысының, танымдық қабілетінің қалыптасқандығын айтуға болады.Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын балалардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етті. Өйткені балалар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді.Сабақта дидактикалық ойынды қолданылып, сол пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етті.

Мынадай ойын түрлері қолданылды:

“ Суретті аяқта”, “ Көліктер”, “ Құс бейнесін құрастыр”, “ Кім жылдам”, “Қиялдағы сурет”, “ Ұлттық киімдерді ата”, “Жылы - суық”, “Ғажайып алаң”,

“Өрнектерді құрастыр”, “Біздің қаланың көліктері ”, “Қуыршақты киіндір”

“ Сиқырлы гүл”, “Аңдар мектебі”, “Суреттей біл”, “Өз жұбыңды тап”, “Лото” т. б.

Сондай-ақ балалардың графикалық дағдылары, әріптерді, сөзді дұрыс жазу, шапшаң оқу дағдылары зерделенді. Зерделеу қорытындысы бойынша балалар әріптердің графикалық элементтері, әріптердің толық нұсқасын, сөзді дұрыс жазу, шапшаң оқу дағдылары қалыптасқан.

Оқу сабағы бойынша:

- өмір шындығын оқушыларға көркем әдебиет құралдары арқылы көрсету, соның негізінде оқушының ой – өрісін, қиялын,эстетикалық,

адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, ана тіліне сүйіспеншілігін арттыру;

- оқыған әңгіме мазмұнын өз сөзімен қысқаша немесе толық айтып беруге,сюжетті суреттер бойынша керекті сөздерді пайдалана отырып өздігінен жазба жұмыстарын орындауға төселдіру;
- сөздік қорын молайту, өзінің ой – пікірін, көргенін, оқығанын мазмұндату арқылы ауызша сөйлеу тілін дамыту;
- мәнерлеп оқуға, кітаппен, мәтінмен жұмыс істеуге үйрету;

Сауат ашу бойынша:

- грамматикалық ұғымдар мен орфографиялық ережелер меңгертуге тілдік фактілерді дұрыс таныту, ұтымды жаттығу жұмыстарын жүргізу;
- байланыстыра сөйлеуге , өз ойын байланыстыра жазып беруге баулу;
- оқушы сауаттылығын, жазу үстіндегі орфография және пунктуациялық қателермен жұмысын бақылау.

Математика бойынша:

- есептей білу дағдыларын қалыптастыру;
- есеп шығару қабілетінің,логикалық ойлауы қабілетінің дамуы;
- натурал сандарға қолданылатын төрт амалды үйренуі;
- ауызша есептеу дағдыларын меңгеруі;
- өрнектерді салыстыру және геометриялық материалдарды меңгеру деңгейі.

Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері,бағдарлама көлемінде берілген білім,дағдының орындалуы, дайындық дәрежесі, жеке кемшіліктердің орын алу себептері, оны өткізу бағыттары белгіленіп, мұғалімдер бір – бірімен жүйелі байланыс жасап, оқушы білімінің, шеберлігінің, дағдыларының деңгейлерін нақты анықтап, оқыту талаптарына қаншалықты сәйкестігін біледі.Сонда әр сынып көлемінде қандай кемшілік кетіп отырғаны, қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару керектігі белгілі болады.

Сабақтастық не береді?

Балаға:балалық шақтан мектепте оқуға бейімделуіне, әр баланың жеке тұлғалық дамуына оң жағдай туғызады.

Педагогқа:тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында тығыз қарым – қатынас орнатып, тәжірибе алмасуға, балаға жайлы жағдай туғызуға көмектеседі.

Ата-анаға: бала тәрбиесіндегі педагогикалық талаптардан хабардар болады.Мектеп алды даярлық - бастауыш сынып мұғалімі - ата – ана – психолог - әлеуметтік ұстаз арасындағы байланысты нығайтады.

Қоғамға: қоғамды алға апаратын білімді, парасатты, ұлтжанды, өз пікірі бар азаматтар өсіп шығады.

Мектеп жасына дейінгі балалардыкөркем әдебиетке баулуда интерактивті әдістер мен тәсілдерді қолдану.

Мектепхан Айланыш
Теміртау қ. «Жұлдыз» бөбекжайының тәрбиешісі

1 слайд

Соңғы уақытта Қазақстанда жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы байқалуда,бұл заманауи баланың жеке басының дамуына белгілі бір із қалдырады.Интерактивті әдістер мен тәсілдерді енгізу мектепке дейінгі тәрбиеге озық нәтиже мен сенімді қадам болып енді.Балабақшада қолданылатын интерактивті технологиялар мултимедиялық және интерактивті тақталар планшеттер,робототехника,компьютерлер,теледидарлар.Бұл мәселелердің күрделілігімен жан-жақтылығын түсіне отырып мектеп жасына дейінгі балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде интерактивті әдістер мен тәсілдерді қолдану,баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әзәрленген әдістемелік ұсыныстарды орындай отырып баланы өмірге дайындауға көмектеседі деп болжауға болады.Қәзіргі ақпараттық қоғамда ,түрсіндіру мен бала жадына бекітудің жаңа әдеттен тыс әдістерін ,әсіресе ойын түрінде қолдану балалардың ынтасын арттырады,сол арқылы балалар материалды көбірек есте сақтайды ерікті зейінін дамытады.

Мақсаты:инновациялық техтологиялар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамытуға жағдай жасау

Интерактивті әдістер мен тәсілдердің артықшылығы неде:

-ойын негізгі әрекет болғандықтан балалардың үлкен қызығушылығын тудыратын ,ойын түріндегі экрандағы ақпарат;

-мектеп жасына дейінгі балаға көрнекі материалдардың ашық көзге түсетіндей болуы;

-көрнекі материалдар презентацияда,слайдта қолданылады;

-Мектеп жасына дейінгі балалармен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді;

-мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі мен дағдыларын, шығармашылық таланытын;

Осылайша ,педагог инновациялық технологияларды пайдаланып қана қоймай, ресурстардың өзіндік бейнесін жасап ,оларды оқытуда кеңінен пайдалана білу керек .Сондықтан интерактивті әдістер мен тәсілдерді қолдану біздің уақыт үшін өзекті болып табылады.

Интерактивті әдістер мен тәсілдер

2 слайд

Ең қол жетімді және қарапайым әдістердің бірі –мультфильмдер. Кейбір бағдарламадағы әдеби шығармаларды оқыған кезде мысалы; «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Алтын сақа», «Алпамыс батыр» , «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»деген сияқты тағы басқа шығармалар балалардың өмірлік тәжірибелері аз болғандықтан қабылдамайтынына тап боламыз.Сол шығарманы мультфильм арқылы тамашалай отырып балалар оқиғаның мәнін түсінеді .Ал олардың өздері күнделікті өмірде белгілі бір тіркесті қолданады .Көрнекі бейне арқылы балаларға жеңілірек. Кейіпкердің мінезін және оқиғаның сюжетін жаттап алу.Бірақ әдебиетті оқуды мультфильм көрумен алмастырмай,қажет болған жағдайда ғана толықтыру керек екенін атап өткім келеді.

Планшет-заманауи технологиялардың арқасында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде біз планшетті қолданамыз және балалар кез-келген уақытта өз еркімен ойнауына жағдай жасалынған.Интерактивті панелді түрту арқылы қандай заттың дыбыс шығаратынын немесе қандай ойыншықтың дыбыс шығаратынын атамай көрсетіңіңіз.Жұмыс тәжірибесінен балалар мұндай ойындарды үлкен ықыласпен ойнайтынын көреміз.Өйткені тапсырмаларды кезең кезеңімен орындай отырып ,олар монитордан берілген нәтижені көреді тапсырманы дұрыс орындағанынша қайталауға орала алады.Мысалы, «Ертегінің атын есте сақта» ойынында бұрын оқылған шығармаларды қайталау кезінде педогог үзінді оқиды ,ал балалар планшедтегі ұсынылған сюжетті суреттер жинағынан дұрыс жауапты тауып оны көрсету керек экраннан. «Сипаттамасы бойынша тап» ойынында балалар таныс кейіпкерлердің арасынан осы сипаттамаға сәкес келетінін табады.

3слайд

Мультимедиялық тақта-көрнекілікті қолжетімді етеді ,күрделі жаңа материалды немесе өткенді қайталауды неғұрлым қолжетімді түсіндіру үшін қолданылады .Материалды түсіндірген кезде сілтемені пайдаланып процессті тездетіп немесе ақпаратты толықтыра алатын кез-келген ақпаратты жандандырып ,толықтыруға болады.Осылайша сіз өз жұмысыңызды қарқынды жылдамдықпен өткізуге қол жеткізе аласыз.Мысалы, «Зат қай ертегіден алынған?» ойынында балалар шығарманы атайды және анықтай алады сол сілтеменің арқасында педогог өз жұмысын қортындылай алады балалар өткен затты көре отырып қайталап өтілген материалды бекітеді.

Интерактивті тақта-мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамытудың ең тиімді құралы болып табылады .Тақта жазуга және оған сурет алуға,элементтерді,нысандарды қайта реттеуге әңгімелер жасауға және түрлі ойындарды ойнауға мүмкіндік береді. Ал мақал- мәтел түрлі жаңылтпаш жаттауда да осы тақтаны пайдаланмыз суреттерді көрсете отырып сөйлем құраймыз мысалы: «Отан оттанда –ыстық», «Әке асқар тау»

Ал түрлі ертегілерді құрастыруда да пайдасы зор Шалқан ертегісін алсақ ертегі кейіпкерлерін балалар өз бетінше рет-ретімен қойып шығады және бұл бала жадында ұзақ сақталадыжәне қысқаша қайталаудан кейін практикалық

қолдану үшін қалпына келтіреді өйткені ол затты көрді орналасырды.

Сондықтан иновациялық технологиялар оң нәтиже көрсетіп отырғанын байқауымызға болады санитарлық – гигиенаны сақтасақ бала денсаулығына қауіп төндірмейміз

Әрбір әдіс өзінше жақсы.Біз мектепке дейінгі мекемелердің педогогикалық процесінде инновациялық технологияларды қолдануды қолдаймыз,бірақ бұл ретте бала тұлғасы жан –жақты дамуында балалар әдебиетінің рөлі зор екенін ұмытпаған жөн. Оқу –негізгі,мультимедиа-қосалқы.

Әдебиеттер

1. Ә.Ашайұлы «Ұлттық педагогика негізінде оқу тәрбие ісін ұйымдастыру»

2. С.Дорженов «Ұлттық тәрбиенің тәлімі»

3. Д.Айдаров «Дәуір және дәстүр»

Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар және дамыту моделін іске асыру

Минтаева Мақпал Ержановна
Астана қ. МКҚК №66 «Толағай» балабақшасы
музыкант-хореограф

Аңдатпа: Инновациялық технология-бұл формалардың, әдістердің, әдістердің, оқыту әдістерінің, тәрбие құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық - педагогикалық көзқарастардың жиынтығы; бұл педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы.

Түйінді сөздер: тәрбиеші, ата-ана, бала, тәжірибе, инновация, мектепке дейінгі білім беру жүйесі.

Біздің №66 «Толағай» балабақшасының тәрбиешілер ұжымы жұмысқа инновациялық технологияларды қарқынды енгізуде. Негізгі міндет-балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық технологияларды таңдау.

І. Жоба әрекет технологиясы.

Жобалық іс-әрекет – білім беру мазмұнының кез келген саласында ізденіс, зерттеу және практикалық мәселелерді шешуге бағытталған, белгілі бір жоспарға сәйкес белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет.

Қазақ өмірін, халықтық дәстүрлерді зерттеу және мектеп жасына дейінгі балалардың этномәдени құзыреттілігін күнделікті өмір, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы дамыту. (Мектеп жасына дейінгі баланы әлеуметтік қарым-қатынас әлемімен таныстыру). Жоба балалармен жақынырақ танысуға және баланың ішкі әлеміне енуге мүмкіндік береді.

II. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). АКТ – ақпаратты өңдеудің әртүрлі құрылғыларын, механизмдерін, әдістерін және алгоритмдерін сипаттайтын жалпы ұғым.

Үздіксіз білім берудің бірінші буыны ретінде мектепке дейінгі тәрбиеге қойылатын жаңа талаптар: заманауи ақпараттық технологияларды (компьютер, интерактивті тақта, планшет және т.б.) пайдалана отырып оқыту.

тәрбиешінің міндеті: заман ағымына ілесу, балаға жаңа технологиялар әлеміне жол көрсетуші, компьютерлік бағдарламаларды таңдауда тәлімгер болу,Оның жеке басының ақпараттық мәдениетінің негізін қалыптастыру, тәрбиешілердердің кәсіби деңгейін және ата-аналардың құзыреттілігін арттыру.

III. Денсаулық сақтау технологиялары[1].

Денсаулық сақтау технологиясы – баланың оқуы мен дамуының барлық кезеңдерінде оның денсаулығын сақтауға, оның бойында қажетті білім, дағды мен әдеттерді дамытуға бағытталған білім беру ортасының барлық факторларының өзара байланысы мен өзара әрекетін қамтитын шаралар жүйесі, салауатты өмір салты.

Денсаулықты сақтау және нығайту технологиялары;

Ортопедиялық гимнастика;

Көзге арналған гимнастика;

Демалыс;

Тыныс алу жаттығулары;

Саусақ гимнастикасы;

Салауатты өмір салтына үйрету технологиялары

Дене тәрбиесі қызметі;

Ойын терапиясы, ойын жаттығулары;

Музыкалық әсер ету технологиялары;

Ертегі терапиясы;

Түс терапиясы;

Арт-терапия.

IV Зерттеу іс-әрекетінің технологиясы

Балабақшадағы ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларда негізгі түйінді құзыреттіліктерді және ойлаудың зерттеу түріне қабілеттілікті қалыптастыру болып табылады.

Шығармашылық жоба бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде балаларға бір нәрсені зерттеу немесе эксперименттер жүргізу арқылы шешуге болатын проблемалық тапсырма ұсынылады.

Эксперименттік зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері:

Әңгімелер;

Бақылаулар;

Модельдеу (жансыз табиғаттағы өзгерістер туралы модельдер құру);

Нәтижелерді тіркеу: бақылаулар, тәжірибелер, еңбек әрекеттері;

Көркем сөздерді қолдану;

Дидактикалық ойындар, ойын арқылы оқу-шығармашылық дамыту жағдайлары;

Жұмыс тапсырмалары, әрекеттер.

V. Жеке тұлғаға бағытталған технология

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар баланың жеке тұлғасын бүкіл мектепке дейінгі білім беру жүйесінің орталығына қояды, отбасы мен мектепке дейінгі мекемеде қолайлы жағдайларды, оның дамуы үшін жанжалсыз және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етеді, бар табиғи әлеуетті іске асырады, тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесу үшін жағдай жасайды. Балаға өзінің белсенділігін көрсетуге, өзін барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін даму кеңістігі.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар дәстүрлі технологиядағы балаға авторитарлық, тұлғасыз және жансыз көзқарасты – махаббат, қамқорлық, ынтымақтастық атмосферасын қарсы қояды және жеке шығармашылық үшін жағдай жасайды[2].

Таңертеңгілік жиналыс еркін сөйлеуді ұйымдастыру тәсілі ретінде

Таңертеңгілік жиналыстың мақсаты мен міндеттері:

Балалар ұжымында жайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал орнату;

Балалар мен ересектер арасындағы тұлғааралық және танымдық-іскерлік қарым-қатынас үшін жағдай жасау;

Дағдыларын дамыту (коммуникация, өз іс-әрекетін жоспарлау және т.б.);

Эмоционалдық күйді сөзбен түсіндіруге үйрету;

Мәдени қарым-қатынас дағдыларын дамыту (сәлемдесу, комплимент айту және т.б.);

Пайымдауды, тұжырымдарды дәлелдеуді, өз көзқарасын қорғауды үйрену;

Жеке тәжірибеден ең маңызды, қызықты оқиғаларды таңдап, олар туралы қысқаша, дәйекті және логикалық түрде айту;

Таңдау жасауды және өз әрекеттерін жоспарлауды үйрету.

VI. Ойын технологиясы

Ол оқу-тәрбие процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын және жалпы мазмұны, сюжеті, сипаты бойынша біріктірілген біртұтас тәрбие ретінде құрылады. Ол ретімен мыналарды қамтиды:

Заттардың негізгі, сипатты белгілерін анықтау, оларды салыстыру және салыстыру қабілетін дамытатын ойындар мен жаттығулар;

Белгілі бір белгілер бойынша объектілерді жалпылауға арналған ойындар топтары;

Ойын топтары, оның барысында мектеп жасына дейінгі балаларда шынайы құбылыстарды шындықтан тыс құбылыстардан ажырату қабілеттері қалыптасады;

Өзін-өзі басқару қабілетін, сөзге реакция жылдамдығын, фонематикалық сананы, тапқырлықты және т.б. Дамытатын ойын топтары.

Жеке ойындар мен элементтерден ойын технологияларын құрастыру – әрбір тәрбиешінің міндеті.

Қорытынды: Технологиялық тәсіл, яғни жаңа инновациялық технологиялар мектеп жасына дейінгі баланың жетістіктеріне кепілдік береді және кейін оның мектепте табысты оқуына кепілдік береді.

Шығармашылықсыз технологияны жасау мүмкін емес. Технологиялық деңгейде жұмыс істеуді үйренген тәрбиеші үшін даму үстіндегі танымдық процесс қашанда басты бағдар болады.

Инновациялық технологияларды қолдану мыналарға ықпал етеді:

Білім сапасын арттыру;

Тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;

Педагогикалық тәжірибені қолдану және оны жүйелеу;

Балалардың компьютерлік технологияларды қолдануы;

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;

Оқыту мен білім беру сапасын арттыру.

Әдебиеттер:

1. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (оқулық) Тараз.ТарМУ,2003ж. -12 бет.

2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі.- астана.2017 ж- 214б

Мектеп жасына дейінгі ебқ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау

Намазбай Ақниет Қылышбекқызы, тәрбиеші
Астана қаласы №47 «Ақжелкен» балабақшасы МКҚК

Аңдатпа

Әр бала үшін ең алғашқы мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектепке дейінгі мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті.

Аннотация

Для каждого ребенка посещение самой первой школы-самый ответственный и

трудный период. А для детей с ограниченными возможностями этот период будет гораздо более тяжелым как в эмоциональном, так и в психологическом плане. В настоящее время система образования Республики Казахстан обратилась к принципам инклюзивного образования. Это создание условий в дошкольных учреждениях для детей с особыми потребностями и включение их в систему общего образования. Каждый ребенок, по возможности, должен получить образование на необходимом уровне.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім, психофизика, эмоционалды, оқыту, әлеуметтену, жүйелік.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, психофизика, эмоциональное, обучающее, социализирующее, системное.

Инклюзивті білім беру – мүгедек және дамуында сәл бұзығушылығы мен ауытқушылығы бар балаларды дені сау балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Кемістігі бар балаларды сау балалармен бірге оқыту бағдарламасын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында 2006 жылдың желтоқсанында енгізілген болатын. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми деректер бойынша білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілді. 2015 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады, 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, арнайы тұтқалы парталар және үстелдер, басқа да компенсаторлық құралдармен жарықтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады делінген. Сондай-ақ аталмыш бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалмақ. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Осы жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған.

Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырулы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын

балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральді-психологиялық климат орнатуы керек. Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі баланың ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады және балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді.
Инклюзивті білім беретін мекемелерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал: жалпы мектепке дейінгі мекемелерге арналған типтік оқу бағдарламасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Әр баланың білім алуында, оны қабылдауында өз ерекшеліктері бар. Сонымен қатар әр бір баланың эмоционалдық және психикалық таным процестерінің даму деңгейі де әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы инклюзивті білім беретін мекемелерде, мектеп жасына дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық-түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.
Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс жасауы керек. Бұл біріккен ППҚ қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Инклюзивті балалармен түзету-дамыту жұмыстары мамандармен кешенді түрде жүргізіліп отыруы тиіс. Оның ішінде сөйлеуінде кемістігі бар балалар – логопед маманмен, психикалық дамуы тежелген балалар – дефектолог және психолог маманымен және тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бойынша кемістігі бар балалар – ЕДШ маманымен т.б. мамандар өз бейіндері бойынша жұмыс жасауы керек. Әр маман жүктемесіне, қажеттілігіне байланысты өз бағдарламасы бойынша әр баламен 20 минуттық жеке түзету-дамыту жұмыстарын жасайды. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудағы диогностикалық бағыттың негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу процесінде бүгінгі күні бар қиыншылықтардың себебін, механизмін анықтау болып табылады. Диогностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жанжақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Диогностиканың нәтижесі баланың тек өзекті даму аймағының деңгейін анықтау емес, баланың жақын даму аймағы деңгейін бағалап, баланың ықтимал мүмкіндіктеріне бағытталады.

Мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына жетпеген балаларға тек білім беру қызметін атқарып қана қоймай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы болып табылары анық. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік-тұрмыстық өмірге бейімдеуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Балаға аяушылық, мүсіркеушілік факторлары керек емес, ол балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, өмірге құштарлық, қоршаған ортаны сүю, адамдарға

өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, тіл табыса алуға үйретуіміз қажет. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндік ол балалардың да қолынан келетінін баса түсіндіруіміз керек.
Сонымен инклюзивті оқыту бойынша балаларға педагогикалық-психологиялық қолдауды ұйымдастыру – барлық кемтар балаларға мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытады, балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімденуіне, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

- Білімдегі жаңалықтар Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал

№4, 2016 (55)

2.«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы», Астана, 2010 ж.

3.МахамбетоваЖ.Д., Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. Открытая школа 2013 ж. №7

4.Хакимжанова Г.Д., Айдарбекова А.А., «Обучение и воспитание детей с особыми образательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001 ж.

Менің сүйікті мамандығым және инновациялық әдіс тәсілдерім...

Астана қаласы
№74 «Дәурен» балабақшасының меңгерушісі
Напбаева Дана Алданазарқызы

«Мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі,
ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп,
нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі
А.Я.Коменский

Бүгінгі таңда тәрбие мәселелерін ұтымды және жедел шешу қажеттілігіне байланысты рөлі әдістемелік қызмет, оның дұрыс ұйымдастырылуы білім беру сапасын арттырудың ең маңызды құралы болып табылады, ал мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыстың нақты деңгейі оның қызметін бағалаудың маңызды критерийлерінің біріне айналады. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды бірінші кезектегі маңызды нәрсе ретінде қарастыру қажет.Әдістемелік қызмет – педагогикалық ұжымның өмірімен, мемлекеттік білім беру жүйесімен, психологиялық-педагогикалық ғылыммен, озық педагогикалық тәжірибемен, педагогтың кәсіби

шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға, дамытуға және жүзеге асыруға ықпал ететін дәнекер.

Қазіргі таңда мұғалім - рухани дамыған, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға болуы қажет. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғышарты болып табылады. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі білім беру ұйымдарына ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Жақсы мұғалім - қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі болып есептеледі.

Ұстаздар әулетінен тарап, ұстаздар отбасынан шығуым да ұстаз жолына түсуіме әсер еткен болса керек. Мен де ата-анама еліктеп, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ұстаз болуды арман еттім.Сол арманның жетегінде, алдымда отырған әрбір баланың бойындағы мүмкіндігін шектемей, шығармашылық тұлғаға айналдыру мақсатында үнемі ізденіс үстінде келемін. Өйткені, мен үшін шәкірт жүрегіне жол табу, оның бағбаны болу ұстаздық шыңның асқары болып саналатыны сөзсіз...

Заман талабына сай білімді жетілдірудің модульдері оқушыға жай ғана білім беріп қоймай, оны дамыта оқытып, игерген білімін өмірде қолдануға бағыт – бағдар береді.Бағдарламада көптеген жаңашыл әдістердің қызметін, мазмұнын, қолданылу алғышарты, оқушыларды бағалаудың дәстүрлі түрі мен қалыптастырушы бағалаудың айырмашылығы, білім беру ұйымындағы көшбасшылықтың түрлері мен қасиеттері, мектеп мәдениеті, эволюция, коучинг, желілік қоғамдастық, SWOT, SMART, іс-әрекетті зерттеу түрлері, өзекті мәселелерді іздеу жолдары, пайдалану негіздері жаңаша мазмұнның көрнекті жемісі.

Бақыттың үлкені - өзіңді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін білейік.МДҰ-дағы әдістемелік жұмыстың мақсаты – оқу үдерісіне қатысушылардың жалпы және педагогикалық мәдениетінің деңгейін үздіксіз арттыру үшін оңтайлы жағдай жасау. Осы мақсатты жүзеге асыру әдістемелік

қызметмектепке дейінгі білім беру педагогтарының әдістемелік бірлестіктері, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық кеңес, бақылау қызметі, сонымен қатар мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеу жұмысына белсенді араласуы. Жүйенің сәтті дамуы қосымша білім беруоның теориясы мен әдістемесін дамытпай балаларды елестету мүмкін емес. Бұл процесте әдістемелік қызмет маңызды рөл атқарады. Әдістемелік жұмыс – әрбір мұғалімнің біліктілігін арттыруға, ұжымның шығармашылық әлеуетін жалпылауға және дамытуға, білім беруде оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған ғылым жетістіктеріне, озық тәжірибелерге және мұғалімдердің қиындықтарын талдауға негізделген кешенді шаралар жүйесі. , балаларды тәрбиелеу және дамыту.Кез келген оқу орны екі режимнің бірінде болады: жұмыс істеу немесе даму.Демек, тұрақты жұмыс режиміндегі мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік қызмет педагогикалық процесті оның технологиядан, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын іске асыру әдістемесінен ауытқыған жағдайда түзетуді қамтамасыз етуі керек.
Егер ұжым инновациялық режимде жұмыс істеуді көздесе (білім берудің жаңа мазмұны немесе жаңа педагогикалық технологияларды енгізу), онда бұл мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмыс режимінен көшуін қамтамасыз ететін әдістемелік жұмыстың жаңа моделін құруды талап етеді. даму режиміне. Барлық жағдайда әдістемелік қызметтің мақсаты осындай білім беру ортасын құру болып табылады шығармашылық әлеуетәрбір мұғалім, бүкіл педагогикалық ұжым. Осыдан әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:
1.Педагогикалық кадрларды даярлау және дамыту, олардың біліктілігін арттыруды басқару.
2. МДҰ оқытушыларының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, зерттеу, жалпылау және тарату.
3. Дайындық әдістемелік қамтамасыз ету оқу процесін жүзеге асыру үшін.
4. Оқушылардың жан-жақты үздіксіз дамуын қамтамасыз етуде МДҰ мен отбасының қызметін үйлестіру.
5. Оқушыларды және жалпы МДҰ-ны дамыту міндеттерін жүзеге асыру үшін МДҰ қызметін қоршаған қоғам институттарымен үйлестіру.
6. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда оң өзгерістерді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында жұмыс сапасын талдау.
Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыстың қайта құрылуы педагогтар нені оқытады, қандай ақпаратты, қандай білім, білік, дағдыларды меңгеруі керек және өзінің кәсіби деңгейін көтеру үшін практик-педагог бүгінгі таңда қаншалықты дәрежеде меңгеруі керек деген сұрақтарға дұрыс жауап беру қажеттілігін сөзсіз туғызады. дағдылар мен біліктілік.
Осылайша, қазіргі МДҰ-да әдістемелік жұмыстың мазмұнын оңтайлы таңдаудың маңыздылығын атап өткен жөн. Бұл таңдаудың өзектілігі мектепке дейінгі мекемелердегі әдістемелік жұмыс тәжірибесінің нәтижелерімен де расталады. Осы кемшіліктерді жою және әдістемелік жұмыстың мазмұнын көтеру мақсатында жаңа деңгейзаман талабына сай екі деңгейде күш-жігер жұмсау керек.

Біріншіден, педагогтар мен білім беру ұйымдарының кәсіби шеберлігін дамытудың маңызды мәселелері мен тенденцияларын ескере отырып, мектепке дейінгі мекемелер үшін әдістемелік жұмыстың мазмұнын оңтайлы таңдауды қамтамасыз ету және негіздеу. оқу процесімектепке дейінгі мекемеде; заманауи мектепке дейінгі мекемеге арналған әдістемелік жұмыс мазмұнының жобасын әзірлеу. (Бұл педагогика ғылымының қызметкерлері мен білім беру органдарының, ғылыми-әдістемелік қызметтер мен орталықтардың жетекші қызметкерлерінің міндеті).
Екіншіден, әрбір мектепке дейінгі мекеменің нақты, ерекше жағдайларына негізделген жалпы ережелерді нақтылау.

Бөбекжайда компьютерлік сауаттылық

Насипова Шынар Магзомовна
БҚО, Орал қаласы №34 «Балбұлақ» бөбекжайы МКҚК
Компьютерлік сауаттылыққа үйрету пәні мұғалімі

Андатпа: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда компьютерлік сауаттылық негіздерін дамытудың маңыздылығы қарастырылады, мектеп жасына дейінгі баланың өміріне компьютерді енгізу ақпараттандыру жағдайында әр баланың жеке басын дамыту басымдығының талабына негізделгені атап өтіледі.

Түйінді сөздер: компьютерлендіру, компьютерлік ойындар, ақпараттық коммуникациялық технологиялар, интерактивті тақта, SMART Notebook.

Қоғамның қазіргі дамуы играемся ру,ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен, ақпараттық ресурстардың маңыздылығын арттырумен тығыз байланысты. Компьютермен және интерактивті тақтамен жұмыс істеу қабілеті біртіндеп бастауыш мектепте ғана емес, мектепке дейінгі мекемеде де сұранысқа айналады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар балаларда ақпараттық ағында жүру қабілетін дамытады, ақпаратпен жұмыс істеуге үйретеді, заманауи техникалық құрылғылармен таныстырады. Бала оқытудың пассивті объектісі болуды тоқтатады және білімді саналы түрде игеруге ықпал ететін педагогикалық процестің белсенді қатысушысы болады. Жаңа ақпараттық технологиялар визуалды (графика, анимация, есту (дыбыс, бейне, тактильді (пернетақта, интерактивті тақта) қабылдау арқылы оқу процесін жоғары деңгейде құруға мүмкіндік береді.
Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірқатар артықшылықтары бар:
1. Бейнелі ақпарат Мектеп жасына дейінгі балаларға түсінікті
2. Жарқын сурет, қозғалыс, дыбыс балалардың назарын аударады
3. Компьютерде, интерактивті тақтаның жанында өз іс-әрекеті барысында бала өзіне деген сенімділікке ие болады, ол көп нәрсені жасай алады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу кезінде шешілетін міндеттер:
1. Баланың танымдық және шығармашылық белсенділігін, қиялын, бейнелі ойлауын дамыту
2. Баланың мектепке дайындығын қалыптастыру
3. Балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктерімен таныстыру, интерактивті тақтамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.
Оқу барысында балалар интерактивті оқытудың толық қатысушылары болады: олар үлкен жарқын суреттерді қолданады, әріптер мен сандарды жылжытады, геометриялық фигуралар мен әртүрлі заттарды интарактивті қаламмен жылжытады. Мектеп жасына дейінгі балалар ақпаратты көзбен және кинестетикалық түрде қабылдайды, осылайша ұсынылған материалды түсіну және игеру суреттерді көрнекі қабылдау мен танымал қайталау әдісіне қарағанда әлдеқайда тиімді. Интерактивті тақтада жұмыс істеу үшін тәрбиешілер компьютерлік сауаттылық элементтеріне ие болуы керек: компьютер құрылғысын білу,Word, PowerPoint, SMART Notebook бағдарламаларында жұмыс істей білу, интернетте жұмыс істеу тәжірибесі (суреттер мен оқу бағдарламаларын іздеу үшін). Интерактивті тақтаны қолдана отырып ойындар құру. Интерактивті тақтамен жұмыс істеуге арналған материалды мұғалімдер балалардың жасына сәйкес мұқият таңдайды және перспективалық тақырыптық жоспарға сәйкес құрылады. Интернетте еркін пайдалануға болатын дайын интерактивті ойындар мен жаттығулар бар, бірақ қажет болған жағдайда жеке өнімді жасау немесе бар материалды өңдеу қиын болмайды.
Қазіргі таңда өте көп онлайн ойындар құрастыратын бағдарламалар бар атап айтатын болсақ wordwall, learningapps, играемся ру, educaplay.com, qr код.
Интерактивті тақтамен жұмыс оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, коммуникативті ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды жаңаша пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада интерактивті тақтаны қолдану балалардың айналасындағы әлемнің ақпараттық ағымдарын шарлау, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруге, жан-жақты дағдыларды дамытуға, мектеп жасына дейінгі балалардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді және баланың мектепке дайындық деңгейін арттырады. Бүгінгі таңда көптеген негізгі әдістемелік инновациялар оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты.
Менің педагогикалық тәжірибем интерактивті ойындарды қолдану процесінде жас балалардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Ересек тобына «Ақпараттық логика» қосымша жұмысы баланы жан-жақты дамыту барлық жас кезеңдерінде орын алады. Сол себепті жаңа ақпараттық техналогиялардың тиіимді жақтарын ала отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында «Ақпараттық логика» жұмысы құрылды.
Мақсаты: Балалардың шығармашылық қиялын және ойлау қабілетін арттыруда компьютердің жаңа мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік береді. Соның ішінде

Microdoft компаниясы ұсынған Multipoint техналогиясы арқасында бір экранның алдында бірнеше бала бірлесіп жұмыс жасай алады.
Бағдарлама шығармашылық-этикалық бағыттағы 5 блоктарға бөлінген:
1. Жанды және жансыз денелер
2. Сандар әлемі
3. Құрылысшы, суретші
4. Жануарлар әлемі
5. Жалпы нысан туралы ұғым

«Білгіш балақай» қосымша жұмысының мектапалды даярлық тоббының тәрбиеленушілеріне арналған бұл оқу құралында балалар компьютермен танысып, олар өзара қарым – қатынаста болады, компьютерді қолдана отырып суреттерді бояуға, пішіндер құрастыруға т.б қызықты логикалық ойындар ойнай отырып тапсырмаларды этап бойынша нәтижелі орындай білуге, сандарды ретімен санауға (ретімен орналастыруға) түстерді ажырата отырып үш тілде атауға дағдыларын қалыптастыру. Нәтижесінде дүниетанымы кең, ақпараттық мәдениетті әрі сауатты жеке тұлға қалыптасады.
Мектеп жасына дейінгі бала үшін оқытудың негізгі саласы ойнай отырып ойната білу болып саналады. SMART техналогияларының элементтерін қолдана отырып баланың жан – жақты дамуына әсер етеді. Ақпараттық техналогиялармен жұмыстануына смартфондардың, 3Д кітаптардың, 4Д карточкалардың т.б ой – өрісінің дамуына кең мүмкіндік береді.
Сонымен қатар «Робототехника» жобасының басты мақсаты балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту. Робототехника - ол бірнеше білім беру саласының үйлесім табуы. Бағдарлама жасау барысында міндетті түрде математикалық, құрастыру, компьютерлік сауаттылық, пәндерінің элементтерін пайдаланады.Берілген кескінді құрастыру оңай болғанымен бағдарламалауға келгенде мектеп жасына дейінгі балалардың әрқашан мұғалімнің бақылауымен орындайды . Бір кескінді құрастыру уақыты кез-келген баланың меңгеруі мен қабылдауы бойынша анықталады. Жалпы құрастырмалы Робот, лего, компьютерлік ойындар, танграм т.б ойындар баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа, мақсатқа жете білуге, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға, математикалық қабілетін арттыруға тәрбиелеу.

Жоғарыда көрсетілген әдістердің барлығы бір – бірімен ұштастырылса, жас жеткіншектердің компьютерлік сауатты, әрі ақпараттық мәдениетті болып өсуіне жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Ларских, З. П. Компьютерные игровые программы для дошкольников / З. П. Ларских // Воспитатель ДО – 2009.
2. Новоселова, С. Л. Компьютерный мир дошкольника / С. Л. Новоселова, Г. П. Петку. – Москва : Новая школа,1997.
3. https://www.igraemsa.ru/

Әлеуметтік - ойын технологиясы, бұл балалардың құрдастарымен және ересектермен қарым- қатынасын ойын арқылы дамыту

А.К. Наурызбаева, тәрбиеші,
№ 21 «Гүлдер» балабақшасы, Астана қ.

Андатпа. Мақалада дәстүрлі тәрбие мен оқыту әдістерімен салыстырғанда балалардың коммуникативті және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда әлеуметтік -ойын технологиясын қолдану мүмкіндіктері ашылады. Оның балалардың танымдық, әлеуметтік, көркемдік, физикалық дамуына әсері, сондай-ақ эмоционалды-ерікті саладағы оң нәтижелер.

Кілт сөздері: әлеуметтік ойын технологиясы, әлеуметтену-социализация, ойын байланысы, ойын тапсырмалары, шағын топтарда жұмыс істеу.

Ойын қуаныш, еркіндік, қанағаттану,өзіне және
айналасындағы тыныштықты, әлеммен
татулықты тудырады
Фридрих Фребель

Адамның қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы болып , өзін жеке тұлға ретінде жүзеген асыру үшін ол үнемі шығармашылықпен айналысуы, дербес болуы, қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алуы,үнемі жаңа нәрселерді игеріп, өзін өзі жетілдіру керек.

Әлеуметтану процесі балалық шақтан басталып, өмір бойы жалғасады. Балалардың әлеуметтік және тұлғалық дамуы олардың айналасындағылармен оң эмоционалдық қарым- қатынасқа, сүйіспеншілікпен қолдауға, белсенді танымға , қызығушылыққа негізделген дербес әрекетке, өзін- өзі бекітуге , өзін-өзі жүзеге асыруға және олардың мүмкіндіктерін тануға деген қажеттіліктері болған жағдайда қолайлы болатынын атап өткен жөн. Баланың әрекеті неғұрлым толық және жан- жақты болса, ол бала үшін неғұрлым маңызды және оның табиғатына сәйкес келсе, оның дамуы соғұрлым табысты болады.

Сондықтан ойын және басқалармен яғни ересектермен және құрдастармен белсенді қарым -қатынас мектеп жасына дейінгі бала үшін өте маңызды әрі қолайлы.

Заманауи педагогикалық технология біздің жұмысымызда мұны сақтауға көмектесе алады, сондай ақ осындай әлеуметтік - ойын технологиясы, оның авторлары: Е.Е Шулешко, А.П. Ершова және В.М. Букатов.

Әлеуметтік - ойын технологиясы - баланың құрдастарымен ойындық қарым -қатынаста дамуы. Ол жеке тұлғанын әлеуметтік қасиеттерін дамытуға, балалардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Әлеуметтік -ойын технологиясын қолдану балалардың қимыл -қозғалыс қажеттілігін жүзеге асыруға және олардың психологиялық денсаулығын сақтау ықпал етеді.

Әлеуметтік- ойын стилі белсенді балаларды жолдастарының пікірін тануға үйретеді, ал ұялшақ және сенімсіз балаларға өздерінің кешендері мен сенімсіздігін жеңуге мүмкіндік береді.

Сондықтан біз әлеуметтік-ойын технологиясына жүгіндік. Бұл технология менің ойымша балаларды ешкім қарым-қатынас жасауға мәжбүрлемейтін, бірақ олардыбаурап алуға тырысатын тәсілдерді іздеуге бағыттайды. Ал бұл ұйымдасқан іс –әрекеттерде біз шағын топтардағы жұмысты жиі қолданатын болсақ, ал оқыту балалардың дене белсенділігімен үйлескенде болады. Әлеуметтік –ойын технологиясы іс –әрекеттің барлық түрлерін біріктіруді көздейді , бұл әсіресе балабақшада өте құнды. Оны пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда балалардың коммуникативтік және интеллектуалдық қабілеттерін барынша айқын дамытады, балалардың танымдық, әлеуметтік, көркемдік физикалық дамуына ықпал етеді,эмоционалдық –еріктік салада оң нәтиже береді.

Мен әлеуметтік –ойын технологиясы аясында балалардың қарым-қатынасын үш кезенде ұйымдастырған дұрыс деп ойлаймын: қарым-қатынастың , мәдениеттің ең бірінші кезеңінде мен балаларға қарым –қатынас ережелерін үйретемін (балалар келіссөздер жүргізуге үйренеді, бұл дегеніміз серіктесті тыңдайды және өзіндік сөйлеуі дамиды). Командалар белгілібір ережені сақтай отырып, топта және топ арасында бір –бірімен байланысады:

1.Біріміз –бәріміз үшін
Бәріміз –біріміз үшін.
2.Капитан топты жерег қаратпайды, ал команда капитанды жерге қаратпайды.
3.Жұмыс істегенде басқаларға кедергі жасама
4.Өзің жасасаң, досыңа көмектес
5.Бір топ жауап береді, қалғандары мұқият тыңдайды.
6.Ең басты өз пікіріңнін дұрыстығын дәлелдеуден қорқпа
7.Көмек сұрайды және қабылдауды біл.

*Екінші кезеңде өарым-қатынас –мақсат, бала іс жүзінде қалай екенін түсінеді. Тапсырмаларды орындау үшін шағын топта өзінің қарым –қатынасын ұйымдастыруы қажет.

*Үшінші кезеңде қарым-қатынас педагогикалық құрал, яғни педагог мектеп жасына дейінгі балаларды қарым-қатынасқа түсу арқылы тәрбиелейді, оқытады.

Балаларға әртүрлі ойын тапсырмалары ұсынылады, оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Жұмыс көңіл –күйіне арналған ойындар («көніл –күй», «Біз ояндық», «Не естілді?») таңертеңгі уақытта жағымды психологиялық көңіл-күй үшін пайдаланылады, бұл тұйық балалардың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуіне көмектеседі. Сабақтардың барысында осылайша балалар бірлескен әрекеттермен қарым-қатынасқа бейімделе алады.

Мизансценаны өзгерту, шаршауды басу, бір түрінен екінші түріне ауысу үшін денені қыздыру және релаксация ойындары қолданылады. Ойын әрекеттері: («Менімен қайтала», «Біз бірдейміз», «Өзіңді мақта» т.б)

Әдетте бұл таныс дене шынықтыру минуттары, динамикалық үзілістер, қозғалғыштығы төмен ойындар, дөңгелек би ойындары.

Танертаң серуенде, сабақтар арасында біз әрқайсысы оңай орындалатын және материалмен жүктелетін тапсырмаларды қамтитын әлеуметтік ойын түрлерін қолданамыз. Бұл ойындардың мақсаты мұғаліммен балалар және балалардың бір-бірімен іскерлік қарым –қатынасын орнату («Аукцион», «Жапон көлігі», «Мен оны жақсы көремін»). Кейбір ойындар іскерлік көңіл-күй үшін де, қызу ойын ретінде де мұғалімнің өзіне және балалардың алдына қойған мақсаттарына байланысты әлеуметтік –ойын кіріспе ретінде де қолданылады.

Шығармашылық өзін-өзі бекіту ойындарының өзіндік ерекшеліктері бар және біз оларды балалардың өзіндік іс –әрекетінде алдымен педагогтің қатысуымен пайдаланамыз, содан кейін ғана балалар дербес ойнайды. («Жануарлар», «Мамандықты елестету», «Сыйқырлы арқан», «Ойлан – тап»).Шығармашылық іс –әрекет ұсынылатын ойын тапсырмалары мен жаттығуларының әрбір тобына тапсырма шарт ретінде енгізіледі.

Серуендеу кезінде және еркін ойын әрекеттерінде біз табиғатта ойналатын ойындарды белсенді түрде пайдаланамыз. Оларға мынандай ойындар жатады:оларды орындау өте кең кеңістікпен қозғалыс еркіндігін талап етеді. («Тез жинал», «Тыйым салынған номер» , «Ашуды босату» және т.б). Ойындардың мақсаты - физикалық белсенділікпен релаксация. Осыларды жүзеге асыруға әлеуметтік –ойын технологиясын пайдалану ықпал етеді. Балалардың қимыл-қозғалысы қажеттіліктерін, олардың психологиялық денсаулығын сақтау және сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру. Әлеуметтік ойын стилі белсендібалаларды жолдастарының ұялшақтардың пікірлерін тануға үйретеді және сенімсіз балаларға өз кешендерін жеңуге мүмкіндік береді. Осы бағытта жұмыс істей отырып , әлеуметтік –ойынды қолдану нәтижесінде , ойын барысында біз нақты бір нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

* Балалар өзара келісімге келіп, қарым-қатынасқа түсе алады,
* Бір-бірлерін тыңдай алады, ести алады,
* Тілдік қатынас дамиды,
*Қоршаға ортаға деген көзқарасы қалыптасады.
* Балалар өз ойын ересектерге еркін айтып , өз тандауын жасай алады.
*Қателік жасап қоямын деген қорқыныш болмайды.

Ойын барысында балалар өз ойын әртүрлі тәсілдермен жеткізе алады.Олар не жұппен (жетекшімен) кейде үшеуден, төртеуден , кейде топпен

өзара әрекеттеседі.Балалар жаңа тәжірбие алатын , әдеуметтік-эмоционалдық, физикалық-зияткерлік қабілеттерін дамытатын ойынға арналған кеністікті жасайды. Балалардың зейінін шоғырландыруды, тыңдауды және бақылауды үйренуі ерекше маңызды. Осы бағытта жұмыс жасай отырып біз мектеп жасына дейінгі балалармен әлеуметтік-ойын педагогикасын қолдану арқылы балаларға көмектесеміз.

Негізгі және ресурстық әдебиет тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы заң» 27.07.2007ж., №319-III ЗРК.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 05.08.2022 ж., №348

3. В. Букатов. «Шишел-мышел алды да кетті», анықтамалығы.
Балабақшаның ересек және дайындық топтарындағы тәрбиешілеріне әлеуметтік –ойын технологиялары. «Мектеп технологияларының ғылыми-зерттеу институты », 2008ж.
4. Мектепке дейінгі балаларды оқытудың әлеуметтік-ойын техникасының қалта энциклопедиясы.
Анықтамалық және әдістемелік құрал. ред. В. Букатова
5. А. Ершова, В. Букатов. Әлеуметтік -ойын стилі туралы мұғалімдерге арналған «Дарындылыққа қайта оралу». Красноярск, 1999ж.
6. Е.Е Шулешко, А.Г. Ершова, В.М. Букатов. «Әлеуметтік ойын тәсілдері педагогикасы». Красноярск,1990ж
7.Интернет-сайт: https://www.sad177.ru/images/Blog_Sharipova

Мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығы, ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі орта қажеттіліктері

Нуранова Ж.А.

Астана қаласы №44 «Үркер» балабақшасы

Андатпа

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде психологиялық құндылықты оқыту процесі маңызды орын алатын іс - әрекет бұл үй жұмысына, еңбегіне баланың қатысуы. 4 – 5 жастан бастап, бала үйде ылғи да істейтінде жұмыс жүктелуі тиіс және бұны норма деп қарастыру керек. Бұл баланың жеке даралық дамуына зор ықпал етеді. Үй жұмысы барысында балада мұқияттылық, жауапкершілік, еңбекқорлық және т.б. пайдалы сапалары тәрбиелейді. Бұл тек қана ата – анасына көмектесу үшін ғана да қажет емес, сонымен қатар болашақта еңбекке икемділікті үйрену үшін де қажет.

Мектепке дейінгі кезеңдегі ойын рөлінің өзгеруі жас кезеңіне қарағанда, негізінен де балада көптеген пайдалы жеке даралық сапалардың дамуы мен қалыптасу құралының қызметін атқаратынымен байланысты.

Тұлғаның бастапқы даму кезеңі болып табылатын мектеп жасына дейінгі жас адам өміріндегі маңызды да жауапты кезең ретінде ғалымдар мен зерттеушілердің үнемі ерекше назарында. Атап та айтқанда психикалық процестер, тұлға қасиеттері қарқынды дамып, іс-әрекет түрлері дәл осы кезеңде қалыптасады. Өзіндік сана дамып, өзіндік бағалау меңгеріледі және осы кезеңде отбасының, отбасылық ұатынастардың бала тұлғасының дамуына ерекше зор болады. Осы жаста кездесетін бүкіл оқылықтар мен оң әрекеттер баланың болашақ өміріне оң немесе керіәсерін тигізеді.

Психологиялық саулықтарын нығайту, жас ерекшелігі мен жеке дамуын ескере отыра,балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау жақсы тәрбиеленуіне ықпал ету.Баланың танымдық дамуында , әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу,интелектуалдық іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру.Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының педагогикалық- психологиялық білімін көтеру тереңдету,басты байлығы- баласы екеніне кеңес беру.Мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын ,ішкі жан дүниесін қалыптастырып, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгерту.Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру. Білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу. Педагогтар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы педагогикалық ұжымның және ата-аналардың психологиялық білімін жетілдіру.Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының педагогикалық- психологиялық білімін көтеру тереңдету,басты байлығы- баласы екеніне кеңес беру.

Мектепке дейінгі бала өз қолымен құрастырғысы келсе де , сурет салуда, бірдемені де жасауда (слепить) сәтсіздікке ұшырады дейік. Бірақ ол қайта – қайта іске кірісіп ақырында өз дегеніне жетуін балада өз мінезі бар деп есептейміз.

Ал егер, бала бір сәтсіздіктен кейін – ақ жұмысты тастай саласа, мұндайда балада мінезі қалыптаспаған деп есептейміз.

Өзара жеке даралық қатынастармен байланысты қиыншылықтар: қарым – қатынастағы өзара әрекет пен өзара түсіну шеңберңнде баланың жеке және іскерлік қасиеті өзара қарым – қатнастардағы өзінің талпынысымен жетудегі И.П.Павлов шартты рефлекстер әдісі арқылы жоғарғы жүйке қызметінің және жүйке жүйесінің, негізгі қозу және тежелудің заңдылықтарын ашты. Жүйке жүйесінің негізгі күші тепе-теңдік қозғалғыштығы бойынша төрт тип те жиі ұшырасады. Бұлардың да үшеуін күшті тип, біреуін әлсіз тип деп атайды. Мысалы күшті типтің біріншісі *ұстамсыз тип.* Олардың жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу тежелу үрдістері бір-бірімен сәйкес келмейді. Қозу типі басым келіп отыратын ерекше қозғалыстағы тип күшті типтің екіншісі *ширақ тип.* Мұның қозу мен тежелу үрдістері бір-біріне тең келіп тез алмасып отырады. Күшті типтің үшіншісі қозу мен тежелу үрдістері баяу көрініп отырады. Ұстамсыз тип -холерик, сангвениктерде ширақ тип, қозу мен тежелуі

тең, қозғалысы баяу – флегматик, жүйке жүйесі әлсіз тип – меланхолик деп анықталған. Біз кейбір балалардың айнала қоршаған адамдарға оларды дұрыс түсінсін деген талпынысының болуын байқаймыз. Егерде бала жағдайдың ондай емес екенін байқаса, қайткен күнде де өзінің мақсатына жетуге ұмтылады.Мектепке дейінгі баланың ойынында тәрбиелік функциясы баланың әртүрлі қажеттілігін қанағаттандыру құралымен, оның мотивациялық ауқымының даму қызметін атқарады. Ойында баланың жаңадан қызығушылықтары мен іс - әрекеттің жаңа мотивтері пайда болып, бекиді. Мектепке дейінгі баланың ойынына: «Символикалық ойын» бір заттың орнына ұқсас екінші бір затты қойып, оның бастапқы атымен емес, соңғы атымен атаушы ойын түрі және рольдік-сюжеттік ойындар.

Мектепке дейінгі ойын және еңбек іс - әрекет арасындағы ауысулар едәуір келісім шартты болып келеді, өйткені балада бір іс - әрекет түрі байқаусыз жайлап екінші түріне немесе керісінше ауысып отырады. Егер тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады.

Олар - өзін - өзі бағалау, талап ету деңгейі тасқа жетудің қажеттілігі, дербестігі, бастамашылдығын (ынталы бастауы) мойындауға ұмтылысын т. б. Жас кезең - сензитивті кезеңінің бастамасы осы жеке адамнық сапалардың маңызды кешенінің қалыптасуы. Айнала қоршаған адамдармен өздерін салыстыруы көптеген балаларда 3 жасар шамасында нақты бір өзіндік бағалау пайда болады. Ол дұрыс қалыптасса (өте жиі кездесетін жағдайлар, мысалы: баланы асыра мақтау немесе сөгу). баланың психикалық дамуына пайдалы болады. Өзіндік бағалауы «төмен» балалар әдетте өздеріне деген сенімі жоқ, сондықтан табысқа жетуге мүмкіншілігі бар жерде талпынысы аз және күш салуға әрекеттенбейді. Ал өзіндік бағалауы «жоғары» балалар керісінше, өз мүмкіншіліктерін асырып онша күш салмайды. Баланың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына 1,5 жастан бастап көңіл бөлу керек.

Егер ересектер баланы тәрбиелеуде оның табысына көңіл бөліп сәтсіздіктерге назар аудармаса, онда балада табысқа жету қажеттілігі көбейіп, тұрақталып, қалыптаса бастайды. Мұндай бала белсенді түрде кез – келген жұмыста осы сапалардың қалыптасуында бірнеше адамгершілік қасиеттері пайда болады, мысалы табандылық, мақсатты бағыттылық, жұмысқа қабілеттілігі, өзіне деген сенімі сондай – ақ жауапкершілік пен міндет туындайды. Жас кезеңде баланы өнегелік санасын емес, әңгіме өнегелі сезімін қалыптастыру. Өнегелі сезімді құрайтын эмоциялар жүйесі негізінде игілікті, бекзатты сезімдер бар: адалдығы, мейірімділігі, қайырымды – ықыластығы, ақ пейілдігі және т. б. және игіліксіз сезімдер болады: қызғаншақтық, зұлымдық, қатыгездік, дұшпандық, қастық, өшпендік т. б. Өнегелік сезімдердің тууына балада өнегелі пікірдің , қылықтардың қалыптасуы себеп болады, сондықтан дәл осыдан өнегелі

тқасиеттерді қалыптастыруды бастау қажет, балада осы кезеңде айналасында қоршаған адамдармен қарым – қатынас жасауға қажеттілігі жоғары дамыған.
Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесі күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен де байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандырып отырмаса айқайлап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты, яғни сыртқы ортаның әсер еткен де әр түрлі тітіркендіргіштеріне де мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен де жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері де ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштыққа да көңіл-күй қалпының өзгеруімен және де бірден жарқырап қуанып, жабырқап, қайғыруынан байқалады. Сөзі менде қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал да бола алады. Жүйке жүйесінің қозғыштығының да көрсеткішіне де өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы,өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, естеліктер мен дағдыларды тез игеруі көпшілік ортада өзін еркін ұстап та, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекетінің бірден бір түрден екінші түрге тез ауысуы, еске тез сақтап, қайта жаңғырта алуы, шапшаң қимылдап тез сөйлеу, сезгітікті пайда болуы мен көрінуі де жүйке жүйесінің қызметіне де байланысты. Жүйке жүйесінің әсерлегіштігі сырттан да әсер ететін тітіркендіргіштерге жауапта беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақта шыдамсыз десекте енді біреулердің қуанғаны да, ренжуі де түсініксіз деді, Енді біреулерді икемді, етпі десек те , оған қарама- қарсы ебедейсізде, олақ, бейімділігі жоқ та балалар бар. Жаттығуларда арқылы өзінің тежелуі үдерісінен күшін біршама арттырыпта, оны қозу үдерісімен теңестіруге болатындығы дәлелденген. И.П.Павлов күшті қозғалғыш типтердіде жаттықтырулар арқылы тежелу үдерісінің күшін арттырып, бір-бірімен теңестіруге болады деген қорытындыға келеді.
Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Алматы, 2002

2.Жұмабекова А.«Мектепке дейінгі тәрбиенің бүгіні мен болашағы» Отбасы және балабақша №5

Мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығы. ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі орта қажеттіліктері

Нурсеитова Нуршат Зеитхановна
Астана қ. №87 «Қадыр» балабақшасы, тәрбиеші

Бүкіл әлемдегі мамандардың пікірлері бойынша кішкентай бала нақты мектепке дейінгі жаста болғанда ең шапшаң шынығу мен психикалық сапасы қалыптасады. Үлкендердің мақсаты, педагог немесы ата-ананың, бұл процесс сәбиге жаратылысты болды, қысымсыз және артық насихатсыз. Мектепке дейінгі балалық шақтың ең ерекше айырмалығы баланың жалпы дамуын қамтамасыз ететуі болады. Осы кезде әртүрлі арнайы білім мен дағдыр іс-әрекеттер түрлерін игеруді тауып алу іргелігі бекітіледі. Баланың мінез-құлықтың бүгінгі және казіргі сыртқы ерекше психикалық мінездемесі қалыптасадыМектепке дейінгі бола өз қолымен құрастырғысы келсе, сурет салуда, бірдемені жасауда (слепить) сәтсіздікке ұшырады дейік. Бірақ ол қайта – қайта іске кірісіп ақырында өз дегеніне жетуін балада өз мінезі бар деп есептейміз.

Ал егер, бала бір сәтсіздіктен кейін – ақ жұмысты тастай саласа, мұндайда балада мінезі қалыптаспаған деп есептейміз.

Өзара жеке даралық қатынастармен байланысты қиыншылықтар: қарым – қатынастағы өзара әрекет пен өзара түсіну шеңберңнде баланың жеке және іскерлік қасиеті өзара қарым – қатнастардағы өзінің талпынысымен жетудегі табандық кезінде айқындалады. Бала өзіне назар аудартқысы келсе, адамның өзіне ықыласын табу, онымен достық, іскерлік қатынасқа түсуді мақсат тұтуынан байқалады. Біз кейбір балалардың айнала қоршаған адамдарға оларды дұрыс түсінсін деген талпынысының болуын байқаймыз. Егерде бала жағдайдың ондай емес екенін байқаса, қайткен күнде де өзінің мақсатына жетуге ұмтылады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде маңызды орын алатын іс - әрекет бұл үй жұмысына, еңбегіне баланың қатысуы. 4 – 5 жастан бастап, бала үйде ылғи да істейтін жұмыс жүктелуі тиіс және бұны норма деп қарастыру керек. Бұл баланың жеке даралық дамуына зор ықпал етеді. Үй жұмысы барысында балада мұқияттылық, жауапкершілік, еңбекқорлық және т.б. пайдалы сапалары тәрбиеленеді. Бұл тек қана ата – анасына көмектесу үшін ғана қажет емес, сонымен қатар болашақта еңбекке икемділікті үйрену үшін де қажет.

Мектепке дейінгі кезеңдегі ойын рөлінің өзгеруі жас кезеңіне қарағанда, негізінен балада көптеген пайдалы жеке даралық сапалардың дамуы мен қалыптасу құралының қызметін атқаратынымен байланысты. Мектепке дейінгі баланың ойынында тәрбиелік функциясы баланың әртүрлі қажеттілігін қанағаттандыру құралымен, оның мотивациялық ауқымының даму қызметін атқарады. Ойында баланың жаңадан қызығушылықтары мен іс - әрекеттің жаңа мотивтері пайда болып, бекиді. Мектепке дейінгі баланың ойынына: «Символикалық ойын» бір заттың орнына ұқсас екінші бір затты қойып, оның бастапқы атымен емес, соңғы атымен атаушы ойын түрі және рольдік-сюжеттік ойындар.

Мектепке дейінгі ойын және еңбек іс - әрекет арасындағы ауысулар едәуір келісім шартты болып келеді, өйткені балада бір іс - әрекет түрі байқаусыз жайлап екінші түріне немесе керісінше ауысып отырады. Егер тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады.

Олар - өзін - өзі бағалау, талап ету деңгейі тасқа жетудің қажеттілігі, дербестігі, бастамашылдығын (ынталы бастауы) мойындауға ұмтылысын т. б. Жас кезең - сензитивті кезеңінің бастамасы осы жеке адамнық сапалардың маңызды кешенінің қалыптасуы. Айнала қоршаған адамдармен өздерін салыстыруы көптеген балаларда 3 жасар шамасында нақты бір өзіндік бағалау пайда болады. Ол дұрыс қалыптасса (өте жиі кездесетін жағдайлар, мысалы: баланы асыра мақтау немесе сөгу). баланың психикалық дамуына пайдалы болады. Өзіндік бағалауы «төмен» балалар әдетте өздеріне деген сенімі жоқ, сондықтан табысқа жетуге мүмкіншілігі бар жерде талпынысы аз және күш салуға әрекеттенбейді. Ал өзіндік бағалауы «жоғары» балалар керісінше, өз мүмкіншіліктерін асырып онша күш салмайды. Баланың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына 1,5 жастан бастап көңіл бөлу керек.

Егер ересектер баланы тәрбиелеуде оның табысына көңіл бөліп сәтсіздіктерге назар аудармаса, онда балада табысқа жету қажеттілігі көбейіп, тұрақталып, қалыптаса бастайды. Мұндай бала белсенді түрде кез – келген жұмыста осы сапалардың қалыптасуында бірнеше адамгершілік қасиеттері пайда болады, мысалы табандылық, мақсатты бағыттылық, жұмысқа қабілеттілігі, өзіне деген сенімі сондай – ақ жауапкершілік пен міндет туындайды. Жас кезеңде баланы өнегелік санасын емес, әңгіме өнегелі сезімін қалыптастыру. Өнегелі сезімді құрайтын эмоциялар жүйесі негізінде игілікті, бекзатты сезімдер бар: адалдығы, мейірімділігі, қайырымды – ықыластығы, ақ пейілдігі және т. б. және игіліксіз сезімдер болады: қызғаншақтық, зұлымдық, қатыгездік, дұшпандық, қастық, өшпендік т. б. Өнегелік сезімдердің тууына балада өнегелі пікірдің , қылықтардың қалыптасуы себеп болады, сондықтан дәл осыдан өнегелі тқасиеттерді қалыптастыруды бастау қажет, балада осы кезеңде айналасында қоршаған адамдармен қарым – қатынас жасауға қажеттілігі жоғары дамыған.

Мектепке дейінгі кезеңде бала психикасы дамуының негізгі бағыттары

3-тен 6 жасқа дейінгі аралықты мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғышқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғары жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды, бойының өсуінде де өзгерістер

байқалады. Мысалы, 5 жасында 6-7 см-ге артса, 6 жаста 7-8 см өссе, 7 жасында 10см өседі. Баланың кеуде клеткасының өсуіне байланысты аяғы мен дене пропорциясы өзгереді. Бұлшық еттері дамиды, денесі кішкене кезеңмен салыстырғанда сымбатты бола бастайды. Қимыл қозғалысының дамуы бұлшық етінің дамуына үлкен әсерін тигізеді. Сонымен қатар қанайналым жүйесінің жұмысында да өзгерістер байқалады. Жүрегінің көлемі 4 жас пен 1 жасты салыстырғанда 4-5 есе артады. Сәбилік кезеңмен салыстырғанда қан тамырларының соғуы да жиілейді. 5-6 жаста қан тамырларының соғуы төмендейді, бірақ ересек адаммен салыстырғанда баланың қан тамырының соғуы жиі болады. 7 жасқа келгенде бас миы салмағы артады, яғни 3 жаста 1200 грамм болса, 7 жаста 1250 грамм болады. 3 жасқа дейін баланың екінші сигналдық системасының дамуы психикасының дамуына өзіндік сепігін тигізеді. Өйткені бала құрбы-құрдастарымен, айналасындағы үлкен адамдармен жиі-жиі тілдік қарым-қатынаста болады, бұның өзі баланың логикалық ойлауына ерік сапасы мен есінің, қабылдауы мен қиялының, зейінінің дамуына әсер етеді. Соның нәтижесінде баланың алдыңғы кезеңдермен салытырғанда қоршаған ортамен қарым-қатынасы артып, жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі қалыптасады.

3 жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады.

3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды.

4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қозғалысқа икемділігі байқалады. Доптың немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарын да күнделікті көріп жүргендерін ғана бейнелейді.

5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру,жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік өоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңбек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі дәне әңгімедегі

кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтидесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады.Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді,Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді.

Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесі күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен де байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандырып отырмаса айқайлап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты, яғни сыртқы ортаның әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен де жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштық, көңіл-күй қалпының өзгеруімен жіне бірден жарқырап қуанып, жабырқап, қайғыруынан байқалады. Сөзі мен қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал бола алады. Жүйке жүйесінің қозғыштығының көрсеткішіне өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы,өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, естеліктер мен дағдыларды тез игеруі көпшілік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекетінің бір түрден екінші түрге тез ауысуы, еске тез сақтап, қайта жаңғырта алуы, шапшаң қимылдап тез сөйлеу, сезгітікті пайда болуы мен көрінуі де жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Жүйке жүйесінің әсерлегіштігі сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге жауап беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақ, күгелек, шыдамсыз десек, енді біреулердің қуанғаны да, ренжуі де түсініксіз дейді, Енді біреулерді икемді, етпі десек, оған қарама- қарсы ебедейсіз, олақ, бейімділігі жоқ та балалар бар. Бұл қасиет баланың сыртқы әрекеттердің әсеріне оңай бейімделе алмауынан, көп күш жұмсауынан көрінеді.Әлеуметтік – экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде мүмкіндіктері шектелген балалардың жеке даралық ерекшеліктеріне, қазіргі қоғамдағы орнына, олардың мінез-құлық және мінез ерекшеліктеріне мән бермеу бүгінгі қоғам дамуында мүмкін емес.

Мүмкіндігі шектелген бала ерекше қарауды қажет етеді. Осындай тұлғаны қалыптастыруды нәтижелі басқару үшін, түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының өзіндік психологиялық-педагогикалық заңдылықтары туралы терең білу керек. «Психологиялық ой түйіндісі бойынша физиологиялық кемшілік әлеуметтік тәртіп нормаларының бұзылуын туындатады. Осындай кемшіліктері бар

балалардың барлық психологиялық ерекшеліктері биологиялық емес, әлеуметтік құбылыс болып табылады», Баланың бойындағы кез-келген кемшілік, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын шектеуде, оған адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірбиесін игеруге кедергі келтіретіні бәрімізге белгілі.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға өзгелермен бірдей оқуға, жұмыс істеуге, демалуға т.б. яғни қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, дегенмен бұны шынайы түрде іске асыру оңай емес.

Психофизиологиялық ауытқушылықтары бар балалармен психологиялық-педагогикалық оқытудың тәрбиелік сипаты, көрнекілік, жеке ықпал ету сияқты жалпы дидактика принциптерімен қатар арнаулы педагогикадағы түзете-дамыта оқыту және практикалық бағытта оқыту принциптерін басшылыққа алады. Дегенмен осы балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі қосымша факторларға да байланысты. Ең алдымен оқу сабақтарының оқушыларды қоғамдық тәртіп ережелеріне, белсенділіктерін дамытуға, коммунакабельдік дәрежесіне сәйкес келуі үлкен орын алады. Сонымен қатар барлық пәндер арасындағы байланыс, яғни бір тақырыптың түрлі пәндерде қаралып, түсіндірулермен қатар, жағымды тұлға қасиеттерін қалыптастыруда еңбекке оқыту, еңбекке баулу ерекше маңызды. Практика барысында оқушыларда әлеуметтік бейімделуіне өте маңызды ұжымда бірлесе жұмыс істеу, еңбек етуге деген икем, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жеке тұлғаны әлеуметтік бейімдеу сабақта және сабақтан тыс уақыттардағы ұйымдастырылған сабақтар мен экскурсияларда өткізіледі. Сабақ барысында арнайы құрылған жағдаяттар бойынша балалар қажетті тұрмыстық икемдерді, қоғамдық тәртіп ережелерін игереді. Ол үшін сабақтан тыс уақыттарда «Дүкенде», «Шаштаразда», «Автобуста», «Поштада», «Асханада», «Ауруханада» т.б. сияқты сюжетті-рольді ойындар өткізіледі. Оқушыларға білгілі бір жағдайда қалай жасау керектігін бірнеше рет қайтара көрсету керек. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал танымдық әрекеттерін дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жоғарғы кластарда жасөспірімдер еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы жаман орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса жолдасына, мұғаліміне көрсетіп, мадақтауды ұнатады. Оқушылар осылайша еңбек әрекетіне қатысудың маңыздылығын түсіне бастайды. Бұның бәрі оқушылардың тұлғалық қалыптасуы туралы айта отырып, олардың өмірлеріндегі еңбектің рөлі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді.

Тәрбиеленушілерді әлеуметтік оқыту барысында көрнекі құралдар негізгі тиімді әдіс болып табылады. Бұл жерде көрнекілік шынайылық деген мағынаны білдіреді. Педагог мүмкіндіктері шектелген балаларды экскурсия, сюжетті-рольді ойындар, ертегі қойылымдар, театрландырылған қойылымдар барысында сыртқы ортаның қасиеттерімен, құбылыстарымен таныстырады. Бұл оқушылардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздеріне қызмет ету, тұрмыста және арнаулы өндірісте қиын емес еңбек операцияларын орындауға, мүмкіндігінше қоршаған ортаға икемдеуге бағытталған жұмыстар. Осындай жұмыстар барысында дамуында проблемасы бар балалар белсенділік көрсетіп, өз беттерінше жұмыс істей алуға, түрлі жағдаяттар барысына сай әрекет етуге, өзін өзгелердің бағалауына парапар ұстауға үйренеді. Түзету жұмыстары барысында жасаған жұмыстарына сын көзбен қарауға үйреніп қана қоймай, салыстырмалы түрде бағалауға, өзгелердің сындарын қабылдай және текшелей алуға, керек кезінде жолдастарын қолдауға, көмек қолын созуға үйренеді.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстарының бағыты ерекше балалардың қоғамдық өмірге араласулары үшін әлеуметтік-тұрмыстық білім мен икемдерін қалыптастыру екенін назарда ұстай отырып, педагог арнайы сабақтарда оқушылардың көлік, пошта, қоғамдық орындарда өздерін ұстай алу, қажетті хабарламалар мен жарнамалық ақпараттарды түсіне бастауға үйрету керектігін де басты назарда ұстайды. Мысалы, жаяу жүргіншіге арналған белгілер, ойнауға тиым салынатын белгілер, қандай мекеме екенін білдіретін сыртқы жарнамалар немесе жақын жердегі асхана, қонақ үй, емхана бар екені туралы айтатын белгілерді көріп, керегіне жарата алу, кез-келген жағдаятта шығатын жол болатынын түсіндіру әрине жалпы пәндерге оқыту барысында алатын біліммен байланысты. Мүмкіндіктері шектелген балаларда қоршаған орта туралы сәйкес түсінік қалыптастыру көп жағдайда педагогтың оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістері мен формаларын қолдана отырып, дұрыс педагогикалық процесс ұйымдастыруымен анықталады. Ерекше көзқарасты қажет ететін балалардың дамуы оқу мен тәрбие барысында практикалық әрекеті негізінде құрылады. Сондықтан бұл балаларды өмірге бейімдеу экскурсия және сабақтар, түрлі ойындар формасында ұйымдастырылып, бала дамуында жетекші орын алады. Егер пәндік сабақтарда «Тағамдар», «Дүкенде» тақырыптары өтілсе, сабақтан тыс уақытарда тақырыптық экскурсия өткізудің маңызы ерекше. Бірақ оқушылар белгілі бір объектіні сырттай бақылап қана қоймай, ересектердің әрекеттеріне еліктей отырып, өздеріде жас шамаларына қарай әрекет ете алатындай етіп ұйымдастыру өте маңызды. Мысалы, дүкен жұмысын бақылаудағы экскурсиялар балалар сауда залдарында жүріп түрлі бөлімдерді белгілер арқылы анықтауға болатынын, әр тағамның жарамдылық, сақтау ерекшеліктеріне қарай бөлінетінін біліп қана қоймай, олардың өздері

саудаларын төлеуге, сатушыдан керектерін сұрауға, сатып алған затын сөмкесіне орап салуға, сөмке сақтауға арналған шкафтарды, телешкілерді қолдана алуға, ең аяғында дүкендегі қалыптасқан қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға үйренетіндей және өздері әрекет жасайтындай етіп жоспарлану керек. Мұндай экскурсия үлкен ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді. Егер педагог әрбір ұйымдастырылатын әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір оқушының әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындаса, бұл мүмкіндіктері шектелген балаларды өз ісіне, жұмысына, берілген тапсырмаларды орындауға дағдыларын қалыптастырумен қатар, оқушыларға үлкен жауапкершілікті сезіне бастауға дайындап, жүктей бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жаңа технологияларды сабақта қолду» Ұ.Төлепова «Бастауыш мектеп» №7, 2015 жыл
2. «Отбасы және балабақша» журналдары 2014 жыл, 2017 жыл
3. «Отбасы және балабақша» журналы №4, 2015 жыл
4. Дамыта оқыту технологиясы. Бисенбаева Әлия

Тұлға ретінде баланың өнегелі дамуына отбасы мәдениетінің әсері.

Аулабаева Рахия Кайыровна, тәрбиеші
Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Думан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
Сулешова Мариям Кокеновна, қазақ тілі мұғалімі
Астана қаласы«SpektrumKindergarten» ЖШС

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»

Бала кішкентайынан бар әлемді отбасы арқылы қабылдайды. Ол анасы жақсы көретін затты жақсы көреді, әкесі қуанған нәрсеге қуанады. Ата-анасының айналамен ұстаған қарым-қатынасы оған өте маңызды. Енді есі кіріп, тілі шығып келе жатқан баланы байсалды, ұқыпты, тілалғыш, ұғымпаз етіп баулаған жөн. Адамгершілік тұрғыдан қарағанда отбасының қарым-қатынасы, күнделікті нақты болып жатқан жағдаяттар баланың басқа адамдарға, айналадағы болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Сондықтан баланың өнегелі дамуында отбасы атмосферасы мен оның эмоциалы және рухани ахуалы маңызды. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына үлкен септігін тигізетін бір-бірңне деген адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара бауырмалдық, жанашырлық,

үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы атмосферасы бір-біріне деген жылулықтан, ізгіліктен, сыйластықтан, бір-бірінің көңіл-күйін құрметтеуден, сабырлықтан, шыдамдылықтан немесе олардың жоқтығынан немесе осы әлемге дөрекілік танытқаннан қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың казіргі кезеңінде отбасы проблемаларына оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балаларды отбасылық тәрбиелеу мәселелеріне, отбасы мен балабақша арасындағы бірге жұмыс жасауына көп көңіл бөлінеді. Ата-аналарға педагогикалық , психологиялық сауаттылығын арттыру және балабақшамен тығыз байланыста болып дамуы қалыпты балалардың ата-аналардың инклюзивті мәдениетін қалыптастыру үшін бағдарламаларды меңгеру міндеті қойылады. Сондықтан педагогтар инновациялық бағыттарды игеруде. ЕБҚ балалармен жұмыс жасап, әлеуметтендіруді, оларды қоғамға кірігуі қамтамасыз ету. Көп жағдайда ата-аналар баланың мүмкіндіктері мен жағдайын бағалау өте қиын. Осындайда мамандар мен педагогтермен ара-қатынастары тығыз болып нақты машықтары мен дағдыларды алу үшін, жетістікке апарар жолында өсуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі ЕБҚ бар балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелерінде ата-аналар және дамуы қалыпты балалардың ата-аналарын инклюзивті мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Бірге жүрген жол оңай» бағдарламасы дайындалды. Дамуы қалыпты балалардың ата-аналары көбі түсінбейді, өз баласының проблемасы бар баламен неге жүретінің. Инклюзия жолы оңай емес. Сондықтан осы программаға сүйене отырып ата-аналар арасында бірігіп жұмыс жасауға көмек көрсетеді, толеранттық қалыптастыру, және инклюзивті мәдениетке тәрбиелеу көзделеді.

Берекелі отбасында туыстық эмоциялы байланыс, бір-біріне деген жанашырлық, жылулық, қамқорлық, махаббат сезімдері ашық болады. Бұндай отбасында бірі-бірінің сыртқы сұлу келбетінде және мінездеріндегі жағымды жақтарының барына, жетістіктеріне шын қуанады және өз ішкі сырын, мазалап жүрген мәселелерді, түсінбей қалады-ау демей, ашық бөліседі.

Отбасының рухы, өзара қарым-қатынастың жалпы стилі, ырғағы, әулеттегі туыстық қатынасы, отбасы салт-дәстүрі – осының бәрін баланың өнегелі тәрбиесіне бағыт беретін отбасы мәдениеті деп атауға болады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететтін – ол отбасы. Бала балалық шағында отбасында не меңгереді, соны болашақ өмірінде сақтап, сыртқа шығарады. Мектепке баратын баланың тұлға ретінде негізі осы уақыттан қалыптаса бастайды. Ұлы педагог А.С.Макаренконың айтуы бойынша: «... ата-ана өз баласына қандай өнеге болады, тәрбиелеуде қандай мақсаттар көздейді-соған байланыстыбаланың дұрыс тәрбиеленуі отбасында негізделеді»- деген. Отбасы тәрбие мәселелері оның еңбектерінде кен орын алған.

Ол: «Бала тәрбиесі – біздің өміріміздің ең маңызды аумағы. Біздің балаларымыз – олар болашақ ата-ана, олар да өз балаларын тәрбиелейді, біздің балаларымыз – керемет азамат, жақсы ата-ана болатындай өсулері керек. Дұрыс тәрбие – біздің бақытты кәрілігіміз, нашар тәрбие – біздің болашақ қасіретіміз, біздің көз жасымыз, біздің басқа адамдардың, еліміздің алдындағы кінәміз.»

ЕБҚ бар балалар мен олардың отбасыларына қатысты қоғамдық пікірдің өзгеруіне ықпал ету, өзара көмек көрсетуді, өзара түсіністікті, төзімділікті қалыптастыру. Отбасында ЕБҚ балаға ерекше көңіл бөлу. Ең бастысы баланы өз-өзіне қызмет етуге үйрету. Ата-ананың сөзін тындап, дұрыс қабылдауға машықтандыру. Отбасылық қасиеттерді ұстауға, орындауға дағдыландыру.

Баланың психикалық дамуының негізін ата-ана құрайды, бұл жерде ата-ана мен балалар біртұтастықтық құрастырады. Кішкентай бала ойлауды, сөйлеуді және өз реакциясын басқаруды ата-анасынан үйренеді. Жиі ата-ана баланың тұлға ретінде болашақ дамуына, оның өмірлік ұстанымына, әдеттеріне, мінез-құлқына, құндылықтарына жауапсыз қарайды, олар өздерінің ұрыс-керістері, отбасы атмосферасы ата-анаға тәуелді баланың психикасына қандай үлкен әсер ететіні туралы көбіне ойланбайды.

Ата-ана – ең алғашқы баланың тәлімгері, басалқышы, баланың адамгершілік принциптерінің қалыптасуына бастапқы әсер ететін және «не жақсы- не жаман» екенін түсіндіріп, өздері балаға үлгі болулары қажет. Сөздердің негативті әсері туралы біздің ата-бабаларымыз сол кезден айтқан. Ауызымыздан шыққан сөз айтылып қана қалмайды, ол әр адамға жағымсыз әсер береді, жанын, жүрегін ауыртады. Әр сөзде үлкен күш жатыр – не махаббат пен мейірімділіктің не жауыздықтың қаттылықтың энергиясы.

Балаға, ата-анаға деген махаббат...Қалыптасып, енді дамып келе жатқан тұлғаға осы сезімінің әсері өте күшті. Ата-ана балаға деген махаббатсыз – жақсы тәрбиеші бола алмайды, осы сезіммен кішкентаймен үлкендердің арасындағы өзара түсіністік пен қатынас та байланысты болады, махаббатсыз балаға мейірімділік, жомарттық, рухани байлығын бойына сіңдіре алмайсын. Баланың бастапқы өмірінде ең маңызды адамы – ол анасы. Ол- ең жақын, ол – туған анасы, отбасындағы – «ең жылы клетка». Айналадағы ізгілік ананың әйел затының жұмсақтығымен құрастырылады. Өсе келе бала әсіресе ұл бала әкесімен жақындасуға тартылады. Балаға сенімділік, қорғалғандық, қауіпсіздік сезімдерін сіңдіреді, айналадағы құбылыстармен таныстырады. Әкесі мен анасы бірігіп балаға толық өнегелі тәрбие береді. Балалық шағыннан бастап тұлғаның әлемге деген танымдық, рухани-өнегелі және эстетикалық қарым-қатынасы дамиды. Ата-әжелері немерелерінің өмірінде қатысулары баланың тұлға ретінде қалыптасуына өнегелі бай потенциал береді. Ата-әжелері немерелерінің жақсы тыңдаушылары, сұхбаттасушылары, әрдайым балаларды қолдап, жанында табылатындарының бірі.

Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасында әр түрлі жұмыстар жүргізілуді көздеп отырмыз. Ол: саулнамалар, тест, дөңгелек үстел,тренинг, дәріс,ойын сауықтар, кеңестер, семинар-практикум. Мақсатымыз балабақша мен ЕБҚ бар балаларды да, дамуы қалыпты балаларды да тәрбиелеп отырған отбасылардың өзара қатынастығы мен өзара іс-қимылының инновациялық жүйесін құру, педагогико-психологиялық білім жүйесін игеру арқылы білім беру және тәрбие ықпалдарының бірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

Отбасы – болашақ азаматтаң әлеуметану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Әр сағат, минут сайын баланың нәзік жанымен жұмыс жүргізу – ол үлкен жауапкершілік. Мектепке дейінгі баланың

және ЕБҚ балалардың рухани-өнегелі тәрбиесі, оның тұлға ретінде қалыптасуы, оған бастапқы әсер ететін отбасының мәдениеті, осы туралы ұмытпауымыз керек! Өл - өте маңызды тыс қалдырмайтын фактор.

Әдебиеттер:
1. Әтемова Қ.Т., Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқулық / Қ.Т.Әтемова.- Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012.- 272 бет.
2. Братусь Б.С. «Нравственное создание личности» издательство М- 1985г
3.Виноградова А.М. «Воспитание нравственных чувств у дошкольников» издательство М-1991г

4. Куликова Т.А. «Семейная педагогика и домашнее воспитание» 2000г.

5. Мастюкова Е.М. «Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии.» 2014ж

6. Халитова І., Әлеуметтік педагогика [Мәтін]: Оқу құралы / І Халитова.- 2-ші басылымы.- Алматы: Білім, 2007.- 200 бет.

Развитие элементарных математических способностей у детей дошкольного возраста, через элементы ментальной арифметики и LEGO – конструирования

Отто О.В.
КГКП «Ясли-сад № 14» отдела образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области

Кто с детских лет занимается математикой,
тот развивает внимание, тренирует свой мозг,
свою волю, воспитывает настойчивость
и упорство в достижении цели.
А. Маркушевич

Математика – один из наиболее сложных и важных предметов в школьном цикле. Вхождение детей в мир математики начинается уже в дошкольном возрасте. Они сравнивают предметы по величине, устанавливают количественные и пространственные отношения, усваивают геометрические эталоны, овладевают моделирующей деятельностью.

Математика сопровождает нас всю жизнь. Без счета, без умения правильно складывать, вычитать, умножать и делить числа человеку прожить невозможно. Поэтому чем раньше ребенок поймет и усвоит азы математики, тем легче ему будет в дальнейшем. Математика способствует развитию памяти,

речи, воображения, эмоции, терпения, настойчивость, творческий потенциал личности ребенка, а так же приемы мыслительной деятельности.

Однако, проблема формирования и развития математических способностей детей - одна из наименее разработанных, но перспективных и актуальных на сегодня методических проблем дошкольной педагогики.

На успешность овладения детьми основ математики влияют не только содержание предлагаемого материала, но и форма подачи, которая поможет заинтересовать детей и вызвать познавательно-исследовательскую активность детей. Взрослые должны поддерживать, направлять проявления активности детей, а так же создавать такие ситуации, в которых они ощутят радость открытий.

Для успешного овладения детьми основ математики необходимо создать условия, в первую очередь, предметно-развивающую и игровую.

Мы предлагаем развивать математические способности дошкольников, используя **лего-конструктор** и **элементы ментальной математики.**

Рассмотрим эти два направления.

LEGO в переводе с датского **leg godt**—«играть хорошо», «увлекательная игра»; в переводе с латыни - «я собираю».

LEGO – это качественный конструктор из Дании. Он представляет собой разноцветные пластмассовые кирпичики и яркие мини фигурки, соединяющиеся в бесконечных вариациях благодаря которым возможно конструирование разнообразных транспортных средств, зданий и передвигающихся роботов. Основатель Lego, Оле Кирк Кристиансен, утверждал, что его задачей было производство игрушек, развивающих в ребенке:

- воображение
- изобретательность
- творческие способности

В 2000 году Британская ассоциация продавцов игрушек признала **LEGO** лучшей игрушкой XX века

Наборы **LEGO** зарекомендовали себя во всем мире как образовательные продукты, удовлетворяющие самым высоким требованиям:

- гигиеничность,
- эстетичность,
- прочность
- долговечность
- универсальность

LEGO это яркий, красочный, полифункциональный дидактический материал.

LEGO -детали с цифрами можно использовать вместо традиционной кассы цифр.

LEGO помогает детям дошкольного возраста в игровой форме осваивать элементарные математические представления: число, цифра; цвет, форму, величину, расположение в пространстве

LEGO дает возможность детям ощутить себя настоящими изобретателями, позволяет развивать конструкторскую смекалку и фантазию, сформировывать логическое мышление на всю жизнь.

LEGO - конструктор побуждает работать, в равной степени, и голову, и руки ребенка.

Игра – важнейший спутник детства. **LEGO** – позволяет учиться играя и обучаться в игре.

Проанализируем, какие навыки качества возможно развить у дошкольников, используя

LEGO-конструирование и какие упражнения (действия) будут им способствовать

Формируемые навыки и качества	Деятельность
Обучение через игру	Простые действия имеют часто самые большие образовательные преимущества, так как, находясь в состоянии исследования, происходит расширение умственных способностей детей.
Творчество и воображение	Дети могут придумывать новые и интересные идеи многократно. Возможности бесконечны. Это расширяет воображение, развивает концентрацию, процесс построения модели принуждает к сосредоточению и проявлению мастерства.
Мелкая моторика	Манипулирование кирпичиками и блоками развивает и совершенствует мелкую моторику, ловкость и координацию рук и глаз. Закрепление кирпичиков друг с другом помогает укрепить мышцы рук, что очень важно для подготовки детей к письменной работе.
Мышление	Дети могут разбирать конструкции до основания, а затем строить их заново, совершенствовать, возвращаться к ним снова и снова. Дети учатся сосредотачиваться и концентрироваться.
Социальные навыки	В LEGO можно играть как самостоятельно, так и с друзьями. Это приучает детей к доброте и сотрудничеству, способствует развитию социальных навыков, учит детей совместному труду и командной

	работе.
Уверенность	Создание новых и различных моделей дает детям удовлетворение и уверенность, основанную на логическом завершении построении модели.
Цвет и основы математики	LEGO может быть использован для решения задач, для счета, а также для создания узоров и последовательностей, элементы могут сортироваться по группам разных цветов, размеров, форм

ВЫВОД: Главное в том, что LEGO позволяет не давать информацию в готовом виде, а работать так, чтобы ребята сами открывали новые знания. Важно, «заразить» ребенка игрой, не просто разбудить в нем интерес к моделированию предложенных конструкций, но и помочь понять, что играя можно многому научиться.

Второе направление, способствующее успешному обучению дошкольников математике - ментальная математика. Термин «ментальная» от лат. mentalis – интеллектуальный, рассудительный.Методика включает 2 этапа работы:

1. РАБОТА СО СЧЕТАМИ АБАКУСОМ.

Дети учатся считать на специальном инструменте, абакусе, это — японские счеты, отличающиеся от обычных тем, что вычисления производятся двумя руками одновременно

2. ВЫЧИСЛЕНИЯ В УМЕ ИЛИ МЕНТАЛЬНЫЙ СЧЕТ.

Ребенок начинает представлять абакус в уме, при необходимости делая необходимые движения руками, будто он держит настоящие счеты

На занятиях ребенок в игровой форме охватывает сразу несколько дисциплин, кроме ментального счета:

- Рисование карандашами и красками;
- Лепка из пластилина;
- Иностранные языки;
- Физкультурные занятия;
- Танцы и пение.

Воспитатель может дополнительно включать и другие предметы, интересные детям определенного возраста. .

Польза обучения с применением лего-конструирования и элементов ментальной математики для детей.

Конструктор ЛЕГО **Ментальная арифметика**



Приведем примеры занятий и заданий с использованием названных методик.

1. Решение задач с помощью ЛЕГО.

Примерные задания:

Перед уроком раздать кирпичики 2 на 2 разного цвета, по 10 штук .

Задача. *На поляне росло 3 цветка. Прилетели бабочки и сели по 1 на цветок. Двум бабочкам не хватило цветов. Сколько было бабочек? Чего больше цветов или бабочек? На сколько?*

О чем речь в задаче? (о цветах и бабочках)

Сколько цветов? 3. – выкладываем эти цветы, используя ЛЕГО (используем ЛЕГО одного цвета).

Что известно про бабочек? Сели по 1 на цветок.

Сажаем на каждый выложенный цветок бабочку (ЛЕГО другого цвета).

Что еще сказано про бабочек? Двум не хватило цветов.

Выкладываем еще двух бабочек, но уже без цветов.

Какой вопрос в задаче?

Ответ.

При такой краткой записи, сразу видно, сколько цветов, бабочек и чего больше.

Аналогично можно решать другие задачи

2. Использование ЛЕГО при изучении состава числа.

У детей кирпичики 2 на 2 разного цвета.

Получите 5 разными способами.

От перемены мест слагаемых сумма не меняется.

Так как варианты получения числа будут разные можно выполнить коллективную работу и выставить на плате все возможные варианты.

3. При помощи ЛЕГО и плат можно проводить графические диктанты.

При проведении графических диктантов можно использовать кирпичики как одного цвета, так и разных.

Примерные задания:

В левом нижнем углу положить один зеленый кирпичик. Вверх от первого положить четыре таких же. Вправо, от последнего 2 красных. От последнего уложить 1 такой же.

Что у вас получилось? Дети демонстрируют работы.

Анализ фигуры:

Сколько всего кирпичиков?

Сколько зеленых? Красных?

4. Математический диктант.

Примерные задания:

“Строим дом”

Помогите строителю построить дом:

1э – 4 кирпичика

2э на 1 кирпичик меньше.

3э на 1 меньше, чем второй

4э на 1 меньше, чем 3.

5. Можно использовать как демонстрацию ответов при устном счете.

<u>Игры, развивающие логическое мышление</u>

Классификация

6.**"Чудесный мешочек".**

В мешочке находится несколько деталей конструктора Лего.

а) Педагог показывает деталь, которую надо найти.

б) Педагог только называет необходимую деталь.

в) Ребенку необходимо на ощупь определить, из каких деталей составлена модель.

7.**"Собери модель".**

Дети собирают модель под диктовку педагога. При

определении взаимного расположения деталей используются наречия "сверху", "посередине", "слева", "справа", "поперек".

Пространственное ориентирование

8. "Собери модель по ориентирам".

Педагог диктует ребятам, куда выставить деталь определенной формы и цвета.Используются следующие ориентиры положения: "левый верхний угол", "левый нижний угол", "правый верхний угол", "правый нижний угол", "середина левой стороны", "середина правой стороны", "над", "под", "слева от", "справа от".

9. "Составь макет учебной, групповой и приемной комнат".

Для взаимного расположения предметов в комнате используется точка отсчета, не совпадающая с позицией ребенка.

Симметрия

10. "Выложи вторую половину узора"

Педагог выкладывает первую половину узора, а дети должны, соблюдая симметрию, выложить вторую половину узора.

11."Составь узор".

Дети самостоятельно составляют симметричные узоры -можно изображать бабочек, цветы и т. д.

Логические закономерности

12."Что лишнее?".

Педагог показывает детям ряд деталей и просит определить

лишний элемент (каждый элемент состоит из двух деталей конструктора).

Множества

13."Выдели похожие"- классификация по одному свойству. Педагог показывает детям набор деталей и выделяет ниткой замкнутую область. Затем устанавливает правило,по которому надо располагать детали: например, так чтобы внутри выделенной области оказались только красные детали или только кирпичики.

Игры, развивающие восприятие формы

14. “Отгадай”.

Цель:учить детей узнавать знакомые детали конструктора (куб, папка, треугольник, цилиндр, арка, таблетка, брус) на ощупь.

Описание игры:

Одному из детей завязывают глаза и предлагают отгадать на ощупь форму модуля.

15. «Найди пару»

Цель. Закрепить знания о разновидностях геометрических форм. Тренировать в умении группировать с учетом выделения одинаковых признаков, развивать зрительные функции.

Ход: педагог предлагает вспомнить, как называются детали конструктора LEGO и найти каждой детали пару.

16. «Найди все кубики»

Цель. Учить различать с помощью осязания детали конструктора, тренировать в группировании с учетом выделения одинаковых предметов, развивать мелкую моторику.

Ход игры. Педагог предлагает вспомнить, как называются детали конструктора, и разложить их на группы: кубики, кирпичики, декоративные детали.

17. «Расскажи, где находится деталь»

Цель. Учить объяснять местоположение деталей конструктора по отношению к другим деталям, развивать навыки ориентировки в пространстве.

Ход игры. На столе 10-12 деталей конструктора. Педагог предлагает рассказать, где находится та или иная деталь (Например, «справа от зеленого кирпичика стоит красный кубик, слева – желтый кирпичик»)

Надо помнить, что математика – один из наиболее трудных учебных предметов, но включение занимательного материала в занятия по математике позволяет удерживать интерес детей к занятию, и это создает условия для повышения эмоционального отношения к содержанию учебного материала, обеспечивает его доступность и осознанность. Чтобы ребенок дошкольного возраста развивался в полную силу своих способностей, нужно стараться вызвать у него стремление к знаниям, помочь ребенку поверить в себя, в свои способности. При использовании на занятиях математикой лего – конструктора и элементов ментальной арифметики, дети с большим интересом занимаются, лучше запоминают увиденное и услышанное, т.к эмоционально вовлечены в занятие.

Литература

1. http://maminovse.ru/matematika-s-lego-gotovimsya-k-shkole.html
2. https://nsportal.ru/detskiy-sad/matematika/2016/07/16/kartoteka-igr-po-matematike-s-ispolzovaniem-lego-konstruktora
3. http://vytvoryandia.ru/matematicheskie-igry-s-lego/
4. Шевченко Е. А. Формирование элементарных математических представлений у детей с посредством Лего-конструктора // Молодой ученый. — 2016. — №12.6. — С. 137-141.
5. Л.И. Тихонова. Математика в играх с лего-конструктором. Санкт-Петербург, изд. «Детство-Пресс» 2001 г.
6. Е.А. Носова. Логика и математика для дошкольников. 2-е изд. Санкт-Петербург «Детство-Пресс» 2002 г.

Балабақшада инновациялық технологияларды қолданудың маңызы

Сихова А.О.

БҚО, Орал қ. «Карина +» жеке бөбекжайы , тәрбиеші

Аңдатпа: Мақалада балабақшада инновациялық технологияларды қолданудың маңызы және тәрбиешінің тәжірибесінен әдіс-тәсілдер ұсылған

Кілт сөздер: Инновация, AKTIVBOARD,QR – KOD, ата-ана.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі , рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан

басталады. Балабақша – балаға жан-жақты білімді, тәрбиені беретін, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Әр топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр.Осы міндеттердің бірі — білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Мен күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде AKTIVBOARD тақтасын қолданамын. Бұл тақта негізгі тапсырмаларды білуді жеңілдетеді, заттар жөніндегі мәліметтерді, деректерді есте берік сақтауға ықпал жасайды. Балалар өтетін тақырыппен жұмыс жасауға әуес, ынталы келеді. Сондықтан да тақтамен жұмыс жасау балалардың белсенділігін дамытуға әсер етеді, олардың назарын белгілі бір бағытқа жұмылдырады. Білімді игеру үстінде баланың ақыл-ойын дамытуға, ғылыми білімді игертуге, деректерді есте сақтауға әрбір оқу іс-әрекеті үстінде интерактивті тақтаны пайдалану қажет-ақ. Өйткені, берілген тақырып бойынша жаңа оқу іс-әрекетті түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір оқу іс-әрекеттің әсерлігін және мазмұнын арттырып, балаға қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді.

Ата-анмен жұмыста мобильді кітапхана , QR – KOD қосымшаларын да тиімді пайдаланудамын. Мобильді кітапхана жұмысын ұйымдастыруда балалардың жас ерекшелігін пайдалана отырып, ертегілерді таңдап алып, оларды QR – KOD қосымшасына айналдырып, ата-аналар бұрышына ілемін, смартфон арқылы өздерін қызықтырған ертегіні электронды түрде қарай алады.Топтық ата-аналар жиналасында сауалнамаларды да QR – KOD арқылы ұсынып, нәтижесін экраннан көруге мүмкіндік беремін, уақытты тиімді пайдаланамын.

Интерактивті технологияны қолдану барысында өзімнің көздеген мақсатына тиімді жолмен жете отырып, баланың тұлға болып қалыптасу жолындағы негізгі қасиеттерді бойына қалыптастыруда әсері мол деп есептеймін.

Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай инновациялық технологияларды тиімді пайдалана білсек, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ.

Әдебиеттер

1. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология./Оқулық/ - Тараз:ТарМУ, 2003.
2. «Бала мен балабақша» журналы № 11,2011жыл
3. http://bilimdiler.kz/balabaksha/15272-mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyalyk-tehnologiyalardy-koldanu.html
4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы,2001.
5.

Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық формалары

Сулейменова Ж.Ж.

«Ақбота» бөбекжайы» КМҚК Бұқар-жырау ауданы Доскей ауылы, әдіскер

Тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде педагог, оның кәсібилігі жетекші рөл атқарады. Педагогтердің шеберлік деңгейін арттыру-мектепке дейінгі мекемені басқару жүйесінде ерекше орын алатын және педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың біртұтас жүйесінде маңызды буын болып табылатын әдістемелік жұмыс қызметінің басым бағыты. Әдістемелік жұмыс мазмұнының педагогтардың жұмыс нәтижелерімен тұрақты байланысы әр тәрбиешінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әдістемелік жұмыс озық сипатқа ие және педагогикалық және психологиялық ғылымдағы жаңа жетістіктерге сәйкес балалармен барлық жұмысты дамыту мен жетілдіру үшін жауап береді. Ең бастысы педагогтарға нақты, пәрменді және уақытылы көмек көрсету болып табылады.

Бүгінгі таңда педагогтарды қызметке және диалогқа тартуға тән, еркін пікір алмасуды көздейтін жаңа, белсенді жұмыс түрлерін пайдалану қажет. МДҰ педагогтарының инновациялық әдістемелік жұмысқа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін өнімді формаларды жобалау қажет.

Қажетті педагогикалық жағдайлар кешені:

1. Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық мазмұнын іріктеу және сараптау (бағалау);

2. МДҰ педагогтарын кәсіби құзыреттілігін арттыруға белсендіретін әдістемелік жұмыстың өнімді формаларын жобалау.

Инновациялық әдістемелік жұмыс - кәсіби-басқару, педагогикалық қызметтің бір бөлігі:

3. даму режимінде білім беру мекемесінің жұмысын қамтамасыз ету;

4. мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық дамуын, оның өзін-өзі дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік жұмыстың мазмұнын іріктеу;

5. педагогтарды инновациялық фактілер мен құбылыстар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету және сараптаманы ұйымдастыру;

6. педагогтарды баланың жеке дамуына тиімді әсер ететін кәсіби-педагогикалық іс-әрекет тәсілдерімен жабдықтау.

Педагогтардың инновациялық қызметін жандандыру әдістері мен формалары.

Қазіргі уақытта құзыреттілікке, креативтікке, инновацияларды пайдалануға және құруға дайындыққа ие инновациялық мектепке дейінгі мекеменің педагогын қалыптастыру проблемасы бар.

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмыс жеке бағытқа бөлініп, келесі негізгі талаптарды ұстану қажет:

1. практикалық-бағдарлы сипатқа ие болу;

2.біліктілікті арттыру және ғылыми зерттеулер мен инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижелерін енгізуді біріктіру;

3. педагогтардың мүмкіндіктерін және олардың кәсіби мүдделерін ескеретін жеке-сараланған тәсілді қамтамасыз ету;

4. білімді белсенді меңгеруге және кәсіби біліктерді бекітуге ықпал ету;

5. біліктілікті арттыру нәтижелілігін бағалау және осы процеске уақытылы түзетулер енгізу;

6. педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға жүйелі және кешенді көзқарасты қамтамасыз ету.

Тәрбиешінің қызметі мен тұлғасын зерттеу – әдістемелік жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттырудың қажетті алғышарты:

Тәрбиешіге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесу тек әрі қарай жетілдіру міндеттерін жан-жақты есепке алғанда ғана емес, әр тәрбиешінің нақты мүмкіндіктерін де ескергенде ғана мүмкін болады.

Біліктілікті арттырудың түрлері мен әдістерін іріктеу ересектердің танымдық іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан оқу үдерісі келесі талаптарды ескере отырып құрылады:

1. білім беру сұраныстарының вариативтілігін іске асыру;

2. өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту тәртібіне көшу тәсілдерін меңгеру;

3. бейресми кәсіби қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыруға бағдарлау;

4. өз қызметінің өзіндік талдауына бағдарлау және оны жетілдіру қажеттілігін ұғыну;

5. дағдылараралық синтезді талап ететін дәрістер, семинарлар мазмұнын проблемалық құру;

6. зерттеу сипаты бар және өзінің педагогикалық тәжірибесін ұғынуға және оны шығармашылықпен өңдеуге бағытталған оқу жұмысының нысандары мен әдістерін қолдану.

Қазіргі уақытта педагогтармен жұмыста пайдалану үшін ұсынылатын көптеген нысандар мен әдістердің ішінен кейбіреулеріне тоқтауға болады.:

1. Семинар-шығармашылық сабақтар шығармашылық ойлауды дамытуға және инновациялық жобаларды құруға бағытталған.

Педагогтердің шеберлігін арттыру, олардың теориялық және практикалық білімдерін толықтыру әдістемелік жұмыстың түрлі формаларының көмегімен, атап айтқанда интерактивті формалар мен әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсілдің құндылығы-ол кері байланысты, ашық пікір алмасуды қамтамасыз етеді, қызметкерлер арасында оң қарым-қатынасты қалыптастырады.

Кадрмен жұмыс істеу формаларының өзегі ұжымдық талқылау, тұжырымдарды дәлелдеу, ақыл-ой мен талант жарыстары болып табылады.

Интерактивті әдістердің маңызы - осындай маңызды мақсаттарға қол жеткізу:

1. Өзін-өзі білім алуға қызығушылық пен ынталандыру;

2. Белсенділік пен дербестік деңгейін арттыру;

3. Өз қызметін талдау және рефлексия дағдыларын дамыту;

4. Ынтымақтастыққа, эмпатияға ұмтылуды дамыту.

Бұл жұмыстың артықшылықтары неде?

-Біріншіден, педагогтардың кәсіби қызметінің уәждемесі, олардың әлеуметтік және танымдық белсенділігі айтарлықтай артады.

-Екіншіден, күнделікті, бірқалыпты өмірде қолдану мен дамуды таппайтын адамның жақтары іске асырылады.

-Үшіншіден, ұжымдық қызмет, өзара құрмет, қолдау, ынтымақтастық тәжірибесі пайда болады, онсыз адам қоғамында еңбек ету мүмкін емес.

Педагогтың әдістемелік дайындық деңгейі, оның кәсіби жетілдіру қабілеті тестілеу және сауалнама әдістерімен зерттелді. Бұл не берді?

Тестілеу көрсеткендей: тәрбиешілер жаңа бағдарламаларды меңгеруде, сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыруда, тұлғалық-бағдарлы өзара іс-қимылды орнатуда қиындықтарға тап болады, көбінесе туындаған мәселелерді шеше алмайды.

Сауалнама жұмыс барысында тәрбиешілерде туындаған әдістемелік мәселелерді, қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Жұмыс қарапайымнан күрделіге, логикалық негізделген, тартымды мазмұнға сәйкес құрылады.

Интерактивті форманың негізгі бағыты педагогтарды белсендендіру, олардың креативті ойлауын дамыту, проблемалық жағдайдан стандартты емес шығу болып табылады.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру кадрларға тікелей тәуелді. Білім беруді реформалаудың заманауи жағдайында педагог мәртебесі, оның білім беру функциялары түбегейлі өзгеретінін, тиісінше оның кәсіби-педагогикалық құзыреттілігіне, оның кәсіби деңгейіне қойылатын талаптар өзгеретінін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытудың қазіргі заманғы жүйесінде жеке әлеуметін жұмылдыруға қабілетті, шығармашыл, құзыретті педагог қажет екенін атап өтемін.

21 ғасырдың педагогы-бұл:

1. Рухани, Кәсіби, жалпы мәдени және физикалық жетілуге ұмтылатын үйлесімді дамыған, ішкі бай тұлға;

2. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін оқыту мен тәрбиелеудің ең тиімді тәсілдерін, құралдары мен технологияларын таңдай білетін;

3. Рефлексивті қызметті ұйымдастыруға қабілетті;

4. Кәсіби құзыреттіліктің жоғары дәрежесі бар педагог өз білімі мен біліктерін үнемі жетілдіріп, өз бетімен білім алумен айналысуы, қызығушылықтың сан алуандығына ие болуы тиіс.

Қорытынды жасай отырып, педагогикалық кадрлармен жұмыстың интерактивті формаларының сауатты құрылған жүйесі МДҰ - ның тәрбие-білім беру жұмысының деңгейін арттыруға алып келеді және педагогтар ұжымын біріктіреді деп айтуға болады.

Қолданылған әдебиет:

1.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 2019

2.Белая,К.Ю. Методическая деятельнось в дошкольной организации М:Сфера,2014.-128с

Педогог экономиканың дамуына тікелей әсер ете алатын тұлға

Билал Сағынған

№18 «Аяжан» балабақшасы МКҚК, тәрбиеші

Педогог мамандығын көбінесе ұлттық идеология, бала тәрбиесі тұрғысынан қарастырамыз. Шынтуайтына келгенде «Ұстаздық» ұғымды кеңінен қарауға болады. Қазір Қазақстанда 340 676 адам ұстаздық етеді екен. Оның басым бөлігі 326 мыңнан астамы мемлекеттік, қалғаны жекеменшік мектепте жұмыс істейді. Педогогтардың біліміне келсек 100 мыңнан астамының 20 жылдан көп тәжірибиесі бар. 150 мыңға жуығы 10 жылға жуықтаған тәжірибиесі бар жас маман. Осы орайда жас маман ретінде өз ойымды айтқым келеді. Қазір осы саладағы қызметкерлер шет елде біліктілігін арттырып жүр. «Болашақ» бағдарламасы аясында 200 ден астам мұғалім мұхит асып білім алып жүр. Бұл қуанарлық жайт. Өйткені Еуропа елдерінде педогог мамандығын ең қажетті сала ретінде қарастырады.

Шетелдегі университеттер ұстазға балаларды басқаша форматта ойланып, еліне пайдалы болуды үйретуге бағытталған. Одан бөлек оқушының тұлғалық дамуы, қаржылық сауаты басым бағыттарының бірі. Міне осы тұрғыда ғалымдардың басқа мемлекетен шығатыны осыдан.

Ең бастысы педогогтардың мақсаты заман талабына сай оқушыларды үйрету. Әртүрлі өмірде кездесетін кедергілермен күресу. Қазіргі құбылмаллы кезеңде оқушыларды креативті ойлануы, психологиялық барьерлерді шешу, ақпаратты қабылдаудағы анализ, әлемдік көкжиекті көбейту өте маңызды. Сол себепті қазір осы бағытқа баса назар аудару керек.

Педогогтар елдің экономикасының дамуына тікелей әсер ете алады. Қазір жастардың басым бөлігі қаржы сауатының аздығынан несие қақпанына түсіп жатыр. Бірінші кредиттік бюро таратқан ақпаратқа сүйенсек жастар 21 жасынан үлкен көлемдегі несие алады. Ал 18 ге толмаған жастардың түрлі техникаларды көп қарызға алатынын айтқан. Биыл жыл басынан бері 85 мың жасөспірім алғаш рет несие рәсімдеген.

Бұл нені көрсетеді? Жас балалар қаржылық сауат ілімін отбасында алғаны дұрыс. Алайда көп Қазақстандықтандық өз қаржысын басқаруға келгендегі сауаты жетіспей жатады. Міне осындай олқылықтың орнын педогогтар толтыруы тиіс. Яғни бірінші педогогтар өз қаржысын басқаруды үйреніп, балаларға сауатын арттыруы керек.

Яғни оқушылардың экономикалық білімінің жоғары болуы елдің дамуына тікелей әсер етеді. Осылайша қарыз қармауына түскендерді азайта аламыз. Білім алушыларың арасында тіптен елдің бюджетін басқаратын тұлғаларда шығатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғашы діңгегі дұрыс орнатылуын қадағалай аламыз. Бірақ оқушыларға ілім үйрету үшін, кез-келген айтылған шаруа өз практикасында болуы тиіс.

Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өскені белгілі. Қазір мұғалімдердің орташа жалақысы – 343 мың теңге. Бұл педогогтардың мәртебесінің артып келе жатқандығын көрсетеді. Дегенмен елге әлі де болсын 5000 педогог жетпейді. Көп жағдайда дипломы бар мамандар басқа салаға кетіп жатады, не болмаса жұмысқа орналаса алмай жүр.

Мемлекет басшысы білім беру саласындағы проблемаларды шешудің негізгі 7 бағытын айқындап берді. Олардың орындалуына қатаң бақылау болатынын да ескертті. Президент «Алған дипломың өмір бойы азық болады» деген түсініктен арылатын кез келгенін айтты. Орнына «Өмір бойы оқы және үйрен» қағидасын қатаң ұстануға шақырды.

Педогог маман әуелі өз білім көкжиегімізді кеңейтуіміз керек. Елдегі болып жатқан айтулы оқиғаларды бірінші болып біліп, зерттеу қажет. Өйткені ол ақпаратты оқушы не бізден естиді, не болмаса ғаламтор арқылы басқа біреу санасына егуі керек.

Осы орайда Скандинавиялық елдердің осы саладағы қолдауын жұмыстарын үлге етсек болады. Мысал ретінде Финляндия, Швеция, Норвегия,Дания елдеріндеге білім саласына деген көзқарасы ерекше. Оларда мектеп табалдырығында шаруашылықты игеру, отбасы экономикасын ұғыну секілді сабақтар өтеді. Одан басқа қосымша тіл үйрену, ән айту, өмірдегі тәртіп секілді жалпыға ортақ түсініктер басқаша форматта үйретіледі. Еуропа елдерінде баланың мектепті аяқтап, жоғарғы оқу орнына дайындықпен келгенін ерекше бақылайды.

Біздің елде де білім саласы ақырындап жолға қойылып келеді. Дегенмен педогогтардың ішінде мамандықтың мақсатын түсінбейтіндер бар екені шындық. Біздің сала бір саланы игеріп, сол арқылы өмір бақи жұмыс істейтін қызмет емес. Ұстаздар үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс. Жаңаны жатсынбай, практика арқылы өмірлеріне сіңіріп, ұтымды тұсын үйретуі абзал.

Қоғамға елге пайдалы жастарды тәрбиелеуде өзге тілді үйренудің мүмкіндігі ерекше. Өйткені тіл үйрену, білім көкжиегін кеңейту деген сөз. Дамыған елдерден тек тіл үйреніп қана барын ала аламыз. Қазіргі мың құбылған заманда мұғалімдердің заманауи дүниелерді үйрену керектігін атап өттім. Яғни бұл мамандыққа келгенде балалардың ішін пыстырмай, ұтымды тұстарын көрсетіп баурап алуымыз керек. Жастардың бүгіні мен болашағына біз жауаптымыз. Ұлт ұстазы болған Ахмет Байтұрсұнов, Шәкәрім Құдайбердіұлының өз заманында нағыз ұстаздық ғылымының шыңына жеткен тұлғалар екендігін білеміз. Шәкірт тәрбиелеудегі озық үлгілері бүгінге дейін азық. Одан басқа ұлтты тәрбиелеудегі көзқарастары мен ұстанымдары бүгінгі педогогтардың ұранына айналуы тиіс. Солай ғана біз Жаңа Қазақстанды құруға үлесімізді қоса аламыз.

Балабақшада цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі

Султангазина А.К., әдіскер
№79 «Шабыт» балабақшасы МКҚК – әдіскер
Астана қаласы

Аңдатпа

«Балабақшада цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі» мақаласы мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру процесінде заманауи технологиялардың рөлін зерттейді. Мақалада балабақшалардағы цифрлық білім беру ресурстарын интеграциялау принциптері, сондай-ақ олардың балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға әсері қарастырылады.

Авторлар интерактивті қосымшаларды, оқу ойындарын және мультимедиялық материалдарды білім беру тәжірибесінде қолданудың жағымды жақтарын талдайды. Сондай-ақ, Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық технологияларды енгізудің ықтимал проблемалары мен шектеулері қарастырылады және балабақшаның оқу әлеуетін арттыру үшін осы ресурстарды оңтайлы пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынылады. Нәтижесінде, мақала осы салада талқылауды және одан әрі зерттеуді ынталандыратын цифрлық білім беру ресурстарын интеграциялаудың заманауи тәсілдеріне шолу жасайды.

Статья «Эффективность использования цифровых образовательных ресурсов в детском саду» исследует роль современных технологий в образовательном процессе дошкольников. В статье рассматриваются принципы интеграции цифровых образовательных ресурсов в детских садах, а также их влияние на развитие когнитивных и социальных навыков детей. Авторы анализируют позитивные аспекты использования интерактивных приложений, обучающих игр и мультимедийных материалов в образовательной практике. Также рассматриваются возможные проблемы и ограничения внедрения цифровых технологий в дошкольное образование и предлагаются рекомендации по оптимальному использованию этих ресурсов для максимизации обучающего потенциала детского сада. В итоге статья предоставляет обзор современных подходов к интеграции цифровых образовательных ресурсов, стимулируя обсуждение и дальнейшие исследования в данной области.

Кілт сөздер

Цифрлық білім беру ресурсы – цифравой образлвательный ресурс, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – дошкольное воспитание и обучение, ақпараттық технология – информационные технологии, мультимедия, компьютер.

«ЦББР» аббревиатурасы "цифрлық білім беру ресурсын"білдіреді. Ол білім беру мақсатында пайдаланылатын және цифрлық немесе электронды түрде қол жетімді арнайы жасалған сандық мазмұнды білдіреді.

Цифрлық білім беру ресурсы (ЦББР) заманауи білім беруді қолдау мақсатында графика, мәтін, цифрлық деректер, сөйлеу, музыка, бейнелер мен фотосуреттерді қоса алғанда, әртүрлі ақпаратты қамтитын ақпарат көзі болып табылады. Бұл мазмұн CD, DVD сияқты әр түрлі электронды медиада ұсынылуы мүмкін, сонымен қатар телекоммуникациялық желілер арқылы қол жетімді болуы мүмкін. ЦББР-ын дәстүрлі қағаз материалдарымен алмастыруға болмайтынын атап өту маңызды, өйткені оның ерекше дидактикалық қасиеттері бар.

Қазіргі уақытта қоғамды ақпараттандыру мектептегі білім беруді компьютерлендіруден бастап, қазіргі уақытта балабақшаларды да қамтитын білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері мәдениет пен білім берудің тасымалдаушысы ретінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында тәрбиешілер мен мамандар арасында ЦББР-ны белсенді түрде енгізуде.

Балабақшаларда жүргізілетін іс-шаралардың өзіндік ерекшеліктері бар және балалармен кездесулердің көптеген иллюстрациялық материалдарды, сондай-ақ аудио және бейнежазбаларды қолдана отырып, жарқын және эмоционалды болуы маңызды. Мультимедиялық мүмкіндіктері бар компьютерлік жабдық бұл процесті байытуға мүмкіндік береді. Алайда, компьютер педагогтің рөлін толықтырып, оны алмастырмауы керек екенін ескеру маңызды.

Балаларды қазіргі әлемге таныстыруда компьютер маңызды рөл атқарады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметі-олардың жеке дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға ықпал ететін ойын. Компьютермен өзара әрекеттесу балаларға экрандағы кескіндерді өзгертпес бұрын ақыл-ой әрекеттерін орындауды үйренетін жаңа тәжірибе береді. Бұл визуалды-бейнелі ойлауды қалыптастыруға, нәтижелерді жоспарлауға, болжауға ықпал етеді және іс-әрекетке дейін ойлау қабілетін дамытады. Балалар мектепте оқуға дайындықтың маңызды элементі болып табылатын нақты объектілер, кескіндер, схемалар, сөздер мен сандар сияқты айналасындағы әлемнің әртүрлі деңгейлерін түсіне бастайды.

ЦББР сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамыту үшін маңызды және көлемді, тұрақтылықты және зейінді бөлуді қоса алғанда, ерікті зейін дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ол сондай-ақ балаларға қиындықтарды жеңуге, тапсырмаларға назар аудару дағдыларын дамытуға, есте сақтау қабілетін жақсартуға және тапсырмаларды дұрыс орындауға көмектеседі. ЦББР-ны қолдану барысында жеке тұлғаның ерікті қасиеттері дамиды, мысалы, зейін, табандылық және берілгендік, сонымен қатар шығармашылық қабілеттердің дамуы сақталады.

ЦББР қолдану балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді және қоршаған әлемді тануға қызығушылықты қалыптастырады. Бұл сонымен қатар білім беру процесін жақсартуға ықпал ететін оқытудың жаңа әдістері мен ұйымдастырушылық формаларына әкеледі.

Бүгінгі таңда ЦББР білім берудің сапалы жаңа мазмұнына сәйкес келетін және білім беру процесін ұйымдастыруды жақсартуға ықпал ететін тәрбиенің жаңа әдісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырады және олардың танымдық белсенділігі мен бейнелі ойлауының дамуына ықпал етеді. Компьютерлік бағдарламалар балаларға жеке оқу процесін байыту арқылы танымдық және шығармашылық мәселелерді шешуге көмектеседі.

ЦББР қолдану ұйымдасқан әрекеттерді тартымды және заманауи етеді, балалардың эмоционалды көтерілуіне ықпал етеді. Компьютерлік ойындар тәрбиешілермен және құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу үшін қажетті оқу құралы және қарым-қатынастың маңызды аспектісіне айналады.

Электрондық мультимедиялық оқу бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерімен және педагогикалық инновациялармен үйлесімде жүйелі пайдалану дамудың әртүрлі деңгейлерінде балаларды оқытудың тиімділігін айтарлықтай

арттырады. Бұл әртүрлі қажеттіліктері мен қабілеттері бар балаларға сараланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты – https://adilet.zan.kz/
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы – https://adilet.zan.kz/
3. Мир науки - 2017, Том 5, номер 6 ISSN 2309-4265

Балабақшадағы бесік жыры: денсаулыққа пайдасы мен маңызы. qr код арқылы заманауи бесік жырлары

Тастанбекова У.Е.

Астана қаласы № 86 «Зияткер» балабақшасы, тәрбиеші

Бесік жыры арқылы сәбиді ұлттық әуенге, қазақтың ән өнеріне деген қызығушылығын арттырып, кішкентайынан ұлттық нақыштағы үнге баулып өсіру сынды астар жатқан. Осы орайда бүгінгі мақалада бесік жырының ең көп таралған әрі тез жатталатын нұсқасын назарларыңызға ұсынбақпыз. Әлемнің көптеген елі сияқты қазақ халқында да бесік жырына ерекше мән берілген. Елімізде бесік жырын алғаш рет Ә. Диваев хатқа түсіріп, 1905 жариялаған екен. Басылым солардың ішіне халық арасында кең таралған нұсқасы ретінде төмендесі бесік жырын мысалға келтіреді:

...Айыр қалпақ киісіп,

Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің!

Бармақтары майысып,

Ою-өрнек ойысып,

Ұста болар ма екенсің!

Таңдайларың тақылдап,

Шешен болар ма екенсің!...

Құрығыңды майырып,

Түнде жылқы қайырып,

Қызмет қылар ма екенсің?!

Қолымыздан іс алып,

Бақытымызға жан балам,

Бізді бағар ма екенсің?! деп баласының болашағын, ел мүддесін, өз арман-мұраттарымен аттастыра жырға қосады. Ал суырып салма бесік жырларында айтушы жанрлық түрді пайдалана отырып, кезеңдік жағдайларды, өзінің ішкі мұң-сырын өлеңге қосады. Мәселен Г.Н.Потанин хатқа түсірген Бесік жырының бір үлгісінде:
«Таудан Тоғас түскен жоқ,
Секемен тары піскен жоқ.
Тоғас түссе етекке,
Қой жүреді жетекке.
Жылама, бөпем, жылама» деп жарты құрсақ жатақтар өмірінің ауыр тірлігі суреттеледі.
Бұл ретте қазақ халқы бесік жырымен болашағын ұрпағын әлдилеп, ол арқылы атадан балаға мирас болып келе жатқан айрықша дәстүрді аманат еткен. Сол себепті сәби дүниеге келген соң да, балабақшада да әлдилеп бесік жырын айтуды ұмытпаңыз. Сонда сәбиіңіз кішкентайынан ұлттық құндылықтарға сусындап өсіп, анасының әлдиіне ерекше құрметпен қарайтын болады. Мамандар балалардың түстен кейін ұйықтағаны денсаулықтарына өте пайдалы екенін айтады. Олардың айтуынша, ұйқы мидың жұмысын жақсартады екен. Соған сәйкес жас балалардың оқу үлгерімі де жақсы болады. Түскі ұйқы 3-5 жастағы бүлдіршіндердің есте сақтау қабілетін арттырады.

Бесік жырын тыңдап өскен баланың тілі тез шығады. Ең бастысы – есте сақтау қабілеті дамиды. Бүгінгі ұрпақ шешендігінен, әншілігінен, ақындығынан, сабырлығынан, парасаттылығынан ажырап барады. Бұл да алаңдатарлық жай. Қазақта «түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі» деген сөз бар, сөйте тұра бүгінде өзге мамандық иелері ән айтса,бір түрлі тосырқап қараймыз. Тәрбиеші бесік жырын әндететіп айтса қандай керемет?! Ендеше әншілік өнер қазаққа неге жат болуы керек?! Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Біз бұл құндылығымызды балабақшада жалғастырып, балалардың түскі ұйқы уақытын қолайлы, пайдалы ұйымдастыруымыз қажет. Қазір де бесік жырын QR код арқылы қосып қоюымызға болады. Бесік жырын түрлі программалар арқылы өз даусымызды жазып, ютуб платформасына салып, QR бот программасы арқылы шығарып алып, балалар жатын бөлмесіне іліп, біреуін таңдап қосып қойсаңыз құба-құп. Массачусет университетінің ғалымдары 40 балаға зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде олар ұйқының жағымды әсерлері келесі күнге дейін сақталатын көрген. Бұл дегеніңіз ұйқы еске түсіру және алған біліміңді есте сақтап қалу үшін маңызды деген сөз. Осылайша күндіз бір сағат ұйықтаған балалар ұйықтамаған топқа қарағанда ақпаратты 10%-ға артық еске түсіретін болған.Миға жүргізілген зерттеу барысында ұйқы кезінде оқыту және жаңа ақпаратты интегралдауға жауап беретін ми аймақтары белсенді жұмыс істейтіні анықталды. Жалпы кішкентай балалар күніне шамамен 11-13 сағаттан ұйықтауы керек.

Сырлы сөз бен сазды әуен астасып келетін Бесік жыры халық педагогикаының бастау бұлағы ғана емес, біздің жан дүниемізді танытатын, кезеңдік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін шалқары кең жанр.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев-Алматы
2. «Бесік жыры: ең кең таралған және оңай нұсқасы» Ә.Найманқызы

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру

Түсіп Қ.Е.
Астана қ. №17 балалабақша, мұғалім-логопед

Аңдатпа. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілінің жалпы дамымау деңгейлерін теориялық қағидада қарастыра отырып балалардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерін ескеріп, түзету жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыруға бағытталған.

Түйін сөздер: жалпы тіл кемістігі, сөйлеу тіліндегі бұзылыстар, логопедиялық жұмыстар, түзету жұмыстары, фонематикалық есту қабілеттері.

Бүгінгі кезде мектеп жасына дейінгі балалар арасында тіл кемістігі жиі кездеседі. Ондай балалар өз кемшілігінен қорғанып, басқалармен сөйлесуден тартынады, ұялады, көп адам жиналған жерден қашқақтап, жекелене береді. Мұндай балалар бара-бара психологиялық жағынан тұрақсыз бола бастайды.

Жалпы тіл кемістігі – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағынан қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әр түрлі күрделі тіл кемістіктері. Дыбыстарды бұзып айтуын, фонематикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрылысының артта қалуы жалпы сөйлеу тілі дамымаған барлығына тән кемшілік.

Бұл ойын құралы мотористикалық қозғалыстар мен әрекеттер тізбегін үйлестіруге ықпал ете отырып, балаларды сандарды тануын, есте сақтауын қалыптастырады. Ойын шарты бойынша бала шеңбердің ортасында тұрады, мұғалім сан айтқан кезде, бала тиісті санды тауып, қос аяқтап үстіне секіріп және шеңбер ортасына қайтып оралады. Жаттығу тез ойлауды және жылдамдықты талап етеді.

«Қызықты түстер» ойыны.

Бұл ойынның шарты бойынша бала шеңбердің ортасында тұрады, мұғалім түсті айтқан кезде, бала тиісті түсті тауып, бір аяқтың ұшымен көрсетеді. Екінші аяқ орынынан қозғалмауы тиіс. «Қызықты түстер» ойыны арқылы балалардың қабылдауын, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін, қыймыл-қозғалысын үйлестірумен қатар дамыта аламыз.

«Қайтала, секір» ойыны.

Бұл ойынның шарты бойынша екі бала бетпе-бет, арнайы дайындалған сурет үстіне тұрады. Біріншісі екі аяқпен қатар секіріп, түрлі-түсті нүкте үстін басады, екіншісі қайталайды. Бұл нейрогимнастикалық ойын жаттығуы арқылы балалардың қабылдауын, есте сақтауын, тез ойлану қабілетін, қимыл-қозғалысын дамыта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. - М.: Академия, 2002.
2.Хомская С.Д. Нейропсихология. 1987. 27.Цветкова Л.С. Методика нейропсихологической диагностики детей. М., 2000.
3.Основы нейропсихологии. Т.Г.Визель. М., 2005.
4. Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста. М., 2006.
5.Хрестоматия по нейропсихологии. (Под ред. Е.Д.Хомской). М., 2004.
6.А.Л.Сиротюк. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения. М., 2003.

Мектеп жасына дейінгі ЕБҚ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау

Намазбай Ақниет Қылышбекқызы, тәрбиеші
Астана қаласы №47 «Ақжелкен» балабақшасы МКҚК

Аңдатпа

Әр бала үшін ең алғашқы мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет

бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектепке дейінгі мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті.

Аннотация
Для каждого ребенка посещение самой первой школы-самый ответственный и трудный период. А для детей с ограниченными возможностями этот период будет гораздо более тяжелым как в эмоциональном, так и в психологическом плане. В настоящее время система образования Республики Казахстан обратилась к принципам инклюзивного образования. Это создание условий в дошкольных учреждениях для детей с особыми потребностями и включение их в систему общего образования. Каждый ребенок, по возможности, должен получить образование на необходимом уровне.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім, психофизика, эмоционалды, оқыту, әлеуметтену, жүйелік.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, психофизика, эмоциональное, обучающее, социализирующее, системное.

Инклюзивті білім беру – мүгедек және дамуында сәл бұзығушылығы мен ауытқушылығы бар балаларды дені сау балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Кемістігі бар балаларды сау балалармен бірге оқыту бағдарламасын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында 2006 жылдың желтоқсанында енгізілген болатын. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми деректер бойынша білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында көрсетілді. 2015 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады, 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, арнайы тұтқалы парталар және үстелдер, басқа да компенсаторлық құралдармен жарықтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады делінген. Сондай-ақ аталмыш бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалмақ. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Осы жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған.

Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың

психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырулы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральді-психологиялық климат орнатуы керек. Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі баланың ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады және балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беретін мекемелерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал: жалпы мектепке дейінгі мекемелерге арналған типтік оқу бағдарламасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламасы, мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Әр баланың білім алуында, оны қабылдауында өз ерекшеліктері бар. Сонымен қатар әр бір баланың эмоционалдық және психикалық таным процестерінің даму деңгейі де әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы инклюзивті білім беретін мекемелерде, мектеп жасына дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық-түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс жасауы керек. Бұл біріккен ППҚ қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Инклюзивті балалармен түзету-дамыту жұмыстары мамандармен кешенді түрде жүргізіліп отыруы тиіс. Оның ішінде сөйлеуінде кемістігі бар балалар – логопед маманмен, психикалық дамуы тежелген балалар – дефектолог және психолог маманымен және тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бойынша кемістігі бар балалар – ЕДШ маманымен т.б. мамандар өз бейіндері бойынша жұмыс жасауы керек. Әр маман жүктемесіне, қажеттілігіне байланысты өз бағдарламасы бойынша әр баламен 20 минуттық жеке түзету-дамыту жұмыстарын жасайды. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудағы диогностикалық бағыттың негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу процесінде бүгінгі күні бар қиыншылықтардың себебін, механизмін анықтау болып табылады. Диогностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жанжақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Диогностиканың нәтижесі баланың тек өзекті даму аймағының деңгейін анықтау емес, баланың жақын даму аймағы деңгейін бағалап, баланың ықтимал мүмкіндіктеріне бағытталады.

Мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына жетпеген балаларға тек білім беру қызметін атқарып қана қоймай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы болып табылары анық. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік-тұрмыстық

өмірге бейімдеуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Балаға аяушылық, мүсіркеушілік факторлары керек емес, ол балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, өмірге құштарлық, қоршаған ортаны сүю, адамдарға өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, тіл табыса алуға үйретуіміз қажет. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндік ол балалардың да қолынан келетінін баса түсіндіруіміз керек.
Сонымен инклюзивті оқыту бойынша балаларға педагогикалық-психологиялық қолдауды ұйымдастыру – барлық кемтар балаларға мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытады, балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімденуіне, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

- Білімдегі жаңалықтар Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал

№4, 2016 (55)

3.«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы», Астана, 2010 ж.

4.МахамбетоваЖ.Д., Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. Открытая школа 2013 ж. №7

5.Хакимжанова Г.Д., Айдарбекова А.А., «Обучение и воспитание детей с особыми образательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001 ж.

Балаларды ойната жүріп, халқымыздың қол өнерін, ою өрнегін үйрету

Айдарова Бибигуль Шоптибаевна
Астана қ., №71 «Мөлдір» балабақшасы, тәрбиеші

Аңдатпа: Қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты мәдени шежіресі - ою-өрнегі. Болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қол-өнер, сурет, сәулет өнерінде жаңғыртып жаңа мазмұн беру басты мақсатымыз. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл - әрекеті ойын, сондықтан оның мәні неғұрлым ерекше болған сайын баланың көңілі ашыла түседі. Халқымыздың өткен өмірі мен қол өнері жайында балаларға айта отырып, ұлттық қол өнерді қолданып ойнауға тәрбиелеу балабақша тәрбиешісінің міндеті деп білемін. Ұлттық өнерге деген балалардың сүйіспеншілігін ояту үшін тереңірек таныстыруымыз қажет. Барлық ұлт тәрбиесін өз тілінде ұлттық тәлім тәжірибесіне байланысты жүгізетіні шындық.

Сәндік қолданбалы өнері халқымызда ұлттық тәрбиемен тікелей байланысты. Көркем өнердің қазақ халқының ұлттық мәдениетінде алатын орны, маңызы ерекше. Бастысы тіліміздің, дінімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық өнерімізді дамыту басты орында.

Түйінді сөздер: Орнамент, Ұлттық өнерге баулу, ою – өрнек.

Ұлттық өнерге баулу — жас жеткіншектерді жан-жақты тәрбиелеудің негізгі құралы. Ою - өрнектің бір түрі қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі бірігіп латынша – орнамент деген ұғымды білдіреді. Орнамент - көп елдің тіліне сіңген интернационалдық термин мағынасы – «сәндеу, әсемдеу».

Ұлттық ойын баланың барлық қабілетінің дамуына айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына ықпалын тигізеді. Ойынның негізгі мақсаты: Балаларды ою - өрнекпен таныстыру және ұжыммен жұмыс істеуге қалыптастыру. Көпшілікпен оңай тіл табысуға үйретеді. Қазақ халқы саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамытқан. «Бес саусақ», «Қуырмаш», «Санамақтар» ойындарын ойната отырып, саусақпен қояннның, иттің, құстың, аңның, судағы толқынның, түйе табан оюын, қошқар мүйіз, құс қанаты, бейнелерін көрсетуге болады. Уыс, қос уыс, сүйем, қарыс, сынық қазақтың өлшем бірліктері мен логикалық интеллектуалдық ойындар ойнату тиімді.

Киіз үй жабдықтарын оларда орналасқан ұлттық ою - өрнекпен өрнектелген бұйымдарды мысалы: қоржын, сандық, сырмақ, бесік, текемет, түс киіз, торсық, келі сап тағы басқа заттарды атап көрсетіп балаларға таныстырып, тұрмыс тіршілігімен бірге келе жатқан заттар екенін, не үшін қолданатынын түсіндіріп көрсету қажет. Олардағы ою-өрнекті атап өту. Мысалы: малдың терісінен иленіп жасалған торсықта қошқар мүйіз оюының салынғанын көрсету. Малдың жүнінен жасалатын кілемше, алаша, түс киіздердегі оюларды түстерін бояуларын аттарын атау. Айталық: Түйе табан, құс қанаты, бұғы мүйіз, қолтықша, бүршік, түйе мойын, сынық мүйіз оюларынын салынғанын көрсету. Ойын - тәрбиенің бастауы-деп білуіміз керек. Сонда балалардың сәндік қолданбалы өнерге қызығушылығы артып, оюөрнек өнерінің қыр-сырын меңгеруге, күнделікті іс-тәжірибеде қолдана білуге дағдыланады.

- Ою-өрнек жасау өнерімен айналыса отырып жас жеткіншектерді талғампаздыққа тәрбиелеу, әсемдіктің құндылықтарын дарыту;
- Іс –әрекетке үйрету;
- Саналы тәртіп пен мінез- құлыққа тәрбиелеу;
- Көкем шығармашылық қабілетін дамыту;
- Еңбек мәдениетіне тәрбиелеу.

Осының барлығы да тәрбиеші біліктілігінің арқасында жүзеге асатын үлкен еңбек. Ойын ойнау арқылы ою-өрнек жасауда балалардың дүние танымы мен ойлау деңгейін, көркемдік шығармашылық қабілетін, еңбек ете білудегі белсенділігін дамытады, ізгі қасиеттер қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. // «Бастауыш мектеп» №4 2002 ж

2. М.Ш. Өмірбекова Энциклопедия «Қазақтың ою – өрнектері» Алматы 2003 ж.
3. // «Қазақстан әйелдері» №1 1994ж. 32-33 бет.

Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

Абдешова Нәсіп Аққалиқызы
Орал қаласы, №34 «Балбұлақ»
бөбекжайының тәрбиешісі

Балаларға қосымша білім беру жүйесін оның теориясы мен әдістемесін жасау арқылы сәтті дамытуға болады. Бұл процесте әдістемелік қызмет маңызды рөл атқарады. Әдістемелік жұмыс – бұл ғылымның жетістіктеріне, озық тәжірибеге және педагогтің қиындықтарын талдауға негізделген, әр педагогтің шеберлігін арттыруға, ұжымның шығармашылық әлеуетін жалпылауға және дамытуға, білім берудің, тәрбиенің және балалардың дамуының оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар жүйесі.
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыстың мазмұны білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталады.
Әдістемелік жұмысты жаңарту осындай позициялардан қарастырылады:

- тәжірибені жүйелі түрде түсіну негізінде педагогикалық кадрлармен жұмысты өзгерту;
- ескі тәжірибені шығармашылық қайта өңдеу;
- инновацияларды енгізу негізінде қалыптасқан тәжірибені жетілдіру;

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

- жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу процестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- кәсіби мәселелерді шешуде әдістемелік көмек көрсету;
- кәсіби шеберлікті дамыту және өзін-өзі дамыту.

Балабақшадағы әдістемелік жұмысты жетілдірудің негізгі қағидасы-бұл жеке көзқарас және оның формалары мен мазмұнын саралау, сондықтан әдістемелік жұмыс логикалық тұрғыдан негізделген, формалар мазмұнға сәйкес келуі керек, ал мазмұны балабақшада шешілетін мәселелерден туындауы керек.
Әдістемелік жұмысты педагогтердің өмірлік және кәсіби көзқарастарын, құндылық бағдарларын, тәжірибесі мен кәсіби деңгейін ескере отырып ұйымдастыру қажет, сонымен қатар тәрбиешілердің мотивациясының ерекшеліктерін, яғни олардың кәсіби өсуіне деген көзқарасын ескеру қажет. Тәрбиешілерге нақты әдістемелік көмек көрсету үшін әдістемелік жұмыс педагогтердің қиындықтарын анықтау мақсатында жүргізіледі, даму режимін құрудың бастапқы шараларын анықтау бойынша әрекеттерді жобалайды.
Әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың алдыңғы қатарында педагогтің өзіндік қызметін жетілдіруге байланысты формалар бар. Әр педагог әдістемелік тақырыпты таңдайды, бірнеше жылға өзін-өзі дамыту бағдарламасын жасайды. Оқытуда педагогтің тікелей тәжірибесі шешуші рөл атқаратындықтан,

қатысушылардың жеке айырмашылықтары мен олардың таным стилін ескеретін белсенді әдістер қолданылады. Ол үшін әртүрлі кеңестер, іскерлік ойындардың әртүрлі нұсқалары, өзіндік педагогикалық дамуды жобалау қажет.
Инновациялық тәжірибені тарату шеберлік сыныптары, педагогикалық ойын кітапханалары, әдістемелік көрмелер, шығармашылық зертханалар, шығармашылық есептер, шығармашылық қонақ бөлмелері, ашық іс - шаралар, фестивальдар, конкурстар, өзін-өзі таныстыру арқылы өтуі тиіс.
Инновациялық технологиялардың бірі ретінде жобалар әдісін тәжірибеге енгізу балабақша педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейі туралы айтуға мүмкіндік береді. Балалар мен ересектердің жобалық іс-әрекетінің мазмұны білім беру процесін байытады. Жобалар ойын түрінде жүзеге асырылады, балалар әр түрлі шығармашылық және іс жүзінде маңызды іс-шараларға қатысады. Оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі нысандарын ұйымдастыру тәрбиешілердің құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар олардың жобалық қызметке деген қызығушылығын арттырады, бұл білім беру процесін мақсатты және нәтижелі етуге көмектесетін балалармен өзара әрекеттесудің жаңа, дәстүрлі емес әдістері мен формаларын табуға итермелейді.
Әр балабақшада жыл сайын кадрлармен әдістемелік жұмыс жоспарлануда. Әдістемелік жұмыс жүйесін үш топқа бөлуге болады:
1. Нақты педагогке қатысты, мұнда басты міндет тәрбиешінің педагогикалық қызметінің жеке, авторлық, жоғары тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан балабақшадағы әдістемелік жұмыс педагогтің білімін байытуға, оның шығармашылық іс-әрекетінің мотивтерін дамытуға, орындаушылық өнердің педагогикалық техникасын дамытуға бағытталуы керек.
2. Балабақшаның педагогикалық ұжымына қатысты әдістемелік жұмыс пікірлестер ұжымын қалыптастыру міндеттерін шешеді. Ол педагогикалық ұстанымды, ұжымның дәстүрлерін дамытуға, диагностика мен өзін-өзі диагностикалауды ұйымдастыруға, оқу-тәрбие процесін бақылау мен талдауға, озық педагогикалық тәжірибені анықтауға, жалпылауға және таратуға бағытталған. Қазіргі уақытта ұжымды ғылыми-эксперименттік жұмысқа тарту маңызды.
3. Балабақшадағы әдістемелік жұмыс нормативтік-құқықтық құжаттарды шығармашылық тұрғыдан түсінуді, ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін енгізуді көздейтін үздіксіз білім берудің жалпы жүйесіне қатысты құрылады. Әр балабақшада өзін-өзі тәрбиелеу және әдістемелік жұмыстың барлық түрлері арқылы мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі сараланған.
Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс жүйесін бағалау үшін бағалау критерийлерін бөліп көрсету қажет.
Әдістемелік жұмыстың тиімділігінің бірінші критерийіне, егер балалардың даму нәтижелері өсіп, әр бала үшін оңтайлы деңгейге жетсе немесе балаларды шамадан тыс жүктеместен белгіленген уақыт ішінде оған жақындаса, қол жеткізуге болады деп санауға болады.
Уақытты ұтымды жұмсаудың екінші критерийі. Әдістемелік жұмыстың үнемділігі тәрбиешілердің шеберлігінің өсуі әдістемелік жұмыс пен өзін-өзі

тәрбиелеуге уақыт пен күш жұмсаудың ақылға қонымды шығындарымен, кез-келген жағдайда, осы қызмет түрлерімен мұғалімдерді шамадан тыс жүктеместен жүзеге асырылатын жерде қол жеткізіледі.

Әдістемелік жұмыстың ынталандырушы рөлінің үшінші критерийі-ұжымда психологиялық микроклиматтың жақсаруы,мұғалімдердің шығармашылық белсенділігінің артуы, олардың еңбек нәтижелеріне қанағаттануы.

Әдістемелік жұмыстың тиімділігіне шынайы баға әр түрлі өткізілген іс-шаралар саны бойынша емес, түпкілікті нәтиже бойынша берілетінін есте ұстаған жөн.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әдістемелік жұмысты ұйымдастырушы негізгі қызметі бойынша әдіскер болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің меңгерушісімен бірге ол мектепке дейінгі мекемені басқарады:

Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыру

- Балабақшаның жылдық міндеттерін орындау;
- Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай оқу жоспарын енгізу;
- Оқу бағдарламалары бойынша үлгі жоспарлар мен оқу материалдарын жасақтау;
- Тәрбиешілердің іс-қағаздарының сауатты жүргізілуі;
- Айлық, апталық тәрбие жоспарлары;
- Балалардың дербес көркемөнер қабілетін дамытуда үйірмелер ұйымдастыру
- Басқа мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен, мектептермен, балалар орталықтарымен, мұражайлармен және т. б. ынтымақтастықты дамыту.
- Біліктілік деңгейді, шығармашылықты дамыту.
- Жас мамандармен жұмыс.
- Білім жетілдіру курсынан өткен тәрбиешілер есебі
- Жаңа әдістемелік оқулықтармен, психологиялық әдебиеттермен таныстырып отыру.
- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын тәрбиешілер іс-тәжірибесін жасақтау.
- Ашық оқу іс-әрекеттер, семинар-практикум, тәрбие жұмыстарын өткізу.

Мектепке дейінгі мекеменің жұмысын жетілдіру оның мазмұнын, формалары мен әдістерін жаңартумен, педагогтердің кәсіби шеберлігінің деңгейін арттырумен байланысты, бұл олардың қызметінің жеке шығармашылық стилінде көрінеді. Осы жаңару процесінде әдістемелік жұмыс оның тиімсіз нысандарын (дәрістер, консультациялар) қысқарту есебінен жетілдіріледі; семинарлардың әртүрлі түрлерін өткізу технологиялары өзгертіледі.

Сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің педагогтарымен жұмысты ұйымдастыру және оларды нақты оқыту технологияларында практикалық іске асыру ерекше маңызды.

Әдістемелік қызмет, егер ол педагогті қажетті ғылыми біліммен қамтамасыз етпесе, бос формальдылыққа айналады. Бұл жұмысты ұйымдастыруда оның жетістіктері мен қиындықтарын ескере отырып, педагогикалық ұжымның қызметін нақты талдаудан бастау керек.

Сонымен бірге, әдістемелік жұмыстың түпкілікті нәтижесінің нақты көрсеткіштерін анықтау, оны бағалау критерийлерін тұжырымдау өте маңызды. Олардың саны әртүрлі болуы мүмкін және белгілі бір мектепке дейінгі мекемеге байланысты.

Әдебиеттер.

1) «Жаңа технологияларды сабақта қолдану»Ұ.Төлепова «Бастауыш мектеп» №7, 2015 жыл
2) «Отбасы және балабақша» журналдары2014 жыл, 2017 жыл
3) «Отбасы және балабақша» журналы№4, 2015 жыл
4)Дамыта оқыту технологиясы. Бисенбаева Әлия.
5) Бала мен балабақша. Республикалық педагогикалық журнал №12, 2013
6)Мектепке дейінгі білім –тәрбие әдістемесі.
Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал №12, 2014

Білім берудегі ізденіс және инновациялық тәжірибе

Абдикалиева Ж.У.
№27 «Балауса» балабақшасы, Астана қаласы, тәрбиеші

Балаларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған тәрбиешінің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді. Мен әр күн тәртібінде осы сөзді еске ала отырып, баланың білім алуына, өзін-өзі реттеуіне, ықпал жасадым. Баланың білімін көтеруде баланың сыни ойлауға тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруге және бағалай алуға дағды қалыптастыру керек. Бала мұндай жауапкершілікті ойын барысында немесе тапсырма орындау барысында қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіншілігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жана рухани күш беру - білім берудің түпкілікті мақсаты» екендігі айқындалған. Өзімнің күнделікті күн тәртібін өткізу тәжірибемде балалардың өз бетінше білім алу жолында сан түрлі әдістерді қолдану көзімнің жеткені егер бала тәрбиешіні ұйып тыңдап айтылған тақпақ , ән , ертегілерді қайталай алса онда бала жанды объектіге айналады екен. Сондықтан баланың білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде тәрбиешінің рөлі ерекше. Сапалы оқыту балаларды қоршаған орта жағдайы және оқыту білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Оқытудың сапасын екі тәсіл арқылы аныктауга болады. Бірінші, бағалау- тәбиеші жұмысының тиімділігін балалармен өзара байланысының сипатын, жиілігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Екінші кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан көрі, күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөледі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау еркін сөйлей білуге. ойын еркін жеткізуге дағдыландыру, сыни ойлау қабілеттерін дамыту арқылы

шығармашылыққа баулу. Сабақтың міндеті: Ынтымақтастық атмосферасын орнату, тақырыпқа сай жұмыс жасау және оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру.

Заман талабына сай тәрбиешінің шығармашылық еңбегі ең алдымен, сабақтың жаңалығына байланысты. Қызықты, сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген, әрбір күн еңбегінің нәтижесі. Өз іс-тәжірибемде уақыт талабына сай АКТ-ны пайдаланып өтемін. Соның ішінде интерактивті тақта, видеоролик, электронды оқулықтармен жұмыс жасау арқылы балалардың мүмкіндіктерін аша түсуге бағытталған жұмыстарды жасап отырдым,

1)интерактивті тақтада өткен ертегі кейіпкерлерімен таныстыру, қоршаған ортамен таныстыру, үй жануарлары , жәндіктермен таныстыру барысында балалардың белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс істеуге қабілеті, монологты, диалогты сөйлеуі балалардың артты. Балаларды қазіргі кезенде жәй суреттерді көрсету арқылы қызықтыра алмайсын, интерактивті тақтамен жұмыс жасағанда естерінде жақсы сақталып, сабаққа қызығады. Интерактивті тақта арқылы дауыстарды есті отырып берілген ертегі немесе басқада тақырыптарды тыңдай отырып есте сақтау , көру, есту дағдылары қалыптасады.АКТ-ны қолдана отырып балалармен ойын ойнап , би билеп , ән айта қимыл қозғалысқа түсуге болады.

Танымдық даму - баланың оқу және проблемаларды шешу қабілеті. Сондай-ақ зейін, сөйлеу дагдылары, ойлау негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты кабілеттерді дамытуга және тұрақтандыруға қатысты. Баланың таным қабілетінің дамуына ықпал ете отырып балабақша ішіндегі мамандармен біріге жұмыс жасау арқылы баланың қызығушылығын немесе қабілетін анықтап отыруды жөн санаймын. Көбінесе адамның мінез -құлқы бақылау, модельдер құру арқылы зерделенеді, басқаларды бақылай отырып, жаңа мінез -құлық қалай қалыптасатынын түсінуге болады және бұл ақпарат іс-әрекет жасауға басшылық етеді. Баланың ойлау қабілеті мен таным қабілетін, мінез-құлқын бақылай отырып, жас ерекшелігіне сай тапсырмалар беремін, балада айтарлықтай қандайда бір істе қызығушылығы болса оны одан әрі шыңдау тәрбиешінің қолында.

Топта балалармен бірге дұрыс диалог құру нәтижесінде бағыттаушы, ұйымдастырушы, жетекші бола білдім, Осы тұрғыда тәрбиеші баламен көшбасшылығы - жеті модульді тиімді пайдаланса, нәтижеге қол жеткізеді. Ал топта айрықша белсенділік танытқан балаларды көшбасшы ету арқылы, о басқа балаға көмектесіп, соған жауап бергізуге үйретемін, өйткені ол өзін емес, басқада балаларды топты алға сүйрейді.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны тәрбиеші өздігімен одан әрі бала денгейіне құрастыру арқылы тұлғаның дамытуында есте ұзақ мерзім сақталатыны дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса құрастырылған білім баладан түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұнын құрастыру және бағалау секілді белсенді әрекеттерді талап етеді.

Әдебиеттер

1. «Бала мен балабақша» журналы № 11, 2011 жыл
2. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы, 2001
3. А. Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» 2013ж 168 бет
4. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» 2012ж 3-деңгей 40,73,77 бет
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2010ж № 4 53-бет

Развитие коммуникативных и познавательных интересов дошкольников в процессе проектной деятельности: Мастер-класс

Цель мастер-класса: Способствовать развитию творчества и профессиональной активности педагогов в овладении технологией проектирования. Создать условия для активного взаимодействия участников между собой.Совершенствовать мастерство воспитателей.
Участники: педагоги ДО.
Оборудование: мультимедийный проектор, компьютер.
Дидактический материал: презентация, раздаточный материал (маркеры, ватманы для практической работы, фишки – кружочки для мишени, ватман с изображением мишени)
Структура мастер – класса:
1.Вступительная часть.
Объявление темы и цели мастер-класса.
2. Теоретико - демонстрационная часть.
3. Практическая часть.
4. Рефлексия
Подведение итогов.
Ход мастер- класса

Уважаемые коллеги, нередко бывает, что работая в одном учреждении мы редко встречаемся друг с другом в силу своей занятости. Предлагаю поиграть в простую, но очень важную игру «Будем рады встретиться».

Уважаемые коллеги, у нас получился замкнутый круг. Это символизирует то, что нас объединяет одна цель – воспитание детей, помощь, поддержка, понимание детей на всех этапах их жизни.

Существующие тенденции и нормативные изменения, происходящие сегодня в дошкольном образовании, требуют от нас новых форм организации педагогического процесса в ДО. Особенно актуальным становиться поиск форм совместной деятельности Педагогов – Родителей - детей. Реализации личностно-ориентированного подхода к образованиюявляется технология проектирования и использование метода проектов в ДО с интеграцией в различных образовательных областях.

Зарождение этого метода произошло во второй половине 19 века. Разработал этотновый дидактический метод американский педагог Джон Дьюи. По мнению американского педагога данный метод не только подготавливает

ребенка к жизни в будущем, но и помогает организовать его в настоящем. Основной целью проектного метода является развитие свободной творческой личности ребенка.

Что такое проектная деятельность? Самостоятельная и совместная со взрослым исследовательская, познавательная, игровая, творческая, и продуктивная деятельность. В процессе которой ребенок познает себя и окружающий мир, воплощает новые знания в реальные продукты, в ней развиваются познавательные способности, проявляется активность, любознательность, творчество, способность рассуждать. …

.ПРОЕКТ – ЭТО РАБОТА НА РЕЗУЛЬТАТ!!!!!!! В практике современных дошкольных учреждений используются следующие виды проектов:

Виды проектов

1. **Исследовательские - творческие проекты:** дети экспериментируют, а затем результаты оформляют в виде газет, драматизации, детского дизайна;
2. **Ролево - игровые проекты** (с элементами творческих игр, когда дети входят в образ персонажей сказки и решают по-своему поставленные проблемы) ;
3. **Информационно-практико-ориентированные проекты:** дети собирают информацию и реализуют ее, ориентируясь на социальные интересы (оформление и дизайн группы, витражи и др.);
4. **Творческие проекты в детском саду** (оформление результата в виде детского праздника, детского дизайна, например «Театральная неделя»).

По продолжительности они бывают:

Краткосрочными (одно или несколько занятий, средней продолжительности,)

Долгосрочные («Творчество Пушкина» - на учебный год).

Чтобы запомнить структуру проекта сыграем в игру «Ромашка»

Игра «Ромашка»

На лугу росла необычная ромашка, на лепестках которой были слова, начинающиеся с буквы П. Сердце ромашки, как и основа нашего мастер – класса – это проект. Ветерок сдул с нее лепестки. Сможете ли вы помочь ромашке вернуть лепестки? (проект включает в себя шесть П: Проблема (выбор темы) , Проектирование (планирование), Поиск информации, Продукт (выставка, газета, игра, альбом, праздник), Презентация, Портфолио (папка, в которой собраны все рабочие материалы проекта).

По ромашке можно легко запомнить структуру проекта.

Метод проектов включает в себя несколько этапов эту структуру проекта очень легко запомнить. Проект – это Пять «П»:

Проблема (выбор темы).

Проектирование или планирование.

Поиск информации.

Продукт (практический результат: выставка, журнал, газета, игра, карта, коллекция, альбом, реклама, сообщение, концерт и т. д.).

Презентация. (Виды презентации: отчет исследовательской работы, научный доклад, деловая игра, ролевая игра, спектакль, концерт и т. д.)

Портфолио, в котором собраны наработанные материалы (фотографии, рисунки, альбомы, макеты и др.).

По мнению Джона Дьюи, обучение должно строиться «на активной основе через целесообразную деятельность детей в соответствии с их личными интересами и личными целями». Поэтому, я вам предлагаю в своей практике использовать **два способа разработки проектов:**

1. «Модель трех вопросов»

2. Метод «Мыслительных карт»

Благодаря этим моделям воспитатель получает первичную информацию о запасе знаний, представлений детей по теме, ориентируется сам и помогает ориентации детей в способах получения, уточнения знаний, дети участвуют в общем планировании предстоящей познавательной деятельности.

Рассмотрим **«Модель трех вопросов».** Суть этой модели заключается в том, что воспитатель задает детям три вопроса:**• Что мы знаем? • Что мы хотим узнать? • Как узнаем об этом?**

Воспитатель инициирует общее обсуждение, чтобы дети выяснили, что они уже знают об определенном предмете или явлении. По мере того как дети отвечают на вопрос, воспитатель записывает их ответы на большом листе бумаги, чтобы группа могла их видеть. Нужно записывать ответы всех детей и указывать рядом их имена. Затем воспитатель задает вопрос: «Что мы хотим узнать о?» Ответы детей определяют задачи и направления познавательной деятельности. Когда все дети выскажутся, воспитатель спрашивает: «Как нам найти ответы на наши вопросы?». Мы с детьми придумали символы - сбора информации в картинках.

Давайте подробнее рассмотрим эту модель на примере проекта «Птицы Казахстана».

Второй способ - метод «Мыслительная карта», это удобная и эффективная техника визуализации мышления и альтернативной записи. Это - ваши мысли, изложенные на бумаге графическим способом.

Мыслительные карты, помогают выявить имеющие знания и представления у детей, упорядочить их, затем добавить и классифицировать новые, а после этого органично соединить их друг с другом. В центре листа размещаем основную тему, то есть пишем слово или выполнить в виде рисунка. Например, тема птицы, можно нарисовать или другой образ, ассоциирующийся с птицами. Далее ребенок рисует толстые ветви (к углам листа, каждая своим цветом. Над каждой ветвью воспитатель пишет слово ассоциацию. Ребенок добавить каждое слово картинкой или рисунком, обозначающим данное слово. Затем работаем по очереди с каждой ветвью. От главной ветви рисуем несколько ответвлений, в зависимости от возникающих образов и ассоциаций.

«Системная паутинка по проекту»

Начиная работу по методу проектов очень важно не только определить тему проекта, учитывая интерес детей, но и выстроить системную паутинку с учетом требования. Четко должны прослеживаться не только направления деятельности, но и интеграция областей. В этом поможет системная паутинка.

Практическая часть. Уважаемые коллеги, я предлагаю Вам разделиться на две команды и разработать проект разными способами: «Модель трех вопросов» и

"Метод мыслительная карта», и представить свой проект. Тему проекта команда определяет сама.

IV. Рефлексия.

Уважаемые коллеги, предлагаем вам оценить себя и прикрепить к мишени фишки. Если вы поняли изложенный материал и будете работать этими способами, то прикрепите зеленую фишку. Если вы поняли материал, но затрудняетесь в его использовании, то прикрепите красную фишку.

Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану

Абдрахманова А.Х.
Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы.
КМҚК «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы , тәрбиеші

Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:
Ойлау- ең ізгі жол;
Еліктеу- ең жеңіл жол;
Тәжірибе жолы-ең ауыр жол.
Бенедикт Спиноза

«Білімді баланы туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді» делінген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінін 2021жылғы 15-наурыздағы №137 қаулысында атап өткендей, қазіргі әлемде білімге деген көз қарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыс бірге өзгеруде.

Бүгінгі таңда қоғамдағы даму кезеңіндемектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осы жаңаша бағытта жұмысты жалғастыру мақсатында біздің балабақшамызда балаларды мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту әртүрлі технологиялар заман талабына сай жаңартылып енгізілуде.

Атап айтатын болсам, балабақшада

1. Ойын технологиясы;
2. Денсаулық сақтау технологиясы;
3. Дамыта оқыту технология (Миға шабуыл», «Ассоцация» әдісі т.б)
4. Ақпараттық- коммунактивтік технологиялар (АКТ)
5. Құм терапиясы технологиясы.
6. «Асық» технологиясы
7. ТРИЗ
8. ЭБРУ

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың маңызы зор.

Осыған орай, мектепке дейінгі білім беру инновациялық тұрғыдан қарау, озық тәжірибелер мен идеяларды насихаттау туындап отыр.

Жаңа технологияларны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске қосылады.

- ✓ 1-кезең – оқытып үйрену;
- ✓ 2- кезең меңгеру;
- ✓ 3 - кезең тәжірибеге еңгізу;
- ✓ 4 - кезең дамыту.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталып өтетін болсам.

Проблемалық оқыту технологиясы- бала өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігін арттыру,оқу материалдарына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру. Бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, сонымен қатар білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

«Бірге оқимыз» қашықтықтан оқыту жобасының әзірлемесінде өзімнің оқу іс-әрекетімде қолданған технологиялардың бірі-М.Монтессори технологиясы бойынша іс-тәжірибеммен бөлістім деп айтуға болады.

М. Монтессори технологиясы- баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Әр баланың жеке ерекшіліктерін ескеру. Баланың әрі қарай интеллектуалды дамуының негізі ретінде сенсорлық және дене тәрбиесінің мүмкіндіктерін кеңінен қолдануға болады.

Монтессори әдісінің мақсаты: балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу; өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру; балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

1. **Ойын: «Кубиктерді ретіне қарай салыстыр және сана »**

Шарты: Балалардың алдында 1 ден 6 ға дейінгі кубиктер болады. Тәрбиеші 2 санын көрсеткенде балалар тездетіп кубиктердің ішінен 2 кубикті алып қою керек. 3 дегенде тездететіп 3 кубикті қояды. Ойын осылай жалғасады.

2. **Конфеттер ойыны**

Шарты: 2 бірдей ыдыста көнфеттер салынған. тәрбиеші балаларды ортаға шақырып, ыдыстағы конфеттердің санатып,сан цифрын көрсету салыстыру оң жақтағы ыдыста конфет көппе, сол жақтағы конфет көппе салыстыру арқылы, ыдыстағы конфеттерді салыстырмалы түрде айтып беру. (салыстыру арқылы көп, аз) ұғымдарын айтқызу. Көбеюу және азаюу амалдарын көрсетеді.

«ТРИЗ» кең тараған таныс педагогикалық жүйелердің бірі. Ол – тапқырлық тапсырмаларды шешу және шығармашылық тұлғаны дамыту теориясына негізделген.

Мақсаты: балалардың қиялын ғана емес шынайлылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін-өзі тануға , өздерінің шағын мәселелерін шешуге баулу.

«Моншақ» әдістемесі.

Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекетінде күнделікті «Моншақ» әдістемесін жиі қолданамын.

Себебі бұл «Моншақ» әдістемесі балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастырады. Қол маторикасы мен танымдық қабілеттерін, логикасын дамытады. Ойындар арқылы балалардың қызығушылығын тудыру және сенсорлық қабілеттерін(түс, көлем, пішін) дамыту. Жоғары-төмен, оң-сол, үлкен-кіші, ұғымдарын игеруге жәрдемдеседі. Ақыл-ой белсенділігін арттырады. Моншақ екі қолдың да бағдарлауын жақсартады. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Сөздік қорын байытып,зейінің тұрақтандырады. Балаларды топпен жұмыс жасауға, шыдамдылық пен ептілікке, шапшаңдылыққа тәрбиелейді.

Жас ерекшілігі: 3-6 жас

Қолданылуы: психологиялық және топтық жұмыстарда қолдану.

«Шыршаны безендіру» ойыны

Мақсаты: бұл ойындабалаларға жағымды эмоцияны құрастырып, ойынның ережесіне сай әрекет жасай білу дағдысын дамыту.

Біздің міндетіміз : балалардың әсемдікке деген қызығушылықтарын арттырып, баланың қол, саусақ қимылдарының моторикасын жетілдіріп, көріп қабылдау арқылы іздену, ой-өрісін дамытамыз. Балаларға сұрақтар қою арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастырамыз.

Сонымен қатар, күнделікті жиі қолданатын «Луллия шеңбері» әдісі.

«Луллия шеңбері» әдісі – балалардың ой-өрісін дамытатын инновациялық технологиялардың бірі деп айта аламын.Себебі оның қарапайымдылығы балабақшада өте үлкен мүмкіндік береді. Луллия шеңберінде баланың жас ерекшіліктеріне сай 4,6,8 бөлікке бөліп, оларға суреттер, сөздер, сандар,буын мен сөйлемдер жазылған. Әрбір бала өзіне қойылған сұраққа жауабын таба алады және кез-келген комбинация бойынша қиалдап, әңгіме айтуына да өте тиімді.

«Луллия» шеңберінде берілген тапсырма

Шарты: Карточкаларда сандарға байланысты пішіндер бейнеленген. Балалар стрелка бойынша айналдырып, қандай пішінді алса, пішінге байланысты сандардың таңбасын тауып атап беру керек.

Мысалы: Сания карточкада бейнеленген қызыл түсті 1 шеңбер геометриялық пішінді алып, соған сәйкес 1 таңбасы санын алады. Ойынның шарты осылай жалғаса береді.

2-ші бала Мансүр карточкада үш бұрышты үш геометриялық пішіндер бейнеленген, геометриялық пішінге байланысты 3 санның таңбасын тауып, атау керек. Осылай ойын жалғаса береді...

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына, жағдай туғызып отыруымыз қажет . Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына,жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына әсер ететін балабақша мен тәрбиешілерілер деп білемін.

Әдебиеттер

3. «Бала мен балабақша» журналы (мәселеге кіріспе) Култаева Л.ААлипкалиева Г.Б №7.2023
4. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінін 2021жылғы 15-наурыздағы №137 қаулысын

Мектепке дейінгі балаларды музыкалық тәрбиелеудегі инновациялық технологиялар

Абжанова Г.М.
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК, музыка жетекшісі

Аңдатпа: Мектепке дейінгі балалардың музыкалық дамуында инновациялық компьютерлік технологияларды пайдалану оқу-тәрбие процесін сапалы жақсартуға ықпал етеді.

Кілт сөздері: анимациялық билер, квесттер, графикалық материал.

Дамудың қазіргі кезеңінде білім беру процестерінде бірталай өзгерістер болып жатыр: білім беру мазмұны күрделене түсуде, мектепке дейінгі білім беру педагогтарының назарын балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, эмоциялық-ерік және қимыл-қозғалыс салаларын түзетуге аударуда; дәстүрлі әдістердің орнына баланың танымдық дамуын жандандыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдістері іске асуда. Осы өзгермелі жағдайларда мектепке дейінгі білім беру педагогы балаларды дамытудың интеграциялық тәсілдерінің алуан түрлілігіне, қазіргі заманғы технологиялардың кең спектріне бағдарлана білуі қажет.

Музыка - бала қуанышының ерекше қайнар көзі және музыкалық сабақтарда әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдану балаларды ерте музыкалық тәрбиелеудің маңызды міндетін шешеді.Музыкағақызығушылық компонентін қалыптастыру - музыкаға деген эмоционалдық көзқарасты дамыту. Мектепке дейінгі балаларды музыкалық тәрбиелеуді дамытудың негізгі міндетін шешу үшін мен өз жұмысымда музыкалық қызметтің түрлерінде жаңа бағдарламалар мен технологияларды пайдаланамын. «Музыка» білім беру саласында пәндік-дамыту ортасын құру кезінде балалардың жасы, олардың қажеттілігі мен әуестігі, тәрбие мен оқыту бағдарламасының талаптары, СанПиН нормалары, әдістемелік әзірлемелер сияқты әртүрлі факторлар ескеріледі.

Музыкалық білім берудің жаңа тәсілдері балалардың музыкаға қызығушылығын дамытуда мүлдем өзге, неғұрлым тиімді педагогикалық технологияларды пайдалануды талап етеді. Адам ойлауының ерекше түрі бола отырып, музыка негізгі функцияны – қарым-қатынас функциясын атқарады. Өнерге баулу, музыкалық тәрбие – жеке адамның қайталанбас өзін-өзі анықтауымен байланысты өте жеке және тіпті өзіндік ұғым.

Мен өз жұмысымда балалардың музыкаға қызығушылығын дамытуда түрлі заманауи технологияларды қолданамын.

• Музыкалық-сөйлеу және саусақ гимнастикасы;

• анимациялық билер мен флешмобтар;
• квесттер;
• аспаптармен ойындар;
• АКТ қолдану

Денсаулық сақтау технологиясын пайдалану міндеттері:

• балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, денсаулық сақтау әдістемесін пайдалана отырып, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту,
• салауатты өмір салты, аурудың алдын алу мәселелерінде ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Денсаулық сақтау технологиясындағы негізгі жұмыс әдістері:

- ән-жырлар. Белгілі бір аралықтарды таза интонациялауда ән айтуға және жаттығуға дауыс байламдарын дайындау үшін пайдаланылады;
- тыныс алу гимнастикасы. Респираторлық аурулардың алдын алу үшін балаларды мұрынмен тыныс алуға үйретеді, тыныс алу бұлшық еттерін жаттықтырады, өкпенің желдеткішін жақсартады, қанның оттегімен қанығуын арттырады, жүрек-қан тамырлары жүйесін жаттықтырады және гипоксияға төзімділікті арттырады (оттегінің жетіспеуі).
- алдыңғы тыныс алу гимнастикасымен ән айту балаларға психотерапиялық, сауықтыру әсерін тигізеді, алмасу процестеріне оң әсер етеді, орталық жүйке жүйесін қалпына келтіреді, мұрын тынысын қалпына келтіреді.
- артикуляциялық гимнастика – артикуляция органдарының сапалы қозғалыстарын әзірлеу, фонемаларды дұрыс айтуға дайындау, сөйлеу аппаратының бұлшық еттерін жаттықтыру.
-музыкотерапия - музыканы эмоционалды қабылдауға негізделген психотерапия әдісі. Дұрыс таңдалған музыканы тыңдау балалардың иммунитетін арттырады, тітіркендіруді және кернеуді болдырмайды, тыныс алуды қалпына келтіреді.
- музыкалық дене тәрбиесі бала ағзасының нығаюына ықпал етеді, қызметті белсенді өзгертуге мүмкіндік береді, жұмысқа қабілеттілігін арттырады.

Музыкалық тәрбие практикасындағы инновациялық формалардың бірі музыкалық импровизацияның қарапайым нысандары болып табылады. Бұл технологияның негізінде ән айту, ырғақты сөйлеу, балалар музыкалық аспаптарында ойнау, би, музыкамен импровизацияланған қозғалыс, өлеңдер мен ертегілерді, пантомиманы, импровизацияланған театрландыруды біріктіретін ұжымдық қызмет жатыр. Музыкалықты дамыту формасы - коммуникативті би. Баланы музыкалау процесіне тарту бір-бірінің достық атмосферасын құру және эмоциялық-психологиялық босату арқылы жүргізіледі. Коммуникативтік билер шешетін міндеттер:

• коммуникативтік дағдыларды дамыту;
• пішінді сезінумен жұмыс істеу;
• қозғалысты үйлестіруді дамыту;
• ырғақ сезімін дамыту.

Балабақшадағы музыкалық іс әрекетінің нормасы АКТ-ны білім беру қызметінде, іс-шаралар мен музыкалық мерекелерде, ойын-сауықтарда, бос уақыттарда ұдайы пайдалану болып табылады. Компьютерді оқу процесінде

пайдалану, біріншіден, қосымша оқу ақпаратын береді; екіншіден, бұл статикалық және динамикалық (слайдтар, анимациялар, бейнематериалдар) түрлі иллюстративті материал. Ал, бұл оқытудың тиімділігін арттырудың қуатты құралы, мектепке дейінгі жас баланың ынтасын күшейту, қызығушылығын арттыру. Ойын түрінде түсіндірудің және бекітудің жаңа тәсілдерін пайдалану балалардың еріксіз назарын арттырады. Ақпараттық технологиялар тұлғаға бағдарланған тәсілді қамтамасыз етеді, танысу үшін ұсынылатын материалдың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мысалы, жаңа тақырыппен танысуды слайдтар, бейнефрагменттер, фотосуреттер көрсетумен сүйемелдеуге болады.Музыканы тыңдау кезінде суретшілердің суреттері мен композиторлар портреттерінің репродукцияларын көрсетуді пайдалануға, графикалық материалды (модельдерді, схемаларды) көрсетуге; мұражайларға, театрларға, концерттерге «баруға»; күнделікті өмірде көре алмайтын сюжеттер мен құбылыстарды модельдеу маңызы зор.

Осылайша, мектепке дейінгі балалардың музыкалық дамуында инновациялық компьютерлік технологияларды пайдалану оқу-тәрбие процесін сапалы жақсартуға ықпал етеді, оны балалар мен педагог үшін неғұрлым қызықты, толымды және жайлы етеді, музыкалық қызметтің барлық кезеңдерін қамтиды.

Музыкалық білім беруді дамытудың әртүрлі кезеңдері, баланың музыкаға қызығушылығын арттыратын, келешекте тіпті үлкен өнер иесі болуға талпындыратын өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әлемнің ең әдемі құбылысы – музыка. Музыка жүрек тілі, ол – сезімдер мен көңіл күй әлемі. Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы.Сол себепті, музыканы түсіну мен сезінуді тудыратын оқыту әдістерін алдыңғы қатарға шығаруды талап етеді.

Әдебиеттер

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 2016 жыл 12 тамыз № 449 бұйрығы
2. Музыкалық жетекшінің анықтамалығы – ТОО «МЦФЭР» - Казахстан» - 1(61)2018 ж.
3. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (Книга 1). – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”,-2001.
4. Жұмбаев М."Ойын технологиясының ерекшеліктері" Алматы 2000 ж.

Новые подходы к физическому развитию детей дошкольного возраста

Адгамова Светлана Александровна,
КГУ «Ясли-сад №23 «Алтын бесік» для детей с нарушением зрения» акимата города Астана инструктор по физической культуре

Аннотация: В статье рассматриваются нейропсихологические игры и упражнения, которые используются в ОД по физической культуре.
Ключевые слова: саморегуляция, нейропсихология, кинезиологические упражнения, нейродинамические процессы.

К моменту поступления в школу дети должны иметь определенные умения и навыки, быть психологически подготовленными к быстрому и качественному восприятию новой формации, усвоению новых знаний, уметь выстраивать взаимоотношения со сверстниками и взрослыми. В современном обществе сложно найти абсолютно здорового ребенка, не имеющего отклонений в физическом развитии.

Физическое воспитание детей с нарушением зрения является важной составной частью воспитания, так как оно направлено на всестороннее развитие детей, формирование двигательных умений и навыков, достижение высокого уровня физической подготовленности, а также подготовки ребенка к социуму.

Наш ясли – сад №23 «Алтын бесік» посещают дети с нарушением зрения. Его деятельность направлена на коррекцию, реабилитацию и социальную интеграциюдетей в общество. Организация учебно – воспитательного процесса в яслях – саду проходит с учетом вариативности образовательных и коррекционных программ. Включая ребенка в общую деятельность, воспитатели и специалисты гибко и дифференцировано подходят к коррекционно – образовательному и физкультурно-оздоровительному процессу. Реализация поставленных задач осуществляется в разных формах работы: организованной, игровой деятельности, прогулках, утренней гимнастики и других режимных моментов. Особое внимание в течение дня уделяется развитию навыков пространственной ориентации, коррекции вторичных дефектов, развитию двигательных функций. ОД по физическому развитию проходит в контексте с интерактивными физкультурно - оздоровительными технологиями. В них включаются: дыхательные упражнения, самомассаж, пальчиковые игры, релаксация, логоритмика. Проведенное комплексное диагностическое обследование по уровню развития детей, их физических качеств и двигательных навыков показало, что перечисленные методы работы вызывают интерес, активизацию детей, повышают физическое развитие, но не в полной мере повышается их двигательная активность.

Проведенный анализ позволил пересмотреть содержание ОД и дополнительно включить в нее нейродинамические упражнения, которые будут направлены на двигательную и познавательную активность детей. Это позволит: во – первых, поднять уровень двигательной активизации ребенка, обеспечить уровень зрительного и слухового внимания, способствовать формированию межполушарного взаимодействия, развить механизмы мозговой деятельности, стимулировать развитие памяти и мышления, улучшить физические навыки, а также тонкую и крупную моторику.

Подобранные нейродинамические упражнения были разделены на разделы:

1. Развитие крупной и тонкой моторики.

2. Развитие тактильно – двигательного восприятия.
3. Кинестетическое и кинетическое развитие.
4. Классификация предметов и их изображений.
5. Развитие зрительного восприятия и зрительной памяти.
6. Развитие слухового восприятия и слуховой памяти.
7. Развитие ориентировки в пространстве.

Принцип такого комплексного воздействия обеспечивает одновременно активизацию эмоциональной, когнитивной и сенсомоторных сфер, позволяет скоординировать работу правого и левого полушария, что очень важно для детей с нарушением зрения.

В занятия были включены:

- кинезиологические упражнения;
- глазодвигательные, дыхательные упражнения,
- нейроигры с мячом;
- нейроигры с карточками;
- когнитивные упражнения;
- комплексные игры.

Многие игры и упражнения были изготовлены своими руками. Где, получались красивые, яркие игровые пособия. Для лучшей ориентировки в пространстве использовались: зрительные ориентиры, веревочные канаты, разнообразные следы, мягкие дорожки. Изготовленное нетрадиционное оборудование: массажные коврики, мягкие модули, лотки, мешочки с разными наполнителями и др. давала возможность детям упражняться в свободном оперировании, накопленным зрительным опытом. Обучение играм проходило поэтапно. На начальном этапе применялись базовые комплексы игр. Сначала ребенок учился выполнять правила игры, точно выполняя движения вместе со взрослым, с использованием показа, объяснения и закрепления. Овладев предыдущим упражнением переходили к последующему. От простого к сложному, от занятия к занятию увеличивался объем выполняемых заданий. Несмотря на внешнюю простоту, каждая игра требует от ребенка одновременного выполнения нескольких действий и задействования нескольких зон мозга, что несомненно, вызывает трудности. Поэтому в ходе игры мы не требуем скорости, а добиваемся четкости, правильности, осознанности ее выполнения. Чтобы качественно и увлекательно построить данную работу необходимо было подобрать такие методы и приемы в которых будут задействованы все органы восприятия, причем необычным образом и в разных комбинациях. В начале нейроигры включали в утреннюю гимнастику. К физическим упражнениям добавлялись 2 -3 кинезиологических упражнения. Для выполнения упражнений используем карточки - схемы, символы, жесты. Это позволяет сосредоточить внимание детей, а также повысить плотность ОД.

Для развития разноплановых движений рук и ног и бинокулярного зрения включались упражнения: «Перекрестные шаги, «Пояс – плечо», «Локоть-колено», «Капитан», игра «Лыжник», а также упражнения: «Ленивые восьмерки», «Двойные каракули», «Сова», «Кнопка мозга», «Слон» и др. В общеразвивающие упражнения включаем упражнения на развитие реакции,

координации движений и полушарных взаимодействий. Например, перекатывание мяча из правой руки в левую и наоборот, передача мяча соседу и наоборот, выполнение перекрестных движений (правая рука сверху, затем левая), бросание мяча вниз правой, левой рукой, с использованием разных видов захвата. Любимым занятием для девочек являются игры с тренажером: «Нейроскакалка». Разноплановая работа ног формирует уверенность в себе, улучшает эмоции, саморегуляцию. Доброжелательная атмосфера, музыка формирует желание у детей заниматься каждый день.

Регулярное включение упражнений нейрогимнастики в ОД, в различные формы работы (утренней, вечерней прогулке, между занятиями, после сна) способствуют улучшению памяти, концентрации внимания и усвоение новых знаний. Они оказывают положительное влияние на процесс обучения, развитие интеллекта, улучшение состояния физического и психического развития. Под влиянием кинезиологических и нейротренировок в организме происходят положительные структурные изменения. Дети становятся более сильными, пластичными, выносливыми, гибкими. Планомерная работа позволяет выявить и скрытые способности детей.

В условиях семейного воспитания двигательная активность ребенка совершенствуется в условиях свободной, а не специально организованной деятельности. Вовлечение семьи в жизнь детского сада дает возможность повысить родительскую компетентность. Наши родители активные участники коррекционно – развивающего процесса. Они с удовольствием посещают физкультурные занятия, досуги, праздники и развлечения. Своим участием они не только активизируют детей, давая возможность наиболее полно раскрыться, но и сами обучаются и получают знания о разнообразных играх и упражнениях. Через разные формы работы: консультации, мастер – классы, сайт дошкольной организации они получают информационный, практический материал по организации работы по двигательной коррекции, знакомятся с нейропсихологическими технологиями и применение их в семейном воспитании. В результате целенаправленной деятельности, комлексного воздействия разнообразных средств по развитию двигательной активности и сенсорных процессов дети достигли следующих результатов:

- улучшилась зрительно - моторная координация;
- улучшилась способность ориентироваться в пространстве;
- улучшилось умение определять последовательность действий;
- улучшилось ряд физических навыков;
- активизировалась зона обоих полушарий;
- повысилась двигательная активность;
- улучшилось состояние мышц, зрения;
- усовершенствовались эмоциональные навыки;
- повысилась работоспособность;
- улучшились навыки состояния психического здоровья и социальной адаптации.

Таким образом новые подходы к физическому развитию детей способствуют повышению уровня двигательной активности,

совершенствованию физических качеств, а также воспитать интерес к физическим упражнениям.

Библиографический список

1. Ахутина Т.В., Пылаева Н.В., «Преодаление трудностей учения: нейропсихологический подход». СПб: Питер, 2008.
2. Визель Т.Г. Значение процессов полушарного взаимодействия в патогенезе нарушения речи// Ассиметрия 2010 № 4 С.9
3. Праведникова И.И. Нейропсихология «Игры и упражнения», Изд. «АЙРИС-пресс», 2017

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде дамытушы ойындардың маңыздылығы

Акашева А.Х.
Теміртау қаласы, «Ақтілек» бөбекжайы» КМҚК, дефектолог

Ойын – үйретудің, бейімдеудің ең керемет тәсілі. Ойын – бұл жаңа нәрсені байқап көру. Жай балаларды күлдіретін, қызықтыратын белсенділікті талап ететін ойын түрлері «ерекше балаларға» қорқыныш ұялатып, алшақтатуы мүмкін. Мендегі дамытушы ойындардың басты мақсаты ол әрине – баланы қоршаған ортасына қызығушылығын арттыру. Ойын барысында балалардың логикалық ойлау, көріп, естіп, танымдық қабылдауын, зейінін тұрақтандыруда көмектесетін, ойнай отыра, баланы жанжақты дамытатын білім білік дағдыларын қалыптастырудан незізгі қызметті атқарады. Ең әуелі алғашқы деңгейде сенсорлық жүйе: есту, көру, зейінің тұрақтандыру, ұстап сезу, түсінігін қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын, пассивтті сөйлеу тілін жене оны активті сөйлеу тіліне жетелеу. Өмірде барлық балаға қоршаған ортаны танып білуде ең керемет қару ол – көзімен көріп, қолымен ұстап көріп қабылдау.

Сол себепті мен педагог-дефектолог маманы ретінде балаларға ойынды ұсынбас бұрын, ойынның бала назар аударатындай түстері ашық түске боялғанына және жасерекшелігіне сай жеңілден күрделіге бағытталатынына назар аударамын. Менің жұмыс тәжірибемдегі дамытушы ойындарымның қамтитын тақырыптары алуан түрлі. Ерекше балаларға білім беруде, дамытуда қолданатын басым көпшілік ойындарым – жабыстырмалы соының ішінде магнитті, баулармен, ермексазбен ойындарды да тысқары қалдырмаймын.

Енді сол ойындарға ерекше тоқтала кетсем. Мәселен, кіші жастағы балалрға арналған «Менің отбасым?» жабыстармалы ойыны арқылы бала отбасы мүшесін толық айта алмаса да, көлеңкесіне қарап, көбен көріп, көлеңкесіне қарап ажыратып әр отбасы мүшесін дұрыс орналастыра алады. Сондай-ақ аталған ойын бөлшектерін баланың ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында да пайдалануға болады. Түрлі-түсті күрішке боялған сенсорлы жәшік ішінде жасырлған ойын бөлшектерін саусақ ұштары арқылы тауып, сәкестендіруін сұраймыз. Әр ойынды педагог өзінің шеберлігіне қарай

түрлендіріп қолдана алады. Бұл жабыстырмалы ойын түрін қыстырғыштармен де, баулармен де алмастыра аламыз. Балаларды сөйлеуге ынталандыру мақсатында жасалған ең қызықты ойындарымның бірі - мульфильм желісі бойынша жасалынған ойын түрлері. Мульфильм желісі арқылы жасалған ойын түрлері арқылы баланың ойлауын, есте сақтауын, қиялын және дыбыс шақыруға зейінін дамытуға болады. Мульфильм желісі арқылы жасалған «Бармақтар отбасы» ойыны – отбасы мүшесімен таныстыруда қолданса, «Бес қошақан», «Акуленок тур туру ру ру» және кеңінен таралған «Синий трактор» ойындарын QR код сканер арқылы ұялы телефонмен көрсете отырып, баланың есте сақтау қабілетін тексеруге және шапшаңдығын арттыру үшін ойнатуымызға болады. Яғни біз гаджеттерді тиімді жағынан осылайша қолдана аламыз.

«Не жасырылған?» – бетінде шөтің суреті, артында жануар суреті жасырылған жарықпен ойыналатын ойын түрі (фонарикпен). Бұл ойынды жарықтың көмегімен жасырылған жануарды атай отырып, сипаттап беруін сұрауға және сәйкестендіруге болады. Сондай ақ ол жануарлар не тжейді? Әр жануарішіне қорегін жасырып ол ойындада біз жарықты пайдалана аламыз. Бұл ойын арқылы баланың байқағыштығы, логикалық ойлауы, заттарды тану мен қатар ажырата алу деңгейін көре аламыз және дамытамыз. Қазіргі таңда бала тілінің тежелуі, «Ерекше балаларды әлеуметтендіру», «Ерекше балаларға инклюзивті білім беру» жан-жақты қарастырылып, логопед-дефектолог мамандары кең сұранысқа ие. Ерекше балалар әр нәрсеге сезімтал келеді.

Кез келген жағдайды қабылдау оларға қиындық туғызады, тез тіл табыса алуы ұзақ уақытты керек етеді. Ал, дамытушы ойын арқылы біз баланы өзін еркін ұстауына мүмкіндік бере аламыз. Ермексазбен ойнау барлық баланы қызықтырары анық. Қолмен ұстау арқылы белгілі бір формаға келтіру, суреттерге сай ермексазды жабыстырып шығуы ұсақ қол мотрикасын дамытумен қатар, бір орнында ұзақ уақыт отыру, шыдамдылыққа тәрбиелейді. Ол ойындарды тиімді қолдануым үшін Ермексазбен ойын-атты көп реттік нұсқасында жасалған бірнеше беттен тұратын ойыным бар.

Негізінде, барлық балалар сияқты ерекше балалардың да ойын ойнағысы келеді, бірақ оларға тіпті күнделікті өмірдегі жағдайлар да қиындық тудырады. Себебі, жай балаларға қарағанда олардың тәжірибесі аз. Сол себепті, арнайы білімді, біліктілікті, шеберлікті талап ететін, белгілі бір деңгейлерден өтуімен қатар, белгілі бір заңдылықпен балалармен жүйелі жұмыс жасап, дамытуымыз керек. Қазіргі таңда белгілі бір мақсатқа бағытталған, үй жағдайында да қолдануға болатын қол жетімді ойындар жасалуда. Мәселен, «Дене мүшелері», «Менің отбасым», «Жартысын тап?», «Кубикпен ойлан тап», «Сыңарын тап», «Екі қолмен көрсет», «Көлеңкесінен таны», «Көлігін тап?», «Төлін тап?», «Түстерді топтастыр», «Пішіндерді сәйкестендір» одан бөлек күрделі ойындар топтамасы қазақи құндылыққа арналған ойындарыммен ертегімен таныстыруда тиімдіқолданатын ойын жинақтарым бар. Аталған ойындарды дұрыс таңдауда және ойынға қажетті материалды қолдан дайындау ол әрине педагогтардың шеберлігімен қоса біліміне, іскерлігіне қарай жасалынады.Бала дамуын жан-жақты ескере отыра, мен бүгінде жабыстырмалы ойындарды Photoshop

(фотошоп) және PowerPoint (перезентация) компьютерлік бағдарлама арқылы құрастырып, тиімді қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді қолданып жүрмін. Ойын ойнап ән салмай өсер бала деп айтқандай дана Абай. Ойындарымызды қолдануда ойымызды шашыратып алмай мақсатымен, жоспарын анық құрып алып соған сай жұмыс жүргізілсе балемен бірге ойын ойнау арқылы біз үлкен жетістіктеге жететініміз анық.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жас ерекшеліктер педагогикасы. Қ.Р.Б. және ғылым министірлігі С.А. Мусаева, Т.Б. Бегалиев «Фолиант» баспасы Астана-2006.
2. «Математика және физика» журналы №1-2009, №2-2005, №2-2006, №2-2009, №3-2004
3. Дидактикалық ойындар А.В.Фарков
4. Ә. Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика» - Алматы «РАУАН» 1992, 20 – 46 беті
5. Ф. Н. Жумабекова «Мектепке дейінгі педагогика» Астана «ФОЛИАНТ» 2008 55 – 78 беті.
6. «Мектепалды даярлық» журналы № 6 2009жылы 19 –20 беті.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «робототехника» элементтерін қолдану

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№ 45 «Арман» балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі,
Р.Ж. Акимбекова

«Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді».Сондықтан балабақшамыздаSTEAM білім беру жүйесінің робототехника модулін жүзеге асырудамыз.

Жаңартылған бағдарлама бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың өмірлік маңызы бар дағдыларын дамыту мақсатында STEAM білім беру жүйесін қоданудың өзектілігі айқындалған. STEAM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды,ол балалардың танымдық зияткерлік қабілетін дамыта отырып, ғылыми техникалық шығармашылыққа бағыттайды.

Робототехника – білім берудегі әмбебап құрал. Робототехника білім беру модулінде робототехникалық құрылымдарды игереді, құрастыру арқылы қозғалыс, қашықтық, температура деген сөздерді ұғынады. Өз беттерінше роботтар жасауға үйренеді.

Балабақшадағы робототехника бірнеше міндеттерді шешеді.

- Танымдық: физика, ақпараттану, робототехника деген қызығушылықты дамыту.

- Білімділік: механикадағы конструкторлық есептерді шешудегі алғашқы тәжірибені меңгеруге дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.
- Дамытушылық: шығармашылық қызметтің дамуы, әртүрлі жағдайларда оңтайлы шешімдер қабылдаудағы дербестік, зейін, жедел жады, қиял, ойлауды қалыптастыру.
- Тәрбиелік: жауапкершілікке, жоғары мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, коммуникативтілік қабілеттілікке тәрбиелеу.

Балабақшада жобалау, құрастыру барлық мектепке дейінгі жас кезеңдерінде қарапайымнан күрделіге өту негізінде қолжетімді ойын формасында жүргізіледі. Құрастыру әрекеті бас пен қолдың бірдей жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады, сонымен қатар мидың екі жартысы жұмыс істейді, ол баланың жан-жақты дамуына әсер етеді. Бала ауызша есептеу мен санның құрамын біліп, қарапайым арифметикалық әрекеттер жасайды. Сол себепті балабақшамызда робототехниканы білім беру жүйесіне енгізе отырып тәрбиеленушілерді «RoboKids», «ROBOUARO», маусмания, робомаус, робот ботлик арқылы тәрбиелеу процесін жаңашаландыру жүзеге асырылады. Олар кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерде өткізуде тиімді болып табылады. Мәселен, робот ботлик ойыншығы арқылы сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінде жануарлардың атын дұрыс атауға үйретуге көмектеседі.(1-сурет) Қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде жолда жүру ережесімен таныстыру мақсатында робот ботлик арқылы түрлі тапсырмаларды орындату арқылы, қызықты өткізуге болады.

(2-сурет) Қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде роботышқан көмегімен жаңа тақырыпты бекітуде пайдасы зор, мәселен робот тышқанның тапсырмалар алаңындағы музыкалық аспаптар, көкөністер, жемістер және тағы да басқа тапсырмаларды орындатуға болады. Роботышқан жиынтығымен балалар бағдарламалау негіздерімен ерте танысып, сыни ойлау мен логиканың дамуына ықпал етеді. Робомаус құралын күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетіне енгізу арқылы тәрбиеленушілерге қызықты әрі сапалы білім беріледі. Мысалы Балалар тышқанға тапсырма орындауға арналған алаң құрастырып, керекті жерге жету үшін карточкалар арқылы алгоритмін солдан оңға қарай орналастырады. Карточкадағы белгілерді роботышқандағы батырмаларды басып ақпараттандырады, тышқанның қозғалысын бақылайды.

Күннің екінші жартысында кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру мақсатында балалармен роботышқандар биін ұйымдастырамыз. Шарты: 4 тышқан алаңда музыка әуеніне сәйкес бірдей қозғалыс жасауы керек. Сол себепті 4 тышқанға бірдей бағдарлама енгізіледі, және бір мезетте тышқандар билей бастайды. (3-сурет)

Робокидс жиынтығында бала лего құрастырғыштар арқылы берілген сызба бойынша робот желдеткіш құрастырып, арнайы карточкалардың көмегімен роботқа бағдарлама енгізіп, робот желдеткіштің қалақшаларының айналғанын көрді. Сонымен қатар балалар робокидс жиынтықтары арқылы мотоцикл, футболшы робот, робот аю, робот күшік құрастырып бағдарламалады.(4,5-суреттер)

Маусмания ойыны арқылы балалар сүйекті лақтырып ондағы түскен сан бойынша тышқанға қадам жасатады, осылайша ірімшікке бірінші болып жеткен ойыншы жеңіске жетеді.

Балабақшамызда ересек және мектепалды топтары арасында жарыстық робототехника ұйымдастырылды. Жарысқа қатысушылар уақытқа тапсырмаларды орындады. Бірінші роботышқан жиынтығындағы секциялардан жол құрастырды. Екінші карточкалар арқылы алгоритм құрып тышқанды бағдарламалады. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, жүлделі орындармен марапатталды. Байқау жеңімпаздарымектепалды «Аққу» тобының тәрбиеленушілері Мылтықбай Нұрәлі және Олжабай Жантөре Қазақстанда тұңғыш өткізілген Республикалық «Жас ғарышкер» атты мектепке дейінгі робототехника чемпионатына қатысып, жүлделі орын иеленіп, дипломдармен марапатталды. (6,7-суреттер)

Мектепке дейінгі ұйымдағы робототехника балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін, шығармашылық әлеуеттерін ашатын 21 ғасыр технологиясы. Ал, білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу жолында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра қызмет ету, еңбектену, іздену – бүгінгі педагог міндеті.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Робототехника для детей и их родителей В.Н. Халамов- Челябинск, 2012г.

2. Лего конструирование в детском саду. Е.В. Фешина

(1-сурет) робот ботлик

(2 – сурет) тышқандар

(3 – сурет) биі

(4 – сурет) Мотоцикл құрастыру

(5 – сурет робот желдеткіш құрастыру

(6 – сурет) «Жас ғарышкер» чемпионаты(7 – сурет)«Жас ғарышкер»

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру қызыметі

Аленова М.Р.
Қарағанды қаласы Бұхар жырау ауданы Ғ. Мустафин кенті
«Росинка» бөбекжайы КМҚК
тәрбиеші

Аңдатпа: Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды моделін жетілдіру мен дамыту.

Кілт сөздері: модель, инновациялық, инклюзивті.

«Тәрбиенің екінші сыңары – білім деп» М. Әуезов айтқандай еліміздің болашағы алға басу үшін, әрине алдымен білім қажет. Сол білімді жандандыру мәселесінде біз бақша тірбиешілері рухани ұлттыққа қажетті білім тәрбие ұғымын негіз ұстанамыз. Осындай сапалы тәрбие мен оқытуды жас ұрпаққа жеткізе отырып, болашаққа жол салып беретініміз айдан анық.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды моделін жетілдіру мен дамыту.

Модельдің мақсаты:

Дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін

өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Модельдің міндеттері:

•инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау;

• мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

• педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру;

• педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

• өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы; баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі.

Қарым-қатынасты қолдау – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, баланың дербестігін ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі.

Инклюзивті білім беру кеңістігі – әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымдастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалдық, зияткерлік және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қатысады және жеке басына, тәрбиелеу мен оқытудағы қалауына қарамастан қатысады.

Сапалы маңызды өзара іс-қимыл – педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар:

• 1) балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;

• 2) балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;

• 3) кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;

4) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;

• 5) кадрлардың тұрақтамауы;

• 6) педагогтерді даярлау бағдарламалары мазмұнының әлемдік ғылымның заманауи үрдісіне сәйкес келмеуі;

• 7) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшауланuы;

• 8) инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;
9) ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.

Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор.
Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

Қарым-қатынас дағдыларын педагог өзі көрсетуге тиіс. Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушінің сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адамдармен араласу қағидалары туралы айтады. Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігі – олар белсенді әрекеттер мен практика арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі тек ойын түрінде өткізілуге тиіс.

Білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс.
Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктерді: әлеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:
• 1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
• 2) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.
Модельді іске асыруда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені

сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасау. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құр. Отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу. Ең бастысы ұйымдастырылған оқу қызметін балаларды шаршатпай, ойын түрінде өткізу керек.

Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Әдебиеттер

1. Бала мен балабақша (Республикалық педагогикалық журнал №8, 2017)
2. https:// astana-modern.edu.kz «uploads»

Білім беру мекемелердегі сөйлеу бұзылыстары бар балалардың психологиялық ерекшеліктері

Алжанова Лазат Алиакбаровна.
ШО әдіскер, қазақ тілі маманы
Астана қаласы «№52 «Еркетай» балабақшасы» МКҚК

Аңдатпа: Сөйлеу тілі бұзылған балалардың орталық жүйке жүйесінде функционалдық не органикалық ауытқушылықтар болады. Қалыпты сөйлеу қызметі үшін мидың барлық бөліктерінің тұтастығы және қалыпты болуы қажет, сонымен 45 бірге есту, көру және моторлық жүйенің қалыпты қызметі болу керек. Сөйлеу бұзылыстарының кең таралғаны: дислалия, дизартрия, ринолалия, тұтықпа, алалия, афазия және т.б.

Кілтті сөздер: сөйлеу бұзылыстары, биологиялық фактор, патология, сөйлеу қарым-қатынасы, дауыс ырғағының бұзылуы, тұтықпа, дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу тілі мен оқу тілінің бұзылуы.

Кіріспе. Сөйлеу бұзылыстарының туындау себептері екі топқа ажыратады: биологиялық және әлеуметтік. Биологиялық себептер. Сөйлеу бұзылыстарының пайда болуына экзогенді-органикалық факторлар– баланың және оның ағзасының орталық жүйке жүйесіне түрлі қолайсыз ықпалдар әсер етеді. Бұл факторлар тобының ықпалы уақытқа байланысты құрсақтағы паотлогия, босану кезіндегі патология және баланың бірінші жылындағы түрлы зиянды ықпал. Әлеуметтік факторлар балалардың психикалық депривациясымен байланысты. Баланың сөйлеу дамуына эмоционалды және сөйлеу қарым-қатынасының жеткіліксіздігі, педагогикалық салғырттық, дұрыс емес тәрбие кері әсер етеді. Бала сөйлеуіне шектен тыс ықпал ету, мектепке

дейінгі жаста екі тілдік жүйені меңгеру, қоршаған адамдардың тіл кемістігі де жағымды нәтиже бермейді.

Негізгі бөлім.

Сөйлеу патологиясын зерттеу және түзету жұмыстары XIX ғасырдың орта шенінен бастап жүргізіле бастады. Мұның өзі сол кездерде сөйлеу қызметін қамтамасыз ететін негізгі анатомиялық, физиологиялық механизмдер жүйесінің зерттелуімен және айқындалуымен түсіндіріледі. Логопедияның ғылым ретінде қалыптасуы Ф.А. Рау, М.Е. Хватцев, О.П. Правдина, Р.Е. Левинаяның есімдерімен тығыз байланысты.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер — есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің — дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу — есту және сөйлеу — қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Бір сөзбен айтқанда, тіл бұзылыстарының себептері бала тілінің дамуына жете көңіл бөлінбеу болуы мүмкін. 2. Сөйлеу тілі бұзылған балалар саны жыл сайын артуда. Сондықтан логопедтер мен дефектологтардың жұмысы мұндай балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді формаларын іздеуге бағытталған. Сөйлеудің түрлі бұзылыстарының негізінде бала дамуының түрлі сатыларында (перинаталды, наталды, постнаталды) бас ми қабығының бұзылысында жатыр. Осыған байланысты көпшілігінде тепе-теңдіктің, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуы, артикуляциялық қозғалыстардың және қол моторикасының түрлі қимылқозғалыс бұзылыстары болады. Балалар кез келген ісәрекет түрінде тез шаршайды және жалығады. Ол тек ақылой іс-әрекетіне ғана емес, баланың мінез-құлқына да, өзінөзі сезінуіне де ықпал етеді. Бұл қатты бас аурулары, шаршау, ұйқышылдық немесе, керісінше, ұйқы бұзылысы және жоғары қимыл белсенділігі түрінде көрініс табуы мүмкін. Үзіліс кезінде олардың белсенділігі артады, ал кейін 46 сабақ материалына үлкен қиындықпен зейінін шоғырландырады. Сөйлеу бұзылысы бар балалардың зейіні төмен, әсіресе зейінді бір объектіге шоғырландыру және зейінді бөлу функциялары зардап шегеді. Оқушылар сөздік нұсқауларды қиындықпен қабылдайды, көп жағдайда өз әрекеттерін түсіндіре алмайды. Мамандар сөйлеу бұзылысы бар балалардың өз әрекетін бақылауының төмен деңгейін белгілейді. Танымдық іс-әрекет бұзылыстары нашар еске сақтау қабілеті мен төмен ақыл-ой қабілетімен сәйкес келеді. Мұндай балалар тобын оқытатын педагог өзінің сөйлеуіне ерекше мән беруі керек, себебі оған баланың оқу материалын қабылдау сапасы тәуелді. Сонымен қатар, сөйлеу бұзылысы бар балалар мұғалім тарапынан ерекше психологиялық қолдауға мұқтаж болып келеді. Эмоционалды-еріктік сферасы тұрақсыздығымен сипатталады. Балаларға көңіл-күйдің тез өзгеруі тән, кейді тіпті агрессия, мазасыздану байқалады. Олар сабақта тынып отыра алмайды, ыстықты, қоғамдық көлікте ұзақ сапарлар нашар көтереді, бас

ауруына, бас айналуға, жүрек айнуға шағым айтады. Функционалдық бұзылыстары бар балаларға невротикалық бұзылыстар тән және кей жағдайда төмен баға алуы, мұғалімнің ескертуі, сыныптастарының орынсыз қарым-қатынасы ауытқушылықтар тудырады. Кейбіреулерге агрессивті мінез-құлық, шектен тыс қозғыштық тән, басқаларына – ұялшақтық, қорқақтық, жасқаншақтық тән болып келеді.

Қорытынды. Сөйлеу тіліндегі мүкістердің патологиялық дәрежелеріне, белгілі бір мүшелерінің атқаратын қызметтерінің бұзылуына, зақымдануының уақытына, басты кемістіктердің ықпалынан пайда болатын екінші бір ақаулықтардың көрінуіне байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтары да әр алуан болып келеді. Олар әрқайсысының өзіне тән симптоматикалық және динамикалық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі салаға бөлінеді. Мұндай салаға дауыстың бірқалыптылығының бұзылуы, сөйлеу тіліндегі дауыс ырғағының бұзылуы, тұтықпа, дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу тілі мен оқу тілінің бұзылуы жатады.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1. Қ.С. Тебенова; А.Р. Рымханова «Арнайы психология» Алматы 2011ж
2. Грищенко Л. Л. «Устранение дефектов речи», «Семья и детский сад» №1 2005 г.
3. Зайцева Г. Л. «Дактилология. Жестовая речь» М., 1991 г.
4. Малдыбаева А.О., Орынбаева Э.Ә. «Дефектология негіздері» Шымкент 2007 ж.
5. Намазбаева Ж. «Дефектологтың кеңесі» А., 1980 ж.
6. Өмірбекова Қ., Серікбаев Қ. «Логопедия» А., 1996 ж.
7. Филичева Т.Б., Чевелева Н. А. «Логопедическая работа в специальном детском саду» М., 1997 г.
8. «Специальная педагогика» под ред. М.Н.Назаровой. М., 2000 г

Мектепке дейінгі балаларға ұлттық ойындарды танымдық, шығармашылық әдістер арқылы дамыту

Алимбекова К.Б.
№69 «Еркем-ай» балабақшасы инновация әдіскері
Астана қ.№

Бұл мақалада мектепке дейінгі балаларға ұлттық ойындарды танымдық, шығармашылық әдістер арқылы қолдану туралы жазылған. Осы мақалада ұлттық ойындарды қимылды ойындармен ғана емес шығармашылық, танымдық зияткерлік бағытта да қолдануға болатыны барынша қамтылған. Киіз үйді құрастыруға бағытталған ойындар бар.

Ұлттық ойындар, қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. 1-мыңжылдықта-ақ

қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Мұны бір ойынның бірнеше нұсқаларының болуы да айғақтайды (Мыс., белбеу тастау, орамал тастау, ханталапай, жаяу көкпар, т.б.).

Ұлттың ұлт болып қалуы оның болашағы мен өткені. Адам өзінің өткенін білмей болашаққа қадам баса алмайды. Яғни қандай ұлт болса да өткенін білуі маңызды. Осы орайда біздің №69 «Еркем-ай» балабақшасы «Ұлттық код» тақырыбы айналасында жұмыс жүргізіп бастады. Бүлдіршіндердің бойына ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық дамытушы ойындар ойналып, салт-дәстүрге көңіл бөлінуде.

Балабақшада ұлттық ойындарды әр түрлі ойын элементтері арқылы балалардың ой-өрісін, шығармашылық, танымдық қабілетін ұштау, білімдерін дамыту.Ойын – балалардың ойлау қабілетін арттыратын іс- әрекет.

Балалабақшадағы балалардың жас ерекшелігіне сай ұлттық ойындарды ойнату.Ұлттық ойындар арқылы ұлт мәдениетіне тәрбиелеу.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері: қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру; қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру; денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту; қызығушылығын қалыптастырып дамыту; Оқу іс-әрекеттерінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады. Дене шынықтыру іс-әрекеттерінде қимылды ойын ретінде ұлттық ойындарды алуда тәрбиешінің өз еркінде. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын - балалардың негізгі іс –әрекеті.

Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсың. Сондықтан ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, сондықтан, ойын – баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

Шығармашылық ойындар:

- Аспапты үнінен тап
- Қай аспап жоқ?
- Ою құрастыру
- Оюлы сырмақ
- Ұлттық киімдерді ата

Танымдық ойындар:

- Көп және біреу
- Көршісін тап
- Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта

- Қанша? Қандай?
- Бұл қай кезде болады?
- Киіз құрастыру
- Домбыра құрастыру
- Құрақ көрпе құрастыру

Әрбір ойынның маңызы өте зор.

- ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.
- ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
- ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
- эстетикалық тәрбие беру -өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
- еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор

Қолданылған әдебиеттер

1.ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

2. https://ziatker.kz/ сайтынан да материалдар алынды.

3.https://multiurok.ru/сайтынан да материалдар алынды.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім берудің заманауи әдістері

Алина Г.М., тәрбиеші
№38 «Шаттық» балабақшасы
Астана қаласы

Аңдатпа: Инклюзивті білім беру - қайрымдылық пен адамгершіліктің бастауы. «Дені сау бала мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірдей заңдылықпен дамиды».
Түйінді сөздер: Инклюзивті білім беру, ерекше білім, оқу тәрбие, педагог, модель, сапа,жүйе, әлеумет, бағыт.

Қазыргы таңда бүкіл әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толыққосуды қарастыратын инкюзивті білім беру. Дефектология ғылымда жаңадан тұсауын кескен сәбидей алғашқы қадамын елімізде енді бастап келеді.Ананың денсаулығынан ба, әлде әке қанының улануы ма, ауаның ластануы шығармүмкін жазмыш болар әйтеуір күні бүгінде мүмкіндігі шектеулі балалардың саны азаймай отыр. Санаға салып сараласақ бұл біздің елімізде бей-жай қалдырмайтын үлкен мәселе. Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балалар мен қалыпты балаларды тең оқыту болып табылады. Демек, инклюзивті білім беру негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару,барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Қазыргы уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе-инклюзивтік білім беру болвп табылады. Инклюзивтік білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға өзінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға балабақша, мектеп, институт, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуна мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды теңдікке, тең құқылыққа ынталандыру қорына ие болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсатын айтатын болсақ:

- Қалыпты балалармен тең ұстау
- Баланың өз-өзіне сенімін арттыру
- Қоршаған ортаға бейімдеу
- Тең дәрежеде білім алуын қарастыру
- Жолдастарымен тіл табыса білуге үйрету
- Жүзеге асу жолдары
- Дефектолог жұмысы

- Логопед жұмысы
- Педагогикалық-психологиялық коррекциялық кабинет
- Педагогикалық-психологиялық консилиум
- Техникалық құралдар мен жабдықтар

Міндеті:

1. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету жөніндегі шешімдерді жас ерекшеліктеріне қарай қолдану.
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру.

   Күтілетін нәтиже:

   1. Баланың физиологиялық мүмкіндігі жедел дамиды.
   2. Жағымды міне-құлық қалыптасады

Инклюзивті білім беру даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қоршаған орта мен жалпы қоғам алдында тең құқылы болуға қолдау көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік – тұрмыстық өмірге бейімделуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Балаға аяушылық, мүсіркеушілік факторлары керек емес, балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, өмірге құштарлық, қоршаған ортаны сүю, адамдарға өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, өз-өзіне қызмет етуді, тіл табыса алуға үйретуіміз керек. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндікол балалардың да қолынана келетінін балаға түсіндіруіміз қажет.Сондықтан да мұғалім-дефектолог мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыптасуына, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруі тиіс. Баланың танымын қалыптастыратын ойын әрекеті болып саналады. Қай ғалымды алмайық өздерінің ойын туралы еңбектерінде өз пікірлерін қалдырған: «Ойын баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп, дамытады, баланың ойын өрбітіп, бойын өсіреді, адамгершілік қасиеттері дамиды. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инкюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «ҚР Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларға қоғам өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері

1. Адам құндылығы және мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір бала үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

«Бала дамуының алға жылжуы неғұрлым жоғары болса, педагогтың білімі оданда жоғары болуы керек», деп неміс психологы П.Шуман айтқандай, әр адам өз мамандығын қаншалықты жақсы көрсе, соншалықты еңбегі нығая түседі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен ұйымдастырылған ойын түрлері, балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Қорыта айтқанда инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесіне енгізу арқылы балалардың бойына адамгершілік, ізгілік, жауапкершілік қасиеттерді қалыптастырамыз.

Библиографиялық тізім

1. Багажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004

2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000

3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010

4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

5. Дефектологиялық сөздік .

6. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г

7. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Заттық дамыту ортасы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін арттыру

Алипбаева Кумис Кайроллакызы
Астана қаласы, №88 «Баян сұлу» балабақшасы, тәрбиеші

Аңдатпа: Балалардың толық және жан-жақты дамуы үшін, ойнауға, демалуға және оқуға арналған ұйымдастырылған орталардың маңыздылығы айтылған. Ерте жастағы балалардың миының дене мүшелерінің дамуындағы қоршаған ортаның әсері,білім беру үрдісінде білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп сенсорлы бұрыштардың атқаратын ролы.**Түйінді сөздер:** сенсорлы, сенсомоторлы, эксперименталды, стимуляция, когнотивті.

Ерте балалық шақ – балалардың дене мүшелерінің және жүйелердің әсіресе ми функциясының дамуының ерекше кезеңі. Бас ми қабығының функциясы тұқымдық бойынша тіркелмеген, олар қоршаған ортаның ағзаларымен өзара қарым-қатынас жасау нәтижесінде дамитыны дәлелденген. Қазіргі кездегі балада дене түйсігі арқылы, есту сезімдерінде кемшіліктер бар. Яғни ол қоршаған әлемді сызықты, бір жақты қабылдауы мүмкін. Сондықтанда сенсорлы жүйе сандары қаншалықты көп, баланың тәрбие және оқыту үрдісіне араласса, оның дамуы жоғары және тиімді жүреді. Қазіргі өмірдің технологизациясы балалардың сенсорлы тәжірибесінің дефицитін құрап, оны визуальды және виртуальды образдар ауыстырған.Мақсаты: Сенсорлы бұрыш, тәрбиелеу-білім беру үрдісінде, қосымша білімнің тәрбиешілері және педагогтарының ұйымдастырушылық сабақтарында, өзіндік ойындарда, балалардың ізденіс-эксперименталды әрекеттерінде қолданылады. Сенсомоторлы бұрыш балабақшаның топтық мекемесінде бұл – қымбат құралдарсыз жабдықталған сенсорикалық бөлменің бейімделген нұсқасы.

Сенсомоторлы бұрыш, негізі:

• сенсорлы функциялардың стимуляциясы үшін (көру, сезу, есту т.б.);
• ұсақ мотористің дамуы, қозғалушы активтілік стимуляциясы;
• бұлшық ет және психоэмоционалды қауыртпалықты кетіру үшін, балалардың жақсы сезінуі және релаксацияға жетуі үшін;
• баланың еңбекқорлығын арттырып, жақсы эмоционалды жағдай қалыптастыру;
• когнитивті үрдістердің белсенділігі (ойлау, көңіл бөлу, қабылдау, ес);
•мектеп жасына дейінгі балалардың іс әрекетінің эксперименталдылығы және өзіндік жұмысқа уәжділігінің артуы. Біздің ортаның, топтың моделі екі қарапайым мақсатқа негізделді.

1. Балабақша – балалар үшін екінші үй, сондықтан оның ішінде балаларға қуанышты және жайлы болу керек;
2. Балалардың толық және жан-жақты дамуы үшін, ойнауға, демалуға және оқуға арналған ұйымдастырылған орта болу керек.

Кіші топтардың бағдарламаларын талдау нәтижесінде, дидактикалық және ойын материалдарының қандай болу керектігін ойластырып, балаларға олардың

жас ерекшелігін ескере отырып, заттық-даму ортасын құру, әсіресе негізгі көңілді, балаларда сенсорикалық қасиеттерінің дамуына бөлу керек. Балабақшаға алғашқы келген балаларды әдемі, ашық түсті, түрлі-түсті көмекші құралдармен, ойыншықтармен қызықтыру керек. Театр ілгіштен басталса, балабақшада шешінетін жерден басталады. Сондықтанда балаларды балабақшада қарсы алған кезде кіре берістен бастап жайлы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақжарқын Бәделқызы. Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы. Нұр-Сұлтан 2020жыл
2. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы.
3. Исаева З.А, Мынбаева А.К, Садвакасова З.М. Активные методы обучения. – Алматы, 2005.
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз, ТарМУ, 2003.

Мектепке дейінгі білім беруде ойын түрлерін пайдаланудың тиімді әдістері

Алтынбекова Ф.З.
Астана қ. №38 «Шаттық» балабақшасы, тәрбиеші

Андатпа: Бұл мақалада балабақшада жүргізілетін ойын технологиясының тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Ойын арқылы бала дамиды, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділігі қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі. Ойын кезінде бала ешкімге тәуелді емес, өзін ең бастысы еркін ұстай алады. Ал еркіндік дегеніміз- барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Түйінді сөздер: бақылаушы, бағыт бағдар, бала бейнесі, құзырлық, коммуникативті, құлшыныс,креативті, тұлға.

Антон Чехов: өз сөзінде «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойында басталады» дегендей бала өміріне аса қажет ойынның көзделген мақсатқа жетіп нәтижелі болуы үшінбала үнін, баланың жеткізетін ойын, тұтас бала бейнесін толық көрген кезде ғана өз шегіне жетеді. Педагог ойын кезінде тек бақылаушы ролде болу керек ,бақылап қана қоймай басшы, бағыт-бағдар беруші. Ерте жастағы балалардың өзін-өзі дамыту құзырлығы бүгінгі күні білім беру саласындағы өзекті мәселе. Балаларды заман талабына сай коммуникативті қасиеттері мен эстетикалық талғамы –сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді, креативті, кез келген ортаға бейімделетін, өзін-өзі ұстай алатын тұлға қалыптастыруда, құзырлы білімдерін дамытуда ойын технологиясының маңызды функцияларының атқаратын орны ерекше. Заман

- напряжение и расслабление частей тела и всех мышц («Силач», «Весы», «Травинка на ветру», «Дерево», «Парусник», «Дракон», «Надувная кукла», «Росток», «Потянулись-сломались»)

-Разминка.

-Растяжка во все стороны (туловище, руки, ноги, шея в положении лежа, сидя, стоя)

-Упражнения для глаз (слежение, «крестики», «диагонали», «круги»)

Артикуляционные упражнения (для нижней челюсти, губ, щек, языка)

МАССАЖ И САМОМАССАЖ

ПОВТОРЕНИЕ РИТМИЧНЫХ ДВИЖЕНИЙ

ВТОРОЙ БЛОК МОЗГА: ГНОЗИС Зрительный Слуховой Осязание Обоняние Тактильный

ПРАКСИС:

- повторение поз тела или руки за педагогом (сначала одна, потом серия);

- динамический праксис. Выполняется сидя. Ноги вместе, поднимаются на носочки, опускаются. Ноги вместе, ступни «елочкой» разводятся в стороны, затем также сводятся. Каждая нога по очереди выдвигается вперед, затем ставится назад;

- реципрокные взаимодействия: движения головой и языком, глазами и языком, головой и глазами, глазами, языком и руками (однонаправленные и разнонаправленные, лежа, сидя, стоя на четвереньках и на ногах);

- реципрокная координация: кулак-ребро-ладошка правой рукой, левой рукой, двумя руками, с опозданием на 1 шаг. Колечко-ушки одной рукой, второй рукой, вместе и с опозданием на шаг;

- рисование двумя руками различных фигурок одновременно. «Обводки» пальцами или карандашами разных линий поочередно и одновременно, «мелодия движений», графический диктант, конструирование фигур и копирование рисунков;

- нанизывание бусин, макраме, каллиграфия;

- бросаем мячик в цель или ловим мячик.

ГНОЗИС И ПРАКСИС

- выполнение упражнений с взрослым по слову: «вверх, «вниз», «вправо», «влево», «слева направо»;

- выполнение действий по просьбе («поставь фигурку на стол, под стул, около шкафа, у стены»);

- узнавание написанных на бумаге букв и рисование их в воздухе рукой, ногой, носом;

- говорим тихо, а хлопаем (топаем) громко. Или: «Размахиваемся медленно, слабо, а кидаем резко». Высший пилотаж достигается путем очень быстрой смены программ;

- «доделай до конца» - рисунок, действие, фраза, рассказ;

- «найди соседей» числа, дня недели;

- «найди начало и конец» (слова, числового ряда, ряда картинок и т.д.);

- «найди, что пропущено и вставь» в числовом ряду, в днях недели, в простой сказке;

- «найди отличия» (или что изменилось) ;
- «найди предмет на большой «шумной» картинке» ;
- «найди похожие» буквы, слова;
- «сложи слово из букв» или анаграммы.

Память

-двигательная память. Взрослый показывает несколько движений (танцевальных, гимнастических). Ребенок должен повторить эти движения в той же последовательности.

-образная память. «Шапка-невидимка». В течение трех секунд надо запомнить все предметы, собранные под шапкой. Запоминание картинок или геометрических фигур. На листе с разными по цвету или размеру фигурами запоминание только фигур с конкретным признаком. Запоминание зашумленных или перевернутых фигур. «Восстанови порядок» - взрослый дает запомнить ряд предметов или картинок, а затем меняет их местами. Запомнить изображения, а затем найти их на другой большой картинке.

-вербальная память. Запоминание рядов слов, рассказа. «Магазин» (запомнить, что нужно купить). Запомнить пары слов (ряд из нескольких пар). Вспомнить пропущенное слово. «Рыба, птица, зверь»: ведущий указывает по очереди на каждого игрока и произносит: «рыба, птица, зверь, рыба, птица….», тот игрок, на котором остановилась считалка, должен быстро назвать в данном случае птицу. Если ответ правильный, игра продолжается, если ответ неверный, ребенок выбывает из игры. Названия не повторяются. Эту игру можно проводить в разных вариантах, когда дети называют, например, цветок, дерево и фрукт.

ТРЕТИЙ БЛОК МОЗГА

Введение числового ряда в программу действий

-числовой ряд, как никакой другой материал, позволяет вынести программу действия вовне, организовать совместные действия педагога и ученика, обеспечить постепенное сокращение помощи взрослого и увеличение самостоятельности ребенка

-упражнения с числовым рядом дают широкие возможности дозировано усложнять требования к программированию и контролю деятельности, гибко менять режим работы с целью повышения организованности и работоспособности ребенка, учитывая его индивидуальные особенности (Н.М. Пылаева, Т.В. Ахутина)

Список использованной литературы

1. Ахутина Т.В., Пылаева Н.М. Преодоление трудностей учения: нейропсихологический подход. – СПб.: Питер, 2008
2. Визель Т.Г. Основы нейропсихологии. – М: Астрель, 2005
3. Глозман Ж.М. Нейропсихология детского возраста. – М.: Академия, 2009
4. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – М., 1962
5. Микадзе Ю.В. Нейропсихология детского возраста. – СПб.: Питер, 2008

Индивидуальная коррекционно-развивающая работа с детьми с выявленным низким показателем развития познавательных и творческих способностей

Байгабулова А.С.

ГККП «Ясли-сад «Бөбек» села Возвышенка»,

педагог-психолог

Аннотация: Рабочая программа коррекционно- развивающей работы педагога психолога ГККП «Ясли-сад «Бөбек» села Возвышенка» определяет цели, задачи, содержание, формы организации коррекционно-развивающего сопровождения детей, у которых выявлен низкий показатель развития познавательных и творческих способностей.

Ключевые слова: коррекционно-развивающая работа, познавательные, творческие навыки.

Рабочая программа педагога-психолога является актуальной, потому что в ходе дошкольного детства ребенок активно осваивает окружающую предметную среду, накапливая будущий «прошлый» опыт, которым будет активно пользоваться и в школе и во взрослой жизни. Поэтому как выстроена образовательная и воспитательная работа в дошкольном образовании зависит формирование и развитие познавательных функций и качеств эмоционально-волевой сферы и личности в целом.

Данная программа составлена с учетом возрастных особенностей, определяющая содержание и структуру по направлениям: коррекция, консультирование педагогов и родителей.

Направления индивидуальной коррекционно-развивающей работы: психолого-педагогическое сопровождение ребенка с низким уровнем познавательных навыков и творческих способностей Важной и значимой является, и задача целенаправленного и систематического развития познавательных способностей, которая осуществляется через развитие у детей познавательных процессов: восприятия, воображения, памяти, мышления и конечно внимания.

Так как ведущим видом деятельности в дошкольной организации является игра, в ходе которой развиваются все психические процессы, то вся программа составлена в игровой форме.

Игровая деятельность важна для дошкольная не потому, что ребенок не может сделать большего, не потому, что она удовлетворяет его фантазии и соответсвует «детскому» взгляду на мир, а потому что в процессе игры ребенок осваивает фундаментальные способы познания реальности.

Цель: повышение уровня познавательных процессов и творческих способностей у детей 4-х лет.

Возраст: дети 4-х лет

Диагностика: Определение уровня познавательных и творческих способностей.

Результат диагностики: низкий уровень развития познавательных процессов и творческих способностей.

2022-2023 учебный год

Стартовый **Итоговый**



Диагностика проводится по «Методике изучения развития познавательных процессов Н.Н. Павловой, Л.Г. Руденко»

И по результатам стартовой диагностики ведется индивидуальная работа с детьми, у которых выявлен низкий показатель развития познавательных и творческих способностей.

Разработан и реализован индивидуальный перспективный план работы с детьми, который распределен по месяцам и включены дидактические игры (игры по методике Воскобовича, игры с досочками Сегена, игры с палочками Кюизенера, круги Луллия и т.д.), дыхательные упражнения, нейрогимнастика, песочная терапия, рисование, пластилинография. Занятия с детьми проводились в индивидуальной и игровой форме, что положительно повлияло на психологический комфорт ребенка.

Разработан и реализован перспективный план работы с педагогами ясли – сада и родителями (законными представителями) воспитанников в который включены консультации, тренинги, мастер-классы, семинары-практикумы, разработаны и розданы картотеки игр для развития познавательных и творческих способностей у детей.

Программа была разработана и апробирована на базе ГККП «Ясли-сад «Бөбек» села Возвышенка» в 2022-2023 учебном году.

После проведения итоговой диагностики выявлено, что детей с низким уровнем познавательных и творческих способностей нет.

Результаты внедрения программы свидетельствуют о ее положительном влиянии на:

1) психологический комфорт ребенка;

2) улучшение показателей познавательного развития, мелкой моторики, зрительно-моторной координации среди детей, посещающих занятия;

3) овладение определенным объемом знаний, умений, навыков выполнения упражнений;

4) отсутствие отрицательных эффектов и последствий.

Список использованной литературы

1. Алябьева Е.А. Коррекционно-развивающие занятия для детей старшего дошкольного возраста: Методическое пособие в помощь воспитателям и психологам дошкольных учреждений. – М.: ТЦ Сфера, 2005. - 96 с.

2. Грабенко Т.М. Игры с песком, или песочная терапия / Т.М. Грабенко // Дошкольная педагогика. – 2004. – №5.

3. Давыдова Г.Н. «Пластилинография». – 1,2. – М.: Издательство «Скрипторий 2003 г.», 2006.

4. Ермолаева, М. В. Психолого-педагогические средства познавательного развития дошкольников [Текст]: Учеб. пособие для вузов / М. В. Ермолаева, И. Г. Ерофеева.– Москва [и др.]: [Изд-во МПСИ], 2006. – 223 с.

5. Комарова Т.С. « Изобразительная деятельность в детском саду. Программа и методические рекомендации» - М.: Мозаика- Синтез, 2006.

6. Павлова Н.Н., Руденко Л.Г. Экспресс-диагностика в детском саду: Комплект материалов для педагогов-психологов детских дошкольных образовательных учреждений. – М.: Генезис, 2012. – 80 с.

7. Семенович А.В. Нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. Метод замещающего онтогенеза: Учебное пособие. – М.: Генезис, 2007. – 474 с.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру ағдайындағы педагогтың инновациялық қызметі

Баймурзина Т.Т., тәрбиеші
№69 «Еркем-ай» балабақшасы
Астана қаласы

Аңдатпа: Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту–ойын , оқу, еңбек іс- әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі баланың тілін, жан-жақты дамуын, қызығушылығын, ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін ойын арқылы тәжірибеде қолдануда көрсетілген. Тәрбиелі тұлға қалыптастыруда біздің балабақша білім беру әдістерін түрлендіріп және жаңа инновациялық білім технологияларын меңгерудеміз.Ойын арқылы оларды әдептілікке, ұқыптылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу жайлы жазылған.

Кілт сөздер: моторика, технология, сенсорлық, әдістер, педагогикалық процесс, мектепке дейінгі білім беру және т.б.

А.С. Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы: «Үлкендер үшін жұмыстың , қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады» деген.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе» М. Жұмабаев дегендей, қазіргі уақытта балаларды оқытуға арналған әдістемелер соның ішінде ойын технологиясы кеңінен пайдалану үстінде. Ойын арқылы балалардың сөздік қорын, жаңа сөздерді меңгереді. Ақыл – ой, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамытады. Баланың іс-әрекеті

неғұрлым әр түрлі болған сайын, оның қоршаған ортаны тануы мен танымдық қабілетінің дамуы жан-жақты болып келеді. Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі.Мәдениетті, білімді ұрпақты тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі, білімді болуы керек. Қазіргі таңда білім беру инновациялық технология түрлері өте көп.Технология түрлері:

Денсаулық сақтау технологиясы
Жобалы - іс шығармашылық технологиясы
Зайцев технологиясы
Ақпараттық қатынастық технологиясы
ТРИЗ технологиясы.
Монтессори технологиясы

Өзектілігі: Ойын баланың даму құралы, таным көзі.Ойын арқылы бала өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойының да ұжымдық сипат болады. Кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, ойын арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Мұның өзі баланың дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор болып табылады.

Денсаулық сақтау технология арқылы баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жобалы –іс шығармашылық технология арқылы баланы тәрбиешімен бірге ізденуге, проблемалық іс-әрекетті жасай білуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Мен өзімнің іс- тәжірибемде осы жобалау әдісін көп пайдаланамын. Өйткені балалармен бір жобаны бастасақ, оларға өте қызық болады.

Зайцев технология арқылы баланы ойын арқылы оқытады.

ТРИЗ технологиясы тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін –өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

Монтессори технологиясы арқылы балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру.

Ойын технологиялары : дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық. Моторикасы мен сенсорикасын дамытатын М.Монтессори әдістемесінің элементтерін қолданудамыз.Арнайы бұрыш жасақтап, балалардың қызығушылықтарын арттырудамыз. Дидактикалық ойындардың пайдасы өте көп.Соның ішінде танграм әдісімен суреттегі бейнелерді құрастыруды жақсы көреді. Танграм – шамамен 4000 жылдық тарихы бар қытай ойыны. Жеті фигурадан тұратын ойын «ши чао тю». «Танграм» сөзі европалық. «Тань» сөзі («қытайлық» мағынаны білдіреді) түбір «грамма» (грек сөзінен аударғанда «сызық»).**Танграм әдісінің мақсаты:** балалардың ақыл-ойын дамыту, қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу. Балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту. Геометриялық пішіндерді атай білу.

Бала өмірінде ойынның маңызы зор, олар ересектердің қызметінде,жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. А.С. Макаренко.

Өзім балалармен жұмыс жасағаным –үлкен бақыт деп санаймын. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»деген мақалды айта келе, бақшамыздың барша педагогтары бала санасына ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуде. Қызықты ойындар баланың ойының белсенділігін арттырады. Сол арқылы бала ойын барысында меңгерілген білімді жақсы есте сақтайды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз боп келетіндіктен олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді, іс-әрекетке жұмыс жасағанды ұнатады.Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың жобалау технологиясын кеңінен қолданғаны жөн деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастырудағы тәрбиешінің анықтамалығы» М.Г. Масхұдқызы

2. «Мектепке дейінгі педагогика» Ф.Н. Жұмабекова

3. «Педагогика» М. Жұмабаев

4. «Педагогическая поэма» А.С. Макаренко

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтың инновациялық қызметі

Баймырза А.А.
Панфилов ауданы, Жаркент қаласы,
Үлкеншығаң ауылы «Шұғыла» балабақшасы,
қазақ тілі маманы

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің құрылымы сипатталып, оны жүзеге асырудағы педагогтың алатын орны мен атқаратын қызметі, соның ішінде инновациялық іс-әрекетінің мәні, түрлері, сипаты, бағыт-бағдары туралы айтылады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі, инновациялық қызмет, педагогтың инновациялық іс-әрекеті.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесі күннен күнге жаңарып, озық технологияларға сәйкес өзгеріп отыратын үздіксіз үрдіс. Әсіресе, бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен білім беру жүйесін реформалау ата-аналардың тілек, өтініштері мен балалардың қызығушылықтарына сәйкес мектепке дейінгі топтардың жұмысына жаңа қырынан қарауды талап етеді. Демек, педагог та мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес білім беру мен ақпараттық ортаның трансформацияланып отыруы жағдайында жаңа

педагогикалық әдіс-тәсілдерді іздеу, қолдану арқылы жұмыс істей білуі тиіс. Ендеше, бұл жерде педагогтың инновациялық қызметінің мәнін түсіндіруге болады: жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар, бағдарламаларды құру, меңгеру, қолдану арқылы білім және тәрбие беру жүйесінде тиімді жолдарын табу, дамыту, жаңа сатыға көтеру болып табылады.

Тәрбие мен білім беру жүйесінің даму моделі жан-жақты әрі күрделі жүйе. Оның мәні дені сау, қызығушылығы жоғары, қарым-қатынасқа ашық, сыни ойлай алатын балаларды қалыптастыруды мақсат етіп құрылған білім беру мен тәрбие жүйесінің трансформациялануы арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағыттары мен ережелерін айқындау болып табылады [1]. Сол себепті, қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары да осындай жаңа модельді құруда педагогтың инновациялық қызметін құру, бір жолға қоюды негізгі мақсаты ететіні белгілі. Өйткені, инновациялық іс-әрекет дегеніміз тек жаңалықты енгізіп, оны қолдану ғана емес, жүйені дамытып, тиімді болатын жаңа әдісті тауып, жүзеге асырумен түсіндіріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызметті ұйымдастырудың бірнеше бағытын атап көрсетуге болады:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту: заманауи оқыту бағдарламаларын енгізу, қосымша білім беру бағдарламаларын тиімді ойлап табу;
2. Әдіснамалық жұмысты жаңарту: әдіснамалық мазмұнды сұрыптау, өнімді түрлерін анықтау, шығармашылық педагогикалық еңбекті дамыту;
3. Білім беру сапасын басқару жүйесін модернизациялау: нормативті-құқықтық, перрспективті-бағыттаушылық, қызметті-белсендендірушілік шарттар тобын жүзеге асыру [2, 8].

Педагогтердің инновациялық қызметінің жалпы мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық жүйенің мазмұнын жақсарту, сол арқылы білім беру үрдісінде жоғары нәтижеге қол жеткізу болып саналады [3, 186].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беруді инновациялық тұрғыда өзгерту, жаңарту, жақсарту әрекеттері жүйелік сипатқа ие. Яғни педагогтердің инновациялық ір-әрекеттері мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа түрлерін ғана емес, сол ұйымдарда тәрбиеленетін балалардың тұлғалық жағынан дамуына бағытталатын жаңа білім беру бағдарламаларын құруға жол ашады. Сондықтан да мұндай қызметті дұрыс ұйымдастырып, жан-жақты қарай білу аса маңызды. Ал бұл дегеніміз:

- Білім беру ұйымының жұмысын даму бағытында ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру;
- Баланың тұлғалық дамуына бағытталған инновациялық қызмет мазмұнын талдау;
- Педагогтердің инновациялық құбылыстар мен жаңалықтар туралы ақпараттармен қамтамасыз ету, экспертизаны ұйымдастыру;
- Педагогтерді баланың тұлғалық дамуына нәтижелі әсер ететін құралдар мен жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыратын құралдармен қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің инновациялық қызметін екі топқа бөліп қарастыруға болады: ұжымдық және жеке. Ұжымдық қызмет түрлеріне семинарлар мен практикумдер, ғылыми-практикалық конференциялар, әдістемелік бірлестіктер мен мектепке дейінгі ұйымдардың әдістемелік кабинеттерін жатқызуға болады. Ал жеке қызметке жеке

өзін-өзі дамыту, өз шығармашылық тақырыбымен жұмыстану, жеке консультациялар жатады.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог жұмысының бағыт-бағдарын, мақсат-міндеттерін, түрі мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру – тәрбиеленуші және білім алушы баланың дұрыс қалыптасуына, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеріп, білім саласындағы соңғы үлгіге сай ақпараттармен қамтамасыз етіліп, оны іске асыруына жағдай жасалуының негізгі шарты. Педагогикалық қызметке инновациялық тұрғыдан келу арқылы білім беру жүйесінде оңтайлы, тиімді шешім қабылдап, бала, педагог, ұйым үшін де жеңісті жетістікке жетуге болады. Сол үшін де тиімді әрі жаңа әдіс-тәсілдер немесе бір сөзбен айтқанда, инновациялық іс-әрекеттер мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарында теориялық және практикалық жағынан маңызды орынға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы, https://adilet.zan.kz;
2. Герасимов Л.В. Инновации в образовании: сущность и социальные механизмы. – Ростов: «Логос», 1999. – 136 б.
3. Лазарев В.С. Управление инновациями в школе./ В.С. Лазарев. — М.: Педагогикалық білім беру орталығы, 2008. — 352 б.

Мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық білім берудің ерекшеліктері

Басшиева Ләйла Кәдірбекқызы
Астана қаласы
№68 «Балбұлақ» балабақшасы
музыка жетекшісі

Аңдатпа: Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып осы сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түйсіндіру

Кілт сөздер: динамика, диотоника

«Баланы жастан» деп қазақ бекер айтпаса керек. Дүние-таным, айналаға деген құштарлық , табиғатқа деген сүйіспеншілік, сұлулыққа деген еліктеушілік бала жастан адам басына қалыптасады. Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып осы сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түйсіндіру.

Баланың 2-6 жас шамасы – музыка өнеріне баулу кезеңінің ең қолайлы сәті. Осы жастағы балдырған музыка тыңдау, ән айту, есте сақтау, ажырату, жеке немесе ұжыммен орындау тәрізді әрекеттерді толық меңгеруге даяр болады.Тәрбиеленуші бүлдіршіндер мектебінің табалдырығын аттай отырып, жаңа дүниемен танысады. Сабақ үстіндегі іс-әрекеттер (тыңдату, сауатын ашу, орындату, ырғақты қимылдар жасату, шығармашылық

тапсырмалар орындау, т.б) баланың ой-қиялын шыңдайды, логикалық ойлау жүйесін дамытады, әсемдікті сезінуге, сұлулықты түсіне білуге баулиды.

Балалар жеке ән дауысын естіп-ажыратуға, музыкалық аспаптардың дыбыс бояуын біліп, талдауға қатысады. Бұл- музыкалық талдау жасауға алғаш аяқ басуы. Сабақ барысында жалпы музыкалық шығармалар жайында мағлұмат алады: олар музыкалық ойды түсіне бастайды, авторлары мен шығармашылық шығу тарихы туралы, т.б. мәліметтермен танысады. Тек, мағлұмат ала қоймай, оны орындай отырып, белгілі бір дағдыны меңгереді. Әннің негізгі мазмұнын түсініп айтуға , дыбыс биіктігін сезініп, ырғағын дұрыс келтіріп, жылдамдығын ажырата, мәнерлі орындауға машықтанады. Сабақтың тағы бір ерекшелігі-тәрбиеленуші өз бетінше би қимылдарын қосы кіріктіруге де талпынады. Бұл- балаға өте ұнайтын іс-әрекеттердің бірі.

Мектепке дейінгі балалық шақ-бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең.Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі-музыка.Баланы жан-жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек.

Музыкалық қабілеттің бірінші белгісі- музыкалық шығарманың сипатын/характерін/ сезіну,естігеніне бірге қуану,не күйіну,эмоциялық әсерін көрсету,музыкалық образды түсіну қабілеті. Музыка- баланы толғандырады,қабылдаушылық қабілетін оятады,өмір құбылыстарымен таныстырады,оларды бір-бірімен салыстыратын ой туғызады.

Музыкалық қабілеттің екінші белгісі-тыңдау қабілеттілігі,ең қарапайым музыкалық дыбысты тыңдап,есті білу мәдениетін байқайды.

Ең қарапайым қасиетін (аспаптардың жоғары және төмен тембрлік дыбысын) салыстырады, **шығарманыңең қарапайым құрылымын** (әннің бастамасын,қайырмасын, бөлімдерін) айырады, бір-біріне қарама-қарсы көркем образдарын айқындайды.

Музыкалық қабілеттің үшінші белгісі-музыкаға творчестволық көзқарастың көрінісі.Бала музыканы тыңдап отырғанда,көркем образды әнді,ойынды көз алдына елестете отырып,өзінше қабылдайды. Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып,оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді.

Ұжым болып ән салу,билеу,ойнау көп ретте тәрбиелік міндеттерді шешеді.Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді,әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді.Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез құлқына,денсаулығына, мәдениетіне себін тигізеді.

Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымдық маңызы да бар.Музыка балалардың эстетикалық және ақыл-ой тұрғысынан жетілдіре отырып,оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады.

Музыкалық ырғақ сәтінде балалар рахаттана әндетіп, музыка ырғағына сай қимылдай жүріп, өздері ойлап тапқан жаңа биге көшеді. Би, халықтың жеке билері,пантомимо, әсіресе музыкалық ойын түріндегі драма балаларды өмір көріністерін бейнелеуге, бейнелі қимыл,мимика,сөз арқылы персонаждарды сомдайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты музыкалық даму ерекшеліктері де жылдан-жылға өсе береді,баланың қабілеті белсенді музыкалық қызмет процесінде дамиды.

Музыкалық дамудың неғұрлым елеулі ерекшеліктері: есту сезімі, музыкалық есту қабілеті, ән айту, музыкалық ырғақ орындаудағы қарапайым дағдылары, қимылдары.

Бір жасқа аяқ басқанда: нәресте туғаннан кейін 10-12 күнде дыбысқа елеңдейді, 4-5 айда қай дыбыстың қай жерден шыққанын аңғарады, әндеткен дауысқа құлақ түреді,ал 1 жасқа шыққанда бөбек ересек адамның салған әнін тыңдап, ілесе былдырлап, уілдейді.

Екі жасқа аяқ басқанда:музыканы қабылдағанда балалар жарқын контрасты эмоциялар көрсетеді.Бала жоғары және төмен дыбыстарды,қатты және бәсең үнді айыра біледі, сылдырмақтармен ойнайды, әннің қайталанған сөздерін айтады.Әндеткен ересек адамға қосылады,ең қарапайым қимылдар жасауды меңгереді;музыка әуеніне ілесіп алақандарын соғады,аяқтарымен топылдатады.

Үш,төрт жасқа аяқ басқанда:балалардың сезімталдығы артады,заттар мен құбылыстарды,музыкалық қасиеттерді айыра алады,кейбір бала қарапайым әуенді дәл қайталап айта алады. Төрт жасқа толар шағында балалар ересектердің азғана көмегі арқылы шағын әнді орындай алады.Бидің түрлі қимылдарын орындай алады.

Бес жасқа аяқ басқанда:бұл-балалардың көп нәрсені білуге құштар шағы,ол өте байқағыш келеді, музыканың көңілді, қуанышты, сабырлы екенін, дыбыстардың жоғары-төмен, тез-баяу орындалатынын,әуеннің қандай аспапта орындалып жатқанын ажыратады. Бала әнді қалай айту, қол ұстасып жүріп билеуде қалай қимылдауды біледі.

Алты және жеті жасқа аяқ басқанда:бұл кезең – мектепке даярлық кезеңі.Музыка туралы алған білімдерін тек сұрақ арқылы жауап бермей, музыкалық шығармаға өзінше сипаттама бере алады, музыканың бейнелеу құралдарын талдап музыка әуеніндегі әр түрлі сарындарды сезінеді. Бала музыка ерекшеліктерін айыра біледі және оларды есіне ала отырып, музыканы тыңдағанда, ән мен би қимылдарын орындағанда белгілі бір образға сай қимыл жасайды. 6-7 жастағы балалардың даусы бұрынғыдан да бекіп,диапазоны кеңейеді,әншіліктері айқындалады,музыкаға деген жеке ынтасы мен қабілеті айқын көріне бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ”Музыкалық- эстетикалық тәрбие” П. Момынұлы Алматы 2000
2. К. Қуатбаев “Музыкалық ойындар,әндер,билер” 1967
3.«Отбасы және балабақша»№1,2005
4.Емельянов В.В. Дауыстың дамуы. Координация и тренаж.СПб.1996
5. Вербов А.М. «Дауысты қою техникасы» Музгиз. 1961

Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі

Омарова Г.Т., тәрбиешісі
№39 «Меруерт» балабақшасы
Астана қаласы

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп

әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжрибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қазына.

Әрине, біз қашанда балаларға жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парыз дейміз. Бірақ сол тәрбие беруде үнемі кеш қалатынымыз ешкімді ойландырар емес. Ата-бабамыз баланың тәрбиесі бесіктен бастау алатынын айтудай-ақ айтқан. Бірақ көбіміз бүгінгі ұрпақтың, яғни ертеңгі ел тірегінің ақыл-парасаты мол, мәдениеті озық, саналы өсуі, оның кейін есейгенде жияр біліміне ғана байланысты емес, ең алдымен құрсақтан берілетін иманды әдет-ғұрып, өнегелі салт-дәстүр, ұлттық болмыспен келетін тәрбие көзінде жатқанын ескере бермейміз. Ал бірақ олардың бойында ата-бабамыз қалыптаған ұлттық тәрбие өзегі бар ма? Өз тілін менсінбей, өзге тілде сайрайтыны. Баяғыда бір патша өзінің қол астындағы елдің атақты данышпанына баласын тәрбиелеуге беретінін айтыпты. Мұны естіген данышпан тәрбиеге берілетін бала неше жаста екенін сұраған ғой. Сонда патша баласының екі айға енді толғанын жеткізсе, әлгі данышпан: «Балаңның тәрбиесін ойлағаның жөн екен, бірақ кеш қалыпсың» депті. Бұған түсінбеген патша: «Не айтып тұрсың? Ана сүтінен әлі аузы кеппеген, буыны қатпаған, бесіктен белі шықпаған балаға тәрбие берудің кештігі қалай?!», – деп шамданыпты. Сонда данышпан қария: «Баланы құрсақтан тәрбиелеу керек еді», – деген екен. Көрдіңіз бе, нағыз тәрбие төркіні тереңде жатқанын осыдан да аңғаруға болар. Ұлтжанды адам мұндай мысалдардың астарында өмірлік тәжірибе мәні жатқанын түсінеді. Ендеше келешек ұрпаққа тәлімді тәрбие беру ісі әркімнің өз тәрбиелік ісінен басталатынын қоғамымыз ұмытпаса екен дейміз. Себебі «Не ексең – соны орасың» деп, бекер айтылмаған.

«Ата-баба тәрбиесінен кенде қалған ұрпақпыз. Мұны ойлап жатқандар аз. Ұлт туралы, ұлтжандылық туралы айтатындар көп, ал солардың өз ісіне үңілсең – жаңың ашиды. Оның үстіне осы ғаламтор әлеміне енген қазіргі заманда жастар осы интернет иіріміне батып бара жатқандай көрінеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық даналығы. Тал бесіктен басталған тәрбие мектепте, одан әрі жоғары оқу орнында жалғасын тапқанда ғана нәтижелі болады. Барлық жерде бірыңғай ата-баба тәрбиесі керек».

Рас сөз. Он сегізге толған жас – жаманды да, жақсыны да сезіп, көріп, барлық тәрбиені бойына сіңіріп, өмірге қадам басқан азамат. Өкінішке орай, оны қайта тәрбиелеу қиын. Ол кезде «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» дейтін кезең өтіп кетеді. Демек, **Абай атамызға құлақ түрсек:** «Баламды медресеге біл деп бердім, Шен алсын, шекпен алсын деп бермедім...» - деуі арқылы адамның борышы шен - шекпен емес, тәрбие арқылы туған халқына қызмет ету дегенді меңзегенін ескеру қажет. Ендеше елдігімізді ерте қамдаймыз десек, «Бір жылын ойлаған күріш егеді, он жылын ойлаған ағаш егеді, ал жүз жылын ойлаған бала тәрбиелейді», деп айтылғандай, құрсақтан берілетін тәрбиенің орны бөлек екенін ескерген жөн. Сонда осы тәрбиемен бармақтай болса да берілген білімнің қоғам үшін өлшеусіз қазына болып оралатыны да сөзсіз.

Қорытынды:Қазіргі таңда баланы тәрбиелеуде ата- ананың да, тәрбиеші, ұстаздың да атқаратын рөлі зор.Жас күнінде бала қандай тәрбие алса сол ізбен алға қарай өседі.Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар. Ата – ана баласына өз отбасын қадір

тұтудан бастап, туған-туыс,Отан,Қазақстан деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтпен қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру.

Ата- ана жауапкершілігі бәрінен биік болмақ.Сондықтан ата-ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың тәрбие алуына қоғамнанөз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата –ана педагогикалық әдіс-тәсілдерге сүйенген дұрыс.

Халық қашанда өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мәнін,оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған.Сондықтан да қазіргі заман талабына сай тәрбие беру,әр баланың жеке тұлға ретінде қабылдау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Отбасы және балабақша» журналы №6, 2014 жылғы 29 бет.
2. «Бала мен балабақша» журналы №7, 2015 жылғы 29 бет.

Педоготың іс-тәжірибесі мен әдістері

Нуржигитова Қ.Ж
Астана қ. №95 «Алматы» балабақшасы
шағын орталығының, тәрбиешісі

«Ақырын жүріп, анық бас,еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» –
деп Абай атамыз айтқандай

Аңдантпа: Ұстаз болу оңай мамандық емес , өзінің қуанышы мен қиындығы қатар жүріп отырады. Біз ұстаздар үнемі білім берумен бірге білім алып отырамыз - деп айтқым келеді - неге? Себебі заман ағымымен сай болып өсіп кележатқан өскелең ұрпаққа жаңа технология, жаңа ақпарат беріп отырумыз керек. Жас ұрпақты тәрбиелеуде, тәрбиешінің атқаратын қызметі өте зор.

Кілт сөздер: атақты ұлы педогог , Амонашвилидің айтқан мынадай сөзі бар еді:

«Тәрбиеші бұл – өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам».

Ия біз тәрбиеші ұстаздар бала өміріне , оның өсіп , білім мен бірге тәрбие алып, олардың дамып жетілуіне жауаптымыз. Әр баламен жеке жұмыс жүргізу, топтық жұмыс жүргізу, ортасына үйрету, қарым-қатынасқа түсуін, рухани білім беру күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте жүзеге асырылып отырады.

Осы мамандықты таңдағанан кейін, оның қызығы мен шыжығына шыдау керек. Әр баламен және ата – аналармен жұмыс жүргізу.Тек қана баламен ғана шектелмей, ата – аналарға да тапсырмалар беріп, оларды да бала- бақша өміріне байланысытырып отыруымыз керек. Белсенді ата – аналарды марапатап, алға ұмтылдырып баламен бірге мақтап, мадақтап қойсақ жақсы нәтижеге қол жеткіземіз. Тек қана алға- алға ұмытылып жұмыс істегенде ғана ұстаз жақсы нәтижеге қол жеткізеді.Сондықтан күнделікті дайын болу, өз құжаттарына сенімді болу және оны дамытып жоғары деңгейде көрсету, ұстаздың міндеті және мақсаты. Әр қашанда мейрімді болу және күліп жүру бұл біздің баламен жұмысыңызды көрсетеді.

Қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып үнемі біліміміздіжетілдіріп, біліктілігімізді артырып отыруымыз керек.

Қазіргі таңда оқу бағдарламаны ойын арқала жүзеге асыру, ойнап отырып бала көптеген білімді бойына сіңіреді және дамйды деп айтқым келеді.

Ол үшін қазіргі кезде өте оңай инновациялық техникамыз дамыған балаға білім бері үшін көптеген жағдайлар жасалған, теледидар арқылы көрсету немесе интеративтік тақта, әр түрлі түсті суреттер, ойыншықтар керекті заттарымызды оңай етіп көрсете аламыз. Менің өзімнің осы отыз жылдық тәжірибемеде бастапқы жылдарда біз мұндай заттарға қол жеткізу оңай болмады , барлығын қолмен жасап,түнімен сызып, бояап дайындап қолдан жасалған көрнекіліктер алып келетінбіз. Сол қолдан жасалған заттармен ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттерді өтікізіп жүргіздік.

Ол кездегі балаларда зейінді , тіл алатын, тәртіпті білімді балалар болды.

Ата – аналарда тапсырмаларды бірге орындап , көмектерін тигізіп отыратын,

Көп затты қолмен жасау арқылы іске асырдық.

Қазіргі таңда жас педогогтарға оңай болып тұрған жоқ деп те айтқым келеді себебі қазіргі балаларда байланыстырып сөйлеу яғни коммуникация дағдылары жақсы дамымаған кейбір дыбыстардың дұрыс айталмауы , ұзақ уақыт баланың отыра алмауы тәрбиешінің жұмысын ауырлата түсуде және оған қосымша ата – аналардың жұмыс басты болып балаға көңіл бөлмеуі деп білер едім. Өз мамандығын жақсы көрген адам ғана осы тығырықтан шығып тіл табысып жұмыс жүргізе алады.

«Ұлы педагог В. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.» демекші...

Осы орайда мен өзімнің әдіс – тәсілдерімен бөліскім келеді.т Ойын арқылы ұйымдастырылған іс-әрекет балаға тиімді және көзбен көріп, қолмен ұстағаннан кейін баланың есінде қалады.

Балалармен көңіл көтеру мақсатында мен күнделікті бірнеше ойындарды кезекпен өткіземін мысалы «Айдаһар» ойыны немесе шар ойыны «Тілек алқасы» Ұйымдастырылған іс – әрекетке дайындық ретінде ойнатамын

Бұл ойындарады балаларға өте қызықты жарыс ретінде ойнатамын. Мысалы:

«Айдаһар» ойыны **мақсаты:** көтеріңкі көңіл күй сыйлау , жағымды эмоция.

Шарты: Айдаһардың басын яғни бірінші тұрған баланы соңы тұрған бала ұстап алу керек.

Ұйымдастырылыған іс – әрекетте ойналатын ойын таным дағдысы бойынша кеңістікті бағдарлау мақсатында «**Дұрыс бағытты көрсет»** Оң жақ, сол жақ, жоғары,төмен.

Мақсаты: Балаларды кеңістікті дұрыс бағдарлауға және ойлау қаблетін дамыту.

Шарты: Кім бірінші жинайды және дұрыс бағытты көрсетеді.

Балаларды жылдамдыққа және тез шешім қабылдауға үйретеді.

Кммуникативтік дағды бойынша фонарик әдісін пайдаланып балаладың есте сақтау қаблетін дамыту. **Мысалы:** жұмырытқадағы дыбысты дұрыс айту

«Фонарик» әдісі бойынша

Мақсаты:Балалардың есте сақтау қаблетін дамыту.

Шарты: Телефоның фонарын қосып балалар қолдарында жұмыртқада не бейненленген соған жауап береді.

Шығармашылық дағды бойынша балалармен кілемше жасау ойыны балалардың қол моторикасын дамыту және пішіндерді есте сақтап қалу.

Мақсаты:Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөліп пішіндер шығарып бөліктерден құрастырады және жапсырады.

Бұл ойындардың мен үшін ұтымды жақтары көп болды ең бірінші бала қуана да қызығып орындады және есіне сақтап өз сөздерімен айтқаны.

Қызығушылығы жоқ балалардың өздері бірі- бірімен жарыса орындағандары ұтымды деп ойлаймын. Бала қызыққан ойынын келесі жолы қайталауын сұрағаны да мен үшін ұтымды.

Ойын туралы айтқан ұлы педогогтың мынадай сөзі бар

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

В. А. Сухамлинский

Сондықтанда ойынды қаншалықты біз көп пайдалансақ баланың қызығушылығы арта түседі екен.

Қорыта айтар болсам , ойынды ұйымдастыру тәрбиешіден көп еңбекті талап етеді себебі бала білімді меңгереді ,ақыл ойы дамиды және қарым қатынасқа түседі.Белгілі бір нәтижеге қол жеткіземіз және үлкен жетістіктер алып келеді.Сондықтан да аянбай еңбек етеміз деп,сөзімді аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ш.А. Амонашвилидің «Гумандық педогогиканың негіздері еңбегі бойынша» дан алынды.
2. Ұлы Абайдың қара сөзі
3. Балаларды ойын арқылы тәрбиелеудің маңызы мен жолдары.

Функциональдық сауаттылық: өзектілігі, мәселелері, шешу жолдары

Бегзатхан Аливби
«Аққу» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиеші

Еліміздің болашағы өскелен ұрпақтың білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты. «Сауатты ұрпақ - болашақтың айқын кепілі». Осы тұрғыда оқытудың заманға сай жан-жақтылығы, педагогқа тікелей байланысты. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін білім мен тәрбиенің ұшан теңіз болуы, бір іздігімен қатар нақты ақпаратпен жаңартылған нұсқада жетуі педагогтың функциональдық сауаттылықты қаншалықты орынды пайдаланып жатқанын көрсетеді. Білікті маман даярлаудың нәтижесін осы жас бүлдіршіндердің елге әкелер пайдасымен өлшеуге болады деп ойлаймын. Білімді ұрпақтың көп болуы келешектің берік қамалы мен дамыған елдердің алды болуға бірден-бір кепілдік деп білемін.

Заманауи педагогтар көп. Осыдан бірнеше жылдар бұрын педагогтер өз құқығын тиімді пайдала алмай тәрбиеленуші мен тәрбиеші, ұстаз бен оқушы, тәлімгер мен дәріс алушы арасында түсінбеушіліктер, педагогтар мен ата- аналар арасында туындаған еді. Сол себепті де бірқатар білімді педагогтар заманауи оқыту түріне көшуде қиындыққа ұшыраған. Бірақ, мемлекет басшылығының қолдауымен бұл кикілжін өз шешімін тауып «Педагог мәртебесі туралы» заң 2019 жылы 27-желтоқсанда Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалды. Заң аясында қарқынды жұмыстардың нәтижесінде педагогтардың қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасалды. Білімге ұмтылған жас талапкерлерде заманауи оқытуды қолдап, оған түсіністікпен қарай бастады. Ата-аналармен де тиімді және бір ізді жұмыстың арқасында білімді, жан-жақты оқушылар көбеюде. Бұл дегеніміз - педагогтың ақпараттық құзыреттілігің көтерілгенін және де функциональдық сауаттылықты сонымен қатар заманауи технологияларды, методикаларды тиімді пайдаланып жатқанын көрсетеді. Педагогтың қабілеттілігін оның пайдаланған материалдарынан-ақ байқауға болады. Білімді, білікті педагогтар қайталама әдіс-тәсілдерді емес, дәстүрден тыс әдістерді қолдана отырып, белгілі бір шекарада тұрып қалмай жан-жақты баланы дамыта алады. Білімді адамға кез-келген қамалды бұзатын кілт болады. Ол әрине білімін іс-тәжірибеде қолдана алу болып табылады. Бірақ, бар білімді игеретін қазіргі заман балаларын таң-қалдыру қиын. Осы тұста бірлескен екі жақты жұмыстардың маңызы

зор. «Қалауын тапсаң – қар жанар» дегендей, болашағымызды бүгіннен жоспарлап, ұрпағымызды дұрыс жолға салу үшін бірлесіп қызмет етіп, білімді ұрпақ тәрбиелеміз керек. Және, ол үшін білікті педагогтың ғана рөлі аз болады, сонымен қатар функциональды жастарды тәрбиелеп шығару басым рөл атқаратын болады.

Функционалдық сауаттылық – мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс әрекеттердің әр түрлі салаларында сондай-ақ тұлға аралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Еркіндік - жаңашылдыққа тәрбиелеудің бірден-бір әдісі. Балаға еркіндік бере отырып, оның пікірін есепке ала отырып, тәрбиелеу мен оқыту бағытын нақтылай аламыз. Міне, біздің ең бірінші жасауға тиіс тиімді тәсіліміз. Одан кейін, бағыт бойынша нақты мақсаттар мен міндеттер дайындау. Осы міндеттерді оқушы мен бірлесіп бөліп алу арқылы мақсатқа жету. Ең бастысы менің ойымша - **тоқтап қалмау.** Бұл дегеніміз «Аз-аздан үздіксіз».

Үздіксіз жүргізілген жұмыс міндетті түрде өз нәтижесін береді. Кез-келген істе көтерілу мен құлдырау бар, сол сияқты білімде де шыңына шығу бар, шыңнан құлау бар. Бірақ бұл шыңда тұрақтап қалу тек үздіксіз даму мен еңбектің нәтижесінде болады. Нәтижеге жеткісі келетін кез-келген педагог оқушысын бірінші білімге емес тәрбие мен тәртіпке бағыттау керек деп ойлаумын. Тәртіп бар жерде тәрбие болады, тәртіп болса нақты шешім мен жауап болады. Сондықтан тәртіпке бағынған кез-келген оқушы ұстазының берген білімін нақты мақсатқа жетуге пайдаланады. Білікті маман, замануи педагог әр іс-әрекеттің, әр сөздің алдында қанша жауапкершілік жүктеліп отырғанын жақсы түсінеді біледі, және әр кез бала алдын да сезінеді. Әрбір педагог жұмысқа кірісерде болашамызды өз қолымызбен құрып жатқанымызды ұқса екен деймін. Өзінің армандаған елі мен жерінде дамыған елде өмір сүргісі келсе, осы алдына келген он баланың кем дегенде жетеуіне дұрыс бағыт бере алуы керек деп ойламын. Ал егер ол қолынан келмесе, онда өзін шыңдаудан бастау керек, яғни, біліктілігі мен білімін арттырып күнде үзденісте болса міндетті түрде нәтиже мен нақты алдына мақсат қоя алатын, жауапкершілікті сезіне алатын педагог болады.

Әрбір адам, басқа бір адамның өміріне себепкер болып жатады. Ал, педагог бір емес бір елдің болашақ жас ұрпағы үшін себепкер жан. Алдына келген әрбір баланың жеке тұлға болып қалыптасуына басты себепкер және бағыттаушы ұстаз. Нақты мақсатына жете алатын, еркін, заманауи, қиындыққа төзімді, білімге құштар, тәрбие мен тәртіпке бағынатын ұрпақ тәрбиелеу, педагогтың басты міндеті болса, осы міндеттерді орындайтын заманауи педагог бұл мықты біліммен сусындаған елін ойлайтын жастар болуы тиіс.

Жастар жылына арналған бағдарламамыз да өз нәтижесін берді. «Жастар жылы» деп нақты міндеттер жүктеп, жұмыстар жүргізілгеннің арқасында білікті жас мамандарды да тани бастадық. Еліміздің болашағына үлес қосып жүрген жас педагогтардың жыл санап көбейіп келе жатқаны қуантады. Бұл қатарда мен де бармын. Тәрбиеші маманы болып жұмыс жасап жүргеніме биыл 4 жылдан асты, осы уақыт аралығында өзіммен қатарлас жас мамандардың дамып, келешекке ұмтылып жатқаны мені де жігерлендіреді.

Азда болса алға ұмтылып дамудың арқасында «Қарағанды облысының білім саласындағы жаңа 100 есім» атты кітабына іліктім. Бұл мен үшін күтпеген жеңіс. Сондықтан менде болашақта «Ұстаз» атына лайық болу үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін жан-жақты дамуға тырысамын. Білімімді шыңдап, біліктілігімді арттыруда әрқашан ерік-жігерімді аямау жұмсаймын. Ата-анамның маған берген тәрбиесі мен жақсы қасиеттерін тәрбиеленуші жас ұрпаққа дәріптей отырып, оқу орындарында алған білімдерімді балалардың жан-жақты болып өсуіне пайдалы етіп дайындап, сорттап, жіктеп және жеңіл етіп үйретемін.

Ел ертеңі бәріміз үшін үлкен жауапкершілік пен міндет. Ертеңіміз үшін бүгін қызмет етіп, білікті маман болайық. Ұрпағымыз білімді болсын десек, заман ағымымен үздіксіз дамуды тоқтайтпайық дегім келеді.

Қорыта келе айтарым, функциональдық сауаттылықтың өзектілігі оны қолдана алуда. Яғни, мәселелерді, шешу жолдарын әрқашан әртүрлі бағытта іздеу, іздену. Заманауи педагогтің ақпараттық құзыреттілігі дәл осы функциональды сауаттылықты қаншалықты дұрыс түсініп және пайдалануында, білікті маман білімін іс-тәжірибемен көрсетеді. Сондай-ақ «маман» атына сай болуы үшін лайықты түрде үздіксіз ізденісте болады. Білімнің шыңына жету менің ойымша алдындағы білім алушы жас ұрпақ жақсы жетістікке жетіп «Ұстаз – сізге рақмет!» - десе, міне, нағыз білікті, функциянальды сауаттығылы жоғары, білімді маман дер едім. Менде осындай әдемі, әсерлі сөздерді бір күні есту үшін тыңдай еңбек етемін.

Қиында, қызықты, сан- алуан саласы бар «Педагог» мамандығы баршамызға жүгі ауыр жүктеменің бірі. Педагог болу тек мықтылардың ғана қолынан келеді. Осындай қайратты сөздермен біз өсеміз, дамимыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. http://www.google.kz Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы

жанашылдық пен өзгерістер

Бейсенова А.И., Сартбаева А.М.

Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК, музыка жетекшісі, тәрбиеші

Аңдатпа

Мектепке дейінгі білім берудегі оқытудағы инновациялар мен өзгерістер неғұрлым тиімді және бейімделген оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи технологияларды қолдану, дара тәсілдер, ізденімпаздықпен оқытуға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға баса назар аудару.

Кілт сөздер: интерактивті, инновациялық қызмет, негізгі аспектілер

Мектепке дейінгі білім беруде оқытуға инновациялар мен өзгерістер енгізу тез өзгеретін білім беру ландшафтының құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл процесс ерте жастағы балаларды дамытудың тиімді және бейімделген тәсілдерін жасауға бағытталған.

Мектепке дейінгі білім берудегі негізгі өзгерістердің бірі – заманауи технологияларды белсенді қолдану. Интерактивті тақталар, білім беру қолданбалары және онлайн ресурстар тәрбиешілерге оқуды және дағдыларды дамытуды жақсартатын қызықты оқу сценарийлерін жасаудың жаңа мүмкіндіктерін береді.

Маңызды өзгеріс – дәстүрлі оқыту әдістерінен икемді және жеке тәсілдерге көшу. Бағдарламаларды әрбір баланың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу басымдыққа айналады, бұл негізгі дағдылар мен білімдердің тиімдірек қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу әдістерін оқу үрдісіне енгізу де маңызды жаңалық болып табылады. Балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік бере отырып, олардың ізденімпаздығы мен шығармашылық ойлауын ынталандыру арқылы тәрбиешілер материалды терең түсінуге жағдай жасайды. Ынтымақтастық пен қарым-қатынас принциптерін енгізу мектепке дейінгі білім берудегі заманауи оқыту үлгілерінде де атап өтілген. Ұжымдық жобалар мен серіктестермен өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту қоғамда сәтті бейімделуге негіз жасайды. Осылайша, мектепке дейінгі білім берудегі оқытудағы инновациялар мен өзгерістер неғұрлым тиімді және бейімделген оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи технологияларды қолдану, дара тәсілдер, ізденімпаздықпен оқытуға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға баса назар аудару балалардың ерте жасында олардың жан-жақты дамуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын жасайды.

Білім беру тұлғаның табысты дамуының негізгі факторына айналып отырған қазіргі заманда мектепке дейінгі білім берудегі педагогтың инновациялық қызметі шешуші рөл атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделін жүзеге асыру педагогтардан заманауи тәсілдер мен әдістерді белсенді түрде енгізуді талап етеді. Тәрбиешінің инновациялық жұмысының негізгі элементтерінің бірі – заманауи білім беру технологияларын қолдану. Интерактивті сабақтар, компьютерлік бағдарламалар және интернет-ресурстар қызықты оқу ортасын жасайды, балаларға тек білімді ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Инновацияның маңызды аспектісі оқу процесін дараландыру болып табылады. Педагогтар әр баланың оқу қарқынын, оқу стилін және даму ерекшеліктерін ескере отырып, өз әдістерін әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеуге тырысады. Бұл білімнің неғұрлым тиімді игерілуіне және балада оқуға деген оң көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді. Инновациялық білім беру бағдарламаларын құру да тәрбиеші қызметінің маңызды аспектісі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық пен әлеуметтік дағдыларды

дамытуға бағытталған әртүрлі әдістер жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделін жүзеге асыру жағдайында педагогтың инновациялық қызметі заманауи технологияларды енгізуді, оқу-тәрбие процесін дараландыруды, инновациялық бағдарламаларды құруды және ата-аналармен белсенді әрекеттесуді көздейді. Мектепке дейінгі білім берудегі педагогтың инновациялық қызметі оқытудың заманауи әдістерін енгізуді, интерактивті технологияларды пайдалануды, жеке білім беру бағдарламаларын құруды, сондай-ақ балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынастың жаңа нысандарын іздеуді қамтуы мүмкін. Әрбір баланың қажеттіліктерін ескеру, шығармашылық ойлауды ынталандыру және негізгі құзыреттерді дамыту маңызды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудағы педагогтардың инновациялық қызметі балаларға ерте жастан заманауи және тиімді білім беруге ықпал ететін бірқатар негізгі аспектілерді қамтиды.

Жаңашыл тәрбиешілер әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың заманауи әдістерін енгізеді. Бұл интерактивті ойындарды, жаңа сабақ форматтарын және технологияны пайдалануды қамтуы мүмкін.

Тәрбиешілер әр баланың қажеттіліктеріне қарай бағдарламаларды бейімдей отырып, оқу-тәрбие процесін дараландыру бойынша белсенді жұмыс жасауда. Бұл материалды неғұрлым тиімді меңгеруге және дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Интерактивті тақта, қосымшалар және онлайн ресурстар сияқты заманауи білім беру технологияларын пайдалану қызықты және тиімді оқу ортасын құруға көмектеседі.

